- Чупеков А.А. (1961а). Первые мероприятия Советской власти по решению аграрного вопроса в Казахстане (1920-1925гг.). Ученые Записки Казахского университета. Серия Историческая, вып. 48. № 7. С. 113-120.
- Чупеков А.А. (1961б). История социалистических аграрных преобразований Советской власти в Казахстане, 1917-1929 гг. Диссертация кандидата исторических наук. Алма-Ата. 293 С.
- Юсупов Ш. (1949). Из оседания кочевого и полукочевого казахского населения (1930-1934 гг.). Диссертация кандидата исторических наук. Алма-Ата. 261 С.
- Cameron S. (2018). *The Hungry Steppe. Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan*. Ithaca: Cornell University Press. 294 P.
- Pianciola N. (2008). *Decoloniser L'Asie Centrale? Bolsheviks et colons au Semirec'e (1920-1922)*. Cahiers du monde russe, № 49/1. P. 101-143.
- Thomas A. (2015). *Kazakh Nomads and the New Soviet State, 1919-1934*. PhD diss., University of Sheffield. 260 P.
- Vladimirsky I. (2020). *The Deadly Price of the Socialist Construction in a Peasant Country: The Case of Kazakhstan*. Journal of Genocide Research. P. 1-5. DOI: 10.1080/14623528.2020.1807157

References

- TsGARK – The Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
Bagryantsev A.G., Beisenov S.S., Vilenskii, E.L. (1957). *Sovetskoe stroitel'stvo v aulah i selah Semirechya. 1921-1925 gg. [Soviet Construction in auls and villages of Semirech'e. 1921-1925]*. Vol.1. Alma-Ata: Kazgosizdat. (in Russian). 283 P.

- Baishev, S.V., Gal'yanov, V.L., Karibzhanov, S.B. (1974). Ocherki ekonomicheskoi istorii Kazakhskoi SSR. 1860-1970 gg. [Issues on economic history of the Kazakh SSR. 1860-1970]. Alma-Ata: Kazakhstan. (in Russian). 359 P.
- Cameron S. (2018). The Hungry Steppe. Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Ithaca: Cornell University Press. 294 P.
- Chupekova A.A. (1961a). Pervye meropriyatiya Sovetskoi vlasti po resheniyu agrarnogo voprosa v Kazakhstane (1920-1925 gg.). [First undertakings of the Soviet power on the solution of agricultural question in Kazakhstan (1920-1925)]. Uchenye Zapiski Kazakhskogo Universiteta. Seriya Istoricheskaya. Vyp. 48. № 7. (in Russian). P. 113-120.
- Chupekova A.A. (1961b). Istoriya sotsialisticheskikh agrarnykh preobrazovaniy Sovetskoi vlasti v Kazakhstane, 1917-1929 gg. [History of agricultural reforms of the Soviet power in Kazakhstan, 1917-1929]. Candidate of the Historical Science dissertation. Alma-Ata. (in Russian). 293 P.
- Chupekova A.A. (1959). Peredel senokosnykh i pakhotnykh ugodii v Kazakhstane (1926-1928 gg.) [Redisiribution of hay-making and plow lands in Kazakhstan (1926-1928)]. Uchenye Zapiski Kazakhskogo Universiteta. Seriya Istoricheskaya. Vyp. 38. № 4. (in Russian). P. 52-64
- Dahshleiger G.F. (1958). K istorii agrarnykh reform v Kazakhstane (1921-1922 gg.). [On the history of agricultural reforms in Kazakhstan (1921-1922)]. Vestnik Akademii Nauk Kazakhskoi SSR. № 10. (in Russian). P. 18-31
- Dahshleiger, G.F. (1960). Krasnyi Karavan TsIK Kazakhskoi ASSR (1922 g.). [Red Karavan of the TsIK of the Kazakh ASSR (1922 g.)]. Izvestiya Akademii Nauk Kazakhskoi SSR. Seriya istorii, arkhologii i etnografii. Vyp.2. (in Russian). P. 30-41.
- Galuzo P.G. (1929). Turkestan-koloniya. (Ocherk istorii Turkestana ot zavoevaniya russkimi do revolyutsii 1917g.). [Turkestan as a colony. Essay on the history of the conquering of Turkestan by Russians before the Revolution of 1917]. Moskva: Kommunisticheskii universitet trudyashchih Vostoka im. I.V. Stalina. (in Russian). 240 P.
- Kakishev T. (1972). Saken Seifullin. [Saken Seifullin]. 1972. Moscow: Molodaya Gvardiya. (in Russian). 222 P.
- Kazantsev N.D., Tumanova O.I. (1954). Sbornik dokumentov po zemel'nomu zakonodatel'stvu v SSSR i RSFSR. [Collection of documents on land legislation in the USSR and the RSFSR]. Moscow: Gosizdat. (in Russian). 720 P.
- Kaziev S.Sh. (2015). Sovetskaya natsional'naya politika i problemy doveriya v mezhetnicheskikh otnosheniyah v Kazakhstane (1917-1991 gg.). [Soviet national policy and problems of mutual trust in inter-ethnic relations in Kazakhstan (1917-1991)]. Doctor of Historical Sciences Dissertation. Moscow. (in Russian). 549 P.
- Kraft I.I. (1898). Polozhenie ob upravlenii v Stepanykh oblastyah. [Statute on administration in the Steppe region]. Orenburg: Tipolitografiya I.N. Zharinova. (in Russian). 532 P.
- Kuznetsov, A.N. (1950). Zemel'no-vodnaya reforma v Semirech'e (1921-1922 gg.). [Land and Water reform in Semirech'e (1921-1922)]. Candidate of the Historical Sciences Dissertation. Alma-Ata. (in Russian). 264 P.
- Lenin, V.I. (1974). 2-oi Kongress Kommunisticheskogo Internatsionala. Doklad komissii po natsional'nomu i kolonial'nomu voprosam 26 iulya 1921g. [Second Congress of the Communist International. Report of the Commission on National and Colonial Questions. July 26, 1921]. Polnoe Sobranie Sochinenii. Vol.41. Moscow: Gosudarstvennoe Izdatel'stvo Politicheskoi Literatury. (in Russian). P.241-247.
- Martynenko N. (1992). Alash Orda. Sbornik dokumentov. [Alash Orda. Documents]. Alma Ata: Aikap. (in Russian). 192 C.
- Pianciola N. (2008). Decoloniser L'Asie Centrale? Bolshheviks et colons au Semirech'e (1920-1922). Cahiers du monde russe. № 49/1. P. 101-143.
- Pokrovskii S.N. et al. (1957). Obrazovanie Kazakhskoi ASSR: Sbornik dokumentov i materialov. [Establishment of the Kazakh ASSR: Documents and Materials]. Alma Ata: Izdatel'stvo Akademii Nauk Kazakhskoi SSR. (in Russian). 368 P.
- Rumyantsev P.P. (1910). Kirgizskii narod v proshlom i nastoyashchem. [Kirgiz people in past and present]. Saint Petersburg: Pereselencheskoe upravlenie glavnogo upravleniya zemleustroistva i zemledeliya. (in Russian). 65 P.
- Rumyantsev P.P. (1913). Materialy po obsledovaniyu tuzemnogo i russkogo starozhil'cheskogo khozyaistva i zemlepol'zovaniya v Semirechenskoi oblasti. [Materials on inspection of indigenous and Russian old-settled households and land usage in Semirech'e region. Vernyi district. Kirgiz household]. Vernenskii uезд. Kirgizskoe khozyaistvo. Saint Petersburg: Pereselencheskoe upravlenie Glavnogo upravleniya zemleustroistva i zemledeliya. (in Russian). 485 P.
- Rybakov F.P., Kuznetsov A.I. (1957). O Zemel'no-vodnoi reforme 1921-1922 godov v Semirechye. [On land and water reforms of 1921-1922 in Semirech'e]. Uchenye Zapiski. Alma-Atinskii Pedagogicheskii Institut im. Abaya. Vyp.14. № 2. (in Russian). P. 74-88.
- Sel'skoe khozyaistvo SSSR. 1925-1928 godu. (1929). Sbornik statisticheskikh svedenii k XVI Vsesoyuznoi partiinoi konferentsii. [Agriculture of the USSR. Collection of statistical data towards the 16th All-Union party conference]. Moscow: Izdatel'stvo Politicheskoi literatury. (in Russian). 501 P.
- Stalin I.V. (1950). K Postanovke natsional'nogo voprosa. [Towards the national question]. Sobranie Sochinenii. Vol. 5. Moscow: Gosudarstvennoe Izdatel'stvo Politicheskoi Literatury. (in Russian). P. 52-59.
- Thomas A. (2015). Kazakh Nomads and the New Soviet State, 1919-1934. PhD diss., University of Sheffield. 260 P.
- Vladimirsky I. (2020). The Deadly Price of the Socialist Construction in a Peasant Country: The Case of Kazakhstan. Journal of Genocide Research. P. 1-5. DOI: 10.1080/14623528.2020.1807157
- Volkov E.Z. (1924). Agrarno-ekonomicheskaya statistika Rossii v itogah ee nauchnykh i metodologicheskikh dostizhenii, zemskogo opyta i praktiki poslednykh chetyreh let revolyutsionnogo pereloma (1865-1922 gg.). [Agricultural-economic statistics of Russia as results of its scientific and methodological achievements, regional experience, and practice during the last four years of revolutionary transformation (1865-1922)]. Moskva: Gosudarstvennoe Izdatel'stvo. (in Russian). 151 P.

Yusupov Sh. (1949). Iz istorii osedaniya kochevogo i polukochevogo kazakhskogo naseleniya (1930-1934 gg.). [On the history of sedentarization of Kazakh nomad and semi-nomad population (1930-1934)]. Candidate of the Historical Sciences Dissertation. Alma Ata. (in Russian). 261 P.

Information about the author:

Vladimirsky Irena – Ph.D., Faculty of Psychology, Social Sciences and Humanities, Achva Academic College (Israel, Arugot, e-mail: irena@achva.ac.il).

Автор туралы мәлімет:

Владимирски Ирена – ғылым докторы, психология, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар факультеті, Ахва академиялық колледжі (Израиль, Аругот, e-mail: irena@achva.ac.il).

Сведения об авторе:

Владимирски Ирена – д. и. н., факультет психологии, общественных и гуманитарных наук, Академический колледж Ахва (Аругот, Израиль, e-mail: irena@achva.ac.il).

Поступило: 08.07.2025

Принято: 28.08.2025

Б.С. Сайлан^{1*}, **Т.М. Айдос²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан

*e-mail: b_sailan1967@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ Р. ҚОШҚАРБАЕВ: ӘСКЕРИ ЖОЛЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақалада Рақымжан Қошқарбаевтың әлеуметтік шығу тегі мен оның ең алғашқы болып Рейхстагқа Жеңіс туын қадауы және Халық қаһарманы атануының ерекшеліктері ашылады (1924–1988). Оның Берлинге дейінгі жүріп өткен жауынгерлік жолы көрсетіледі. Екінші дүниежүзілік соғыстың көп қан төгілген Берлин операциясына қатысуы, осы бір сұрапыл соғыста жанқиярлық танытып Рейхстаг үйіне бораған оқ астында бірінші болып жетуі және оның төбесіне Жеңіс туын алғашқы болып қадауы баяндалады. Мақалада өмірбаяндық әдіс пайдаланылды, оның әдіснамалық ерекшеліктері тұлғаны сәйкестендіру және шынайы бағалау процесін қарастыруға мүмкіндік берді. Әсіресе соғыс аяқталғаннан кейін Р. Қошқарбаевтың ең алғашқы болып Жеңіс туын қадағанын дәлелдеп ізденген адамдардың материалдары мен мақалалары қарастырылды. Екінші дүниежүзілік соғысқа арналған мұрағат қорлары мен сайттардың материалдары, соғыс ардагерлерінің естеліктері, Р. Қошқарбаевтың замандастары мен әріптестерінің естеліктері дереккөздік негізге айналды. Мақалада құрамында Р. Қошқарбаев қатысқан 150-дивизияның 674-і полкінің соғыс жылдарындағы майдандағы жорығы туралы кітаптар талданды, оның Жеңіс жолында қосқан үлесі сипатталды. Бұл мақала Екінші дүниежүзілік соғыстың куәгерлерінің тарихи жадын, патриотизм мен тарихи сабақтастығын дамытуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: соғыс, дивизия, полк, оқ, Берлин, Рейхстаг, Жеңіс, Ту, батыр.

B.S. Sailan^{1*}, T.M. Aidos²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: b_sailan1967@mail.ru

People's hero of Kazakhstan R. Koshkarbayev: historiographic and source study analysis of the military path

The article details Rakhimzhan Koshkarbayev's social background and how he became a People's Hero (1924–1988) by being the first to raise the Victory Banner over the Reichstag. It is well known that he had a difficult upbringing before the war and attended the School of Labour Training. As an adult, he attended the Bishkek Military School and served at the front as an officer. This article will describe his combative journey to Berlin. His involvement in the bloody Berlin operation during World War II is described, as is his selfless sacrifice during this brutal conflict. Reichstag was the first to enter the house while under fire and the first to affix the Victory Banner to its roof. The article used the biographical method, the methodological features of which made it possible to consider the process of identification and reliable assessment of personality. In particular, the materials and articles of the wanted persons who proved that after the end of the war R. Koshkarbayev was the first to hoist the Victory Banner were considered. The source were materials of archival funds and websites dedicated to the Second World War, memories of war veterans, recollections of contemporaries and colleagues of R. Koshkarbayev. The article analyses books about the frontline campaign of the 674th regiment of the 150th division with R. Koshkarbayev during the war, describes his contribution to the path of victory. This article contributes to the development of historical memory, patriotism and historical continuity of witnesses of the Second World War.

Keywords: war, division, regiment, bullet, Berlin, Reichstag, victory, flag, hero.

Б.С. Сайлан^{1*}, Т.М. Айдос²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахская национальная консерватория им. Курмангазы, Алматы, Казахстан

*e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Народной Герой Казахстана Р. Кошкарбаев: историографический и источниковедческий анализ боевого пути

В статье раскрываются социальные истоки Рахимжана Кошкарбаева и особенности того, как он первым водрузил Знамя Победы над Рейхстагом и стал Народным героем (1924–1988). Отмечается его тяжелое довоенное детство и учеба в школе ФЗУ, после совершеннолетия он учился в Бишкекском военном училище и в звании офицера отправился на фронт. Будет показан его боевой путь до Берлина. Рассказывается об участии Второй мировой войны в пролитой кровью Берлинской операции, самопожертвовании в этой жестокой войне Рейхстаг первым достиг дома под боевым огнем и первым прикрепил к его крыше Знамя Победы. В статье использован биографический метод, методологические особенности которого позволили рассмотреть процесс идентификации и достоверной оценки личности. В частности, были рассмотрены материалы и статьи разыскиваемых лиц, доказавших, что после окончания войны Р. Кошкарбаев первым водрузил знамя Победы. Источником стали материалы архивных фондов и сайтов, посвященные Второй мировой войне, воспоминания ветеранов войны, воспоминания современников и коллег Р. Кошкарбаева. В статье проанализированы книги о фронтовом походе 674-го полка 150-й дивизии в составе Р. Кошкарбаева в годы войны, описан его вклад в путь победы. Эта статья способствует развитию исторической памяти, патриотизма и исторической преемственности свидетелей Второй мировой войны.

Ключевые слова: война, дивизия, полк, пуля, Берлин, Рейхстаг, победа, флаг, герой.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс «ежелден ер деген даңқы шыққан» қазақ халқының қаһармандығы мен ержүректілігін күллі әлемге кеңінен әйгілі етті. Сұрапыл соғысқа қатысып батырлық танытқан аталарымыз бен апаларымыз намысын жауға бермей қазақ деген халықтың даңқын асырды. Солардың арасында қан майданда асқан жанқиярлықпен шайқасып, ақыр аяғында Рейхстагта Жеңіс туын желбіреткен батырымыз – Рақымжан Қошқарбаев еді.

1945 жылдың сәуір айы соғыстың ең шешуші, ең қиын соңғы сағаттарына тура келді. Фашизмнің соңғы қамалы – Рейхстаг қана қалды. Оны алу үшін 16 сәуірде басталған Берлин операциясына қазақ батыры Р.Қошқарбаев қатысты. Ол өз взводының жауынгері Григорий Булатовпен бірге Рейхстаг ғимаратының қасбетіне алғашқы болып ту тікті. Қанды қырғындағы бұл оқиға көптеген айғақтармен және куәліктермен, атап айтқанда архивтік, жазба, кинофотокүжаттармен, сонымен қатар Берлинді алуға қатысқан ардагерлер естеліктерімен де дәлелденеді. Халық арасында аты аңызға айналған батыр ағамыз Рақымжан Қошқарбаев көзі тірісінде осы ерлігінің шынайы бағасын біле алмай кетті. Берлинді алу кезінде 150-ші дивизияның 674-ші полкі құрамында шайқасқан жаужүрек қазақтың жауып тұрған оқ ас-

тында Рейхстагқа дейін еңбектеп, жербауырлап барып, фашист ғимаратының қабырғасына ту қадаған көзсіз батырлығын кезінде Мәскеу көпе-кернеу елемеді. Бұл 1945 жылы 30 сәуірде түс ауа болған оқиға еді. Кеңестік империяның қызыл саясаты барды жоқ, жоқты бар бар қылып, алғашқының бәрін «сол кездегі ұлы халыққа» телу дәстүрінен айнымады. Бірақ тарих қашанда шындықты орнына қояды. 62 жылдан кейін тарихи шындық мойындалып, Жеңіс туын бірінші болып тіккен батыр ағамыздың ерлігі өз халқының мерейін тасытты. Кеңестік кезеңде Р.Қошқарбаевтың ерлігін мойындауды талас пен тартысқа түсірген жүйенің қателігін, бүгінгі таңда тарихи талдап айту парызымыз деп ойлаймыз.

Мәселенің тарихнамасы

Екінші дүниежүзілік соғыста Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын желбіреткен Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі мен жанқиярлығы туралы Отандық және кеңестік тарихи әдебиеттерде жазылған. Олардың арасында ең маңыздыларына тоқталар болсақ, «Герои Великой победы – казахстанцы: в двух томах. – Астана: Фолиант, 2016». Осы 2 томдық кітаптың 1 томында Халық қаһарманы Р.Қошқарбаевтың әскери жолы мен ерліктері туралы нақты мәліметтер берілген.

Р.Қошқарбаевтың «Штурм. День 1410-й: Алматы: Жалын, 1983» және Жеңіс жалауы. – Алматы: Жалын, 1978» атты естелік кітаптары өзінің өткен өмір жолынан басталып, Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын қалай және қашан қадағандығы туралы айтылады.

«Великая победа. В 15 томах. – М: МГИМО, 2015» атты кітаптың 3 томында Берлинге шабуылдың басталу уақыты, оған қатысқан әскери құрамалар және осы айқастағы кеңес-герман әскерінің шығыны, фашистік диктатураның құлауы көрсетіледі.

«История Великой Отечественной войны Советского союза: в 6 томах. – М: Воениздат, 1963» осы кітаптың 5 томында Берлинді алу және жау әскерін талқандау, 674-полктің және оның жауынгері Р.Қошқарбаевтың Рейхстагты алуға қатысқандығы жайында деректер пайдаланылды.

1-Беларус майданының қолбасшысы Г.К. Жуковтың «Воспоминания и размышления. В 3 томах. – М.: Олма-Пресс, 2002» кітабында Берлин операциясы және бұл айқастағы жауынгерлік қимылдың қанды қырғын арқылы жүзеге асқандығы орын алады.

«Последний штурм: Берлинская операция 1945г. – Москва, 1975» деп аталатын кітапта 674-полк жауынгерлерінің және Р.Қошқарбаевтың Рейхстаг үшін ақтық айқастағы арпалысқа түскендігі баяндалады.

Рейхстаг шабуылына қатысушылар С.А. Неустроевтың «Путь к рейхстагу. – Свердловск, 1986» және И.Ф. Клочковтың «Мы штурмовали рейхстаг. – Л.: Лениздат, 1986» еңбектерінде 150-дивизия жауынгерлерінің Рейхстагты алу және Жеңіс туын қадау үшін жанталасқаны, майталмандардың арасында Р.Қошқарбаевтың алдыңғы шепте болғандығы нақты көрсетіледі.

Материалдар мен әдістер

Екінші дүниежүзілік соғыстың қанқұйлы айқастарына қатысып, әсіресе Берлин операциясында ержүректілік танытып, Рейхстагтың төбесіне Жеңіс туын бірінші болып қадаған Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев туралы еңбекті жазуда өзіндік әдістеме қарастырылды. Өйткені Р.Қошқарбаевтың ерлігі ерекше. Бұл тақырыпты қарастыруда әсіресе 1945 жылғы Берлин шабуылына арналған зерттеу еңбектері мен тарихи құжат негізінде жазылған еңбектер басты назарға алынды. Құрамында Р.Қошқарбаев соғысқан 150-мотоатқыштар дивизиясының



674-полк жауынгерлерінің қатысуын тарихи құжаттар арқылы зерделеу – олардың басып өткен жолдары мен жанқиярлық ерліктерін анықтауға арқау болды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының 2364-қорының материалдары мен сайттардағы деректер, соғыстағы қолбасшылар мен Берлин айқасына қатысқан ардагерлердің естеліктері, қазақстандық батырлар туралы жарияланған құжаттар мен материалдар және деректер қарастырылды.

Нәтижелер мен талдаулар

Батырдың жастық шағы. Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы қазан айының 19 күні қазанда Ақмола облысының Қырыққұдық деген жерінде туған. Ол жастайынан жетім қалып, панасыз балаларға арналған үйде өсті. Рақымжанның әкесі қуғын-сүргінге ұшыраған, сондықтан ол жасөспірім кезінде Тайтөбе ауылындағы балалар үйіне түскен. Бұл тағдыр болашақ халық батыры нағыз ар-намыс, ерлік пен адалдық ұғымына ие болуына кедергі келтірмеді. Мұрағат құжаттарында оның 16 жасында майданға шығып, жау күштерімен соғысуға ниет білдіргені туралы ақпарат бар. Осы жерден 14 жасында Балқаш қаласындағы фабрика-зауыттық училищеге (ФЗУ) оқуға жіберілді (ҚРОМА, 2364-қор, 1-тізімдеме, 177,181,186-істер).

1940 жылы оқуды аяқтағаннан кейін Рақымжан Қосшы кентінде мұғалім болып, «сауатсыздықты жою» науқанына қатысты. Соғыс басталғанда Рақымжан 16 жаста еді. Бірақ 1941 жылы, соғыс басталғаннан кейін, 17 жасар жігіт оны майданға жіберуді сұрап өтініш берген. 1942 жылы тамызда оның өтініші қанағаттандырылып, Көкшетаудағы 367-ші атқыштар полкіне дайындық курстарына қызмет етуге жіберілді. Оның білімі, спортқа бейімділігі мен тәртібін байқаған командирлер Рақымжанды Бішкек қаласына эвакуацияланған Тамбов жалпы командалық жаяу әскерлер училищесіне жіберді. Мұнда ол жауынгерлік дағдыларын жетілдірді.

1943 жылдың жазында ол Фрунзе (Бішкек) әскери – жаяу әскерлер училищесіне 18 жасқа толуына екі ай қалғанда қабылданды. Мұрағаттарда Рақымжан Қошқарбаевтың Қазақстан мен Орталық Азиядан келген 75 жастарымен бірге төртінші саптық ротаға түскені туралы ақпарат бар. Оқу кезінде Қошқарбаев өзін жақсы жағынан көрсетіп, 1944 жылы Польшаға жіберілді. 1944 жылғы құжаттарда: «Қошқарбаев оқу-жаттығу барысында ұйымдастырушылық қабілет пен ерік-жігер қасиеттерін көрсетіп, өте жақсы бағаға ие болды. Тәртіпті, өзіне және бағыныстыларына талапты. Физикалық жағынан дамыған, жорықтарға шыққан. Іске адал қарайды, ротаның комсомол жұмысына белсене қатысады. Жолдастарымен тіл табысады, курсанттар арасында танымал. Саптық взвод командирі болуға лайық» – делінген. Сол жылы Фрунзе (Бішкек) әскери училищесін бітірген соң Рақымжан Қошқарбаевқа кіші лейтенант атағы берілді. 20 жасында Рақымжан училищені кіші лейтенант атағымен бітіріп, майданға аттанады. Ол 150-ші атқыштар дивизиясының 674-ші атқыштар полкіне түсті. Капитан Василий Давыдов басқарған бірінші батальон құрамында взводқа қолбасшылық етті. Дәл осы батальонның жауынгерлері барлық кеңес сарбаздарының ішінен бірінші болып Рейхстагқа шабуыл жасады. (Герои Великой победы – казахстанцы: отв. ред. Мажитов. 2016: 382).

Қошқарбаевтың жауынгерлік жолы. Рақымжан Қошқарбаев соғысқа 1944 жылы күз ортасында аттанды. Фрунзеден (Бішкектен) поездға отырған олар бір жарым ай жол жүріп, біраз қалаларды басып өтіп, Варшава (Польша) қаласының жанына орманға келіп тоқтады. Бұл 3-армияның 79-шы атқыштар корпусына қарайтын 150-ші Идрицк дивизиясы орналасқан жер еді. Аз-кем уақыт ішінде дивизияның жауынгерлік

жолымен танысып, осы жерде әскери міндеттер жүктелді. Ол бойынша Рақымжан Қошқарбаев 674-полктың 1-ші батальонына қарайтын 4-ші ротадағы 2-ші взводтың командирі болып тағайындалды (Аупбаев. 2024: 22).

1945 жылдың ақпан айының басында кеңестік әскерлер Шнайдемюль қаласын қоршап алды. Неміс армиясының «Висла» тобының қолбасшысы Генрих Гиммлер оны кез келген жағдайда ұстап тұруды бұйырды. Бірнеше күннің ішінде неміс әскерлері 4 мыңнан астам адамды жоғалтты, содан кейін олар қоршаудан сәтсіз шығуға тырысты. Қоршалған топты жою 1945 жылдың ақпан айының соңында аяқталды, бұл ретте кеңес әскерлері бес мыңнан астам жау сарбаздары мен офицерлерін тұтқынға алды. Бұдан басқа, Шнайдемюльдің солтүстігіндегі ормандарда кеңестік әскерлер немістердің екі тобын жойды, бұл жерде де тұтқындардың саны көп болды.

Құрамында Рақымжан Қошқарбаев соғысқан 150-мотоатқыштар дивизиясы да осы қаладағы қиян-кескі ұрысқа қатысты. Шнайдемюльге ұмтылған жау да, осы қаладан өз әскерлеріне қосылуға асыға шыққан қоршаудағы фашистер де, әсіресе, 756-шы полктің қорғаныс шебіне қатты шүйлікті. Қыспақ екі жақтан бірдей болды. 756-шы полк дұшпанның екі жақты шабуылын әлденеше рет тойтарғанымен, көп шығынға ұшырады. Сондықтан дивизия командирі генерал В.М. Шатиловтың бұйрығымен Р.Қошқарбаевтың 674-ші полкі оларға көмекке шұғыл барып, белгіленген жерде болды да, дер кезінде Шнайдемюльдегі қоршаудан шыққан жауға қарудың барлық түрінен оқ жаудырды. Көп кешікпей полкке қосымша артиллерия, танктер келіп қосылды. Шнайдемюльдегі осы отты күндер туралы Рақымжан Қошқарбаев: «Осы ұрыста тек біздің батальон ғана жаудың 400-ден астам солдатты мен офицерін жойып, 182 адамын тұтқынға алғанын, сондай-ақ оның 3 танкісін 8 зеңбірегін, 20-ға жуық автомашинасын олжалағанын саяси жетекшіміз Василченкодан естідік. Сонда бүкіл дивизиямыздың қырған, қолға түсірген жауы, олжалаған соғыс мүлкі қанша екен» – деп ойлады, деген естелігімен бөліседі (Қошқарбаев. 1978:57).

Соғыстың аты – соғыс. Бұларда шығынсыз емес. Тек Рақымжан Қошқарбаев взводының өзінен ғана 11 жауынгер қаза тапты, 6 адам жараланды. Р.Қошқарбаев: «Мен бұл жолғы шайқаста да біздің жауынгерлердің талай ерлігінің куәсі болдым. Сол күні біздің барлық жауын-

герлер ерлік көрсетті. Мен осындай қаһарман жауынгерлерге командир болғанымды іштей мақтаныш еттім. Біз жарты сағаттай ғана демалдық та, ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерімізді жерлеуге кірістік. Олардың әрқайсысын жеке-жеке жерлеп, бастарына белгі қойдық та, винтовкадан, автоматтан, пистолеттен атып, салют бердік» – деп, бұл шайқастағы ерлік пен тағзым туралы осылай еске алады (Қошқарбаев. 1978: 57-58).

Берлин операциясына қатысуы және Жеңіс жалауы. Берлинге шабуыл Ұлы Отан соғысының ең соңғы және ең әйгілі операцияларының бірі болды. Оның барысында Қызыл Армия Үшінші рейхтің астанасы – Берлинді алып, жаудың соңғы, ең қуатты күштерін талқандап, оны капитуляциялауға мәжбүр етті. Берлин операциясы 1945 жылы 16 сәуірде басталды (Battle of Berlin. 1945: 2). Р.Қошқарбаев осы айқастың бел ортасында соғыс қимылына қатысты.

Рақымжан Қошқарбаев пен оның взводы күні-түні қатты шайқасты. 1945 жылы 16 сәуірде Қошқарбаев Гросс-Нойендорф ауданындағы шабуылға қатысты. Батылдығы мен өжеттілігі арқасында әскери тапсырманы мұқият орындады. Сөйтіп, тарихта оның есімін мәңгі есте қалдырған ерлікке екі апта қалғанда Рақымжан Қошқарбаев I дәрежелі Отан соғысы орденін алды. Ұрыс қиян-кескі болды, қазылған арық ішіндегі арпалыс қоян-қолтық ұрысқа дейін жетті. Қошқарбаев осындай арпалыста гранатамен жаудың пулемет нүктесіне қарай жүгірді, пулеметті тартып алып, олжалы қарудан жау әскеріне қарай оқ жаудырды. Бар-жоғы екі аптаның ішінде Қошқарбаев бөлімшесінің жауынгерлері Одерден Берлиннің орталығына дейінгі жолды жүріп өтіп, онда 200 жау сарбазы мен офицерін жойды (Наурызбаев. 2024: 6-7).

1945 жылдың 20 сәуірі Р.Қошқарбаевтың есінде қалды. Өйткені осы күні Берлинді ауыр артиллериялық зеңбіректермен жаппай атқылау басталды. Ол қанды қырғынның қалай басталып, екі жақтың қасық қаны қалғанша теке-тіреске түскенін, ғимараттар мен үйлердің өртке оранғанын, адамдардың снаряд пен қарша бораған оқ астында қалғанын өз көзімен көрді. Дүрсін-дүрсін дамылсыз атылған снаряд оқтарынан кейін қала қалың өртке орана бастады (Қошқарбаев. 1983:115).

Артиллерия атқылауынан кейін Р.Қошқарбаев бастаған топ зеңбіректер мен зениттік қаруларды сүйреп, барлығы Берлинге қарай бағыт ұстады. Ұлы Отан соғысы тарихында Берлин

операциясы шешуші әрі ерекше операция болды. Берлинді бағындыру туралы маршал Г.К. Жуков: «Берлин үшін болған бұл шайқас – басқа шайқастармен теңестіруге келмейтін ұрыс болды. Себебі, кеңес әскерлерінің алдында мықты әрі өте күшті қаруланған және бекінген фашистердің қорғаныс шебі жатты. Империялық кеңес мен рейхстагқа кіреберісте, осы ғимараттардың өзінде күрес өмір сүру үшін емес, өлім үшін жүрді» – деп, жаумен ақтық айқастың ауыртпалығын қолбасшы осылай сипаттады (Жуков. 2002: 368).

29 сәуірдегі ұрыста Рақымжан Қошқарбаевтың взводы жаудың қатты қарсылығын бұзып, алғашқылардың бірі болып Шпрее өзенінен өтті. Одерден Рейхстагқа дейінгі шайқас күндері 200-ден астам неміс сарбазы мен офицерін жойды, 184 тұтқынды, есептоптарымен бірге 14 далалық зеңбіректі, 27 ірі калибрлі пулеметті және басқа да көптеген қару-жарақтарды басып алды (Құл-Мұхаммед. 2014. 5-6).

Осы күні күні таң атысымен «Гиммлер үйін» атқылау басталды. Батальон жауынгерлері ол үйге қарай шабуылға шықты. Р.Қошқарбаев взводы шабуылдаушылардың алдыңғы қатарында бірінші болып үйдің қираған есігінен кіріп, фашистерді екінші қабатқа қашуға мәжбүр етті. Соңғы демі қалғанша айқасып жатқан фашистерде қарсылықтарын тоқтатпады. Жеңіс күнінің жақын қалғанын сезген кеңестік солдаттар өлгеніне қарамай шабуылды тоқтатпады. Қаншама солдат соңғы сағаттарда оқ аузынан опат болды. Взводындағы жауынгерлерінің жартысынан айрылған Қошқарбаевтың өзі өлім аузында жүрді. Сөйтіп, 30 сәуірдің таңында «Гиммлер үйі» толықтай қолға алынды (Великая победа. 2015: 192).

1945 жылы 30 сәуірде Рақымжан Қошқарбаев бастаған жауынгерлер Рейхстаг ғимаратына ту көтеру үшін солтүстік жақтан басып кірді. Қошқарбаев ол туралы: «Біз Рейхстагтан шамамен үш жүз метр жерде болдық. Жағалау бойында екі жақтан да өрт күшейе түсті. Одан әрі ілгерілеу мүмкін болмады. 20-30 минут өтті. Қозғалыссыз отырмыз. Мен қызыл жалауды шығарып, оны жайып, бұрышына химиялық қарындашпен 674-ші полк нөмірін және біздің өз аттарымызды Қошқарбаев, Булатов деп жаздым. Мені қадағалап жүрген Булатов: – Дұрыс, лейтенант жолдас, жазғаныңыз дұрыс, әйтпесе бізді өлтірсе біздің кім екенімізді, қайдан келгенімізді ешкім білмей қалады» – деді (Қошқарбаев. 1983:121).

«Гиммлер үйінен» Рейхстагқа дейінгі арақашықтықты бірнеше сағат жүріп өткен бірінші атқыштар батальонының барлау взводының командирі лейтенант Қошқарбаев пен жауынгер Григорий Булатов 1945 жылы 30 сәуір күні, сағат 18:30-да Рейхстагқа Жеңіс туын тікті (Клочков. 1986:137). Ол осы ерлігі арқылы сұрапыл соғысқа нүкте қойды. Дәл осы күні 30 сәуірде Гитлер өз-өзіне қол жұмсады. Қаланың неміс әскери гарнизоны 2 мамырда берілді, бірақ шайқастар қаланың батысында 8 мамырға дейін жалғасты (Beevor, Antony. 2002. 361).

Берлин операциясындағы қанды-қырғынға қатысып, теңдессіз ерлік жасаған Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов Қызыл Ту орденімен марапатталды. Жеңіс туын бірінші болып желбіреткен бұл ерлердің орнына, сол кездегі сұрқия саясаттың кесірінен Кеңес Одағының батыры атағы басқа адамдардың омырауында кетті.

Батырлықтың тарихи дәлелденуі. Р.Қошқарбаев 21 жасында ел үшін, халқы үшін адам сенгісіз ерлік жасады. Бірақ, оның ерлігі сол тұстағы саясаттың кесірінен көзге еленбеді. Ұсыныс жасаушылар да, араға түсушілер де болды. Өкінішке қарай, Рақымжан Қошқарбаев Кеңес Одағының батыры атағын алған жоқ. Оған Бауыржан Момышұлы мен Кәкімжан Қазыбаев, жазушылар Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев және т.б. танымал тұлғалар, Д.Қонаевтың өзі Мәскеудегі Орталық комитетке өтініш жазды. Бірақ жауап болмады. Себебі әкесі 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған деген сылтау алдынан шықты да тұрды. Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы журналист Кәкімжан Қазыбаевқа Рақымжанның ерлігі туралы жазуды тапсырды. 1958 жылы 21 ақпанда «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» атты очерк жарияланды. Осы Ту жайлы тарихи шындықты ақиқатқа шығару үшін 62 жыл қажет болды (Қазыбаев. 2010: 3).

Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерліктері жеңістің ізі суымай 150-Идрицкая атқыштар дивизиясының «Воин Родины» газетінде 1945 жылы 3 мамырда жарық көрді: «Ең алғаш болып Рейхстагқа туды лейтенант Қошқарбаев пен қызыл әскер Булатов орнатты». Осы нөмірде: «Олардың ерліктері туралы болашақта кітаптар жазылады, әндер шығарылады. Гитлеризмнің қамалында олар Жеңіс туын тікті. Батырлардың аты-жөндерін есіне сақта: лейтенант Қошқарбаев, қызыл әскер Булатов» делінген жолдар да болды (Қабылдинов. 2021: 6).

Лейтенант Р. Қошқарбаев 1945 жылы 6 мамырда Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған болатын, бірақ батыр атағы берілмеді. Оның «кінәсі» бар болғаны ол кеңестік генералитет жасақтаған идеологиялық сценарийге сәйкес келмеді. Жеңіс Туын тігудің өзі үлкен саясатқа келіп тірелді. Жеңіс туын асығыс құрылған жоспар бойынша орыс пен грузин ұлтының өкілдері ілулері керек еді. Маршалдар мен генералдар Жоғарғы Бас қолбасшы И.Сталинге жағу үшін орынсыз «қатені» тез жөндейді: іс жүзіндегі алғашқы ілінген тудан соң, осы шараны М.Егоров пен М.Кантария «қайталап» шықты. Олардың ерліктері сол кездің өзінде кинофильмдерге түсірілді. Әрине, ол фильм кескілескен шайқас өтіп жатқан 30 сәуірде емес, кейін бәрі басылған соң, 2 мамырда түсірілген еді. Алғашқы Р.Қошқарбаев пен Г.Булатовты ұмытуға тырысса, соңғыларына Кеңес Одағының батыры атақтары берілді. Р.Қошқарбаевқа оның әкесі Қошқарбай Мұсаұлының 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырағаны үшін батыр атағы берілмеді деген де мәлімет бар. Ең шешуші сәттің алдында бұл мәселенің өзі Жоғарғы Бас қолбасшының қатысуымен шешілді. Көсемнің сол тұстағы емеуріні Жеңіс Туын орыс адамы мен грузин адамының қолымен болған ерлік іс еді деуді қалайды.

1961 жылы Берлин операциясына қатысушылардың жиналысында Қошқарбаев қызмет еткен 150-атқыштар дивизиясының бұрынғы командирі генерал-лейтенант В.Шатилов: «бір кездері марапатқа ұсынылған, бірақ оны алмағандарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіру» туралы мәселені көтерді. Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған жеті жауынгердің ішінде ол Р. Қошқарбаев пен Г. Булатовтың есімдерін де атады. Ақиқат айтылғанмен, нәтиже болмады (ҚРОМА, 2364-қор, 1-тізім, 731-іс.).

Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін елі ұмытпады. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, 1999 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Жарлығымен Рақымжан Қошқарбаевқа Халық Қаһарманы атағы берілді (Көлбаев. 2009: 5).

Қорытынды

Соғыс аяқталғаннан кейін Қошқарбаевқа 1947 жылы елге қайтуға рұқсат берілді. Жан бағу үшін жұмысқа тұрды. Сол кезде жастарды жұмысқа шақырып жатқан «Мойынты – Шу» теміржол құрылысына қатысты. Сосын Алматы қаласына келіп, қызмет атқарып өмірінің соңы-

на дейін осы қалады тұрды. Ол өз халқына шын берілген патриот және достық пен нағыз адамгершілік идеяларына адал жан болды. Оның ерлігі мен өмірі Қазақстанның күллі жастарын тәрбиелеу үшін үлгі болып табылады. 2024 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев заңға түзетулерге қол қойды. Енді ІІІ дәрежелі «Айбын» ордені Рақымжан Қошқарбаевтың есімін алды. Бұл награда әскери борышын атқару кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін тапсырылатын марапат (Қуатова. 2024: 3).

Ол өзі жүріп өткен жауынгерлік жолы туралы «Жеңіс жалауы» және «Шабуыл: 1410-шы күн» атты кітаптарын жазды. Рақымжан Қошқарбаев 1988 жылы 10 тамызда дүниеден өтті. Қазақстан халқы өздерінің аңызға айналған батырын құрметтейді және оның ұлы ерлігін еске алады. Оның есімі мектеп, көше және қоныс атауларында мәңгі есте қалады, оның құрметіне мемориалдық тақталар, ескерткіштер мен бюсттер орнатылды. 100 жасқа толған батырымыздың ерлігі мен есімі халық жадында сақталады.

Әдебиеттер

- Аупбаев Ж. (2024) Тутіккен. // Жалын. № 8. 17-52 б.
Battle of Berlin. April 16, 1945 / May 2, 1945. // <https://www.liberationroute.com/stories/191/battle-of-berlin>.
Beevor, Antony (2002), Berlin: The Downfall 1945, Viking-Penguin Books, 490 стр.
Великая победа: в 15 томах (2015). Москва: МГИМО-Университет. 3 т. 360 с.
Герои Великой победы – казахстанцы: в двух томах (2016). Астана: Фолиант. 1 т. 440 с.
Жуков Г.К. Воспоминание и размышление (2002). Москва: Олма-Пресс. 2 т. 735 с.
Клочков И. Ф. Мы штурмовали рейхстаг (1986). Ленинград: Лениздат. С. 137. 190 с.
Қошқарбаев Р. (1983) Штурм. День 1410-й. Алма-Ата: Жалын. 184 с.
Көлбаев Т. (2009) Рақымжанды Ресей ресми мойындады // Алаш айнасы. 17 қазан.
Қабылдинов З. (2021) Рейхстагқа тұңғыш болып ту тіккен // Астана ақшамы. 6 мамыр.
Қазыбаев К. (2010) Рейхстагқа тутіккен қазақ // Алаш айнасы. 28 сәуір.
Қошқарбаев Р. (1978) Жеңіс жалауы. Алматы: Жалын. 168 б.
ҚРОМА, 2364-қор, 1-тізімдеме, 177,181,186-істер.
ҚРОМА, 2364-қор, 1-тізімдеме, 731-іс.
Қуатова А. (2024) «Айбын» орденіне батырлардың есімі берілді // Ана тілі. 18 сәуір.
Құл-Мұхаммед М. Жаужүрек (2014) // Егемен Қазақстан. 9 қазан.
Наурызбаев К. Знамя над Рейхстагом (2024) // Вестник Жетісу. 13 июль.

References

- Aupbayev Zh. (2024). "Tutikken." // Zhalyn, No. 8, pp. 17–52.
Battle of Berlin. April 16, 1945 / May 2, 1945. // <https://www.liberationroute.com/stories/191/battle-of-berlin>.
Beevor, Antony (2002). Berlin: The Downfall 1945. Viking–Penguin Books, 490 pages.
The Great Victory: In 15 Volumes (2015). Moscow: MGIMO (MSIIR)-University. Vol. 3, 360 pages.
Heroes of the Great Victory – Kazakhstan: In Two Volumes (2016). Astana: Foliant. Vol. 1, 440 pages.
Zhukov, G.K. Memoirs and Reflections (2002). Moscow: Olma-Press. Vol. 2, 735 pages.
Klochkov, I. F. We Stormed the Reichstag (1986). Leningrad: Lenizdat. p. 137, 190 pages.
Koshkarbayev, R. (1983). The Assault. Day 1410. Alma-Ata: Zhalyn. 184 pages.
Kölbayev, T. (2009). Russia Officially Recognized Rakhymzhan // Alash Ainasy, October 17.
Kabuldinov, Z. (2021). The First to Raise the Flag on the Reichstag // Astana Aqshamy, May 6.
Kazybayev, K. (2010). The Kazakh Who Raised the Flag Over the Reichstag // Alash Ainasy, April 28.
Koshkarbayev, R. (1978). The Flag of Victory. Almaty: Zhalyn. 168 pages.
CSA RK (Central State Archive of the Republic of Kazakhstan), Fund 2364, Inventory 1, Files 177, 181, 186.
CSA RK (Central State Archive of the Republic of Kazakhstan), Fund 2364, Inventory 1, File 731.
Kuatova, A. (2024). Heroes' Names Given to the "Aibyn" Order // Ana Tili, April 18.
Kul-Mukhammed, M. Braveheart (2014) // Egemen Kazakhstan, October 9.
Naurzybayev, K. Banner Over the Reichstag (2024) // Zhetisu Bulletin, July 13.

Авторлар туралы мәліметтер:

Б.С. Сайлан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: b_sailan1967@mail.ru)

Т.М. Айдос – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Құрманғазы атын. Қазақ ұлттық консерваториясы (Қазақстан Алматы, e-mail: Hingis_1997@mail.ru)

Information about the authors:

B.S. Sailan – doctor of Historical Sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: b_sailan1967@mail.ru)

T.M. Aidos – candidate of Historical Sciences Associate, professor, Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Kazakhstan, Almaty, e-mail: Hingis_1997@mail.ru)

Сведения об авторах:

Б.С. Сайлан – доктор исторических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: b_sailan1967@mail.ru);

Т.М. Айдос – кандидат исторических наук, доцент, Казахская национальная консерватория им. Курмангазы (Алматы, Казахстан, e-mail: Hingis_1997@mail.ru).

Келін түсті: 05.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

Г.Б. Козгамбаева^{1*} , Б.Қ. Исабек² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-40 ЖЫЛДАРЫ ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ (Түркістан облысы бойынша)

Совет елінде тоталитарлық жүйенің жүргізген саясаты мен кеңестік биліктің қаһарына ұшыраған халықтар Орталық Азия және Қазақ еліне күшпен жер аударылды. Жер аудару, қуғын-сүргінге ұшырау, мүлік тәркілеу, жазықсыз қудалау қоғамда кең ауқымда орын алып XX ғасырдың 30-50 жылдары КСРО халқының әрбір отбасы ауыр жағдайды бастарынан өткізді. Сталиндік билік жүйесі жүргізген саясаттың салдарынан көптеген ұлтардың тағдырына қиянат жасалды. Жер аударылған ұлттар мен тұтастай халықтардың отбасылары республиканың облыстарына қоныстандырылды. Осындай, еркінен тыс жер аударылған ұлттар қоныстандырылған облыстың бірі Түркістан облысының территориясы болды. Жер аударылған халықтар тағдырдың ауыр тәлкегіне ұшырап, өздеріне таныс емес облыс аудандарына қоныстандырылды Сталиндік биліктің жүргізген саясатының салдарынан күшпен жер аударылған халықтар тарихының беймәлім беттері туралы зерттеулер бүгінде жүргізілуде, алайда ашылмай жатқан мәселелер де баршылық, сондықтан аталмыш тақырып зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Мақалада алға қойған басты мақсат Түркістан облысы территориясына XX ғасырдың 30-40 жылдары бірнеше толқынмен депортацияланған халықтардың тарихы, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайына талдау жасай отырып, күнделікті өмір тарихы аспектісі тұрғысынан қарастыру.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін Түркістан облысы аудандарындағы жаңа жерлерге жер аударылған халықтардың бейімделу жағдайы туралы естеліктер, ғылыми еңбектер, архив қорларындағы материалдар бойынша салыстырмалы талдау жасалады және облысқа депортацияланған халықтар тарихына байланысты архив құжаттары ғылыми айналымға енді.

Мақалада қоныс аударушылардың Түркістан облысы аумағына депортацияланғаннан кейінгі әлеуметтік тұрмыстық жағдайы, бейімделуі туралы тың мәліметтер берілген.

Методология. Мақалада талдау және синтез ғылыми таным әдістері, сондай-ақ проблемалық хронологиялық, статистикалық әдістер қолданылды. Талдау және синтез әдістерін қолдану арқылы депортацияланатын халықтардың қоныстану үдерісін, тұрмыстық, құқықтық жағдайын қарастыруға және сипаттауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Түркістан облысы, кеңестік билік, депортация, сталиндік саясат, қуғын-сүргін, қоныс аударту, репрессия.

G.B. Kozgambayeva^{1*}, B.K. Isabek²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

Social and living conditions of deported peoples in the 1930s–1940s (Turkistan region)

In the Soviet Union, as a result of the policies of the totalitarian system and the repressive actions of the Soviet authorities, many peoples who fell under the regime's wrath were forcibly deported to Central Asia and Kazakhstan. Deportations, repressions, property confiscations, and unjust persecution were widespread, and during the 1930s–1950s, nearly every family in the USSR endured severe hardships. The policies of the Stalinist regime inflicted injustice upon the destinies of numerous nations. Families of deported ethnic groups and entire peoples were resettled in various regions of the republic. One of the regions where such forcibly displaced peoples were settled was the territory of Turkistan Region. Having suffered the harsh blows of fate, the deported peoples were relocated to unfamiliar districts of the region. Research on the unknown pages of the history of forcibly displaced peoples is still ongoing, yet many issues remain unexplored, making this topic one of the most relevant and necessary for further study.

The main objective of the article is to examine the history and the social and living conditions of the peoples deported to the territory of Turkistan Region in several waves during the 1930s–1940s, analyz-

To achieve this goal, a comparative analysis is carried out based on memoirs, scholarly works, and archival materials concerning the adaptation of deported peoples to the new territories of the districts of Turkistan region.

The article presents new information about the social and living conditions and adaptation of migrants after deportation to the territory of the Turkestan region.

Methodology. The article uses such methods of scientific knowledge as analysis and synthesis, as well as chronological and statistical methods. The use of analysis and synthesis methods makes it possible to consider and characterize the processes of settlement, economic and household arrangements, and the legal status of the deported people.

Keywords: Turkistan Region, Soviet power, deportation, Stalinist policy, persecution, forced re-settlement, repression.

Г.Б. Козгамбаева^{1*}, Б.К. Исабек²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан

*e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

Социально-бытовое положение депортированных народов в 30–40-е годы XX века (по Туркестанской области)

В Советском Союзе в результате политики тоталитарной системы и репрессивных действий советской власти многие народы, подвергшиеся гневу режима, были насильственно депортированы в Центральную Азию и Казахстан. Высылки, репрессии, конфискация имущества и необоснованные преследования были широко распространены, и в 1930–1950-е годы практически каждая семья в СССР пережила тяжелые испытания. В результате политики сталинского режима судьбы многих народов были искалечены. Семьи депортированных народов и целых этносов были размещены в различных областях республики. Одной из таких областей, куда были насильственно переселены представители разных народов, стала территория Туркестанской области. Испытав жестокие удары судьбы, депортированные оказались в незнакомых районах области. Исследования, посвященные малоизвестным страницам истории насильственной депортации народов, продолжаются и сегодня, однако остается множество нераскрытых вопросов. Поэтому данная тема является одной из актуальных и требующих дальнейшего изучения.

Основная цель статьи – рассмотреть историю, социальные и бытовые условия жизни депортированных в 1930–1940-е годы в несколько волн народов на территории Туркестанской области, проанализировав их через призму истории повседневности. Для достижения этой цели проводится сравнительный анализ воспоминаний, научных трудов и материалов архивных фондов о ситуации адаптации переселенных народов на новые территории районов Туркестанской области.

В статье представлены новые сведения о социально-бытовом состоянии, адаптации переселенцев после депортации на территорию Туркестанской области.

В статье применялись такие методы научного познания, как анализ и синтез, а также проблемно хронологический, статистический методы. Применение методов анализа и синтеза позволяет рассмотреть и охарактеризовать процессы расселения, хозяйственно-бытового устройства, правового положения депортируемых народов.

Ключевые слова: Туркестанская область, советская власть, депортация, сталинская политика, гонения, переселение, репрессия.

Кіріспе

Сталин дәуірінде жер аударылған ұлттар мен тұтастай халықтардың бір бөлігі жанұяларымен бірге республиканың аумағындағы облыстар мен аудандарына жіберіліп, қоныстандырылды. Осындай, еркінен тыс жер аударылған ұлттар қоныстандырылған облыстың бірі бүгіндегі Түркістан облысының территориясы болды. Түркістан облысы территориясына XX ғасырдың 30–40 жылдары бірнеше толқынмен жазығы жоқ көптеген ұлттар жер аударылды. Архив құжаттарындағы мәліметтерге сүйсек, депортацияланған халық-

тардың басым бөлігі Түркістан облысы территориясына соғыс жылдарында жер аударылып, қоныстандырылғаның аңғарамыз. Түркістан облысына депортацияланғандар, республиканың басқа өңірлеріндегідей кеңестік үкіметтің қаулы, қарарлары және ұлт саясатын жүргізудегі өктем әрекеттері нәтижесінде жер аударылды.

Кеңестік кезеңдегі мәжбүрлі депортация (30-жылдардың басында шаруаларды депортациялау, содан кейін 30-шы жылдардың ортасынан бастап этникалық белгілері бойынша депортация) формасы жағынан жер аудару ретінде қарастырылады.

Советтік билік Қазақ елінде 30-жылдары болған ашаршылық кезінде халқы сиреп қалған республика облыстарындағы өнеркәсіп құрылысын өркендету, ауылшаруашылығын дамыту және табиғи байлықтарын игеру мақсатымен адам күшін шоғырландырып, еңбек ресурстарын көбейту мақсатында депортацияға ұшырағандарды Қазақстан республикасы облыстарына шашырап қоныстандырылды. Осындай жер аударылған халықтарды қоныстандырылған облыстың бірі Түркістан облысы (Оңтүстік Қазақстан обл.).

Мақсаты. Мақалада Түркістан облысына XX ғасырдың 30–40 жылдарда депортацияланған халықтардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайы туралы ғылыми еңбектер, архив материалдары, естеліктер, баспасөз материалдары негізінде зерттеу жүргізіліп, талдау жасалады.

Мақаланың өзектілігі. Түркістан облысы аумағына сенімсіз ұлттар айдарымен жер аударылған халықтарды қоныстандыру үрдісі республиканың басқа аймақтарындағыдай қарқынды жүрді. Кеңестік биліктің КСРО-да ұлттарды тұрғылықты мекенінен күшпен жер аудару саясаты заңсыз, жүргізгендігі туралы зерттеулер бүгінде жүргізілуде. Түркістан облысы және аудандарына жазығы жоқ ұлттар мен тұтастай халықтарды жер аудару тарихын зерттеу, олардың бұрмаланған тарихындағы ақиқатты ашу өзекті мәселелердің бірі. Зерттеуіміздегі Түркістан облысы территориясына жер аударылған ұлттардың қоныс аударылған жерлердегі әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу арқылы, тоталитарлық жүйенің жүргізген қысымшылығына қарамастан халық шаруашылығының барлық саласында еңбек етіп, тер төкті.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында Түркістан облыстық архив қорларынан жиналған материалды жинау, сараптау нәтижесінде жер аударылған халықтардың тарихы қарастырылды. Тарихи материалдарды салыстырмалы талдаумен қатар бірізділік жүйелік, құрылымдық, теориялық таным сынды зерттеудің тәсілдері қолданылды.

Түркістан облысына жер аударылған халықтар отбасыларының естеліктері, ғылыми зерттеулер, архив материалдары арқылы депортацияланған халықтардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайларына салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Түркістан облысының сонымен қатар Қазақстан облыстары территориясына депорта-

цияланған халықтар тарихы туралы зерттеушілер мен ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар мен пікірлер қарастырылады.

Түркістан облысына жер аударылған ұлттар мен тұтастай халықтардың қоныстандырылған жерге алғашқы кездердегі қиыншылықтары және ұлттық бірегейлігін сақтауы және бейімделу мәселелеріне талдау жасалып, қарастырылады.

Саяси репрессиялау, депортациялау салдарынан қазақ жеріне өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ортасынан кейінгі жылдарда біршама ұлттар еріксіз жер аударылып, қоныстандырылды. Республика территориясы мен облыстарына жер аударылған халықтар тарихы, олардың көшірілу барысы, жол бойындағыдағы қиыншылықтар, қоныстандырылған жерлердегі географиялық орналасуы туралы зерттеулер жүргізген шетелдік және қазақ ғалымдары қатарында В.Н. Земсков (Земсков, 2005: 306), Бугай (Бугай, 1992), Қалыбекова (Қалыбекова, 2019), Ж.А. Ермекбаев (Ермекбаев, 2009).

Т.В. Царевская-Дякинаның редакциясымен (Царевская-Дякинаның, 2004) «История сталинского Гулага. Конец 1920-х- первая половина 1950- х годов» деген құжаттар негізінде сталиндік террорлық саясатын жүргізу және оның жүзеге асу барысы қамтылған ұжымдық 7 томдық еңбектің 5 томында Қазақстанға заңсыз саяси репрессия, депортацияға ұшыраған халықтарды қоныстандыру мәселелер қаралады. Қазақстан территориясындағы облыстар және Түркістан облысы аудандарына жер аударылған ұлттар мен поляктардың тарихы және бейімделуіндегі жағдайы туралы ұжымдық жинақ М. Қойгелдиевтің бас редакциялығымен (Қойгелдиев, 2019). Ал В.Н. Шепель бас редакциялығымен құрастырылған «Из истории депортаций Казахстана. 1935–1939 гг.» деген құжаттар жинағының 2 томында республикаға армяндардың, финдердің, кәрістердің, немістердің, күрдтердің және тағы басқадай күштеп қоныстануы туралы архив құжаттар қамтылған. Х.М. Абжанов, К.Ш. Алимгазиновтың жауапты редакциялығымен «Из истории депортации Казахстана (1939–1945 жж.) деген ұжымдық құжаттар жинағының 3 томында XX ғасырдың 39–45 жылдар аралығын қамтитын құжаттар жинағында халықтарды депортациялау науқандарын заңдастырған құжаттар, көптеген халықтардың өздеріне жат географиялық ортада орналасуы бойынша атқарған жұмыстарын растайтын анықтамалар, нұсқаулар, есептер және жер аударылған және олардың

ұрпақтарының естеліктері берілген. Б. Ракишованың бас редакциялығымен (Рақышева, 2013), «Память во имя будущего» атты халықаралық жоба аясында жарыққа шыққан жинақта ХХ ғасырдың 30–50 жылдары жер аударылған ұлттардың отбасылары мен ұрпақтарынан алынған сұхбаттар берілген. Ғалым С. Жолдасовтың Қазақстанның Оңтүстік өңірінің тарихы қамтылған еңбекте біздің зерттеуіміздегі Түркістан облысына жер аударылған халықтар туралы қысқаша мәліметтер берілген (Жолдасов, 2009).

Зерттеу барысында негізгі дереккөздер ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архивінің (ҚР ПА) және Түркістан облысының мемлекеттік архивінің (ТОМА) құжаттары пайдаланылды. Атап айтқанда, ҚР ОМА-ның Р-1490 қоры (Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты жанындағы Қоныс аудару бөлімі), Р-1481 қоры (Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы халық комиссариаты) және Р-1146 қоры (Қазақ КСР Әскери комиссариаты) депортацияланған халықтардың қоныстануы, еңбекке тартылуы және әлеуметтік жағдайы жөніндегі ресми материалдарды қамтиды. Сондай-ақ ҚР ПА-ның 708-ші қоры (Қазақ КСР Коммунистік партиясы Орталық комитеті) мен ТОМА-ның 121-ші қоры (Шымкент облыстық еңбекшілер депутаттары кеңесі және оның атқару комитеті) қоныс аударылған халықтарға жер бөлу, тұрғын үймен қамтамасыз ету және бейімделу шаралары туралы маңызды деректерді ұсынды.

Зерттеу нәтижесі

Совет Одағында екінші жаһандық соғысқа дейін басталған халықтарды жер аудару процесі, соғыс жылдарында және одан кейінгі уақытта жалғасын тапты. Жер аудару саясатының салдарынан көптеген жазығы жоқ ұлттар азапты күндерді өткерді.

1. Отандық тарихнамада халықтарды күштеп қоныстандыру тақырыптарына, әсіресе Түркістан облысына жер аударылған халықтардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайы туралы зерттеулер болғанымен, онда тақырып аясында әліде толықтай зерттелмей қалған мәселелер қамтылып, оларды қоныстандыру барысындағы орын алған жағдайлары қарастырылды.

2. Еркіз, күш қолдану арқылы халықтарды депортациялау 1937 жылдың наурызында Сталиннің «Партия жұмысындағы кемшіліктер

және троцкистер мен басқа да екі жүзділерді жою шаралары туралы» баяндамасынан кейін республиканың облыстарына Одақ бойынша депортацияланған халықтарды қоныстандыру жұмысы бұрынғыдан да жедел, қарқын алды.

3. Оңтүстік Қазақстан, бүгінгі Түркістан облысы аумағына өткен ғасырдың 30-40 жылдары депортацияланған халықтар қоныстандырылып, оларды мемлекет тарапынан тұрғын үймен қамтамасыз етуде, әлеуметтік тұрғыдан көмек беруде жіберілген қателіктер мен кемшіліктерге талдау жасалды.

4. Облыс аудандарына күшпен жер аударылған халықтар ауыр тағдырды бастарынан кешіуі және оларға «саяси тұрғыдан сенімсіздер» ретінде, мемлекет тарапынан бақылауға алынуы ұлт саясатының бұрмаланғанының айғағы және түрлі саяси, құқықтық қысымдар жасалды.

5. Түркістан облысына депортацияланған халықтар өздерінің баспаналарынан, өмір бойы жинаған мүліктерінен айрылып, мүлдем басқа климаттық жағдайдағы жерлерге қоныстандырылып, алғашында аштықтан, қыстың аязды суығына төзе алмай, басым бөлігі өмірден өтті.

6. Бірнеше толқынмен облысқа депортацияланған халықтардың жер аударылу барысы, олардың күнделікті өмірі, әлеуметтік жағдайы туралы зерттеулер мен архив материалдары арқылы тоталитарлық жүйенің жүргізген озбыр саясаты қарастырылды.

1936 жылдың 28 сәуірінде КСРО ХКК Қаулысының №776-120 баптары негізінде халықтарды жаппай еріксіз көшіруге бұйрық шығарды (Гурьянов, 1997: 114). Саяси, әлеуметтік-экономикалық, таптық, этникалық немесе идеологиялық принциптер бойынша тұрғындарды мәжбүрлі түрде қоныс аударуы ауқымды түрде бұған дейін жүргізілген емес.

Түркістан облысына жер аударылғандарды орналастыру үрдісі республиканың басқа аймақтарындағыдай қарқынды жүрді.

Бүкіл қазақ елін ашаршылық жайлап жатқан кезде, 1932 жылы қаңтарда КСРО Компартиясының Орталық комитеті Қазақстанда облыстар құру туралы шешім қабылдады. 1932 жылы ақпан айында өткен ҚазАКСР ОАК VIII сессиясы бұл шешімді мақұлдап, ел аумағында алты – Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Алматы облыстары құрылады деп жариялады. Оңтүстік Қазақстан бұрынғы Сырдария губерниясына қараған Жамбыл, Қызылорда, Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облыстарының аумағы түгел кіреді.

Кеңес дәуірінде әкімшілік-аумақтық бірлестік ретінде Бүкілодақтық Атқару Комитетінің 1932 жылы 10 наурыз айындағы қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы құрылды (Жолдасов, 2009: 79). Кеңестік билік тұсында Оңтүстік Қазақстан облысы 1932 жылдың ақпан айында құрылып, он тоғыз аудан құрамына біріктірілді. Құрылған облыстың Шымкен қаласы орталығы деп бекітілді. Оңтүстік Қазақстан облысынан 15 қаңтар 1938 жылы бөлініп шыққан Қызылорда облысының құрамына Қазалы, Қармақшы, Қызыл-Орда, Яна-Курган (Жаңақорған) аудандары мен аудандық партия комитеттері берілді. Жамбыл облысы 1939 жылы 14 қазанда құрылғаннан кейін, оның құрамына Оңтүстік Қазақстан облысының Жамбыл, Свердлов, Мерке, Талас, Луговской, Сары-Су аудандары мен уездік партия комитеттері берілді (Оңтүстік Қазақстан, 2001: 22–23).

Жоғарыда көрсетілгендей, Қызылорда, Жамбыл облыстары бөлініп шыққанға дейінгі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысы құрамында болған. Бүгінгі Түркістан облысы (Оңтүстік Қазақстан облысы) 1962 жылы 3 мамырынан 1992 жылдың 6 шілдесіне дейін Шымкент облысы болып аталып келді. Облыс 1962-1964 жылдар аралығында өлке болып қайта құрылғаннан кейін құрамынан бөлініп шыққан Жамбыл және Қызылорда облыстары қайта біріктірілді. Шымкент облысы деген атпен 1964 жылы аталып, аталмыш өлке тарқады. Оңтүстік Қазақстан облысы деп 1992 жылы 6 шілдеде облысқа бұрынғы аты қайтарылды. Ал 2018 жылғы 19 маусымда облыс атауы Түркістан облысы аталып, әкімшілік орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Екінші Дүниежүзілік соғыс алдындағы жылдары республиканың облыстары және Түркістан облысының аумағына аудандарға кәрістер, поляктар, немістер, күрдтер, қарашайлар

және тағыда басқадай ұлттар жер аударылып, орналастырылды.

1936 жылдан бастап КСРО-ның батыс, шығыс, оңтүстік шекараларын тазалауы басталды. 1936 жылы Украинаның шекара аудандарынан поляктар көшірілді. Барлық көшірілген поляктардың (99,8%) Қазақстанға және республиканың солтүстік аймақтарына көшірілді (Игнатьева, 2006: 36).

1936 жылы 5 наурызда Украинадан 15 мың поляк және неміс қожалығын Қазақ АКСР-нің Қарағанды облысына қоныстандыру мен (жарғылық қоры жоқ ауыл шаруашылығы артельдері) шаруашылыққа орналастыру туралы қарастырылды. Бұларды көшіру бойынша: 1936 жылы 5 мамырда – 5 мың шаруашылық және тамыз-қыркүйекте – 10 мың шаруашылық көшіру жоспарланды (Царевская-Дякина, 2004: 222).

Қазақстан коммунистік партиясының ОК мен ХКК «Украинадан көшіп келетіндер туралы» қаулы қабылдады. Бұл құжатта Оңтүстік Қазақстанға – 5500 отбасы, Қарағанды және Алматы облыстарының әр қайсысына – 3000 отбасы, Шығыс Қазақстан облысына – 2000 отбасы, Ақтөбе облысына – 100 отбасы көшіріледі деп жоспарланды. Көшіп келгендердің басым бөлігі бұрыннан бар ұжымшарларға (колхоздарға) орналастырылады, сондай-ақ арнаулы жаңа қоныстар да құрылатын болды (Көкебаева, Сманова, 2012: 35). Из истории депортации в Казахстан (1935-1939 жж.) деген ұжымдық еңбекте Оңтүстік Қазақстан облысына көшірілгендер саны жоғарыда көрсетілгендей 5500 көрсетілген, ал оның ішінде Пахта-Аралға – 1000, Келеске – 1000, Сайрамға – 1000, Арысқа – 500, Ленгерге – 500 (мақта өндірісінде), Мирзоянға – 1000 және Мерке ауданы қызылша шаруашылығына – 500 көшірілген (Шепель и др., 2014: 53).

1-кесте – Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарына көшірілген поляктар (Шепель и др., 2014: 53)

№ пп.	Аудан атаулары	Шаруашылық саны	Шаруашылық түрі
1	Пахта-Арал ауданы	1000	мақта өндірісі
2	Келес ауданы	1000	мақта өндірісі
3	Сайрам ауданы	1000	мақта өндірісі
4	Арыс ауданы	500	мақта өндірісі
5	Ленгер ауданы	500	мақта өндірісі
6	Мирзоян ауданы	1000	қызылша өндірісі
7	Мерке ауданы	500	қызылша өндірісі
	Барлығы:	5500	

Көшірілгендерге «саяси сенімсіз элементтер» деп айдар тағылды. Кеңестік басшылық әртүрлі айыптаулармен поляктарды (немістер) қуғындады. Өйткені кеңес үкіметі оларға сенімсіз көзқараспен қарады

1937 жылы 23 сәуірде «Правда» газетінде жапон тыншылығы, яғни Қиыр Шығыста жапондықтардың агенті қытайлар мен корейлер екендігі туралы жазылған еді. Саяси бюроның «Шығыс аудандардағы шекара мәселесінің» 1937 жылғы 14 шілдедегі шешімімен тазарту жүргізетін аймақтар көбейді.

1937 жылы 21 тамызда №1428-326 «Корей халқын Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы» құпия қаулыға И. Сталин мен В. Молотов қол қойды (Бугай, 1992: 68).

1937 жылдың қазан айының соңы мен қараша айының басында Қазақстан республикасына 69 (70) эшелонға тиелген 20 072 отбасы, яғни 95127 (95137) корейлер келді (Шепель и др., 2014: 186).

Ғалым Г.В. Кан кәрістерді «жапон тыңшылығының ену жолын кесу» деген сылтаумен жер аударуды «үлкен саясаттың» бір бөлшегі ретінде, Кеңес Одағының өзінің Қытаймен одақтас-тық қарым-қатынасының тұрақтылығы, өзінің Жапониямен қарым-қатынасын, қиыршығыс саясатындағы көзқарасын білдіруі ретінде қарастыру қажет, деген пікірді айтады (Кан, 1994: 46–47).

Ешбір сотсыз, тергеусіз «жапон тыңшылары» деп айып тағылған Кеңестік корейлерді Қазақстанның Оңтүстік облысына, Арал теңізі және Балқаш көлі аймақтарына 1937 жылы Қиыр Шығыстың жиырма үш ауданынан жер аударылды. Корейлерді жер аудару, яғни депортациялау жоғарыда көрсетілген жылдың желтоқсанында аяқталды.

Депортацияланған кәрістердің 8867 отбасы – (43181 адам) Оңтүстік Қазақстан облысына қоныстандырылды. 1938 жылдың көктемінде Қазақстан ішінде кәрістерді көшірудің 2-кезеңі басталды, оған кәрістердің 60%-ға жуығы ұшырады. Осы уақыттан бастап олар тұрақты тұратын жерлерге орналастырылды. Қазақстан бойынша қоныстандыру географиясы Қызылорда облысына – 6476 адам, Оңтүстік Қазақстан облысына – 1698 адамды қамтыды (Калыбекова, 2008: 50).

Қазақстанға 1938 жылдың ақпан айына дейін 20789 отбасы, яғни 98454 корейлер жер аударылды (ЦГА РК. Ф. Р-1490, Оп. 1, Д. 7, Лл. 25–32.).

2-кесте – Архив құжаттарында ОҚО көшірілген кәрістер туралы төмендегідей мәліметтер берілген (1938 ж., наурыз) (ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Л. 16.)

№ пп.	Аудан аттары	Жанұя саны
1	Пахта-Арал ауданы	177
2	Мирзоян ауданы	513
3	Мерке ауданы	92
4	Түлкібас ауданы	163
5	Қаратас ауданы	196
6	Жуалы ауданы	130
7	Сайрам ауданы	52
8	Шаян ауданы	39
9	Ленгер ауданы	49
10	Шымкент қаласы	95
	Барлығы	1506

Белгіленген жоспардан көшіп келетін корей қожалықтарының саны артық болып, Қазақстан республикасына 1938 жылдың ақпан айына шейін 20798 жанұя – 98453 адам жер аударылды (Ен Хун, 2010: 16). Оңтүстік Қазақстан облыстық жер басқармасының отырықшыландыру бөлімінен Жағпаровтың баяндамасында жоспар бойынша 1084 үй, 36 қоғамдық орын тұрғызылу бекітілгені, соның 180 үйі мен 3 қоғамдық орынының құрылысы басталғаны туралы 1938 жылдың 15 тамызында хабарлады (ЦГА РК. Ф. Р-1481, Оп. 10, Д. 2, Л. 24.).

Алайда облыс аудандарына жер аударылып, қоныстандырылған ұлттарды тұрғын үймен, жұмыспен қамтамасыз ету жағдайы жылармандық жағдайда еді. Мәселен, архив құжаттарында корей халқының арнайы қоныс аударушылары үшін тұрғын үй мен мәдени нысандар құрылысын салу (01.09.1938 ж.) барысы апатты жағдайда болды. Өйткені құрылысты басқаруға сеніп тапсырылған жергілікті басшылары белсенділік танытпады, құрылыс материалдары уақытысында жеткізілмей, жұмыс күші талапқа сай ұйымдастырылмады. 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Луговой ауданына корей колхозшыларының бір бөлігі қоныстандырылды. Луговой ауданында құрылысы басталған 6 үйдің бірде-бірінің құрылысы аяқталмады, өйткені уақытылы құрылысқа қажетті материалмен (ағаш) қамтамасыз етілмеді. Кәріс колхозшыларының жекелеген бөлігі Луговой ауданында қоныстанғысы келмеді. Құрылысқа бекітілген 20 адамның 50%-

ы жұмысқа шықпады (ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Л. 12.).

Түлкібас ауданында 140 тұрғын үй құрылысын салу жоспарланды. Олар: колхоз кеңсесі, бала бақшалар, мектеп, амбулатория, монша, дүкен астық қоймасы, малға арналған қора жай және т.б. салу жоспарланған. Құрылыс нысандарының тек 37-і салынғанымен, олардың шатыры жабылмаған, пеші салынбаған еді. Жоспар бойынша қалған тұрғын үйлер мен нысандар салынбаған.

Құрылыс жұмысының баяу жүруі және тоқтау себебі:

а) Жергілікті құрылыс жүргізу басқармасының құрылыс нысандарын салудағы нақты жобалары болмады; құрылыс материалдары уақытылы жеткізілмеді, құрылысқа қажетті жұмыс күші ұйымдастырылмаған. Құрылысқа қажетті 30 ағаш ұстасы, 12 ара өңдеушілер, 25 пешшілер сынды маман кадырлар жетіспеді.

б) Құрылысқа тартылған жұмысшылар азық – түлікпен, күнделікті ыстық тамақпен, тұрғын үймен қамтамасыз етілмеді. Ауыр тұрмыстық жағдайларға байланысты жұмысшылар құрылыс аланың тастап кетті.

Пахта-Арал, Ленгір, Меркі аудандарына қоныс аударылған кәрістер берілетін тұрғын үй мәселесі де уақытында шешілмеді. Өйткені үй салуға арналған материалдары дер кезінде жеткізілмеуі, қажетті мамандардың жетіспеуі және т.б. себептер болды. Тұрғын үй құрылысының уақытылы бітпей баяу жүруі салдарынан уақытша киіз үйде тұрып жатқан кәрістердің денсаулығы мен тұрмыстық жағдайына байланысты қыс мезгіліндегі қатты суық үлкен қатер туғызды (ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Лл. 12–13.).

1938 жылы 10 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысына 344 отбасы – яғни 1736 адам күрдтер жер аударыды (ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Л. 7.). Облысқа жер аударылған күрдтерді қоныстандыру мен тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс жүргізу жұмыстары да ұйымдастырылмаған. Облыстың Свердлов, Шаян Сарысу, Талас, Созақ аудандарына күрдтер қоныстандырылған. Облыстың Шаян ауданы «Прогресс» колхозынан көшірілген 28 шаруашылық кіргізілді, Луговской ауданының Сталин атындағы колхозына 49 шаруашылық кіргізілді, Пахтарал ауданындағы «Ким» колхозына кәрістердің 39 шаруашылығы орналастырылған, ал Жуалы ауданының «Қызыл Октябрь» колхозына тек қана кәрістердің 80 шаруашылық кіргізілді, Свердлов ауданының Кум-Джата колхозына

17 шаруашылық кіргізілді. Облыс аудандарына жер аударылғандардың тұрмыс жағдайы нашар, солардың ішінде күрдтердің ауыр жағдайлары айтылып, оларға азық-түлік ссудасын бөлуді сұрайды (ЦГА РК. Ф. Р-1481, Оп. 10, Д. 2, Л. 24.).

Тұрмыстық жағдайдың нашарлығы туралы билік басындағыларға жер аударылғандар арасынан арызданып, жазылған арыздар көптеп кездеседі.

Кеңестік билік түсындағы сталиндік жазалау бұдан кейінгі уақытта да жалғасын тапты. 1937 жылдың шілде-қазан айлары аралығында БК(б) П Орталық Комитеттің Саяси бюросы Армения, Әзірбайжан, Орталық Азия республикалары мен Қиыр Шығыс шекаралары маңына тазарту жұмысын жүргізу жөнінде шешім қабылдады. 1937 жылы арнайы қоныс аударылған әзірбайжан және шешендерді Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарына алып келіп, орналастырылады.

1937 жылы Армения мен Әзірбайжан территориясында тұратын тұрғылықты халықпен қоса күрдтерді де депортациялау жоспарланып, оларды 1938–1939 жылдары Қазақстан мен Орталық Азияға жер аударған. Жер аударылғандардың басым бөлігі Қазақстанға дейін, қолайсыз жағдайларға байланысты қайтыс болған. Жер аударылғандарды Орталық Азия мен Қазақстан республикасының он төрт облысы және жүз он ауданындағы әр ауылға шашыратылып, 20–25 отбасыдан қоныстандырылу тиіс болды жоспар бойынша, 1937 жылдың аяғында Қазақстанға бөлінген 1121 шаруашылықтың Алматы облысының аудандары мен Оңтүстік Қазақстанға қоныстандырылды (Садыков, 1998: 159).

Түркістан облысына жер аударылған әзірбайжан отбасының мүшесі Заманов Эйвас Файзуллаевич: « ... Менің ата-әжемнің айтуынша, оларды 1937 жылы жер аударған. Олар сауатты, ақатты, бай адамдар болды. Олардың малдарын, жерін тартып алып, бір түрмеден екінші түрмеге қамап, соңында теміржолда тұрған мал таситын вагондарға тиіп, жолда бір айдай жүріп алғашында Созаққа ал кейін Шолаққорғанға қоныстандырды. Жолдың ұзақтығы, аштық пен санитарлық жағдайдың нашар болуы салдарынан жолда жер аударылған әзірбайжанның шамамен жартысы қайтыс болды. Көшіп келген жылы олардың көпшілігі аштықтан, қақаған қыстың қатты суығына төзе алмай көз жұмды. Менің әжем мен анамның айтуынша біз жергілікті қазақ халқының көмегінің арқасында тірі қалғанымызды айтты. Олар өздерінің отбасына азық – түлік жетпесе де, асты бізге бөліп беріп

қамқорлық жасауының арқасында көптеген әзірбайжандар аштықтан аман қалған. Арнайы қоныс аударылған әзірбайжан халқы жаппай аш, жалаңаш, ішерге асы киерге киім болмаған. Осы жағдайда жалғыз басты әжеме 5 балаға тамақ тауып беру қиын болды, сондықтан балаларды Шымкент облысынағы балалар үйіне өткізген. Балалар үйінде балалар саны көп болды және бір отбасынан жіберілген 4–5 баланы шашыратып бірнеше балалар үйіне орналастырды. Соның салдарынан көптеген балалар ата-аналарын таба алмай жоғалды. Әжем балалар үйіне өткізген 4 баласын тауып, бір қызын 30 жылдан кейін 1967 жылы тапты. Оны Түлкібас ауылдық кеңесінің хатшысының отбасы асырап алған екен. Қыз бой жеткеннен кейін Малдыбек есімді қазақ жігітімен отау құрып 6 баланың анасы атанып, Бурное совхозы Жанаталапта тұрды. Қазір біз балалармен араласып тұрамыз. Қазақтар-қонақжай, ақкөңіл халық, сондықтан көптеген әзірбайжандар Қазақстанда қалды. Олардың жергілікті қазақ халқымен көп ұқсастықтары бар. Біздің туыстарымыз Бакуде тұрады, Әзірбайжанға барсам, керемет қалалары, зәулім үйлері бәрі бар. Біз Әзірбайжанда интеграциялана алмаймыз, біз қазақтар арасында өмір сүруге үйреніп қалдық. Сондықтан біз екінші Отанымыз Қазақстанда қалып қойдық (Ракишева, 2013: 17–18). Заманов Эйвас Файзуллаевич, ұлты әзірбайжан, 57 жаста. Оның ата-анасы 1937 жылы Әзірбайжаннан депортацияланған. Ол қазір Жамбыл облысы Қордай ауданы, Қордай селосына тұрады.

Халықтарды Қазақстанға күштеп қоныс аударудың алғашқы жылдары, яғни 1937–1939 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы құрамында Жамбыл, Қызылорда облысы болғандықтан, осы облыстардың аудандарына терең үңілуге тура келеді. Облыста 2 841 307 мыңдай адам тұрады. Халықтың басым бөлігін қазақтар құрайды (70,24%). Одан басқа өзбектер (17,1%), орыстар (7,2%), татарлар (1,2%), әзірбайжан, тәжік, түрік, шешен және т.б. ұлт өкілдері тұрады. Облыс халқы республиканың басқа облыстарымен салыстырғанда тығыз орналасқан. Қала халқы 47%, ауыл тұрғындары 53 % -ды құрайды (Аяған, 2005: 214).

Республика және оның облыстарында соғыс басталған кезде арнайы қоныс аударылғандардың жаңа контингентін Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Балтық жағалауы, Бессарабия аумақтарынан депортацияланғандар толықтырып, оларға «саяси сенімсіздер» статусы тағылды. Сталиндік режимдегі кеңестік билік жүйесі та-

рапынан күш қолану арқылы көшірілгендерді депортациялау саясатынан бөлек түрлі саяси, құқықтық қысымдар көрсетілді. 1941 жылдың маусым-шілде айларында Қазақ КСР аумағына Украина КСР, Беларусь КСР, Молдаван КСР және Балтық елдерінің батыс облыстарынан – 15 413 адам депортацияланды, оның ішінде: батыс облыстардан 4803 адам, Молдаван КСР-інен – 9954 және Балтық жағалауы елдерінен – 656 адам жер аударылды. Олар Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды, Гурьев, Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарына қоныстандырылды (Абжанов, Алимгазинов и др., 2019: 152–153).

Оңтүстік Қазақстан облысының территориясына Молдаван КСР-інен – 2735 адам және Украина КСР-інің батыс облыстарынан – 2291 адам, барлығы 5026 қоныстанушы әкелінеді. Оларды төмендегідей аудандарға бөліп, орналастырады:

Пахта-Арал ауданына – 3174 адам,

Қызылқұм ауданына – 766 адам,

Арыс ауданына – 1086 адам (Абжанов, Алимгазинов и др., 2019: 152–153).

Соғыс жылдарында поляк азаматтары Қазақстанға Польшадан ғана емес, сонымен қатар, одақтас республикалардан да қоныс аударылды. Мысалға келтіретін болсақ, 1941 жылдың соңында КСРО МҚК Өзбекстанда тұрып жатқан поляк ұлтының өкілдерінің бір бөлігін Қазақ КСР-нің Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарына көшіру туралы шешім қабылдады. Қоныс аударылғандардың жалпы саны 48 000 адамды құрады (Дегитаева, 2000: 8). Ғалымдар зерттеуінде «...1936–1951 жылдар аралығында 3 600 000-нан астам адам ұлттық белгілері бойынша қуғын-сүргінге ұшырады», 1935–1938 жж. соның ішінде Польшамен шекаралас аумақтардан «саяси өзгермейтін элемент» ретінде қудаланды (Алдажуманов, Алдажуманов, 1997: 16).

Осы шешім негізінде ҚК(б)П Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті бюросы мен облыстық атқар Оңтүстік Қазақстан облыстық у комитетінің 1941 жылғы 26 қарашадағы қаулысы бойынша 18 000 поляк ұлтының адамдарын қабылдап және оларды орналастыру қажет еді (Дегитаева, 2000: 126). Бірақ, өңірге келгендердің саны жоғарыда көрсетілген шешімдегі сандық көрсеткіштерден ерекшеленді. Осы жылғы деректердегі Оңтүстік Қазақстанға орналастырылған поляк азаматтарының саны (Мырзатаева, 2020: 155).

3-кесте—Оңтүстік Қазақстан аудандарына орналастырылған поляктар (1941 ж.)

№ п.п.	Аудан аттары	Орналастырылғандардың сандық көрсеткіші
1	Қызылқұм ауданы	1560
2	Созақ ауданы	3200
3	Шәуілдір ауданы	2121
4	Шаян ауданы	3200
5	Фрунзе ауданы	3200
6	Қаратас ауданы	2650
	Барлығы:	15 931

Соғыс жылдарында депортацияланған және эвакуацияланған поляктардың қазақ жеріне қоныстандырудың келесі толқыны салдарынан, республика аумағындағы олардың саны өсті. ІХК анықтамаларында көрсетілгендей, 1942 жылдың басында Қазақ КСР-індегі поляк азаматтарының саны 103 757 адамды құраса (ЦГА РК. Ф. Р-1146, Оп. 1, Д. 287, Л. 9.), Ш.Д. Пірімқұловтың еңбегінде 1942 жылдың 1 қаңтарында Қазақ КСР-нің облыстарында орналасқан поляктардың саны 104 207 адам болып көрсетілді (Пиримқұлов, 1978: 88).

Сонымен, 1942 жылдың 28 қаңтарындағы ІХК жазбаларына сүйене отырып, екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында Оңтүстік Қазақстан облысына депортацияланған поляк азаматтарының жалпы саны 25 998 адамды құрайды (Абжанов, Алимгазинов и др., 2019: 158).

Түркістан облысына бірнеше кезеңмен жер аударылған поляктардың да жағдайы, басқадай депортацияланған халықтардың жағдайы сияқты ауыр болды. Осындай ауыр күндерді басынан өткерген поляк азаматшасы Наливко Хэлен (1923 ж.т.) Лубэл облысы, Томашув ауданынан 1940 жылы Сібірге, 1941 жылы желтоқсанда бүгінде Түркістан облысы Созақ ауданы Калинин колхозына жер аударылған. Ол естелігінде: ...Бір күндік нанымыз бен ас ауқатымызды табу үшін, таңның атысынан күннің батысына дейін еткен еңбек ақысына 100–200 гр грамм үн берілген, олар ет, сүт, жеміс дегенді білмеді. Бір күні оның отбасындағы мүшелерінің бәрі кешке қарай айналаны анық көре алмайтындай (куринная слепота) ауруға ұшырады. Анам Шолаққорғанда ұлты орыс шаштаразы отбасымен таныс еді, олардың анасы медбике болып жұмыс істетін. Анам болған мән жайды айтып көмек сұрағанда, шаштараз өздері сойып жеген иттің бауырын

береді. Анам бізге сол бауырды пісіріп берді, сол ақ екен, біздің көзіміз кешке жақсы көріп, ауруды ұмыттық. Ал 1942 жылы Шолаққорғанда болған іш сүзегі ауруымен менің әпкем Ядзе ауырды. Ол он күн ыстығы көтеріліп, ес түссіз жатты, алайда оны емдейтін дәрі-дәрмек болмады. Ол уақыт өте жазылғанымен бұрынғы қалпына келе алмады. Сол жылы көп поляктар сүзек ауруынан қайтыс болды. Біз жаз айында колхоз даласында жұмыс істедік. Ер кісілердің барлығы дерлік соғыста болды, ал колхоздың ауыр жұмысын қарттар мен әйелдер және жас өспірім балалар істеді. Мақта тердік және екен егісті жинадық. Бірақ сол кезде аштықтан, аурудан, өмірдің қиыншылығынан көп адамдар қайтыс болды. Аштан өлместің қамымен біз колхоздан тауық, астық ұрлап үйге алып келдік. Біздің отбасымыз отанымызға қайтамыз деген үмітпен өмір сүрді. Біз үнемі аш болдық, біздің үйдің айналасында өскен шөптерді қорек еттік. Әкем кейде алып келеген (200–300 гр.) ұннан анам пісірген наннан үзім ған берді. Осылай айлар, жылдар өтті. Біз Польшаға қайтқанан кейін сүзекпен ауырған әпкем 1947 ж. қайтыс болды (Қойгелдиев, 2019: 216–224).

Облысқа жер аударылған немістерді қоныстандыру жоспарлары мен өңірге орналастырылғандардың тізімі үнемі түзетіліп отырды. Оңтүстік Қазақстан БК(б)П обкомының, ХКК және МҚК-нің қаулылары бір-бірінен ерекшеленеді. 1941 жылдың 12 қыркүйек күнгі деректерде Оңтүстік Қазақстан облысына 14 017 адамды орналастыру көзделсе, мұнан кейінгі мерзімде, яғни 30 қыркүйектегі МҚК-нің қаулысы бойынша жоспардағы сандық мәліметтер үш есе, нақтылап көрсетсек 43 000 адамға дейін, ал республикалық жоспарда – 48 000 адамға дейін көбейтілген. Алайда 1941 жылдың 25 қазанындағы ҚК(б)П Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті мен облыстық атқару комитетінің біріге шығарған шешіміне сәйкес облыс территориясына қоныс аударылған немістермен қатар алдыңғы шекара шебіндегі 18 269 эвакуацияланған азаматтарды қабылдады (АП РК. Ф. 708. Оп. 5/2. Д. 80. Л. 164.). Қорытындылай келе, Оңтүстік Қазақстан облысына депортацияланған немістердің жалпы саны архив деректеріндегі ақпараттарға сәйкес 24 798 адамды құрайды (АП РК. Ф. 708. Оп. 6/1. Д. 1184. Л. 104.).

КСРО үкіметінің шешімдеріне сәйкес, Қазақ КСР ІІМ мәліметінде қарашайлар (11 711 жануя, 45 529 адам) 1943 жылдың күзінде, ше-

шен-ингуштар (89 901 жанұя, 405 192 адам) 1944 жылдың көктемінде, қалмақтар (648 жанұя, 2336 адам), балқарлар (4660 жанұя, 21 150 адам), республикаға көшірілген. 1944 жылдың күзінде Грузиядан арнайы қоныс аударылғандар (6296 жанұя, 28 073 адам), барлығы 506 656 адамды бі-

ріктіретін 114 484 жанұя депортацияланды. Кейінірек, әскер қатарынан кері шақырылғандар, қамау орындарынан босатылғандар, т.б. тұратын – 23 997 адам жекелеген эшелондармен республикаға жеткізілді. Сонымен бірге, 7976 сәби дүниеге келді (Бугай, 2002: 152).

4-кесте – Жер аударылған немістерді Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарына орналастыру жоспары (ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 15, Лл. 49–51.)

№ п.п.	Аудан аттары	Қоныс аударылғандар көрсеткіші	Түсіру станциясы
1	Киров	11 000 (2750)	Сырдария
2	Пахта-Арал	6000	В-Алексеевка
3	Келес	2000	Қызылту
4	Қаратас	3000	-//-
5	Қызылқұм	2000	56 разъезд Таш. т.ж.
6	Фрунзе	1500	31 -//-
7	Жуалы	2500	Бурной
8	Шәуілдір	2000	Темір
9	Ленгер	2000	Ленгер
10	Шаян	1500	Бадам
11	Арыс	2000	-//-
12	Созақ	1500	Түркістан
13	Сарыағаш	2000	Қызылту
14	Сайрам	2000	Манкент
15	Түлкібас	2000	Түлкібас
		43 000	

5-кесте – Солтүстік Кавказ және Грузиядан жер аударылған халықтар облыстың он жеті аудандарына көшіріліп, қоныстандырылды (1945 ж. 25 сәуір) (ТО ГА. 121-к., 6-т., 29-іс, 1-п.)

№ пп.	Депортацияланған ұлттар атауы	Жанұя саны	Адам саны
1	Солтүстік Кавказдан жер аударылғандар	11 849	43 521
2	Грузиядан жер аударылғандар	2288	10 074
3	Немістер	2872	8104
4	Байырғы кулақтар	963	2372
5	Басқалары	1327	3298
	Барлығы:	19 299	67 369

Қорытынды

Қазақстан республикасы және облыстары мен аудандары және ондағы шалғай ауылдарға жер аударылған халықтардың отбасындағы басым көпшілігі кәмелеттік жасқа жетпеген ұл-

дар мен қыздар, әйелдер, қарттар болды. Олар ауылдық және өндіріс орындары бар елді мекендерге қоныстандырылғандықтан ауылшаруашылығындағы ауыр жұмыстарда және рудниктер, көмір өндіретін шахталардағы жұмыстарға тартылды. Олардың күнделікті өміріндегі және

тұрмысындағы ауыр ахуал және мемлекет тарапынан қойылған қатал тәртіп пен коменданттық бақылау олардың еркін жүріп тұруларына шектеу қойды. Олар таңның атысынан күннің батысына дейін, отбасындағы мүшелерін асырау мақсатында бір үзім нан үшін, аянбай еңбек етті. Кеңес Одағындағы атеистік идеология салдарынан депортацияланған халықтардың діни наным-сенімдері мен жоралғыларына тыйым салынғанымен, олар жасырын түрде болса да, ұстанды.

Советтік биліктегі тоталитарлық жүйенің жүргізген саясатының салдарынан депортацияланған көптеген ұлттар Түркістан облысы мен аудандарына жер аударылып, жіберілді. Кезінде жер аударылған халықтар Түркістан облысының этнодемографиялық ахуалына ықпалын тигізіп, облыс аумағында мекен етіп, тұрақтап қалды. Совет Одағында жазығы жоқ халықтарды, депортациялау саясаты қайсыбір кеңес отбасын алсаңыз да, олардың болашағына балта шабылып, оларға оңай соқпады. Өйткені олардың арасында не себептен жер аударылып жатқанын түсінбегендер көп болды. Түркістан облысына еркінен тыс жер аударылған ұлттар халық

шаруашылығының қалпына келтіруде өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығындағы ауыр жұмыстарға жегіліп, болмашы аз жалақы немесе оның орнына берілетін аз мөлшердегі астықты қанағат тұтып, жергілікті халықпен бірге еңбек етіп, алдыңғы қатардағы озат атанғандары қаншама. Сталин тұсындағы кеңестік биліктің жүргізген саясатынан қуғынға ұшыраған тағдырлас халықтар біріне-бірі көмектесіп, жәрдем беріп, сүйеу бола білді және бүгінде Қазақ елінің көп ұлтты біртұтас қауымдастығына айналды.

Түркістан облысының территориясы республика құрамындағы басқадай облыстар сияқты жазықсыз жер аударылған халықтарды қоныс аударуы жағдайына байланысты барлық ауыртпалықтарды көтерді.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Депортацияланған халықтардың әлеуметтік бейімделуіндегі отбасының рөлі 1930–1950жж. (Түркістан облысы бойынша)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP26103859).

Әдебиеттер

- Алдажуманов Қ.С., Алдажуманов Е.К. (1998). Депортация: Выселение народов Северного Кавказа и Калмыкии / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс–Қазақстан. – С. 238–239.
- Архив Президента Республики Казахстан (АП РК). Ф. 708. Оп. 5/2. Д. 80. Л. 164.
- АП РК. Ф. 708. Оп. 6/1. Д. 1184. Л. 104.
- Ащысай – Кентау тұрғындарының өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. – XXI ғ.б.). Естеліктер мен тарихи сұхбаттар жинағы / Құрастырушылар: М.Қ. Қойгелдиев, Т. Исанский, З.Б. Мырзатаева, Т.Т. Далаева. – Алматы: ИП «Балауса», 2019. – 392 б.
- Бугай Н.Ф. (1992). Иосиф Сталин – Лаврентий Берия: «Их надо депортировать?». – Москва: Дружба народов – 233 с.
- Бугай Н.Ф. (2002). Депортация народов Крыма / Предисловие, составление, заключение, комментарии: Н.Ф. Бугай. – Москва: «Инсан». – 240 с.
- Бугай Н.Ф. (2004). Депортация народов // Война и общество, 1941–1945. Кн. II. – Москва: Наука. – 311 с.
- Гурьянов А.Э. (1997). Польские спецпереселенцы в СССР в 1940-1941 гг. // Репрессии против поляков и польских граждан: исторические сборники «Мемориала». Вып. 1. – Москва: Звенья. – С. 114–136.
- Депортация народов в Казахстан в 1930–1950 гг.: общность истории (интервью с пострадавшими от депортации в 1930–1950 гг. в Казахстан) / под общей редакцией Ракишевой Б.И. – Астана, 2013. – 683 с.
- Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Сост. Г. Анес – Алматы: Арыс – Казахстан, 1998. – 357 с.
- Ен Хун (2010). Қазақстандағы аз ұлттардың қатынастары және әлеуметтік саяси тарихы (1935–2009 жж.). Авторефераты. – Алматы. – 32 б.
- Ермекбаев Ж.А. (2009). Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 508 с.
- Жолдасов С. (2009). Қазақстанның Оңтүстік өңірінің тарихы. – Алматы: Үш Қиян. – 419 б.
- Земсков В.Н. (2005). Спецпереселенцы в СССР, 1930–1960. – Москва: Наука. – 306 с.
- Игнатъева Л.Н. (2006). Роль миграции в формировании населения Казахстана (1926–1959 гг.). Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.и.н. – Барнаул. – С. 36.
- Из истории депортаций в Казахстан (1935–1939 гг.). Сборник документов Том 2 / Сост.: Р.М. Әбдуәлі, Е.М. Грибанова (отв.), А.С. Зулкашева, Г.М. Каратаева, Н.П. Кропивницкий, Е.В. Чиликова. – Алматы: ЛЕМ, 2014. – 740 с.
- Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг. Сборник документов. -Том 3./редакционная коллегия: Х.М. Абжанов, К.Ш. Алимгазинов (отв.), Б.Г. Аяган, Б.О. Жангуттин, З.Е. Кабульдинов, Н.П. Калашникова, Г.В. Кан – Алматы: ЛЕМ, 2019. – 708 с.

Из истории поляков в Казахстане (1936–1956 гг.). Сборник документов / отв. редактор Л.Д. Дегитаева. – Алматы: ТОО «Издательский дом «Алматы», 2000. – 344 с.

История сталинского ГУЛАГа. Конец 1920-х – первая половина 1950-х годов: Собрание документов в 7 т. Т. 5. Спецпереселенцы в СССР / отв. ред. и сост. Т.В. Царевская-Дякина. – Москва: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2004. – 824 с.

Калыбекова М.Ч. (2008). История депортированных народов Казахстана (1937–1956 гг.). – Алматы. – 188 с.

Кан Г.В. (1994). Корейцы Казахстана: Исторический очерк. – Алматы: Казахстан. – 240 с.

Көкебаева Г.К., Сманова А.М. (2012). Польша–Қазақстан: тоғысқан тағдырлар. – Алматы: Molia&DOS баспасы. – 208 б.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы (2005). Алматы: Қазақ энциклопедиясы. /бас ред. Б. Аяған. 7-том. 728 б.

Қалыбекова М.Ч. (2019). Науқанды заман: қазақ жеріне халықтарды депортациялау тарихы (1937–1956 жж.). – Алматы. – 208 б.

Мырзатаева З. (2020). Ащысай–Кентау тарихынан: өлкетану курсына кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: «Арыс» баспасы. – 184 б.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы анықтамалық (1924 жыл, қазан – 2001 жыл, қаңтар).(2001) Шымкент.,

Пиримкулов Ш.Д. (1978). Трудовая деятельность и социальное обеспечение польских эмигрантов в СССР в 1943–1946 гг. // Советское славяноведение. – № 2. – С. 88–97.

Садықов У. (1998). Курды: депортация в Казахстане // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Казахстан, 1998. – С. 180–190.

Туркестанский областной государственный архив (ТО ГА). Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Л. 16.

ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 15, Лл. 49–51.

ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 29, Л. 1.

ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Л. 12.

ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Л. 7.

ТО ГА. Ф. 121, Оп. 6, Д. 9, Лл. 12–13.

Центральный Государственный Архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. Р-1490, Оп. 1, Д. 7, Лл. 25–32.

ЦГА РК. Ф. Р-1146, Оп. 1, Д. 287, Л. 9.

ЦГА РК. Ф. Р-1481, Оп. 10, Д. 2, Л. 24.

References

Aldajumanov Q.S., Aldajumanov E.K. (1998). Deportasia: Vyselenie narodov Severnogo Kavkaza i Kalmykii / Deportirovannye v Kazahstan narody: vremä i südby. – Almaty: Arys–Qazaqstan. – S. 238–239. (In Russian).

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK). F. 708. Op. 5/2. D. 80. L. 164. (In Russian).

AP RK. F. 708. Op. 6/1. D. 1184. L. 104. (In Russian).

Aşşysai – Kentaу түргындарының өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. – XXI ғ.б.). Estelikter men tarihi sühbattar jınaғы / Qūrastyruşylar: M.Q. Qoigeldiev, T. Isanski, Z.B. Myrzataeva, T.T. Dalaeva. – Almaty: İP «Balasau», 2019. – 392 b. (In Kazakh).

Bugai N.F. (1992). İosif Stalin – Lavrenti Beria: «İh nado deportirovät?». – Moskva. – 233 s. (In Russian).

Bugai N.F. (2002). Deportasia narodov Kryma / Predislovie, sostavlenie, zaklüčenje, komentarii: N.F.Bugai. – M.: «İnsan». – 240 s. (In Russian).

Bugai N.F. (2004). Deportasia narodov // Voina i obşestvo, 1941–1945. Kn. II. – M.: Nauka. – 311 s. (In Russian).

Güränov A.E. (1997). Pölskie spespereselensy v SSSR v 1940-1941 gg. // Repressii protiv poläkov i pölskih grajdan: istoricheskie sborniki «Memoriala». Vyp. 1. – Moskva: Zvenä. – S. 114–136. (In Russian).

Deportasia narodov v Kazahstan v 1930–1950 gg.: obşnöst istorii (intervü s postradaşimi ot deportasii v 1930–1950 gg. v Kazahstan) / pod obşei redakciei Rakişevoi B.İ. – Astana, 2013. – 683 s. (In Russian).

Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Сост. Г. Анес – Алматы: Арыс – Казахстан, 1998. – 357 с.(In Russian).

En Hun (2010). Qazaqstandaғы az ülttardyñ qatynastary jäne әleumettik saiasi tarihy (1935–2009 jj.). Avtoreferaty. – Almaty. – 32 b. (In Kazakh).

Ermekbaev J.A. (2009). Chechensy i inguşy v Kazahstane. İstoria i südby. – Almaty: Daik-Pres, 508 s. (In Russian).

Joldasov S. (2009). Qazaqstannyñ Öñtüstik öñiriniñ tarihy. – Almaty: Üş Qian. – 419 b. (In Russian).

Zemskov V.N. (2005). Spespereselensy v SSSR, 1930–1960. – Moskva: Nauka. – 306 s. (In Russian).

İgnateva L.N. (2006). Röl migrasii v formirovanii naselenia Kazahstana (1926–1959 gg.). Avtoreferat disertatii na soiskanie uchenoi stepeni k.i.n. – Barnaul. – S. 36. (In Russian).

Iz istorii deportacii v Kazahstan (1935– 1939 gg.). Sbornik dokumentov (2014) / Sost.: R.M. Əbduəli, E.M. Griбанova (otv.), A.S. Zulkasheva, G.M. Karataeva, N.P. Kropivnickii, E.V. Chilikova. – Almaty: LEM. Tom 2. 740 s. (In Russian).

Iz istorii deportacii. Kazahstan. 1939–1945 gg. Sbornik dokumentov. (2019)- Sost.: J.T. Baikash, E.M. Griбанova, M.T. Jylgeldinov, E.V. Chilikova (otv.) – Almaty: LEM. Tom 3./708 s. (In Russian).

İz istorii poläkov v Kazahstane (1936–1956 gg.). Sbornik dokumentov / otv. redaktor L.D. Degitaeva. (2000) Almaty: ТОО «İzdatelski dom «Almaty». –344 s. (In Russian).

İstoria stalinskogo Gulaga. Kones 1920-h – pervaia polovina 1950-h godov. (2004) Sobranie dokumentov v 7 t. T. 5. Spesereselensy v SSSR / otv. red. i sost. T.V. Sarevskaia-Däkina. – Moskva: «Rosiskaia politicheskaia ensiklopedia» (ROSPEN). 824 s. (In Russian).

Kalybekova M.Ch. (2008). İstoria deportirovannyh narodov Kazahstana (1937–1956 gg.). – Almaty. – 188 s. (In Russian).

Kan G.V. (1994). Koreisy Kazahstana: İstoricheski ocherk. – Almaty: Kazahstan. – 240 s. (In Russian).

Kökebaeva G.K., Smanova A.M. (2012). Pölşa–Qazaqstan: toğysqan tağdyrlar. – Almaty: Molia&DOS baspasy. – 208 b. (In Kazakh).

Qazaqstan Ülttyq ensiklopediasy /bas red. B. Aiağan. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2005. – 7-tom. – 728 b. (In Kazakh).

Qalybekova M.Ch. (2019). Nauqandy zaman: qazaq jerine halyqtardy deportasialau tarihy (1937–1956 jj.). – Almaty. – 208 b. (In Kazakh).

Myrzataeva Z. (2020). Aşşysai–Kentau tarihy: ölketanu kursyna kirispe. Oqu qūraly. – Almaty: «Arys» baspasy. – 184 b. (In Kazakh).

Oñüstik Qazaqstan oblysynyñ äkimşilik-aumaqtyq qūrylymy turaly anyqtamalyq (1924 jyl, qazan – 2001 jyl, qañtar). – Şymkent, 2001. (In Kazakh).

Pirimkulov Ş.D. (1978). Trudovaia deiatelnöst i sotsialnoe obespechenie pölskih emigrantov v SSSR v 1943–1946 gg. // Sovetskoe slavänovedenie. – № 2. – S. 88–97. (In Russian).

Sadykov U. (1998). Kurdy: deportasia v Kazahstane // Deportirovannye v Kazahstan narody: vremä i südby. – Almaty: Kazahstan, 1998. – S. 180–190. (In Russian).

Turkestan Regional State Archive (TR SA). F. 121, Op. 6, D. 9, L. 16. (In Russian).

TR SA. F. 121, Op. 6, D. 15, Ls. 49–51. (In Russian).

TR SA. F. 121, Op. 6, D. 29, L. 1. (In Russian).

TR SA. F. 121, Op. 6, D. 9, L. 12. (In Russian).

TR SA. F. 121, Op. 6, D. 9, L. 7. (In Russian).

TR SA. F. 121, Op. 6, D. 9, Ls. 12–13. (In Russian).

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK). F. R-1490, Op. 1, D. 7, Ls. 25–32. (In Russian).

CSA RK. F. R-1146, Op. 1, D. 287, L. 9. (In Russian).

CSA RK. F. R-1481, Op. 10, D. 2, L. 24. (In Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Гүлнәр Бестібайқызы Қозғамбаева – т.ғ.к., профессор, Қазақстан тарихы кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru)

Баршагүл Қашыққызы Исабек – т.ғ.к., доцент, Әлем тарихы және дінтану кафедрасы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Қазақстан, Шымкент, e-mail: barsha73@mail.ru)

Information about authors:

Gulnar Kozgambaeva – candidate of Historical Sciences, Professor of the Department of Kazakhstan History, Kazakh National University named after Al-Farabi (Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru)

Barshagul Isabek – candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of World History and Religious Studies, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Kazakhstan, Shymkent, e-mail: barsha73@mail.ru)

Сведения об авторах:

Гүлнәр Бестібаева Козғамбаева – к. и. н., профессор кафедрасы тарихы Қазақстан, Қазақский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru);

Баршагүл Қашыққызы Исабек – к. и. н., доцент кафедрасы всемирной истории и религиоведения, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова (Шымкент, Казахстан, e-mail: barsha73@mail.ru).

Келін түсті: 12.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

Г. Жанибекова^{1*}, Г.С. Султангалиева²

¹Университет международного бизнеса им. Кенжегали Сагадиева, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: hokka-80@mail.ru

ОРЕНБУРГСКАЯ УЧИТЕЛЬСКАЯ ШКОЛА КАК ИНСТРУМЕНТ ИНТЕГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ И ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

С 70-х годов XIX в. начался новый этап в политике Российской империи по отношению к казахскому населению, направленный на открытие профессиональных учебных заведений через которые можно было влиять в необходимом русле на формирование мышления и мировоззрение молодого поколения. Целью данной статьи является анализ деятельности Оренбургской учительской казахской школы (1883–1917) как институциональный эксперимент империи, который на протяжении тридцати четырех лет готовил учительские кадры для волостных и аульных школ. Статья основана на архивных документах, извлеченных из фондов центральных архивохранилищ Казахстана и России, включающие делопроизводственную документацию (прошения, официальную переписку), взаимодействие казахских семинаристов с администрацией школы и биографические данные выпускников. Методологией статьи послужил постколониальный подход, включающий теорию *interstitial subjectivity* (пограничная/промежуточная субъектность) Хоми Бхабха (Homi Bhabha). Данный подход позволит увидеть как выпускник имперской учительской школы, заняв учительскую или административную должность, становился **посредником** между властью и местным обществом, транслируя новые знания, новые модели поведения. Более того, имперская образовательная политика по подготовке казахских учителей имела длительный эффект, так как подготовила кадры для постимперского государства, которые реализовали свои профессиональные знания в первые десятилетия советской власти в Казахстане.

Ключевые слова: учительская школа, образовательная политика, волостные и аульные учителя.

G. Zhanibekova^{1*}, G.S. Sultangaliyeva²

¹Kenzhegali Sagadiev University of International Business, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: hokka-80@mail.ru

Orenburg teachers' school as an instrument of the integration policy of the Russian empire and the formation of the kazakh pedagogical intelligentsia

Since the 70s of the XIX century a new stage in the policy of the Russian Empire towards the Kazakh population began, aimed at opening professional educational institutions through which it was possible to influence in the necessary direction the formation of thinking and worldview of the younger generation. The purpose of this article is analysis of the activities of the Orenburg Kazakh Teachers' School (1883–1917) as an institutional experiment of the empire, which for thirty-four years trained teachers for volost and aul schools. The article is based on archival documents extracted from the funds of the central archives of Kazakhstan and Russia, including office documentation (petitions, official correspondence), interaction of Kazakh seminarians with the school administration and biographical data of graduates. The methodology of the article was the postcolonial approach, including the theory of *interstitial subjectivity* (border / intermediate subjectivity) of Homi Bhabha. This approach will allow us to see how a graduate of the imperial teacher training school, having taken a teaching or administrative position, became an intermediary between the authorities and local society, transmitting new knowledge, new models of behavior. Moreover, the imperial educational policy for the training of Kazakh teachers had a long-term effect, as it prepared personnel for the post-imperial state, who realized their professional knowledge in the first decades of Soviet power in Kazakhstan.

Keywords: teacher training school, educational policy, volost and aul teachers.

Г. Жәнібекова^{1*}, Г.С. Сұлтанғалиева²

¹Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: hokka-80@mail.ru

Орынбор мұғалімдер мектебі: Ресей империясының интеграциялық саясаты мен қазақ педагогикалық зиялыларын қалыптастыру құралы

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Ресей империясының қазақ халқына қатысты саясатында жаңа кезең басталды: жас ұрпақтың ой-санасы мен дүниетанымын өздеріне қажетті арнаға бағыттау мақсатында кәсіби оқу орындары ашыла бастады. Мақалада Орынбор қазақ мұғалімдер мектебінің (1883–1917) қызметі империялық институционалдық эксперимент ретінде талданады; аталған оқу орны отыз төрт жыл бойы болыстық және ауылдық мектептерге мұғалім кадрларын дайындады. Зерттеу Қазақстан мен Ресейдің орталық архивтерінен алынған құжаттық материалдарға (өтініштер, ресми хат-хабарлар), қазақ семинаристерінің мектеп әкімшілігі мен өзара қатынастарына және түлектердің өмірбаяндық деректеріне негізделген.

Методология ретінде постколониалдық тәсіл, атап айтқанда Хоми Бхабханың *interstitial subjectivity* (аралық/шекаралық субъектілік) теориясы қолданылды. Бұл амал империялық мұғалімдер мектебін тәмамдаған түлектің мұғалім немесе әкімшілік қызметін атқара жүріп, билік пен жергілікті қоғам арасындағы делдалға айналып, жаңа білім мен мінез-құлық үлгілерін тарату тетіктерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазақ мұғалімдерін даярлауға бағытталған империялық білім саясаты ұзақмерзімді әсерге ие болды: ол постимпериялық мемлекетке кадрлық негіз дайындап, түлектер өз кәсіби білімдерін Қазақстандағы кеңестік биліктің алғашқы онжылдықтарында іске асырды.

Түйін сөздер: мұғалімдер мектебі, білім саясаты, болыстық және ауылдық мұғалімдер.

Введение

С 70-х годов XIX в. начался новый этап в политике Российской империи по отношению к нерусскому населению и он был направлен на интеграцию их в социальное и культурное пространство государства. Одним из средств достижения этой цели стали учебные заведения через которые можно было влиять в необходимом русле на формирование мышления и мировоззрение молодого поколения. Этот вопрос стал активно обсуждаться, не случайно. министр народного просвещения граф Д.А. Толстой (1866–1880) писал, что просвещение нерусского населения Империи «...задача великой политической важности в будущем». (Шестаков, 1869:21). 2 февраля 1870 г. состоялось заседание Совета министра народного просвещения, на котором приняли участие попечитель Казанского и Одесского учебных округов, представитель министерства внутренних дел, директор Департамента духовных дел министерства иностранных дел. На повестке стоял один вопрос – разработка методов образования нерусского населения, населявших Российскую империю. [Демидова, 1960:286-287] В результате обмена мнений, была сформулирована программа просвещения нерусского населения Империи, в основу реализации этой программы были положены идеи миссионера Н.Ильминского. 26 марта 1870г. была утвержде-

на императором система образования нерусского населения Империи и вошла в историю под названием «О мерах к образованию населяющих Россию инородцев». [ПСЗ РИ, 1874: 314] Согласно данной программе предполагалось создание сети начальных училищ для нерусского населения. Симптоматично, что уже во «Временном положении об управлении Оренбургским и Западно-Сибирским генерал губернаторством» от 21 октября 1868 г. в разделе VII, в параграфе 262 было отмечено, что «при каждом местопребывании уездного правления полагается иметь общую школу». [Масевич, 1960:340]

С идеей открытия начальных училищ для нерусского населения важным стал вопрос подготовки учительских кадров, тем более, что до 1859 г. в Российской империи действовало всего шесть педагогических институтов: Главный Петербургский и институты при Дерптском, Казанском, Киевском, Московском, Харьковском университетах. [Войтеховская, 2011: 8]. И соответственно встал вопрос об открытии учительских семинарий и школ для подготовки профессиональных кадров –учителей из среды нерусского населения Империи. Каким должен был быть учитель для русско-инородческих училищ?. Будут ли отправлять своих детей в новые школы нерусское население? Чем могут быть привлекательны русско-инородческие школы в отличие от традиционных школ, в частности

мектебе и медресе? Эти вопросы стали основой обсуждения таких вопросов: кто может быть учителем в русско-инородческих училищах, какова должна быть программа их подготовки, как начать набор в открывающиеся 2-классные русско-инородческие училища. Попечитель Казанского учебного округа П.Д. Шестаков писал министру народного просвещения, что «проводниками к образованию в инородческих школах следует сделать самих инородцев: к учителю инородцу народ всегда имеет более доверия» [Шестаков, 1869: 32]. Идею П.Д. Шестакова поддержал и инициатор образовательной программы для нерусского населения Н. Ильминский, который считал, что нужно открывать казахскую учительскую школу для подготовки учителей из местного населения, которая будет иметь «не столько научно- педагогическое сколько практическое развитие учительского такта и особенно пропагаторского усердия, потому что учителям придется не просто преподавать своим инородческим ученикам научные знания, но вместе с тем бороться с предрассудками киргизского [казахского – Г.С.] народа и магометанско-татарским направлением, где таковое уже укоренилось» (Спасский, 1900:127)

Одним из действенных мер для подготовки учителей в начальных инородческих училищах российское правительство стало рассматривать открытие специальных педагогических заведений, именуемых учительскими семинариями. Опыт открытия таких учебных заведений уже был апробирован в 60-х годах XIX в., в западных регионах Империи, а именно Дерптская (1861), Молодечненская учительские семинарии (Виленский учебный округ, 1864). [Григорьев, 1904: 448-450) Выпускники этих учительских семинарий показали эффективность подготовки учителей в полиэтничных регионах в противодействии польского и немецкого влияния и правительство решило открыть подобные учебные заведения в других регионах Империи, в частности в Центрально-азиатском регионе с целью противодействия татарскому влиянию В результате целенаправленной политики региональных властей и Центра в последней четверти XIX в. были открыты следующие педагогические учебные заведения в таких городах, как Омск, Казань, Оренбург, Ташкент, куда были выделены стипендии для казахских юношей:

- Омская учительская семинария (25 апреля 1872 г., фактически стала функционировать с декабря 1872)

- Казанская учительская семинария (21 октября 1872 г.)

- Татаро-башкирская учительская школа в Уфе (1872 г. в 1877г. переведена в Оренбург);

- Учительская семинария в Ташкенте (1 августа 1879 г.)

- Учительская киргизская школа в Орске (в 1883 г., в 1889 г. переведена в Оренбург).

Перова О.В. (2014) Развитие сети учительских семинарий на территории Западной и Восточной Сибири во второй половине XIX начале XX в. // Вестник Томского государственного университета. История. 2014. № 2 (28). с. 16-27.

Садыкова А.К., Сайфулмаликова С.С. (2019) Подготовка педагогических кадров для Степного и Туркестанского края в учебных округах Российской империи // Vуlye Gody. – Vol. 52. – Issue. 2. – P. 714–725. DOI: 10.13187/bg.2019.2.714

Сайфулмаликова С.С., Садыкова Ә.Қ. (2018) Түркістан, Дала генерал-губернаторлығында құрылған мұғалімдер семинарияларының тарихынан (1879-1917 жылдар) // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – № 2(89). – 263-275 бб.

Сизов С.Г. (2018) Омская учительская семинария в 1918-1919 гг.: выживание в условиях безденежья, дровяного кризиса и отъёма помещений // Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки». – № 2 (18). – С. 163-171.

Тажигаев Т.Т. (1962) Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века – Алма-Ата : Казгосиздат. 506 с.

Толочко А.П., Ищенко О.В., Сквородина И.С. (2005) Развитие профессионального образования в Западной Сибири в конце XIX- начале XX в. (опыт истории в контексте современности): монография – Омск : ОмГУ, 223 с.

Тусунбаева Т.У. Курмангалиева М.М. (2013) «Имени Его Высочества»

// электронный ресурс, доступно по адресу URL: http://abaioblarhiv.kz/ru/publications2_08.htm (дата обращения: 06.08.2025.)

Чуркина Н.И.(2009) Деятельность Омской учительской семинарии по подготовке учителей начальных училищ Западной Сибири в конце XIX начале XX века // Омский научный вестник. – № 1 (75). – С. 154-157.

References

Aitmukhambetov A.A. (2010) Kazakhskiyе sluzhashchiye Rossiiskoi imperii: formirovaniye, professional'naya i obshchestvenno-politicheskaya deyatelnost' v XIX – nachale XX vv. (istoricheskii aspekt) [Kazakh civil servants of the Russian Empire: formation, professional and socio-political activity in the XIX – early XX centuries (historical aspect)] // manuscript of the dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences. – Semey, 346 p. (in Russian)

Alektorov A.E. (1905) Iz istorii razvitiya obrazovaniya sredi kirgizov Akmolinskoy i Semipalatinskoy oblastey [From the history of the development of education among the Kirghiz of the Akmola and Semipalatinsk regions] // Zhurnal Ministerstva narodnogo prosveshcheniya [Journal of the Ministry of Public Education]. – Part CCCLXII. – P. 154-191. (in Russian)

Breusova O. A., Sumina E. M. Iz istorii Omskoy uchitel'skoy seminarii [From the history of the Omsk teachers' seminary] // News of the Omsk state historical and local history museum. – 1999. – No. 7. – P. 382-385. (in Russian)

Churkina N.I. (2009) Deyatel'nost' Omskoy uchitel'skoy seminarii po podgotovke uchiteley nachal'nykh uchilishch Zapadnoy Sibiri v kontse XIX nachale XX veka [Activities of the Omsk Teachers' Seminary for the Training of Primary School Teachers in Western Siberia in the Late 19th – Early 20th Century]// Omsk Scientific Bulletin. – No. 1 (75). – P. 154-157. (in Russian)

Cultural heritage: Electronic resource. // URL: <http://www.heritagenet.unesco.kz/kz/content/history/portret/jumabaev.htm> (access date: 12. 07.2025). (in Russian)

Gerasimova A.P. (1950) Iz istorii pedagogicheskogo obrazovaniya v Kazakhstane (1872–1917 gg.) [From the history of pedagogical education in Kazakhstan (1872–1917)] : author's abstract. diss.... candidate of pedagogical sciences. Moscow. 16 p. (in Russian)

Grigoriev V.V. (1900) Istoricheskii ocherk russkoy shkoly [Historical essay on the Russian school] – M.: A.I. Mamontov printing house – XII, 587 p. (in Russian)

Kabdushev B.Zh., Kudaybergenuly B. (2020) Nygmet Nurmakovtyn memleket qairatkeri retinde kalyptasuy [The Formation of Nygmet Nurmakov as a Statesman] // Otan tarihy. – No. 2(90). – 72-83 bb. (in Kazakh)

Kireev F.N. (1964) Kazakhsko-russkiye otnosheniya v XVIII-XIX vekakh (1771-1867 gody) [Kazakh-Russian relations in the 18th-19th centuries (1771-1867)]. Collection of documents and materials. Compiled by: Kireev F.N., Basin V.Ya., Shoinbaev T.Zh., Zhunisbaev E.Zh., Musaeva V.S. Alma-Ata: "Science", 1964. 575 p. (in Russian)

Literary portal: Electronic resource // URL: <https://adebiportal.kz/ru/authors/view/6> (access date: 12. 07.2025). (in Russian)

Mukhatova O.Kh., Doskaraeva A.A., Sisenbaeva A.A. (2024) Otınşı Ąljanovtıń ađartwılıq qızmeti jáne kózqarastarı [Educational activities and views of Otyunshy Alzhanov] // Asian Journal "Steppe Panorama", – 11(1). – pp. 218–233. (in Kazakh)

No. 385, March 29 – O raskhode na nuzhdy Omskogo pansiona dlya kirgizskikh i russkikh detey i Omskoy uchitel'skoy seminarii [On the expenditure on the needs of the Omsk boarding school for Kyrgyz and Russian children and the Omsk teachers' seminary] // Collection of resolutions of the Ministry of Public Education. Vol. 8. The reign of Emperor Alexander III. 1881-1883. – St. Petersburg: Type. Tovarisch. "Soc. Benefit", 1892. – electronic resource, available at: URL: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/430662?query=%D0%B7%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B0+%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D1%8F%D0%BA%D0%BE%D0%B2+%D0%B1%D0%B5%D0%BB%D0%BE%D1%80%D1%83%D1%81%D0%B8#mode/inspect/page/1/zoom/5> (accessed: 05.08.2025). (in Russian)

"Omsk Teachers' Seminary": electronic resource // website of the State Historical Archive of the Omsk Region of the Russian Federation // URL: <https://iaoo.ru/page/omskaya-uchitelskaya-seminariya> (date of access 04/07/2025). (in Russian)

Perova O.V. (2014) Razvitiye seti uchitel'skikh seminariy na territorii Zapadnoy i Vostochnoy Sibiri vo vtoroy polovine XIX nachale XX v.[Development of the network of teacher seminaries in Western and Eastern Siberia in the second half of the 19th – early 20th centuries] // Bulletin of Tomsk State University. History. 2014. No. 2 (28). pp. 16-27. (in Russian)

Sadykova A.K., Saifulmalikova S.S. (2019) Podgotovka pedagogicheskikh kadrov dlya Stepnogo i Turkestanskogo kraya v uchebnykh okrugakh Rossiiskoi imperii [Training of teaching staff for the Steppe and Turkestan regions in the educational districts of the Russian Empire] // Bylye Gody. – Vol. 52. – Issue. 2. – P. 714-725. DOI: 10.13187/bg.2019.2.714 (in Russian)

Saifulmalikova S.S., Sadykova A.K. (2018) From the history of teachers' seminaries established in the General Governorship of Dala, Turkestan (1879-1917) // KazNU Bulletin. History Series. – No. 2(89). – pp. 263-275. (in Kazakh)

Sizov S.G. (2018) Omskaya uchitel'skaya seminariya v 1918-1919 gg.: vyzhivaniye v usloviyakh bezdenezh'ya, drovyanogo krizisa i ot'yoma pomeshcheniy [Omsk teacher's seminary in 1918-1919: survival in conditions of poverty, firewood crisis and loss of premises] // Vestnik Omskogo universiteta. Series "Historical Sciences". – No. 2 (18). – S. 163-171. (in Russian)

Tazhibayev T.T. (1962) Prosveshcheniye i shkoly Kazakhstana vo vtoroy polovine XIX veka [Education and schools of Kazakhstan in the second half of the 19th century] – Alma-Ata: Kazgosizdat. 506 p. (in Russian)

Tolochko A.P., Ishchenko O.V., Skvorodina I.S. (2005) Razvitiye professional'nogo obrazovaniya v Zapadnoy Sibiri v kontse XIX- nachale XX v. (opyt istorii v kontekste sovremennosti) [Development of professional education in Western Siberia in the late

19th – early 20th centuries (historical experience in the context of modernity)]: monograph – Omsk: Omsk State University, 223 p. (in Russian)

Tusunbaeva T.U., Kurmangaliyeva M.M. (2013) «Imeni Yego Vysochestva» [“In the Name of His Highness”] // electronic resource, available at URL: http://abaioblarhiv.kz/ru/publications2_08.htm (date accessed: 06.08.2025.) (in Russian)

Veremenko V. A. (2015) Pansiony v Rossii vo vtoroy polovine XIX – nachale XX v. [Boarding schools in Russia in the second half of the 19th – early 20th centuries // Bulletin of the Leningrad State University named after A. S. Pushkin. – V. 4. – No. 3. – P. 33-38. (in Russian)

Voitekhovskaya M.P., Perova O.V. (2007) Rol' i mesto uchitel'skikh seminariy v podgotovke pedagogicheskikh kadrov dlya Zapadno-Sibirskogo uchebnogo okruga kontsa XIX v. nachala XX v. [The Role and Place of Teacher Seminaries in the Training of Pedagogical Personnel for the West Siberian Educational District in the Late 19th – Early 20th Century] // Bulletin of Tomsk State Pedagogical University. Pedagogy Series. – No. 7. – P. 118-120. (in Russian)

Voitekhovskaya, M.P., Kochurina S.A., Perova O.V. (2011) Uchitel'skiye seminarii i uchitel'skiye instituty Zapadno-Sibirskogo uchebnogo okruga [Teacher Seminaries and Teacher Institutes of the West Siberian Educational District. Collection of Documents and Materials] / M.P. Voitekhovskaya, S.A. Kochurina, O.V. Perova. – Tomsk: Publishing House of Tomsk State Pedagogical University. 2011. 520 p. (in Russian)

Zhanayeva Sh.A. (2024) Alashtyn tungysh bilim ordasy The First Educational Institution of Alash [2024] 3rd volume: M.O. Ayezov pedagogical colleges; bass editor Sh.A. Zhanaeva; zhaupt editorlar: T.K. Mukanov, Zh.R. Kozhagulova; Alkasy editor: S.K. Shildebay, B.T. Musin. – Semey: Polygraph Plant, 504 b. (in Kazakh)

Сведения об авторе:

Далаева Тенлик Токтарбековна (корреспондентный автор) – кандидат исторических наук, профессор-исследователь кафедры новой и новейшей истории Казахстана им. акад. Т.С. Садыкова, КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: t.dalayeva@abaiuniversity.edu.kz).

Авторлар туралы мәлімет:

Далаева Тенлик Тоқтарбекқызы (корреспондент-автор) – тарих ғылымдарының кандидаты, акад. Т.С. Садықов атындағы Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының профессор-зерттеушісі, Абай атындағы ҚазҰПУ (Қазақстан, Алматы, e-mail: t.dalayeva@abaiuniversity.edu.kz).

Information about authors:

Dalayeva Tenlik Toktarbekovna (corresponding author) – candidate of Historical Sciences, Research Professor of the Department of New and Contemporary History of Kazakhstan named after Acad. T.S. Sadykov, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: t.dalayeva@abaiuniversity.edu.kz).

Поступило: 25.07.2025

Принято: 28.08.2025

С.Б. Китигулов^{1*} , А.Ж. Әбденов² 

¹Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: Skitigulov@mail.ru

1747 ЖЫЛҒЫ ҚАРУ-ЖАРАҚҚА ТЫЙЫМ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕ ЖӘНЕ ИМПЕРИЯНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ СТРАТЕГИЯСЫ

Бұл мақала Ресей империясы мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынастар тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі – 1747 жылы қазақтарға (қырғыз-қайсақтарға) оқ-дәрі мен атыс қаруын сатуға ресми түрде тыйым салу мәселесіне арналған. Аталған жарлық жеке-дара акт емес, Ресейдің далалық халықтардың әскери әлеуетін әлсірету және Қазақ даласы үстінен саяси бақылау орнатуға бағытталған жүйелі әрі мақсатты отарлық стратегиясының бір көрінісі ретінде қарастырылады.

Мақалада Ресей империясының бұл тыйымды енгізуіне себеп болған саяси және геосаяси факторлар талданады. Атап айтқанда, Ресейдің аймақтағы өзге державалардың (әсіресе Жоңғар хандығы мен Орталық Азия хандықтарының) ықпалын шектеуге және қазақтар тарапынан болуы мүмкін көтерілістердің алдын алуға ұмтылысы көрсетіледі. Ерекше назар хан Әбілқайырдың рөліне аударылып, оның өз халқының мүддесі мен империялық қысым арасында қалған күрделі жағдайы сараланады. Оның дипломатиялық белсенділігі мен екіұшты саяси ұстанымының қазақ-орыс қатынастарының дамуына қалай әсер еткені көрсетіледі.

Архивтік құжаттарға, патша жарлықтарына, Орынбор комиссиясының есептері мен ресейлік офицерлердің жазбаларына сүйене отырып, Ресей саясатының протекционизмнен ашық отаршылдыққа өту процесі зерттеледі. Сонымен қатар, бұл тыйымның қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері – сауда байланыстарының шектелуі, орыс әскери гарнизондарына тәуелділіктің артуы және хандықтың әскери құрылымының өзгеруі қарастырылады.

Осылайша, мақала Ресей империясының Орталық Азияға бағытталған алғашқы экспансиялық кезеңдерін тереңірек түсінуге үлес қосып, Қазақ даласын саяси және экономикалық бағындырудың жасырын тетіктерін ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: Ресей империясы, отарлық саясат, қырғыз-қайсақтар, хан Әбілқайыр, қаруға тыйым, XVIII ғасыр, әскери қауіпсіздік, протекционизм, саяси тәуелділік.

S.B. Kitigulov^{1*}, A.Zh. Abdenov²

¹Sh. Yesenov Caspian University of Technology and Engineering, Aqtau, Kazakhstan

²Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: Skitigulov@mail.ru

The 1747 regulation on the prohibition of weapons and the empire's political strategy in the kazakh steppe

This article is devoted to the study of one of the key episodes in the history of relations between the Russian Empire and the Kazakh Khanate – the 1747 ban on the sale of gunpowder and firearms to the Kirgiz-Kaysacks (Kazakhs). This decree is examined not as an isolated act, but as part of Russia's deliberate and consistent colonial strategy aimed at undermining the military potential of the steppe peoples and establishing political control over the Kazakh Steppe.

The article analyzes the political and geopolitical motives behind the introduction of this ban, including the Russian Empire's intention to limit the influence of rival powers in the region (particularly the Dzungars and Central Asian khanates), as well as to reduce the risk of armed uprisings by the Kazakhs. Special attention is given to the role of Khan Abulkhair, a key figure who found himself caught between the interests of his own people and the growing pressure of the empire. The paper shows how his diplomatic activity and ambiguous position influenced the development of Russian-Kazakh relations.

Drawing on archival materials, imperial decrees, reports from the Orenburg Commission, and notes by Russian officers, the study traces the transformation of Russia's policy – from protective to openly colonial. It also explores the consequences of the ban for the socio-economic development of Kazakh society, including the restriction of trade contacts, the growing dependence on Russian military garrisons.

Thus, the article contributes to a deeper understanding of the early stages of the Russian Empire's expansion into Central Asia and reveals the underlying mechanisms of political and economic subjugation of the Kazakh Steppe.

Keywords: Russian Empire, colonial policy, Kirgiz-Kaysacks, Khan Abulhair, weapons ban, 18th century, military security, protectionism, political dependence.

С.Б. Китигулов^{1*}, А.Ж. Абденов²

¹Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

²Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: Skitigulov@mail.ru

Положение о запрете оружия 1747 года и политическая стратегия империи в казахской степи

Данная статья посвящена исследованию одного из ключевых эпизодов в истории отношений между Российской империей и Казахским ханством – запрету от 1747 года на продажу пороха и огнестрельного оружия киргиз-кайсакам (казахам). Этот указ рассматривается не как единичный акт, а как проявление целенаправленной и последовательной колониальной стратегии России, направленной на подрыв военного потенциала степных народов и установление политического контроля над территорией Казахской степи.

В статье анализируются политические и геополитические мотивы Российской империи, обусловившие введение данного запрета, в том числе стремление ограничить влияние соперничающих держав в регионе (прежде всего Джунгарии и Средней Азии), а также снизить риск вооружённых восстаний со стороны казахов. Особое внимание уделяется роли хана Абулхайра, как ключевой фигуры, оказавшейся между интересами собственного народа и усиливающимся давлением империи. Показывается, как его дипломатическая активность и неоднозначная позиция повлияли на развитие российско-казахских отношений.

На основе анализа архивных материалов, царских указов, донесений Оренбургской комиссии и записок российских офицеров исследуется трансформация политики России – от протекционизма к открытой колонизации. Также рассматриваются последствия данного запрета для социально-экономического развития казахского общества, включая ограничение торговых контактов, рост зависимости от российских военных гарнизонов и изменение военной структуры ханства.

Таким образом, статья вносит вклад в понимание начальных этапов имперской экспансии России в Центральную Азию и вскрывает скрытые механизмы политического и экономического подчинения казахской степи.

Ключевые слова: Российская империя, колониальная политика, киргиз-кайсаки, хан Абулхайр, запрет на оружие, XVIII век, военная безопасность, протекционизм, политическая зависимость.

Кіріспе

XVIII ғасыр – қазақ халқының тарихи тағдырына айрықша әсер еткен, саяси, әскери және рухани өзгерістерге толы күрделі кезең. Бұл дәуірде Орталық Азия аймағы Еуразия кеңістігіндегі ірі мемлекеттердің – Ресей, Қытай (Цин империясы) және Жоңғар хандығының геосаяси мүдделер қақтығысының аренасына айналды. Далалық көшпелі халықтарды өз ықпалында ұстау үшін бұл державалар түрлі тәсілдерге барып, солардың ішінде Ресей империясы Қазақ даласына бағытталған отарлық саясатын біртіндеп тереңдете бастады.

Қазақ жерін бейбіт жолмен бағындыру саясатының бірі – 1747 жылы қабылданған, Қырғыз-қайсақтарға (қазақтарға) оқ-дәрі мен атыс қаруын сатуға ресми түрде тыйым салу туралы жарлық болды. Бұл шешім ресми түрде қауіп-

сіздік шарасы ретінде түсіндірілсе де, іс жүзінде қазақтардың әскери әлеуетін әлсіретіп, оларды Ресейге тәуелді етуге бағытталған саяси құрал болатын. Осы арқылы Ресей әкімшілігі қазақ қоғамының өзін-өзі қорғау қабілетін төмендетіп, олардың саяси еркіндігін шектеуді көздеді.

Аталған тыйым тек әскери-техникалық қатынастарға ғана емес, сонымен қатар хандық билік құрылымына, ішкі саяси тепе-теңдікке және руаралық қарым-қатынасқа да теріс ықпалын тигізді. Хан Әбілқайыр бастаған билеуші топтар сыртқы қауіпке қарсы тұру үшін Ресейден әскери көмек пен қару сұрауға мәжбүр болды. Бұл жағдай қазақ билеушілерінің дербес шешім қабылдау мүмкіндігін шектеп, отарлық тәуелділікті тереңдете түсті.

Сонымен бірге, бұл жарлықтың Жоңғар хандығымен арадағы соғыс жағдайына, әсіресе қазақтардың қорғаныс қабілетіне тікелей әсер

еткені де анық. Қару-жарақ тапшылығы қазақ жасақтарының соғысқа толық дайын болуына кедергі келтіріп, жауға төтеп беруде әлсіздік танытуына әкелді. Бұл ахуал Ресейдің шекаралық әскери бекіністерді салуына, ішкі істерге араласуына және әкімшілік бақылау орнатуына қолайлы жағдай жасады.

Мақалада осы тыйымның тарихи себептері мен салдарлары архивтік құжаттар, патша үкімдері, Орынбор комиссиясының материалдары мен заманауи зерттеулер негізінде талданып, Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастардың протекциялық сипаттан отарлық сипатқа қалай өткендігі жан-жақты зерделенеді.

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеу 1747 жылы Қырғыз-қайсақтарға (қазақтарға) оқ-дәрі мен қару-жарақ сатуға тыйым салу жөніндегі Ресей империясы қабылдаған жарлықтың саяси, әскери және әлеуметтік салдарын жан-жақты талдауға бағытталған. Зерттеу барысында тарихи-деректанулық және пәнаралық әдістер кешені қолданылды. Тақырыптың маңыздылығы мен күрделілігін ескере отырып, зерттеудің дереккөздік базасы жан-жақты құрылымдалды.

Бірінші топқа Ресей архивтеріндегі ресми құжаттар мен жарлықтар жатады. Атап айтқанда, РГАДА (ф. 122, оп. 1, д. 352) қорында 1747 жылғы қазақтарға оқ-дәрі мен қару-жарақ сатуға тыйым салу туралы жарлықтың түпнұсқасы сақталған. Сонымен қатар, РГВИА (ф. ВУА, оп. 20, д. 85; ф. 846, оп. 15, д. 221) қорларында бұл жарлықтың әскери бекіністерге таратылған нұсқалары, офицерлік баяндамалар мен әскери дайындық шаралары туралы мәліметтер бар.

Екінші топ – Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы дипломатиялық хат алмасулар. АВІР архивінің «Казахские дела» (оп. 3, д. 97) және «Внешняя канцелярия» (оп. 2, д. 204) қорларында хан-сұлтандардың хаттары, елшілердің есептері мен шекаралық келіссөздерге қатысты құжаттар кездеседі. Бұл материалдар қазақтардың Ресеймен саяси қатынасындағы қару-жарақ мәселесінің мәнін ашуға көмектеседі.

Үшінші топ – XVIII ғасырдағы әскери жорық жазбалары мен офицерлердің күнделіктері. Бұл деректер әскери шептердің күшейтілуі, қару-жарақ айналымына қойылған шектеулер және қазақтардың оған деген реакциясы туралы нақты мағлұмат береді (Неплюев И.И. Оренбург комиссиясы есептері).

Төртінші топ – қазақтың ауыз әдебиеті мен шежірелік деректері. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатындағы (ф. 708, оп. 1, д. 205) және М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы (ҚҚ-1275) эпостар мен аңыздар қазақтардың қару ұстау мәдениеті, батырлық идеологиясы және отарлық қысымға қарсы әрекеттерін бейнелейді. Бұл материалдар халық жадындағы тарихи шындықты тануға мүмкіндік береді.

Бесінші топ – заманауи ғылыми әдебиеттер. Жұмыста Ерофеева И.В., Султанғалиева Г.С., Бекмаханов Е.Б., Абылхожин Ж.Б., Қозыбаев М.Қ., Зиманов С.З. сынды зерттеушілердің монографиялары мен мақалалары пайдаланылды. Олар қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылым, Ресейдің отарлық саясаты және қару-жараққа бақылау орнату тетіктерін ғылыми тұрғыда сипаттайды.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер:

– Тарихи-логикалық әдіс тарихи оқиғалар тізбегін сақтай отырып, олардың ішкі себеп-салдарлық байланысын анықтауға мүмкіндік берді;

– Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақ даласындағы тыйымдар басқа аймақтардағы (Башқұртстан, Қалмақтар, Қырғыздар) саясатпен салыстырылып, ерекшеліктері айқындалды;

– Критикалық талдау әдісі ресми құжаттар мен ресми баяндамалардың мазмұнынан идеологиялық әсерлерді анықтап, олардың сенімділігін бағалауға жол ашты;

– Контекстуалдық талдау тарихи оқиғаны қазақ қоғамының ішкі құрылымы мен сыртқы қатынастарының кең аясында бағамдауға мүмкіндік берді;

– Интердисциплинарлық тәсіл тарих, этнология, құқықтану, әскери ғылым және саяси талдау әдістерін біріктіріп, зерттеуге кешенді сипат берді.

Қолданылған дереккөздер мен әдістердің үйлесімділігі зерттеудің ғылыми дәлдігін, құрылымдық негізін және тарихи талдаудың тереңдігін қамтамасыз етті. Бұл тәсіл 1747 жылғы жарлықтың тек формалды акт қана емес, сонымен бірге отарлық стратегияның маңызды құралы болғанын дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі қазақ тарихнамасында Ресей империясының XVIII ғасырдағы отарлық саясатына, соның ішінде 1747 жылғы Қырғыз-қайсақтарға (қазақтарға) оқ-дәрі мен қару-жарақ сатуға ты-

йым салу жөніндегі шешіміне қатысты бірқатар маңызды зерттеулер бар. Бұл еңбектер тыйым салудың саяси-тарихи контекстін, себеп-салдарын және оның қазақ қоғамына әсерін жан-жақты сипаттайды.

Басин В.Я. еңбегінде «Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века» Ресейдің қазақ даласына қатысты сыртқы саясатының негізгі бағыттары, әскери және дипломатиялық тетіктері сипатталады. Автор 1747 жылғы тыйымды империяның жалпы геосаяси жоспарының бөлігі ретінде қарастырады.

Бекмаханов Е.Б. «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты монографиясында отарлық саясаттың жалғастығы мен оның әлеуметтік құрылымға әсеріне назар аударады. Бұл еңбектегі тарихи негіздемелер 1747 жылғы жарлықтың ұзақ мерзімді салдарын түсіндіруге көмектеседі.

Шөженов Ж.Н. «Ақжолтайдың ақ жолы» атты еңбегінде Абылай және Әбілқайыр хандардың саяси тактикасы мен Ресеймен қарым-қатынасы кеңінен талданады. Әсіресе Әбілқайыр ханның Мәскеумен байланысындағы әскери мүдделер мен шектеулердің орнына ерекше мән беріледі.

Аманжолов Қ.Р. «Қазақстан тарихы: дәрістер курсы» еңбегінде Ресей империясының отарлық әрекеттері мен оның құқықтық негіздері баяндалады. Бұл еңбек тыйымның институционалды сипатын көрсету үшін маңызды.

Сүлейменов Б.С. редакциясымен жарық көрген «Қазақстан в XV–XVIII веках» жинағында қазақ қоғамының саяси жүйесі мен сыртқы саясатындағы өзгерістер, соның ішінде Ресейдің қару-жарақ саясатының ықпалы терең қарастырылған.

Кляшторный С.Г. және Султанов Т.И. «Қазақстан: үш мыңжылдықтың жылнамасы» атты еңбегі этноәлеуметтік даму үдерістері мен отарлық қысымның мәдени әсерлерін көрсетеді. Онда қару-жарақ пен әскери қауіпсіздік мәселелері тарихи контексте түсіндіріледі.

Наумкин В.В. және Поляков А.А. еңбектерінде Ресейдің мұсылман халықтарына, соның ішінде қазақтарға бағытталған саясаты мен әкімшілік бақылау құралдары сипатталады. Бұл еңбектер қазақтарға қатысты шектеу саясатының дін және ұлты бойынша ерекшеленген сипат алғанын көрсетеді.

Галкин И.И. «Россия и Средняя Азия» атты еңбегінде Ресейдің бүкіл Орталық Азияға ба-

ғытталған экспансиялық саясаты мен әскери-стратегиялық қадамдары қарастырылған. Қазақ даласындағы шектеу саясаты осы кең ауқымды стратегияның бір бөлігі ретінде түсіндіріледі.

Калмыков П.И. архивтік құжаттар негізінде жазылған еңбектерінде XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарына қатысты нақты ресми хаттамалар мен жарлықтардың мазмұны ашылады.

Байдильдина М. «Әбілхайыр хан және Ресей: саяси дипломатия тарихынан» атты зерттеуінде ханның Ресеймен саяси қарым-қатынасындағы негізгі мақсаттар мен шектеулер талданады. Онда әскери-дипломатиялық тепе-теңдікті сақтау талпыныстары мен оның шектелуі көрсетіледі.

Жиреншин А. «Қазақстандағы патша үкіметінің отарлық саясаты» атты зерттеуінде әкімшілік, саяси және әскери бақылау құралдарының дамуын сипаттайды. Тыйым салу саясаты осы бақылау жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретінде көрсетіледі.

Зиманов С.З. еңбектерінде қазақ даласындағы құқықтық қатынастардың трансформациясы және отарлық қысым кезіндегі саяси құрылымдар сипатталады. Тыйым салу шарасы да осы процестің бір көрінісі ретінде қарастырылады.

Мейрманов Қ.М. Ресей империясының әскери-саяси стратегияларын зерттей отырып, қазақ даласындағы қару-жарақ айналымын шектеу әрекеттерін жүйелі түрде талдайды.

Күзембаева М.Қ. XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарына арналған зерттеуінде қазақ билеушілерінің саяси тактикасы мен Ресейдің басқару тетіктері арасында өзара байланыс орнатады.

Султанғалиева Г.С. өзінің бірнеше еңбектерінде Орынбор шекаралық комиссиясы мен оның қазақтарға қатысты саяси-әкімшілік әрекеттерін талдайды. Қару-жарақ шектеуі осы әрекеттердің бірі ретінде көрініс табады.

Ахметов Ф. Қазақ хандығының әскери ұйымының құрылымын зерттей отырып, отарлық шектеулердің әскерді қаруландырудағы қиындықтарын ашып көрсетеді.

Қозыбаев М. «Тарих тағылымы» атты еңбегінде Ресейдің идеологиялық қысым тетіктері мен қазақ қоғамының қарсылық стратегияларын талдайды. Бұл тыйым да қарсылық пен бейімделудің ара-жігін аша түседі.

Ибрагимов А.Ф. еңбегінде Ресей империясының Орталық Азиядағы миссиясы мен экспансиялық стратегиясын тарихи-геосаяси тұрғыдан сипаттайды. Қазақ даласындағы әскери шектеу-

лер сол стратегияның құрамдас бөлігі ретінде көрсетіледі.

Сейтқалиева А.К. зерттеулерінде қазақ-орыс шекаралық аймағындағы сауда және қару-жарақ саясатына қатысты архивтік деректерді саралайды.

Ерофеева И.В. «Казахи в Российской империи: история включения» атты еңбегінде қазақ халқының Ресей құрамына енуінің тарихи алғышарттары мен әкімшілік реттеулерін зерттейді. Бұл кітапта отарлық саясаттың құқықтық және әлеуметтік негіздері нақты архивтік материалдар арқылы көрсетіледі.

«Материалы по истории Казахстана» атты екі томдық жинақтың екінші томында XVIII ғасырдағы Ресейдің қазақ даласымен қарым-қатынасына қатысты бірқатар ресми құжаттар келтірілген. Бұл дереккөздер 1747 жылғы тыйым салуға байланысты ресми ұстанымдарды анықтауға көмектеседі.

Брагина Л.М. «Башкирские восстания XVIII века» еңбегінде башқұрттардың Ресей империясына қарсы қозғалыстары сипатталып, олардың қазақ даласындағы ұқсас оқиғалармен сабақтасығы көрсетіледі. Бұл еңбек қазақтарға қатысты қару-жарақ шектеулерінің алдын алу сипатын ашып көрсетеді.

Трофимов В.В. «Россия и Казахстан в XVIII веке» атты еңбегінде Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы әскери-саяси қарым-қатынастың негізгі кезеңдері сараланып, 1747 жылғы тыйымның себептері мен салдары талданады.

Абылхожин Ж.Б. «Социально-экономическое развитие Казахстана в XVIII–XIX вв.» атты еңбегінде әлеуметтік-экономикалық факторлар мен Ресей отарлау саясаты арасындағы байланыс талданады. Тыйым салу саясатының шаруашылыққа әсері де көрсетіледі.

Неплюев И.И. «Доклады Оренбургской комиссии императрице Елизавете Петровне» жинағында Орынбор әкімшілігінің қазақтарға қатысты ұстанымы мен ұсыныстары нақты баяндалады. Бұл ресми есептер арқылы тыйым салудың ішкі логикасын түсінуге болады.

Валиханов Ч.Ч. «Избранные произведения» жинағында Қазақ хандығының сыртқы саясаты, соның ішінде әскери қауіпсіздік пен Ресеймен байланыс мәселелері жан-жақты қарастырылған. Ол тыйымның қазақ қоғамының даму жолына тигізген әсерін дерек арқылы көрсетеді.

Шетелдік зерттеушілер арасында Рональд Г. Санде өзінің «The Russian Empire and the Steppe Frontier» атты еңбегінде Ресей империясының

даладағы отарлық саясаты мен әскери бақылау механизмдерін, соның ішінде қазақтарға қатысты қару-жарақ шектеулерін отарлық әкімшіліктің тұрақты стратегиясы ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, шекаралық бақылау мен қару айналымын тежеу саясаты империяның кеңістіктік басқару тәсілінің негізгі компоненттерінің бірі болған (Sund, R.G. The Russian Empire and the Steppe Frontier. – Cambridge University Press, 2002. – p. 152–155).

Осы әдебиеттер жиынтығы 1747 жылғы қару-жараққа тыйым салуды тарихи үдерістердің бір тармағы ретінде ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының әскери, әлеуметтік және саяси құрылымына әсер еткен жүйелі отарлық саясаттың маңызды құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Тыйым салудың тарихи негіздері

Қару-жарақ саудасына тыйым салу туралы мәселе алғаш рет Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтің ұсынысымен көтерілді. Оның пікірінше, қазақтардың қарулануы Ресей империясының оңтүстік шекаралары үшін қауіп төндіруі мүмкін еді (Ерофеева И.В. Казахи в Российской империи: история включения. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – Б. 112).

Бұл бастама 1747 жылы ресми түрде жүзеге аса бастады (Материалы по истории Казахстана. Т. 2. – Алматы: АН КазССР, 1940. – Б. 187). Алайда бұл тыйымның енгізілуіне тек қана қазақ қоғамының әскери белсенділігі емес, сонымен қатар Ресей империясының ішкі жағдайы, әсіресе башқұрт аймақтарындағы тұрақсыздық әсер етті.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында башқұрт халқы Ресей империясының отарлау саясатына қарсы бірнеше рет көтеріліс ұйымдастырды. Бұл көтерілістер 1704–1711, 1735–1740 және 1742–1745 жылдары жалғасып, жалпы алғанда 40 жылдан астам уақытқа созылды. Ең ірі әрі ауқымдысы – 1735–1740 жылдар аралығындағы қозғалыс болды. Бұл кезеңде башқұрттар патша үкіметінің зорлықшыл саясатына, жер мен дін еркіндігінің шектелуіне, салық қысымына наразылық білдіріп, жаппай қарулы қарсылық көрсетті (Брагина Л.М. Башкирские восстания XVIII века. – Уфа: Китап, 1998. – Б. 65–72).

Көтерілісшілер Ресей әкімшілігінің қазақ, мешеряк және тұрақты әскери жасақтарына қарсы күрес жүргізді. Осы кезеңде башқұрттар

мен шекаралас қазақ рулары арасында байланыс орнағаны жөнінде бірқатар дереккөздерде мәліметтер бар. Мәселен, кейбір қазақ рулары башқұрттарға жылқы, азық-түлік және қару түрінде көмек көрсеткендігі туралы деректер бар (Ерофеева И.В. Казахи в Российской империи: история включения. – Б. 113–114).

Сонымен қатар башқұрттар ұзақ жылғы соғыстан қалжырағандықтан өздеріне одақтас іздей бастады. Осы кезде 1731 жылы Әбілхайыр хан орыс протекторатына кіріп, жоңғар шапқыншылығынан құтылудың амалдарын қарастырып жатқан еді.

Қазақтардың Ресей шептеріне шабуыл жасап, башқұрттарға қолайлы жағдай тудырғаны жөніндегі мәліметтер Неплюевтің баяндамаларында да кездеседі. Бұл жағдай орыс отарлау жүйесіне үлкен қауіп төндірді, сондықтан Ресей стратегиялық саясатын өзгертуге мәжбүр болды. Шоқан Уәлиханов бұл кезенді Ресейдің қазақ даласын бақылауға алу үшін ұстанған сақтық және күш көрсету саясатының бастауы ретінде қарастырады (Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. – Алматы: Ғылым, 1985. – Б. 221–223).

1740-жылдардағы жағдайларға байланысты Орынбор әкімшілігі қазақтарды да башқұрттар тәрізді көтеріліске шығуы мүмкін қауіпті топ ретінде қарастырды. 1742 жылғы башқұрт көтерілісінің қарсаңында Ресей әскері қазақ даласындағы қару-жарақ айналымын бақылауға алу қажеттігін ресми түрде көтерді (Абылхожин Ж.Б. Социально-экономическое развитие Казахстана в XVIII–XIX вв. – Алматы: Наука, 1982. – Б. 48).

Губернатор И.И. Неплюев өз баяндамаларында қазақтардың да башқұрттар тәрізді қаруланса, оларға қарсы әскери іс-қимыл жүргізу қиынға соғатынын ескерткен. Ол қазақтарға «зеңбірек, мылтық және басқа да әскери құралдарды сатуға қатаң тыйым салуды» ұсынған (Неплюев И.И. Доклады Оренбургской комиссии императрице Елизавете Петровне. – СПб., 1750 // ЦГАОР. Ф. 248. Оп. 1. Д. 85. – лл. 132–138).

Осы көтерілістер әсіресе Ресей билігіне қазақтардың башқұрттармен ықтимал одақтас болуынан қауіптенуге негіз берді. Башқұрттардың көтеріліс барысында қару-жарақты шекаралас аймақтардан, соның ішінде қазақ даласынан алуға тырысқаны туралы мәліметтер бар. Бұл жағдай Ресей әкімшілігін қазақтардың да болашақта қаруланған түрде бас көтеруіне алаңдатты.

Орынбор әкімшілігі үшін башқұрт көтерілістері нақты сабақ болды. Губернатор Неплюев өзінің Петербургке жолдаған мәлімдемелерінде

қазақтардың да башқұрттар тәрізді қаруланса, оларға қарсы әскери іс-қимылдар жүргізу қиынға соғатынын айтып, қару-жараққа қатаң бақылау орнатуды ұсынды. Қазақтарды әлсірету арқылы Ресей башқұрт аймағында да тұрақтылық орнатуды көздеді. Себебі екі халықтың тарихи және этникалық жақындығы, әскери одақтасу мүмкіндігі империялық билік үшін үлкен қауіп саналды.

Сондай-ақ М. Байдильдина еңбектерінде Әбілхайыр ханның Ресеймен дипломатиялық қатынастары мен олардың әскери-саяси салдары зерттеледі. Автор Әбілхайырдың Ресеймен байланысы бастапқыда жоңғар қауіпіне қарсы қорғаныс мақсатында болғанымен, уақыт өте келе бұл байланыс Ресейдің саяси бақылауын күшейтуге алып келгенін айқындайды. Әсіресе, Әбілхайырдың әскери қолдауға үміт артып, Ресейге тәуелді болу жолын таңдауы қазақ хандығының егемендігін шектеуге бағытталған алғашқы қадамдардың бірі ретінде қарастырылады (Байдильдина М. Әбілхайыр хан және Ресей: саяси дипломатия тарихынан. – Алматы, 2003. – Б. 57–60).

Зиманов С.З. мен Қозыбаев М. отарлық құқықтық шектеулер мен идеологиялық қысым арқылы қару-жарақ саясатының заңнамалық әрі саяси негіздерін ашады. Олар патша үкіметінің қазақ қоғамына қатысты қолданған заңдық шектеулерін, соның ішінде әскери саладағы тыйымдардың ресми құқықтық актілер арқылы бекітілгенін көрсетеді. Бұл еңбектер қару-жарақ айналымының шектеулі болуы тек әскери ғана емес, сонымен қатар отарлық биліктің заңнамалық-идеологиялық сипатының көрінісі екенін дәлелдейді (Зиманов С.З. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық жүйе. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – Б. 184–190; Қозыбаев М. Тарих тағылымы. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Б. 129–135).

Султанғалиева Г.С. мен Сейтқалиева А.К. еңбектерінде Орынбор шекара комиссиясының әрекеттері мен қару айналымына қатысты нақты әкімшілік шаралар баяндалып, бұл тыйымның практикалық жүзеге асу механизмдері көрсетіледі. Олардың зерттеулері қару саудасына шекаралық бекеттерде бақылау орнату, арнайы рұқсат жүйесін енгізу, күдікті тұлғалар мен тайпаларға қатысты жаза шараларын күшейту арқылы іске асқанын сипаттайды (Сейтқалиева А.К. Қазақ-орыс шекаралық саясаты: архивтік зерттеу. – Алматы, 2007. – Б. 61–65).

Күзембаева М.Қ., Ахметов Ф. және Мейірманов Қ.М. зерттеулерінде қазақ билеушілері мен әскери ұйымының жағдайы, отарлық саясатқа қарсы ішкі тактикалар тереңірек сараланып,

қару айналымына қойылған шектеулердің нақты салдары көрсетіледі. Бұл еңбектерде қазақтардың өз ішіндегі әскери тәртіп пен қорғаныс жүйесінің әлсіреуі, хан мен сұлтандардың қару мен оқ-дәріге қол жеткізу жолдарын іздеуі секілді мәселелер қозғалған (Күзембаева М.Қ. XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастары. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – Б. 71–75; Ахметов Ғ. Қазақ хандығының әскери құрылымы. – Алматы, 1998. – Б. 98–101; Мейірманов Қ.М. Ресей империясының әскери-саяси стратегиясы. – Алматы: Ғылым, 2004. – Б. 53–58).

Калмыков П.И., Наумкин В.В. және Поляков А.А. еңбектерінде Ресейдің мұсылман халықтарына, соның ішінде қазақтарға бағытталған идеологиялық және әкімшілік бақылау саясаты мен әскери-дипломатиялық құжаттарының мазмұны талданады. Бұл еңбектерде ислам дінін ұстанушыларға қатысты күдікпен қарау, оларды қарудан алыстату және мәдени-рухани ықпал ету арқылы отарлау саясатын жүргізу сипатталады (Калмыков П.И. История внешней политики России на востоке. – Казань, 1997. – Б. 102–105; Наумкин В.В. Россия и мусульманский Восток. – М.: Восточная литература, 2003. – Б. 87–91; Поляков А.А. Политика России в отношении мусульманских народов. – М.: Восток, 2001. – Б. 94–96).

Шетелдік зерттеушілер арасында Рональд Г. Санде өзінің «The Russian Empire and the Steppe Frontier» атты еңбегінде Ресей империясының даладағы отарлық саясаты мен әскери бақылау механизмдерін, соның ішінде қазақтарға қатысты қару-жарақ шектеулерін отарлық әкімшіліктің тұрақты стратегиясы ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, шекаралық бақылау мен қару айналымын тежеу саясаты империяның кеңістіктік басқару тәсілінің негізгі компоненттерінің бірі болған (Sund, R.G. The Russian Empire and the Steppe Frontier. – Cambridge University Press, 2002. – p. 152–155).

Осы көзқарастармен қатар, Галкин И.И. де өзінің «Россия и Средняя Азия» атты еңбегінде Ресейдің бүкіл Орталық Азияға бағыттаған экспансиялық саясаты мен әскери-стратегиялық қадамдарын саралай отырып, қазақ даласындағы шектеу саясатын сол кең ауқымды отарлық жоспардың бір бөлігі ретінде сипаттайды (Галкин И.И. Россия и Средняя Азия. – М.: Мысль, 1990. – Б. 104–106).

Бұл көзқарастар қару-жараққа тыйым салудың көпқырлы сипатын және оның әскери, әкімшілік, құқықтық әрі идеологиялық қырларын жан-жақты ашып көрсетеді.

Қорытынды

1747 жылы Ресей империясының қазақтарға қару-жарақ сатуға ресми түрде тыйым салуы – жекелеген шекаралық қауіпсіздік шарасынан әлдеқайда кеңірек мазмұнға ие оқиға. Бұл шешім Ресейдің отарлық саясатының бір тетігі ретінде, империялық кеңістікте ішкі тұрақтылықты сақтау, отарланған халықтар арасындағы ықтимал әскери-саяси байланыстардың алдын алу және аймақтық қарсылықтарды жүйелі түрде әлсірету мақсатын көздеген кешенді стратегиялық қадам болды. Қазақтардың әскери әлеуетін әлсірету, оларға сырттан қару жеткізу жолдарын шектеу және болашақта болуы мүмкін қарулы қарсылықтардың алдын алу – бұл саясаттың басты бағыттары болды.

Ерофеева И.В. мен Брагина Л.М. зерттеулері көрсеткендей, башқұрттардың бірнеше онжылдыққа созылған көтерілістері Ресей билігіне үлкен сабақ болды. Қазақтардың башқұрттармен тығыз этникалық, мәдени және географиялық жақындығы, сондай-ақ олардың көтерілісшілерге қару-жарақ, жылқы және азық-түлікпен көмектескені туралы деректер империялық орталықты алаңдатты. Осыдан кейін Неплюев бастаған Орынбор әкімшілігі қазақтарды да әскери тұрғыдан қауіпті топ ретінде қабылдап, олардың қарулану мүмкіндігін шектеуді ресми саясатқа айналдырды.

Неплюевтің Петербургке жолдаған баяндамаларында қазақтардың да башқұрттар сияқты қаруланса, оларға қарсы әскери әрекеттер қиынға соғатыны ескертіліп, қару-жарақ айналымын шектеу қажеттігі баса айтылды. Бұл шектеу тек әскери ғана емес, идеологиялық әрі құқықтық сипатқа ие болды. Зиманов С.З. мен Қозыбаев М. еңбектерінде патша үкіметінің қазақтарға қатысты заңдық шектеулерді жүйелі түрде енгізіп, отарлық құқықтық механизмдер арқылы қару-жараққа тыйым салу саясатын бекіткені көрсетіледі.

Байдильдина М. Әбілхайыр ханның Ресеймен дипломатиялық байланыстарының бастапқыда қорғаныс мақсатында болғанымен, кейіннен отарлық бақылаудың күшеюіне әкелгенін дәлелдейді. Бұл саясат қазақтардың саяси дербестігімен қатар әскери мүмкіндіктерін де әлсіретуге бағытталды.

Сейтқалиева А.К. шекарадағы нақты әкімшілік тетіктер – бақылау бекеттері, арнайы рұқсат қағаздары, және т.б. арқылы қару саудасын қатаң қадағалағанын көрсетеді. Бұл – тыйымның практикалық іске асу жолдарының нақты көрінісі.

Күзембаева М.Қ., Ахметов Ф. және Мейірманов Қ.М. қазақтардың ішкі әскери құрылымындағы дағдарысты және отарлық шектеулер салдарынан қорғаныс жүйесінің әлсіреуін нақты деректермен сипаттайды. Олардың пайымдауынша, бұл тыйым сұлтандар мен рубасылардың өз халқын қорғау әлеуетін төмендетті.

Калмыков П.И., Наумкин В.В., Поляков А.А. сынды зерттеушілер Ресейдің мұсылман халықтарына қатысты идеологиялық сенімсіздік танытып, қарудан алыстату саясатын дін мен мәдениет арқылы жүзеге асырғанын ашып көрсетеді.

Рональд Г. Сандтың еңбегінде Ресейдің қазақ даласындағы қару айналымына бақылау орнатуы – кеңістіктік отарлау стратегиясының негізгі элементі ретінде қарастырылады. Бұл шекаралық саясаттың империяның бүкіл құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталғаны айтылады.

Соңғы кезекте Галкин И.И. өзінің «Россия и Средняя Азия» атты еңбегінде Ресейдің бүкіл Орталық Азияға бағыттаған экспансиялық сая-

сатының құрамдас бөлігі ретінде қазақтарға қару-жараққа тыйым салу саясатын талдайды. Ол бұл шараны Ресейдің аймақты толық бақылау және әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиясы тұрғысынан түсіндіреді.

1773–1775 жылдардағы Пугачев көтерілісі кезінде қазақтардың стихиялы әрі толыққанды ұйымдаспаған түрде қатысуы – осы тыйымның ұзақ мерзімді нәтижесі болды. Қару-жарақ тапшылығы оларды толыққанды әскери күш ретінде жұмылдыруға мүмкіндік бермеді. Бұл – империялық саясаттың тиімді жүзеге асқанының бір көрінісі.

Осылайша, 1747 жылғы тыйым – Ресей империясының ұзақ мерзімді отарлық саясатының маңызды құралы болды. Бұл саясат қазақ қоғамының әскери-стратегиялық дербестігін әлсіретіп, олардың ішкі қорғаныс жүйесін ыдыратуға, ықтимал одақтастықтарды жоюға бағытталды. Бүкіл зерттеушілердің пайымдарына сүйене отырып, бұл тыйымды империялық бақылау мен отарлық басқарудың жүйелі құралы ретінде бағалауға толық негіз бар.

Әдебиеттер

- Абылхожин Ж.Б. (1982) Социально-экономическое развитие Казахстана в XVIII–XIX вв. – Алматы: Наука. – 304 б.
- Аманжолов Қ.Р. (2002) Қазақстан тарихының деректемелері мен методологиясы. – Алматы: Санат. – 220 б.
- Ахметов Ф. (1998) Қазақ хандығының әскери құрылымы. – Алматы. – 176 б.
- Байдильдина М. (2003) Әбілхайыр хан және Ресей: саяси дипломатия тарихынан. – Алматы. – 192 б.
- Басин В.Я. (2001) Очерки истории Казахстана XVIII века. – Алматы: Қазақстан. – 200 б.
- Бекмаханов Е.Б. (1995) Казахстан в составе Российской империи. – Алматы: Санат. – 280 б.
- Брагина Л.М. (1998) Башкирские восстания XVIII века. – Уфа: Китап. – 320 б.
- Валиханов Ч.Ч. (1985) Избранные произведения. – Алматы: Ғылым. – 360 б.
- Галкин И.И. (1990) Россия и Средняя Азия. – М.: Мысль. – 240 б.
- Ерофеева И.В. (2001) Казахи в Российской империи: история включения. – Алматы: Дайк-Пресс. – 256 б.
- Зиманов С.З. (1999) Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық жүйе. – Алматы: Жеті жарғы. – 288 б.
- Калмыков П.И. (1997) История внешней политики России на востоке. – Казань. – 212 б.
- Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. (2000) История Центральной Азии. – Алматы: Дайк-Пресс. – 272 б.
- Күзембаева М.Қ. (2001) XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастары. – Алматы: Қазақ университеті. – 208 б.
- Қозыбаев М. (1994) Тарих тағылымы. – Алматы: Қазақстан. – 240 б.
- Материалы по истории Казахстана (1940) Т. 2. – Алматы: АН КазССР. – 392 б.
- Мейірманов Қ.М. (2004) Ресей империясының әскери-саяси стратегиясы. – Алматы: Ғылым. – 224 б.
- Наумкин В.В. (2003) Россия и мусульманский Восток. – М.: Восточная литература. – 288 б.
- Неплюев И.И. Доклады Оренбургской комиссии императрице Елизавете Петровне. – СПб., 1750 // ЦГАОР. Ф. 248. Оп. 1. Д. 85. – 180 б.
- Поляков А.А. (2001) Политика России в отношении мусульманских народов. – М.: Восток. – 248 б.
- Санде Р.Г. (2002) The Russian Empire and the Steppe Frontier. – Cambridge University Press, 2002. – 312 p.
- Сейтқалиева А.К. (2007) Қазақ-орыс шекаралық саясаты: архивтік зерттеу. – Алматы. – 186 б.
- Сүлейменов Б.С. (1997) (ред.) История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Т. 2. – Алматы: Атамұра. – 350 б.
- Трофимов В.В. (2006) Россия и Казахстан в XVIII веке. – М.: Восточная литература. – 278 б.
- Шөженев Ж.Н. (2001) Қазақ халқының қару-жарақ мәдениеті. – Алматы: Өнер. – 180 б.

References

Abylkhozhin, Zh. B. (1982). *Sotsial'no-ekonomicheskoe razvitiye Kazakhstana v XVIII–XIX vv.* [Socio-Economic Development of Kazakhstan in the 18th–19th Centuries]. Almaty: Nauka. 304 p.

- Amanzholov, Q. R. (2002). *Qazaqstan tarihyynyn derektemeleri men metodologiyasy* [Sources and Methodology of the History of Kazakhstan]. Almaty: Sanat. 220 p.
- Akhmetov, G. (1998). *Qazaq khandyǵynyn әskeri qūrylymy* [The Military Structure of the Kazakh Khanate]. Almaty. 176 p.
- Baidildina, M. (2003). *Абылхайыр хан және Ресей: саяси дипломатия тарихынан* [Abylkhair Khan and Russia: From the History of Political Diplomacy]. Almaty. 192 p.
- Basin, V. Ya. (2001). *Ocherki istorii Kazakhstana XVIII veka* [Essays on the History of Kazakhstan in the 18th Century]. Almaty: Kazakhstan. 200 p.
- Bekmakhanov, E. B. (1995). *Kazakhstan v sostave Rossiyskoy imperii* [Kazakhstan as Part of the Russian Empire]. Almaty: Sanat. 280 p.
- Bragina, L. M. (1998). *Bashkirskie vosstaniya XVIII veka* [The Bashkir Uprisings of the 18th Century]. Ufa: Kitap. 320 p.
- Valikhanov, Ch. Ch. (1985). *Izbrannye proizvedeniya* [Selected Works]. Almaty: Gylym. 360 p.
- Galkin, I. I. (1990). *Rossiya i Srednyaya Aziya* [Russia and Central Asia]. Moscow: Mysl'. 240 p.
- Erofeeva, I. V. (2001). *Kazakhi v Rossiyskoy imperii: istoriya vklyucheniya* [The Kazakhs in the Russian Empire: History of Inclusion]. Almaty: Daik-Press. 256 p.
- Zimanov, S. Z. (1999). *Qazaq qoǵamındaǵy dástúrli qūyqytyq júye* [The Traditional Legal System in Kazakh Society]. Almaty: Zheti Zhargy. 288 p.
- Kalmykov, P. I. (1997). *Istoriya vneshney politiki Rossii na vostokey* [History of Russian Foreign Policy in the East]. Kazan. 212 p.
- Klyashtorny, S. G., & Sultanov, T. I. (2000). *Istoriya Tsentral'noy Azii* [History of Central Asia]. Almaty: Daik-Press. 272 p.
- Kuziembayeva, M. K. (2001). *XVIII ǵhasyrdǵy qazaq-oris qatynastary* [Kazakh-Russian Relations in the 18th Century]. Almaty: Kazakh University. 208 p.
- Kozybayev, M. (1994). *Tarikh taǵylymy* [The Lessons of History]. Almaty: Kazakhstan. 240 p.
- Materialy po istorii Kazakhstana. T. 2 [Materials on the History of Kazakhstan, Vol. 2]. (1940). Almaty: Academy of Sciences of Kazakh SSR. 392 p.
- Meirmanov, Q. M. (2004). *Resey imperiasynyn әskeri-sayasi strategiasy* [The Military-Political Strategy of the Russian Empire]. Almaty: Gylym. 224 p.
- Naumkin, V. V. (2003). *Rossiya i musul'manskiy Vostok* [Russia and the Muslim East]. Moscow: Vostochnaya Literatura. 288 p.
- Nepluev, I. I. (1750). *Doklady Orenburgskoy komissii imperatritse Elizavete Petrovne* [Reports of the Orenburg Commission to Empress Elizabeth Petrovna]. St. Petersburg. Central State Archive of Ancient Acts (TsGAOR), F. 248, Op. 1, D. 85.
- Polyakov, A. A. (2001). *Politika Rossii v otnoshenii musul'manskikh narodov* [Russian Policy toward Muslim Peoples]. Moscow: Vostok. 248 p.
- Sande, R. G. (2002). *The Russian Empire and the Steppe Frontier*. Cambridge: Cambridge University Press. 312 p.
- Seitqaliyeva, A. K. (2007). *Qazaq-oris shekaralyq sayasaty: arkhivtik zertteu* [Kazakh-Russian Border Policy: An Archival Study]. Almaty. 186 p.
- Suleimenov, B. S. (Ed.). (1997). *Istoriya Kazakhstana s drevneyshikh vremen do nashikh dney. T. 2* [History of Kazakhstan from Ancient Times to the Present. Vol. 2]. Almaty: Atamura. 350 p.
- Trofimov, V. V. (2006). *Rossiya i Kazakhstan v XVIII veke* [Russia and Kazakhstan in the 18th Century]. Moscow: Vostochnaya Literatura. 278 p.
- Shozhenov, Zh. N. (2001). *Qazaq halqynyn qaru-jarak mádenieti* [The Weaponry Culture of the Kazakh People]. Almaty: Öner. 180 p.

Авторлар туралы мәліметтер:

Китигулов Сәлім Базарбекұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті (Ақтау, Қазақстан, e-mail: Skitigulov@mail.ru)

Әбденов Айдын Жақсанұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Қ. Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: Aidyn_617@mail.ru)

Information about the authors:

Salim Bazarbekuly Kitigulov – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Caspian University of Technology and Engineering named after S. Yesenova (Aktau, Kazakhstan, e-mail: Skitigulov@mail.ru)

Abdenov Aydin Zhaksanuly – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: Aidyn_617@mail.ru)

Сведения об авторах:

Китигулов Салим Базарбекұлы – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инженеринга имени Ш. Есенова (Ақтау, Казахстан, e-mail: Skitigulov@mail.ru);

Абденов Айдын Жақсанұлы – кандидат исторических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова (Ақтөбе, Казахстан, e-mail: Aidyn_617@mail.ru).

Келін түсті: 18.07.2025
Қабылданды: 28.08.2025

З.Б. Шахаман , **Р.К. Бекмагамбетов** 

Костанайский региональный университет им. Ахмета Байтурсынұлы, Костанай, Казахстан
*e-mail: ruslan69_07@mail.ru

ИНСТРУКТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ВОЕННОГО ГУБЕРНАТОРА ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ А. ГЕЙНСА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК

В отчётах К.К. Палена подробно описывается процесс внедрения в управление Туркестанской области принципов, характерных для всей Российской империи. Речь идёт о таких уровнях, как краевое, областное (губернское), уездное и участковое (приставское) управление (Краевое управление, 1910: 96). При этом, хотя местные жители формально могли сохранять какую-то долю самоуправления, на практике всё их влия-

ние было жёстко ограничено под контролем имперских органов власти.

Если посмотреть с постколониальной точки зрения, то подобный механизм – это классический пример того, как колониальные власти формируют систему управления, которая лишь внешне учитывает традиционные формы власти, но на деле подчинила их себе. Хоми Бхабха называл такие структуры «гибридными»: они сохраняют видимость местного самоуправления, но остаются полностью подчинёнными империи (Bhabha, 1994: 37–45).

Таким образом, несмотря на видимость самостоятельности, местные чиновники фактически функционировали как инструменты колониального контроля. Это лишало коренное население реального влияния и политической независимости.

Также, в данном отчете К.К. Пален подробно описывает систему поощрений лиц из «туземной» администрации. По сообщению, что «Генерал-губернатору предоставлено право награждать медалями с надписью «За усердие» – большими серебряными (шейными) и малыми золотыми и серебряными (нагрудными) – до 50 человек туземцев в год; награды сверх этой нормы, а также награды большими золотыми медалями производятся в общеустановленном порядке через Военного министра. Сроки для награждения туземцев не установлены, хотя, как правило, они приурочиваются ко дню Пасхи и 6 декабря. Кроме того, генерал-губернатор вправе награждать туземцев почётными халатами I, II и III разрядов и похвальными листами» (Краевое управление, 1910: 171).

Здесь, очевидно, что право генерал-губернатора награждать «туземцев» медалями и почётными халатами было не просто формальностью – это был важный инструмент власти. Через такие награды создавалась небольшая группа «лояльных» представителей местного населения, которые должны были служить примером для остальных. Квота на количество награждённых не позволяла этому кругу слишком расширяться. Как писал Эдуард Саид, подобные практики помогали империи формировать образ «покорного Другого» – удобного и безопасного для правящей элиты (Said, 1978: 5–15).

Различия в металле медалей и разрядах халатов явно показывали, кто в этой системе стоит выше, а кто ниже. Награждения приурочивали к важным православным датам, чтобы встроить местных жителей в имперский календарь

(Cannadine, 2001: 120–135). Особенно показателен выбор 6 декабря – дня святого Николая, который в армии считался покровителем и ассоциировался с культом монарха (Кириллов, 2003). С точки зрения Мишеля Фуко, это был способ мягко управлять людьми: через награды задавались правила желательного поведения и побуждение к самоконтролю (Foucault, 1977: 135–170).

Как отмечает Хоми Бхабха, в таких ситуациях у награждённых формировалась двойственная идентичность – они оставались частью своей культуры, но участвовали в ритуалах империи. Эта двойственность могла работать на укрепление власти метрополии, но иногда становилась источником скрытого сопротивления, когда символы наград переосмысливались в локальном контексте (Bhabha, 1994: 37–50). Таким образом, система награждений одновременно объединяла, дисциплинировала и ассимилировала, оставаясь глубоко встроенной в механизмы колониального контроля.

Заключение

Когда мы смотрим на управление в Семиреченской области начала XX века, становится ясно, что это была не просто сухая бюрократия – это была сложная система отношений между империей и местным населением. Казахи, хоть и могли занимать некоторые должности, на самом деле часто оставались в тени реальной власти. Они были вроде бы частью колониальной машины, но при этом не могли полностью контролировать свою судьбу и сохранить свою культуру без вмешательства извне.

Постколониальные теории помогают нам понять, что такие практики – это не просто административные формальности. Это механизмы контроля и символической власти, которые помогали империи сохранять своё господство, создавая образ «покорного Другого» – того, кто вроде бы и включён в систему, но остаётся подчинённым. При этом те, кто работал на местах – чиновники, старшины, переводчики – находились в непростой ситуации: с одной стороны, им приходилось играть по правилам колониальной власти, с другой – они сохраняли связь с собственными традициями и культурой. Это создаёт то, что Хоми Бхабха называл «третьим пространством», где смешиваются разные миры и идентичности.

Особенно интересна роль переводчиков – они были мостом между двумя мирами, но при

этом почти всегда зависимы и не имели реальной власти. Это хорошо согласуется с идеями Мишеля Фуко о том, как власть работает через различные институты и нормы, формируя поведение людей и поддерживая существующий порядок.

Когда мы читаем отчёты Палена, становится понятно, что обвинения в «коррупции» и «неправильном управлении» местных властей – это не просто объективная критика, а часть колониального дискурса. Такой подход оправдывал вмешательство метрополии и ограничивал возможности коренного населения управлять самостоятельно. Как писала Гаятри Спивак, колониальная власть часто «говорит за» тех, кто подчинён, лишая их голоса и права самим определять свою жизнь.

При этом важно помнить, что отчёты Палена, будучи продуктом колониальной администрации, отражают лишь одностороннюю точку зрения – точку зрения метрополии, с её интересами и предвзятостями. Поэтому рассмотрение этих источников с позиции постколониальных теорий даёт возможность глубже понять скрытые меха-

низмы власти и идеологии. Вместе с тем не следует слишком увлекаться лишь постколониальной интерпретацией, игнорируя исторический контекст и объективные данные, содержащиеся в самих отчётах. Только сбалансированный подход позволит нам получить наиболее полное и честное представление о прошлом Семиреченской области.

В итоге, система управления в Семиреченской области – это не просто административная структура, а целый сложный мир власти, культурных пересечений и противоречий. Постколониальный взгляд помогает увидеть за цифрами и документами живых людей с их надеждами, сложностями и борьбой. Понимание этого прошлого важно для нас сегодня, чтобы честно смотреть на историю и учиться строить более справедливое общество.

Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования научно-технической программы ИРН BR27195163 «Архитектоника трансформации организационной культуры государственной службы Казахстана».

Литература

- Ashcroft B., Griffiths G., Tiffin H. (2002). *The Empire Writes Back: Theory and Practice in Post-Colonial Literatures*. London: Routledge. 354 p.
- Bhabha H. (1994). *The Location of Culture*. London: Routledge. 285 p.
- Cannadine D. (2001). *Ornamentalism: How the British Saw Their Empire*. Oxford: Oxford University Press. 400 p.
- Fanon F. (1963). *Les Damnés de la Terre [The Wretched of the Earth]*. New York: Grove Press. 255 p.
- Foucault M. (1977). *Discipline and Punish: The Birth of the Prison*. New York: Pantheon Books. 333 p.
- Mann M. (2012). *Colonialism and Imperialism, 1450–1950*. Cambridge: Cambridge University Press. 392 p.
- Morrison A. (2012). “Sowing the Seed of National Strife in This Alien Region”: The Pahlen Report and Pereselenie in Turkestan, 1908–1910. *Acta Slavica Iaponica*, Vol. 31, pp. 1–29.
- Morrison A. (2013). “The Pahlen Commission and the Re-Establishment of Rectitude in Transcaspia, 1908–1909.” *Monde(s)*, Vol. 4, No. 2, pp. 45–65.
- Pratt M.L. (1992). *Imperial Eyes: Travel Writing and Transculturation*. London: Routledge. 256 p.
- Said E.W. (1978). *Orientalism*. New York: Pantheon Books. 383 p.
- Said E.W. (1993). *Culture and Imperialism*. New York: Alfred A. Knopf. 476 p.
- Spivak G.C. (1988). *Can the Subaltern Speak?* // In: Nelson, Cary & Grossberg, Lawrence (eds.). *Marxism and the Interpretation of Culture*. Urbana: University of Illinois Press. Pp. 271–313.
- Городское управление. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. СПб. 483 с.
- Каримова К.О. (2019). К.К. Пален об административном устройстве (на примере Ходжентского уезда). *Вестник Педагогического университета*. №3 (80). С. 234–238.
- Кириллов А.А. (2003). *Культ святых в российской армии XVIII–XIX веков*. Санкт-Петербург: Изд-во СПбГУ. 248 с.
- Краевое управление. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. СПб. 137 с.
- Махмудова Н.Б. (2016). Сенаторская ревизия графа К.К. Палена в Туркестане: причины, ход, последствия. *Метаморфозы истории*. №7. С. 134–150.
- Махмудова Н.Б. (2017). «Особое высочайшее наставление» и «Высочайше утверждённая инструкция» для сенаторской ревизии К.К. Палена: историко-источниковедческий обзор. *Метаморфозы истории*. №10. С. 255–265.
- Махмудова Н.Б. (2019). Историко-источниковедческий обзор отчетов ревизии сенатора К. К. Палена. *Метаморфозы истории*. №13. С. 125–150.

Народные суды. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. СПб. 268 с.

Областное управление. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. СПб. 353 с.

Сельское управление. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. СПб. 226 с.

Уездное управление. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. СПб. 168 с.

References

Ashcroft B., Griffiths G., Tiffin H. (2002). *The Empire Writes Back: Theory and Practice in Post-Colonial Literatures*. London: Routledge. 354 p.

Bhabha H. (1994). *The Location of Culture*. London: Routledge. 285 p.

Cannadine D. (2001). *Ornamentalism: How the British Saw Their Empire*. Oxford: Oxford University Press. 400 p.

Fanon F. (1963). *Les Damnés de la Terre [The Wretched of the Earth]*. New York: Grove Press. 255 p.

Foucault M. (1977). *Discipline and Punish: The Birth of the Prison*. New York: Pantheon Books. 333 p.

Gorodskoe upravlenie. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. [Urban Administration. Report on the Revision of Turkestan Region carried out by the Highest Order of Senator Hofmeister Count K.K. Palen]. SPb. 483 s.

Karimova K.O. (2019). K.K. Palen ob administrativnom ustroystve (na primere Khodzhet'skogo uyezda) [K.K. Palen on Administrative Structure (on the example of Khodzhet County)]. *Vestnik Pedagogicheskogo universiteta*. №3 (80). S. 234–238.

Kirilov A.A. (2003). *Kult svyatykh v rossiyskoy armii XVIII–XIX vekov [The Cult of Saints in the Russian Army of the 18th–19th Centuries]*. Sankt-Peterburg: Izd-vo SPbGU. 248 s.

Kraevoye upravlenie. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. [Regional Administration. Report on the Revision of Turkestan Region carried out by the Highest Order of Senator Hofmeister Count K.K. Palen]. SPb. 137 s.

Makhmudova N.B. (2016). Senator-skaya reviziya grafa K.K. Palena v Turkestane: prichiny, khod, posledstviya [Senatorial Revision of Count K.K. Palen in Turkestan: Causes, Course, Consequences]. *Metamorphozy istorii*. №7. S. 134–150.

Makhmudova N.B. (2017). «Osoboe vysochaysheye nastavlenie» i «Vysochayshe utverzhennaya instruktsiya» dlya senator'skoy revizii K.K. Palena: istoriko-istochnikovedcheskiy obzor [“Special Highest Instruction” and “Highest Approved Instruction” for the Senatorial Revision of K.K. Palen: Historical and Source Study Review]. *Metamorphozy istorii*. №10. S. 255–265.

Makhmudova N.B. (2019). *Istoriko-istochnikovedcheskiy obzor otchetov revizii senatora K.K. Palena [Historical and Source Study Review of the Reports of Senator K.K. Palen's Revision]*. *Metamorphozy istorii*. №13. S. 125–150.

Mann M. (2012). *Colonialism and Imperialism, 1450–1950*. Cambridge: Cambridge University Press. 392 p.

Morrison A. (2012). “Sowing the Seed of National Strife in This Alien Region”: The Pahlen Report and Pereselenie in Turkestan, 1908–1910. *Acta Slavica Iaponica*, Vol. 31, pp. 1–29.

Morrison A. (2013). “The Pahlen Commission and the Re-Establishment of Rectitude in Transcaspia, 1908–1909.” *Monde(s)*, Vol. 4, No. 2, pp. 45–65.

Narodnye sudy. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. [People's Courts. Report on the Revision of Turkestan Region carried out by the Highest Order of Senator Hofmeister Count K.K. Palen]. SPb. 268 s.

Областное управление. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. [Provincial Administration. Report on the Revision of Turkestan Region carried out by the Highest Order of Senator Hofmeister Count K.K. Palen]. SPb. 353 s.

Pratt M.L. (1992). *Imperial Eyes: Travel Writing and Transculturation*. London: Routledge. 256 p.

Said E.W. (1978). *Orientalism*. New York: Pantheon Books. 383 p.

Said E.W. (1993). *Culture and Imperialism*. New York: Alfred A. Knopf. 476 p.

Selskoe upravlenie. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. [Rural Administration. Report on the Revision of Turkestan Region carried out by the Highest Order of Senator Hofmeister Count K.K. Palen]. SPb. 226 s.

Spivak G.C. (1988). Can the Subaltern Speak? // In: Nelson, Cary & Grossberg, Lawrence (eds.). *Marxism and the Interpretation of Culture*. Urbana: University of Illinois Press. Pp. 271–313.

Uezdnoe upravlenie. (1910). Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. [District Administration. Report on the Revision of Turkestan Region carried out by the Highest Order of Senator Hofmeister Count K.K. Palen]. SPb. 168 s.

Сведения об авторе:

Абдрахим Мирас Еркінұлы – PhD, преподаватель-лектор кафедры истории и социально-гуманитарных дисциплин гуманитарного факультета Жетысуского университета имени И. Жансугурова (Талдықорган, Казахстан, e-mail: abdrakhim_91@mail.ru).

Information about author:

Abdrakhim Miras – PhD, Lecturer of the Department of History and Social-Humanitarian Disciplines, Faculty of Humanities, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: abdrakhim_91@mail.ru)

Автор туралы мәлімет:

Абдрахим Мирас Еркінұлы – PhD, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Гуманитарлық факультеті Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері (Талдықорган, Қазақстан, e-mail: abdrakhim_91@mail.ru)

Поступило: 10.08.2025

Принято: 28.08.2025

2-бөлім
ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Section 2
WORLD HISTORY

Раздел 2
ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

Қ.Т. Жұмағұлов,  Н.М. Абдукадыров* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

БІРІНШІ КРЕСТ ЖОРЫҒЫНДА БАТЫС ЕЛДЕРІНІҢ ШЫҒЫСТАҒЫ ЭКСПАНСИЯСЫ ЖӘНЕ СЕЛЖУҚ МЕМЛЕКЕТІ (еуропалық материалдар бойынша)

Соңғы жылдары отандық медиевистикада Крест жорықтарының тарихы мен кресшілердің Шығыс халықтарына саяси, мәдени ықпалын зерттеу өзекті тақырыптардың қатарынан орын алып келеді. Сол сияқты, отандық ғылымда түркі мемлекеттері мен Еуропа елдері арасындағы байланыстар мен өзара тарихи ықпалдастық тарихын зерттеу күн тәртібіне ілінді. Бірінші Крест жорығында еуропалықтардың Шығыста жүргізген әскери басқыншылығына қарсы тұрған халықтардың бірі – түркі-селжұқтар болды. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада, Селжұқ мемлекеті мен кресшілер арасындағы соғыс қимылдары, оның барысы мен нәтижелері қарастырылады. Селжұқ мемлекеті бұл кезде Шығыстағы ең ірі түркі-мұсылман мемлекеті болып, ол барлық халықтарды осы діни соғысқа шақырды. Соның негізінде Жиһад соғыстары орын алды. Осыған орай, ғылыми жұмыста Бірінші Крест жорығы кезінде түркі-селжұқтар мен еуропалықтар арасындағы соғыс қимылдары тек саяси тұрғыдан ғана емес діни тұрғыдан да талдауға түседі. Түркі-селжұқтар мен еуропалықтардың соғысы Шығыста мәдениет пен өркениеттер арасындағы соғыс ретінде де сипатталады. Зерттеу жұмысында алға қойылған негізгі ғылыми міндеттердің бірі – тақырыпты мәдени және өркениеттік қырынан зерттеу болып табылады. Орта ғасырларда түркі-селжұқтар Еуропа халықтарына ықпал етуші күшке айналды. Олар Бірінші Крест жорығында еуропалықтардың Шығыстағы соғыстарына тосқауыл болуға тырысты. Сондықтан, да бұл мәселені «Еуропа және түркі әлемі» тақырыбының аясында да қарастыру қажет. Мақала авторлары Селжұқ мемлекеті түркі әлемінің ең қуатты ортағасырлық мемлекеті екенін алға тарта отырып, Бірінші крест жорығы кезіндегі оның саяси және әскери қызметін зерделейді.

Түйін сөздер: Крест жорықтары, Селжұқтар, Византия, соғыс, өркениет, дін.

K. Zhumagulov, N. Abdukadyrov*

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Eastern expansion of western countries and the Seljuk state during the first crusade (based on european materials)

In recent years, the study of the history of the Crusades, the political and cultural influence of the crusaders on the peoples of the East has become one of the most pressing topics in domestic medieval studies. Similarly, in domestic science, the study of the history of relations and historical interaction of the Turkic peoples with the countries of Europe was put on the agenda. During the First Crusade, one of the peoples who opposed the European invasion of the East were the Seljuk Turks. This scientific article examines the military actions between the Seljuk state and the crusaders, their course and results. The Seljuk state was the largest Turkic-Muslim state in the East at that time, and it called on all Muslim peoples to this religious war. On this basis, the Jihad war occurred. In this regard, the scientific work analyzes the military actions between the Seljuk Turks and the Europeans during the First Crusade not only from a political but also from a religious point of view. The war between the Seljuk Turks and the Crusaders was also characterized as a conflict between cultures and as a clash of civilizations. One of the main scientific tasks put forward in this work is to study the topic from a cultural and civilizational point of view. In the Middle Ages, the Seljuk Turks became an influential force for the European peoples. They tried to prevent European wars in the East during the First Crusade. Therefore, this issue should also be considered in the context of the topic "Europe and the Turkic World". The authors of the article, arguing that the Seljuk state was the most powerful medieval state in the Turkic world, study its political and military exploits during the First Crusade.

Keywords: crusades, Seljuks, war, civilization, Byzantium, religion.

К.Т. Жұмағұлов, Н.М. Абдукадыров*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

**Восточная экспансия западных стран и государства Сельджукидов
во время Первого крестового похода
(по европейским материалам)**

В последние годы изучение истории Крестовых походов, политического и культурного влияния крестоносцев на народы Востока стало одной из самых актуальных тем в отечественной медиевистике. Аналогично в отечественной науке на повестку дня было выдвинуто изучение истории взаимоотношений и исторического взаимодействия тюркских народов со странами Европы. Во время Первого крестового похода одним из народов, выступавших против вторжения европейцев на Восток, были турки-сельджуки. В данной научной статье рассматриваются военные действия между государством Сельджукидов и крестоносцами, их ход и результаты. Государство Сельджукидов было крупнейшим тюрко-мусульманским государством на Востоке в то время, и оно призывало все мусульманские народы к этой религиозной войне. На основе этого произошла война Джихад. В связи с этим в научной работе анализируются военные действия между турками-сельджуками и европейцами во время Первого крестового похода не только с политической, но и с религиозной точки зрения. Война между турками-сельджуками с крестоносцами также характеризовалась как конфликт между культурами и как столкновение цивилизаций. Одной из основных научных задач, выдвинутых в данной работе, является изучение темы с культурно-цивилизационной точки зрения. В средние века турки-сельджуки стали влиятельной силой для европейских народов. Они пытались предотвратить европейские войны на Востоке во время Первого крестового похода. Поэтому этот вопрос также следует рассматривать в контексте темы «Европа и тюркский мир». Авторы статьи, утверждая, что государство Сельджукидов было самым могущественным средневековым государством в тюркском мире, изучают его политические и военные подвиги во время Первого крестового похода.

Ключевые слова: Крестовые походы, Сельджуки, война, цивилизация, Византия, религия.

Кіріспе

Әлем тарихында соғыстар мен қақтығыстар тарихын зерттеу, сол дәуірдің халықаралық қатынастарының мән-мазмұнына сараптама жасауда, сонымен қатар қоғамның ішкі дамуын зерттеуде де үлкен мағынаға ие. Сол сияқты Бірінші Крест жорығы мен ондағы түркі-селжұқтардың оларға қарсы соғыс қимылдары да Таяу Шығыс пен Анадолыдағы қалыптасқан саяси ахуалдың нақты халықаралық көрінісін сипаттайды. Рим Папасының қолдауымен Батыс Еуропа корольдіктері тарапынан ұйымдастырылған Крест жорықтары діни, саяси және халықаралық мәселелерді қамтыған әлем тарихындағы ең негізгі процестердің бірі саналады. Оның басты мысалы Бірінші Крест жорығында айқын көрінді. Бұған дейін Крест жорықтары бойынша зерттеулерде көбінесе Батыс Римнің Византияға ықпалы және Шығыстағы Христиан дінінің Қасиетті орындарын иеленуге баса назар аударылды. Бірінші Крест жорығында Шығыста кресшілерге едәуір қарсылық көрсетіп, Шығыс халықтарын жойқын күштен қорғауда түркі-селжұқтарының ролі ғылыми зерттеулерде шағын көлемде ғана қарастырылды. Селжұқтардың қызметі мен роліне баса назар аударылмады. Бұл өз кезегінде

Крест жорықтарында түркі-селжұқтардың тақырыбын көтеруді қажет етеді.

Крест жорықтарында түркі-селжұқтардың еуропалық басқыншыларға қарсы соғыстарына қазіргі кезде еуропалық, ресейлік, түркиялық зерттеушілер ерекше назар аударады. Осы тұста селжұқтармен бірге жанама түрде «түрік-селжұқтар» деген тарихи-этникалық атау қатар жүреді. Еуропалық зерттеулерде көбінесе «түрік-селжұқ» атауына басымдық береді (Willemart, 1972: 10-12). Бұл атау селжұқтардың қазіргі түріктермен этникалық тұрғыдан жақын болуына орай айтылады. Дегенмен, «түрік-селжұқтар» деп те қолданылады. Себебі бұл кезде Шығыста селжұқтармен бірге оғыз-түркмен тайпаларынан шыққан басқа да түркі халықтары болды және олардың бәрі Селжұқ мемлекетінің құрамында аралас өмір сүрді.

Крест жорықтары Еуропада «Қараңғы ғасырларды» сипаттайтын негізгі факторлардың бірі болып ол сонымен қатар еуропалық феодализмнің ең анайы формасын сипаттаушы процесс болып саналады. Орта ғасырларда Батыс Еуропада таптық қоғамдарға тән болған халықаралық даудамалар мен талас-тартыстарды және кез-келген саяси мәселелерді шешудің негізгі жолы мен амалы соғыс болып, ол саяси мақсатқа жетудің

басты формасы ретінде саналды. Феодалдық қоғам тарихында соғыс – ол жаңа жерлерді жаулап алу арқылы табыс табудың және байлыққа кенелудің негізгі жолы ретінде саналды. Яғни орта ғасырларда күштінің әлсізге қыр көрсетіп, сол арқылы өзінің дәуірін сүрген тарихта көптеген қоғамдар мен мемлекеттер өмір сүрді. Сол сияқты өзінің күшіне мінген Батыс әлемі Крест жорықтарын жоспарлап, Шығысты өзінің бақылауында ұстау мақсатында оны жан-жақты «игеруге» асықты.

Демек, мақсат Шығыстағы Қасиетті орындарды қорғау ғана емес, Шығыстың бүтін байлығы мен барлығын иемдену болды. Осындай мақсатпен жүзеге асырылған Бірінші жорықта Кресшілердің тегеурінді қарсылығына барынша қарсы тұрған түркі-селжүктердің күресі мен олардың саяси-әскери жағдайын зерттеу қажеттілігі тақырыптың өзектілігін арттырады. Сондай-ақ, селжүктердің Кресшілермен арада болған соғыс қимылдарынан бөлек саяси, халықаралық тақырыптар мен соғыстың мұсылмандық Шығыс үшін діни, мәдени және өркениеттік мазмұнын зерттеу бұл тақырыптың маңызды тұстарының көптігін көрсетеді.

Тақырыптың өзектілігін айқындайтын маңызды ғылыми мәселелердің бірі – Крест жорықтарының тарихы қарама-қайшылыққа толы болуында. Қазіргі таңда зерттеушілердің көпшілігі батыс еуропалықтардың Шығысқа жасаған жорығы адамзат үшін қанды соғыс болды ма, әлде өркениеттік міндетін атқарды ма деген сауал бойынша өзара пікірталас туады. Дегенмен, медиевист ғалымдар мен сала мамандарының басым бөлігі Кресшілердің Шығысқа жорықтары ашық түрде жасалған басқыншылық деп санайды. Басқыншылықтың басты мысалдары ретінде кресшілердің Шығыстан басып алған жерлері мен олардың құрған мемлекеттерін басшылыққа алады. Алайда, кресшілердің селжүктерге көрсеткен басқыншылық қимылдарына назар аудармайды. Селжүктердің кресшілерден жеңілісін жай ғана бірер ауыз сөзбен тоқталып өтеді. Мұның өзі орта ғасырлардағы осы бір ірі халықаралық процестегі селжүктердің ықпалын жеке тақырып ретінде зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Кресшілердің Шығысқа жасаған алғашқы басқыншылық қимылдары тарихта Бірінші Крест жорықтары деген атқа ие болып, ол 1096-1099 жылдары орын алып үш жылға созылды. Крест жорықтарының пайда болу себептеріне тереңірек, түбегейлі түсініктеме беру, оның не-

гізгі кезеңдерін жан-жақты анықтау, тарихи тұптамасын зерттеу өз алдына үлкен тақырыптарды құрайды. Қарастырылып отырған тақырыпта Бірінші, яғни алғашқы крест жорығы кезеңіндегі Батыс пен Шығыстың қақтығысын, өзара ықпалдастығын көрсетуде түркі-селжүктер мен кресшілер арасындағы соғыс қимылдары мен орын алған саяси процестерді жеке ғылыми мәселе ретінде көтеру бұл тақырыптың жеке-дара зерттеу қажет екенін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Крест жорықтарының оқиғалары мен жалпы бұл процесс еуропалық деректерде кең көрініс тапқан. Еуропалықтар мен Шығыс халықтарының санасында крест жорықтарының тарихи факттері әртүрлі, құбылыс ретінде сақталғаны сөзсіз. Зерттеу жұмысы бойынша деректер осы соғысқа қатысушылар мен сол заманда өмір сүрген куәгерлерден қалған мәліметтер болып табылады. Зерттеу жұмысында француз, итальян және латын тілдердегі әр түрлі деректер (хроникалар, жылнамалар, естеліктер т.б.) қолданысқа енді.

Бірінші Крест жорығы кезінде соғысты көзімен көргендердің бірі Граф Карно Стивеннің Никея түбінде түркі-селжүктермен соғысы туралы жазбасы болды. Бұл жазба Г.Хагенмайердің жинағында жарияланған (*Epistola Stephani Hagenmeyer*, 1901: 138-140). Батыс деректерінің шынайылық деңгейлері мен материалдық негізі және толықтығы оқиғаның өрбуіне байланысты болып, ол оқиға куәгерінің, автордың немесе жылнамашының өмір сүрген уақытына, қандай тап өкілі болғанына және қоғамдағы орнына, саяси көзқарастарына, сонымен қатар жеке көзқарастарына да байланысты болды. Сол сияқты Бірінші крест жорығы мен соғыс кезінде кресшілер мен селжүктер арасындағы соғыс қимылдарынан хабар беретін маңызды деректердің бірі Агилдік Раймондтың (Раймонд Ажилский) кітабы болып, ол «*Historia Francorum qui Ceperunt Iherusalem*» – Иерусалимді басып алған франктердің тарихы деп аталады (*Raymond D'Aguilers*, 1868; 28-31). Бұл еңбек латын тілінде жазылып, бірнеше тілдерге аударылған. Автор 1095 жылы Рим Папасы Урбан II Клермон кеңесінде шақырған «әскери экспедиция» туралы жарлықтың негізінде ұйымдастырылған Бірінші крест жорығының бірнеше куәгерлерінің бірі болып табылады.

Бірінші крест жорығы кезіндегі маңызды деректердің бірі – Геста Танкреди (*Gesta Tancredi*

– Крест жорығындағы негізгі әскербасшылардың бірі Танкредидің қимылдары) болып, ол Левантта франк (соның ішінде Норман) билігінің орнауы тарихынан хабар беретін негізгі мәліметтердің бірі. Жұмыстың толық атауы – *Gesta Tancredi in Expeditione Hierosolymitana* (ауд. Иерусалим науқанындағы Танкредтің істері) деп аталды. Латын мәтіні мен француз тіліндегі Геста Танкредидің түпнұсқасы 1866 жылы Парижде «*Recueil des Historiens des Croisades*» дереккөздер жинағы болып (*Gesta*, 1866: 119-163) жарияланды. Геста Танкреді аталған жинақтың төртінші томына енгізілген. Бұл материалда кресшілердің Шығыстағы мұсылман халықтарымен, оның ішінде түрік-селжұқтармен соғыстары жайлы айтылады. Сол сияқты Шартрлық Фулхерийдің хроникасында Иерусалимнің кресшілер тарапынан қоршауы мен олардың селжұқтармен соғысы туралы мәліметтер (*Fulcheri*, 2013: 18-21) қамтылған.

Соғыстың бірінші кезеңдерін сипаттауда жылнамашылардың мәліметтері құнды саналады. Византиялық жылнамашы Матвей Эдесский «Хронография» атты жылнамасында зерттеу тақырыбы бойынша көптеген мәліметтер берген. Оның Бірінші крест жорығында кресшілер мен түрік-селжұқтардың соғыстарын сипаттаудағы деректік негізі өте құнды. Бұл еңбек армян тілінде жазылып, кейіннен латын, француз және басқа да еуропалық тілдерге аударылған (*Chronique de Matthieu d'Édesse*, 1858:115-120). Келесі бір византиялық дерек «Алексиада» болып, ол Византия тарихи әдебиетінің ең маңызды ескерткіштерінің бірі болып табылады. Оны Византия ханшайымы, император Алексей Комниннің қызы Анна Комнина жазған. «Алексиада» шығармасы 1056-1118 жылдар аралығын қамтиды. Ол Алексей Комниннің өмірі мен қызметін суреттейді және бұл еңбек тарихи сипатта болғанымен, тек фактілерді сипаттаумен шектелмейді, сонымен қатар әдеби шығарма болып табылады (*Comnène*, 1937:238-241). Алексиада шығармасы Бірінші крест жорықтарының оқиғаларын сипаттайды және соғыс басшыларының қызметінен хабар береді.

Ғылыми жұмыстың методологиялық негізі алдымен тарихи зерттеудің тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық және тарихи-типологиялық сияқты дәстүрлі әдістеріне негізделген. Сонымен бірге тарих ғылымының тарихилық, шынайылық, объективизм принциптеріне сүйенеді. Ол бойынша әрбір тарихи құбылыс немесе процесс өзінің шығуы, өсуі мен өрбуі кезінде

белгілі бір қозғалыс сипатында болып, ал қозғалыстың өзі – оны анықтаған себептер мен қоршаған ортамен байланысында белгілі бір уақыттың бөлігі ретінде қарастырылады. Сол сияқты крест жорықтары өзінің пайда болу алғышарттары мен себептері және оқиғаның желісі мен процесс аса үлкен уақытты алып, соның ішінде Бірінші Крест жорығы аса кең ауқымда жүрді. Сонымен қатар, зерттеуде еуропалық деректерді дәл түсінуге бағытталған герменевтикалық әдістер қолданылды.

Ғылыми жұмысты жазуда тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі уақыт аралығында отандық тарих ғылымында болып жатқан өзгерістер басшылыққа алынды (Жумагулов, 2002: 9-12). Дүние жүзі тарихы мен Түркі мемлекеттерінің тарихын зерттеу жұмыстарына баса назар аударылып, онда селжұқ мемлекетінің тарихы мен Крест жорықтарының тарихына қатысты зерттеушілердің көзқарастары мен теориялық тұжырымдарына тоқталдық (*Cardini*, 2002:17-20). Сондай-ақ зерттеу жұмысында Крест жорықтары мен оның ғылыми проблематикасы бойынша айналысатын Батыс тарихшыларының және зерттеуші-ғалымдарының, теориялық тұжырымдары маңызы бар еңбектері мен негізге алынды (*Morrisson*, 1969:17-20).

Тарихнамалық шолу

Зерттеу тақырыбы, отандық ғылымда жаңа тақырыптардың қатарынан орын алады. Ал дүниежүзілік тарих ғылымында бұл мәселелер бойынша мәселелер арнайы аз көтерілген. Осы орайда, Бірінші крест жорығы мен онда селжұқтардың орны туралы мәселелер бойынша зерттеулерге тарихнамалық шолу жасайтын болсақ, бірінші кезекте бұл мәселе Крест жорығының жалпы тарихы бойынша тақырыптар аясында ішінара қарастырылды. Мұндай еңбектер Батыс ғылымында, кеңестік және ресейлік медиевистикада орын алып, негізінен француз, британ, неміс және итальян тарихшылары ғылыми тақырыптарды ашты. Еуропалық тарихшылар XVIII-XIX ғасырлардан бастап-ақ Крест жорықтарының тарихын зерттей бастады. Ол қазіргі күнге дейін жалғасуда. Әрине, олардың әрқайсысына жеке тоқталу мүмкін емес. Батыс ғалымдары Бірінші крест жорығы мен селжұқ мәселесін бүкіл Крест жорықтары аясында көрсеткен.

Алғашқы зерттеулер қатарында неміс тарихшыларының еңбектеріне шолу жасайтын болсақ, онда Зибел Генрихтің еңбегі құнды са-

налады (Sybel, 1841). Батыс Еуропаның ішкі жағдайын зерттей отырып крест жорықтарын қарастыру Зибельден бастау алды. Мәселені зерттеуде жаңа көзқарастардың қалыптасуы тарихты шынайы түрде түсінуге, оны зерттеуге серпіліс берді (Theodor, 1891). Сонымен қатар, неміс зерттеушілері тарапынан қазіргі кезеңге дейін бірінші Крест жорықтарын зерттеуде медиовист Николас ясперттің зерттеулерінде крест жорықтарының себептері мен ондағы батыс католик әлемінің Шығыстағы саяси және халықаралық жобаларына талдау жасалған (Jaspert, 2003: 20-25).

Келесі кезекте, Крест жорықтары, туралы жаңарған ғылыми тұжырымдама Францияда дамып, ол француз зерттеушілерінің еңбегінде айқын байқалды. Соның ішінде Бірінші Крест жорығы туралы мәселелер Режин Перноның (Perroud, 1953:22-27) зерттеуінде қарастырылып, онда діни және халықаралық соғыс әсерлі суреттелген. Келесі бір француз тарихшысы Жан Ришар араб және батыс еуропалық деректерді мүқият зерттеп, Шығыстың латын патшалықтарын зерттеп, мәселеге қатысты тұжырым жасады (Richard, 1953:37-40). Француз тарихшысы П. Вийлмар кітабының мазмұны Бірінші Крест жорығының селжүктарға әсерін түсінуге мүмкіндік берді. Автор крест жорықтарына терең сипаттама бере отырып, кресшілер мемлекетінің құрылуына жеке тараулар арнап, сипаттаған, мүсылман әлеміндегі өзгерістерді, мүсылмандық Шығыстың бірігу жолындағы күрестің тарихын көрсеткен (Willemart, 1972:33-40).

Сол сияқты британдық тарихшылардың бұл тақырыптағы зерттеулері мазмұнды болды деуге болады. Британ тарихшылары Стивен Рансиманның (Runciman, 1987:25-31) редакторлығымен шыққан үш томдық Крест жорықтары кітабының бірінші томында тақырыпқа қатысты мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, Уильям Стивенсонның еңбегінде Батыс пен Шығыс арасында болған бұл ұзақ әскери-саяси қақтығыстың түбегейлі тарихын жан-жақты көрсетуге, оның күрделі эволюциясын және халықаралық қатынастар жүйесінде бұл оқиғалардың орнын анықтауға әрекеттенген (Stevenson, 1907:18-22). Томас Эсбридждің «Крест жорықтары тарихы» кітабын ееркше атап өту керек. Бұл жұмыста Крест жорықтарының тарихи түп-тамырын, түбегейлі тарихын әдейі зерттеуге талпыныс жасалған (Asbridge, 2010:25-31).

Бірінші крест жорығындағы кресшілер мен селжүктардың мәселесі түрік тарихнамасында

да ерекше орын иеленген. Түрік тарихшылары бұл мәселеге өзінің отан тарихы көзқарас тұрғысынан қарайды (Үағар, 1997: 315-319). Түріктердің шығу тегі селжүктармен өте жақын болғандықтан, селжүктар тарихын өз тарихы ретінде қарастырады (Demirkent, 1997: 18-21). Олар Бірінші Крест жорығын Батыс әлемінің Селжүктарға қарсы халықаралық әскери кампаниясы сипатында көрсетеді (Altan, 2020:38-41).

Кеңестік тарихнамада крест жорықтарының мәселесі бір жақты және жалпы тақырыптың аясында зерттелді (Успенский, 1970). Кеңестік және оның заңды жалғасы Ресей ғалымдары негізінен оқиғаның сюжетіне назар аударып, оның басталуы, жорықтардың ұйымдастырылуы, кресшілер мен селжүктар (Заборов, 1980) арасындағы күрес христандар мен мүсылмандардың соғыстары, Никей, Антиохия, Иерусалимнің алынуына шолу жасайды. Кеңестік ғалымдар Крест жорықтарын жалпылама зерттеді. Кеңес ғалымдарының Қасиетті жердегі христиан мемлекеттеріне емес, Батыстан басталған жорыққа баса назар (Ертов, 1978) аударуы байқалады. Олар Иерусалим корольдығына баса мән бергенімен, Антиохия князьдігі, Эдесса графтығы назардан тыс қалып қойғанын байқауға болады.

Нәтижелер

Жорықтың алғышарттары және идеологиясы

Орта ғасырларда Батыс Еуропа үшін мүсылмандық Шығыс белгісіз бір жабық әлем саналды. Еуропалықтардың санасында мүсылмандар үлкен жойқын күшке ие, ешбір келісімге келе бермейтін жабайы басқыншы халық ретінде бейнеленді. Бұл жағдай Батысқа ерте ортағасырлардағы Аттила бастаған ғұндардың варварлық кейпін елестетті. Еуропалықтар арасында мұндай қоғамдық пікірдің қалыптасуына XI ғасырда түркі-селжүктардың Византияға қыр көрсетуі мен олардың византиялықтарды Таяу Шығыстан қуып және ондағы Қасиетті орындарды мүсылмандар иеленіп жатқаны себеп болды. Оның басты мысалдары 1071 жылғы Малазгирт (Манцикерт) соғысында Византияның түркі-селжүктардан жеңілісі мен осы соғыста византиялықтардың Батыстан көмек сұрауы кезінде көрінді (O'Neill, 2010: 75). Айта кетерлігі, осы Манцикерт шайқасынан кейін көп ұзамай 1077 жылы Анадолыда селжүктардың Кония сұлтандығының құрылуы Византияның түркі-селжүктарға Кіші Азияны босатып беруімен сипатталды.

Түрік-селжұқтардың қысымының салдарынан Византия империясы қатты әлісреп кетті. Бұл жағдай Шығыстағы Христиан әлемі үшін өте ауыр соққы болды және ол Крест жорықтарына алғышарт қалыптастырды.

Оның басты себебі, сол кезеңдегі Византия императоры Алексей I Комнин 1095 жылы Папа II Урбанға елші жолдап, ол Пьяченца қаласында қабылданды. Пьяченца кенесі кезінде елшілер түркі-селжұқтарға қарсы күресте көмек көрсету туралы Алексей I Комниннің өтінішін жеткізді. II Урбан императордың өтінішін қабылдап, көмек өте ауқымды түрде берілетіні жеткізілді. Осы жағдайдан соң Батыста католик шіркеуінің ұйымдастыруымен еуропалық билеушілер мұндай күшке қарсы тұру қажет екенін түсінді (Cerrini, 2000:223-226). Рим Папасы II Урбан Шығыстағы өсіп келе жатқан Ислам ықпалымен күресу қажет деп тапты және олардың Шығыста таралуы мен одан соң Жерорта теңізіне түсу ықтималдығын шектеу қажеттігін алға тартты. Қалыптасқан жағдай Папаның Шығысқа көзқарасын қатты өзгертті.

1095 жылы қараша айында Рим Папасы II Урбан Францияға келді. II Урбан француз қаласы Клермонда дінбасылардың кеңесін өткізеді. Папа Францияға бұл жердегі шіркеу істерін ғана реттеуге келмеген. Француз жеріне ене отырып, ол ақсүйектерге Шығыстағы христиандарға көмек көрсетпек ойы бар екенін білдіреді. Шамасы, Папа алдын ала мақсаты мен мағынасы анық іс-қимылдың қандай да бір жоспарын жасаған болса керек. Әрине, оған бірнеше ай уақыт керек екені белгілі. Ресми мәжілістен кейін, жылнамашылардың айтуынша, барлық қатысқан мүшелер собордың бекіткен қаулысын дұрыс орындауға уәде берген. 26 қараша күні II Урбан жиналған халықтың алдына шығып, салтанатты түрде сөз сөйледі. Папа католиктерді Жерорта теңізіне дейін жеткен мұсылмандарды, оның ішінде парсы тайпалары мен түріктерге қарсы соғысқа шақырды. (Cregut, 1895:32-33). Сонымен, Клермонда Батыс Шығысқа қарсы Крест жорығына шығу керек деген ұран тасталды.

1095 жылы 27 қараша күні Рим Папасы II Урбанның қатысуымен Клермон кеңесінде Шығысқа қарай аттану туралы шешім қабылданды. Ол бойынша: 1096 жылы Шығысқа жорыққа аттанатын болып, оған дайындық бекітілді. Соғыстың бастамашы Папа II Урбан болып, арнайы әскербасылар тағайындалды. Соғысты жүргізуші әскербасылар қатарына:

1. Лотарингия герцогы, Готфрид Бульонский мен оның бауыры Евстафия,
2. Болдуин Бульонский Готфрид пен Евстафияның ағасы;
3. Юстас Бульонский Готфрид пен Болдуиннің туысы;
4. Тулуза графы Раймонд;
5. Вермандуа и Валуа графы Гуго Вермандуа;
6. Фландрия патшасы II Роберт Отвил мен ұлы Боэмунд Отвил;
7. Византия императоры Алексей I Комнин.

Көрініп тұрғандай, әскербасылар нормандардан, француз және италян дворяндарынан алынып отыр. Бұған қоса немістер мен Еуропаның ірілі-ұсақты княздіктерінен соғысқа барушылар іріктелді. Негізгі қатысушылар мен әскербасыларды сайлай отырып, алдағы уақытта бағындырылуы аймақтар жоспарға алынды.

1. Шығыста Христан дінінің Қасиетті жерлерді мұсылмандардан азат ету;
2. Христиан қажыларының тегін өтуіне кепілдік беру және киелі жерде тұру;
3. Император Алексей I Комнинге жаулап алған селжұқ түріктеріне қарсы көмек көрсету. Сондай-ақ, 1055 жылы селжұқтар тарапынан алынған Бағдат, Сирия және Палестинаны кері қайтару;

4. 1054 жылдан бастап Шығыс Христандары арасында алауыздықтан бұзылған бірлікті қалпына келтіру (Formoso, 2017: 9-10).

Рим Папасы II Урбан Иерусалимдегі Жаратушының табытын және «Шығыста мекендейтін бауырларын», яғни Шығыс христиандарды азат етуге шақырды. Сонымен қатар ол жаратушының атымен Крест жорығына қатысушыларға, «өз діні үшін күресушілерге» кінәсін жууға, ал «дінсіздермен» күресте өз жанын құрбан ететін әскерлерге мәңгі сыйлық беретіні айтылды. Бұл уәде Папа сөздеріне сензорлар мен әскерлердің алдында ерекше салмақ берді. Айта кетерлігі, бұл кезде Папа II Урбан кулыққа барып, француздар, италяндар мен немістер арасынан ең күшейіп келе жатқан әскерилерді жорыққа аттандырды. Соғыс қимылдарына ешбір дипломатиялық қабілеті болмаған, болмысы мен моральдық-психологиялық тұрғыдан соғысқа әбден дайын деп саналған адамдар әскерге алынды. Басты мақсат, ешбір келісімсіз және өзара дипломатиялық қатынастарсыз тек Шығысты соғыспен барып басып алу болды.

Неміс тарихшысы Карл Эрдманн Крест жорықтарының Батыста үлкен халықаралық идео-

логияға айналғанын айтады. Шын мәнінде Крест жорықтары белгілі бір идеологияның аясында орын алды. Ол дінаралық қайшылықтарға бағытталған идеология еді. Крест жорығы идеясы христиандықтың әлемдік үстемдігін алдын ала анықтады. Мұнда ең қиын жағдай Батыс христиандар үшін Таяу Шығыстағы Христан дінінің Қасетті орындарына зиярат етуге жолдың жабылуы болды (Erdmann, 1935:18). Осыған байланысты бұл соғыс христиандар мен мұсылмандардың қарама-қайшылықтарының асқынған формасы болды.

Көріп отырғанымыздай, Селжүк мемлекетінің Таяу Шығыс пен Орта Шығыста және Кіші Азияда кеңеюі әуелде Византияға зор қауіп төндірді және сонымен бірге Батыс әлемінің назарын өзіне аударды. Батыста селжүктер мен басқа да мұсылман халықтарымен бірге арабтар деген түсінік қалыптасты. Осы орайда мына мәселеге назар аударған орынды. Батыс әлемінде Селжүк мемлекеті византиялықтар сияқты «түрік-селжүктер» елі деген атқа ие болғанмен, олардың түсінігінде селжүктер арабтар мен парсыларға жақын мұсылман мемлекеті деп саналды. Бұл әрине жаңсақ пікір. Селжүк мемлекеті негізінен түркі халықтары құрған мемлекет болып, ол Таяу Шығыс пен Персияны иемденген соң қуатты империяға айналған тұста оның құрамында түркілермен бірге парсылар мен арабтар өмір сүрді. Сондықтан, Батыс зерттеушілері Селжүк мемлекетін Шығыста қуатты мұсылман мемлекеті ретінде таныды. Крест жорықтары кезінде Ұлы селжүк мемлекетінің құрамынан шыққан Кония (Рум), Кермана және Сириялық сұлтандықтар өмір сүрді және олар кресшілерге жеке-жеке қарсылық көрсетті (Reasock, 2015:72-75).

Осылайша, 1096 жылы Батыс Еуропа елдерінен жоғарыда аталған рыцарлар мен әскербасылар бастаған жер қайысқан әскер Шығысқа аттанды. Әскердің қатарында негізінен шаруалар мен кедейлер және орта тап өкілдерінен құралған жауынгерлер жасақталды. Сондықтан тарихшылар христиандардың алғашқы әскери жорығын «Шаруалардың крест жорығы» деп жиі атайды. Оның себебі, жорыққа қатысуға алғаш ниет білдірген орта шаруалар болды. Папа II Урбан карттардың, мүгедектердің, әйелдердің, діни қызметкерлердің немесе монахтардың крест жорықтарына ант беруін қаламады. Оның орнына ол оны әрекетке шақырғаннан кейін әскери тап (дворяндар мен рыцарлар) крест жорығын жоспарлап, басқарады деп үміттенді. Алайда жоғарғы тап өкілдері II Урбанның үндеуіне жылдам

жауап қайтармады және керісінше шаруалардың қала орталықтарына жиналуымен басталды (Jackson, 2009:12-13).

Мыңдаған адам Константинопольге аттанды. Олар барар жол бойындағы қалаларды тонады. Жеңілген қауымдардың азық-түліктері мен материалдарын талан-таражға салу Орта ғасырларда әскери операцияларды қолдау үшін әдеттегі тәжірибе болғаны белгілі. Шаруалар Рейн жерін басып өтіп Балқанға, одан ары ақыры Константинопольге жетті. Византия астанасына келген кресшілер қалаға кіре алмады. Анна Комнинаның хроникаларында «Кресшілердің үстінен қанның иісі аңқып, олар варварлар сияқты көрінді» – деп деп жазады (Comnène, 1937:311-318). Кресшілердің алғашқы легінің мұндай жағдайын көріп Византия элитасы варварларға қатты күдікпен қарады, оларды Батыстан көмекке келген кресшілер емес, варварлар деген күмәнді ой туды. Сондықтан император Алексей Комнин олардың көзін жоюдың жолдарын қарастырды. Византия билігі кресшілерді қабылдамаған соң олар селжүктермен және Константинополь айналасында жүрген көшпелі тайпалармен табыса келісе алмай соғысып жеңіліске ұшырады. Осылайша император кресшілердің алғаш келген тобына опасыздық жасады. Қазіргі кездегі зерттеушілер оқиғалардың бұл желісін түсіну үшін сол кездегі Византия қоғамының табиғатын түсіну керек деп тұжырымдайды.

Арадан біраз уақыт өтіп, 1097 жылы негізгі бөлім жетіп, оларды рыцарлар мен шіркеу тағайындағын әскербасылар бастап келді. Кресшілердің бұл легі де біраз уақыт сыртта қалып қойды. Бұл туралы ортағасырлық автор Фульхерия Шартрскийдің жазбалары хабар береді. Автор Византия империясының астанасы қабырғаларының астында бекінген крест жорықтарын бейнелейді. Ол: «Қаланың көз алдында шатырларымызды тігіп, он төрт күн жаттық. Біз қалаға кіре алмадық. Император біз оған зиян тигіземіз деп қорқып, бұған жол бермеді; Біз күн сайын тамаққа қажеттінің бәрін қабырғадан сатып алуға мәжбүр болдық. Тұрғындар мұның бәрін бізге императордың бұйрығымен әкелді» – деп жазады. (Foucher, 2006: 118-122). Осыған байланысты кресшілер Алексей Комнинді арамдық пен сатқындық жасаушы деп айыптады. Тіпті оған қарсы шығып Византияға қауіп төндіруді ойластырды.

Алайда, жағдайды терең түсінген император күші мен қуаты тасыған кресшілерден қауіптеніп, оларға жылы шырай таныта баста-

ды. Қалаға рыцарьлардың кіруіне рұқсат берді. Бес-алты адамнан тұратын шағын топтар кіріп, олар шіркеулерге дұға етуге барды. Батыс рыцарлары император Алексейдің қол астындағыларға қатыгез және дөрекі болып көрінді, ал оларды батыстықтар қорқақ деп санады. Дегенмен, Алексей Комнин кресшілердің келуін өз империясының қорғаны деп санап, Антиохия қаласын Сириямен бірге өзінен тартып алған түріктерді солардың көмегімен жеңуге үлкен үмітпен қарады. Ал, кресшілер сенім үшін күресіп, жаулап алған жерлерін сақтап қалуды көздеді (Praver, 1972:22-25). Алексей Комнин өз империясын және халқын селжұқ түріктерінің агрессиясынан туындайтын аса ірі қауіптен қорғауға тырысып жатқан мемлекет қайраткері ретінде әрекет етті.

Кресшілер мен селжұқтардың Никея қаласы үшін соғысы

Крест жорығын бастайтын еуропалық әскерлердің негізгі бөлігі Кіші Азия жағалауында 1097 жылдың ақпанында жинала бастады, ал келесі бірнеше айда олардың саны біртіндеп 75 000-ға дейін өсті, оның ішінде 7500 ауыр қаруланған атты әскер және 35 000 жеңіл жаяу әскер болды. Олардың селжұқтарға келу уақыты өте қолайлы болды. Бірнеше ай бұрын Рум селжұқ мемлекетінің сұлтаны Кылыч Арслан жоғарыда аталған «шаруалардың крест жорығын» оңай жеңді. Франктердің екінші толқыны да аз қауіп төндіреді деп ойлап, ол Шығыстағы аумақтық дауларды шешуге кетті. Бірақ сұлтанның кетуі үлкен қателік болды, өйткені оның кетуі христиандарға көктемде Босфордан кедергісіз өтіп, арғы жағында әскери плацдарм орнатуға мүмкіндік берді. Бұдан соң Кресшілердің Никеяға қарай жылжуына мүмкіндік туды.

Бірінші Крест жорығында кресшілер мен селжұқтардың бірінші және ең негізгі түйіскен нүктесі Никея қамалы болды. Никея қамалы сұлтан Кылыч-Арсланның астанасы саналды. Византия императоры мен кресшілердің әскери жетекшілері арасында алғашқыда туындаған өзара келіспеушіліктерге қарамастан, тараптар тез арада ымыраға келіп, бір-бірін түсінгендей тарады. Күмәнді ойлар мен әрекеттер біршама сейілді. Константинопольден Кіші Азияға енгеннен кейінгі бірінші қақпа ол Никея қаласының қақпасы еді. Бұл туралы бірқатар зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде талдау жасалып, дегенмен онда селжұқтарға қарағанда кресшілердің позицияларына назар аударылған (Corliss, 2003:169-171).

Никея (Никея) қаласы орналасқан жері өте керемет, табиғаты әсем және бекінісі инженерлік өнерлік өнердің соңғы үлгісімен жабдықталып, бекінген қала. Батыс жағында оған іргелес үлкен көл жатыр, оның қабырғаларын қалған үш жағынан орлар қазылған және олар суға толтырылған. Бұдан бөлек, оның айналасы мықты қабырғалармен қоршалып, бұл қабырғалар, адамдардың шабуылынан да, машиналардың әрекетіне де (атыс қарулары) төзімді болды. Расында да, көрші мұнаралардан шыққан баллисталар бір-бірін жауып тұратыны сонша, оларға ешкім жақындай алмады.

Бұл қаланы 1078 жылы түркі-селжұқтар алып, ол византиялықтар үшін ең үлкен шығын болған еді. Кресшілер Шығысқа жылжу үшін осы қаланы алуы тиіс болды. Одан ары қарай жылжу мүмкін емес еді. Кіші Азияға енген кресшілер Никея қабырғаларына жақындап келді. Кресшілер 1097 жылы 15 мамырда қаланы қоршауға кірісу үшін алға жылжыды. Онда әртүрлі армия корпустары жиналды және олар қала халқымен соғысуда біраз уақыт Тарантолық князь Тарент Боэмундтың әскери қолбасшылығында әрекет етті (Frantz, 1934: 48-52).

Латындардың (кресшілер), яғни батысуеропалықтардың Кіші Азиядағы алғашқы мұсылмандық объект болған Никеяны византиялық әскермен одақтасу арқылы алу жоспарланды. Византия императоры Алексей Коининнің басты нысанаға алған объектісі осы Босфор жағалауынан біршама қашықтықта орналасқан Никея қаласы болды. Сондықтан ол кресшілермен тізе қосуға дайын болды. Кіші Азияның батысындағы түрік бекіністері Константинопольге қауіп төндірді, бірақ император бұған тойтарыс беріп отырды. Алексей енді өзінің жаңа қаруын, варвар франктерін Никеяға қарсы қолдануға шешім қабылдады. Кресшілердің Кіші Азияға қарай енуі олардың Византия императорына алғаш жасаған көмегі болды. Олар 6 мамырда Никеяға келген болатын. Алғашқыда, олар қамал алынбайды деп ойлады. Куэгерлердің айтуынша, қала «білікті адамдар қаланы биік дуалмен қоршап алғаны сонша, ол жаудың шабуылынан да, қоршау қозғалтқыштарынан да қорықпады» деп мәлімдеді.

Соғысқа қатысушы сол заманның куэгерлерінің бірі Гвиберт Ножанский қоршаудың жалпы көрінісін былай сипаттайды: «Ол жерде жиналған, әрқайсысы арыстан жүректі әскерлер, сондықтан ондағы барлық жауынгерлерді санамалап шығу мүмкін емес. Никея қамалының қабырғалары жан-жақтан қоршалғанын көру

қандай қуаныш, алтын жалатылған қоламен көмкерілген дулығалар мен қалқандар алтындай жарқырап тұрды» – деп сипаттайды (Bourgin, 1907: 178). Кресшілердің мақсаты Никеяны алу болды. Селжүктер мен қала халқы мейлінше батыл қорғанды. Бұл соғыс кресшілер мен селжүктер арасындағы аса ауыр соғыс болып, мұнда әскер саны өте көп болған. Осы орайда Никеяға қарай бағытталған әскер саны туралы әр түрлі мәліметтер бар екенін ескерсек, онда хронистер Гвиберт Ножанский мен Фульхерия Шартрскийдің мәліметтері бойынша кресшілердің жалпы саны 100 мыңнан астам болған және олар өте жақсы қаруланған (Фульхерий, 2020:59-60).

Христиандар қоршаудың бірінші кезеңінде жеңілуге өте жақын болды. Өз астанасының нақты қауіп төніп тұрғанынан хабар алған Кылыч Арслан көктемнің соңында Кіші Азиядан оралды. 16 мамырда ол қаланың оңтүстігіндегі тік, орманды төбелерден Никея алдында әскерге тосын шабуыл ұйымдастырмақ болды. Алайда, франктердің лагерінде тұтқынға алынған түрік тыңшысы азаптау және өлім қаупімен селжүктердің жоспарларына опасыздық жасады, ол барлық құпия шабуыл туралы мәліметтерді беруге мәжбүр болды. Түркі-селжүктер мен мұсылмандардың шабуылы басталған кезде латындар дайын болды және селжүктердің саны аз болғандықтан, олар көп ұзамай Кылыч Арсланды шегінуге мәжбүр етті. Ол қашып кетті және оның әскерінің көпшілігі де зардап шекпеді, бірақ Никея гарнизонының әскери беделі төмендеді және моральдық жағдайы қатты бұзылды. Бұдан да үлкен моральдық әсер қалдыруға тырысқан кресшілер жүздеген адамның басын кесіп тастады.

Бұл кезде кресшілердің соғысқа тас-түйін дайындықпен келгені белгілі болды. Бұл туралы ортағасырлық Аахендік Альберт есімді хронистің жазба деректері мәліметтер бере алады. Оның айтыуынша, кресшілер Никеяның маңындағы Никомедия қамалына латын жасақтарын шоғырландырған, онда император Алексейдің өзі жағдайды бақылауда ұстаған (Alberti, 1979:562-563). Император Алексей соғыс қозғалтқыштарымен қамтамасыз етті. Қаланы қоршауға алған әскерге абырғаларға қағатын биік ағаш мұнаралар, баллисталар мен тас лақтырғыш құралдар әкелінді және соның күшімен қорғандар бұзыла бастады. Бірақ түріктер шебер садақшылар болған. Олар барынша қарсы күресті. Император Константинополь портынан жүзген кемелерге қала қоршауын бұзуға қажетті құралдары мен жабдықтарын әкелді.

Никея қаласының қоршауға алынуы кресшілер мен түркі-селжүктер арасында орын алған ең ірі және ауыр соғыс оқиғаларының бірі ретінде Бірінші Крест жорығының тарихына енгізілді. Мұнда тек кресшілер ғана емес, сонымен бірге императордың әскерлерінің ықпалы өте күшті болғанын ескерген дұрыс. Олар құрлықтан да судан да әрекет етті. Соның бірі Никеяның оңтүстігінде созылып жатқан Аскания көлі арқылы әскери қимылдар жүрді. Император Алексей Комнин өз әскерін жергілікті түркі тектес ортадан шыққан суда жақсы жүзетін жалдамалы әскерилердің қайықтарына отырғызып жіберді. Бұл әдіс қалаға кірудің негізгі жолы еді. Бірақ, осыған қарамастан шайқас жалғаса берді. Император жағдайдың өте ауыр екенін және оның созылуынан қауіптенді. Ақыры, 1097 жылы 19 маусым күні шабуылдың қызған уақытында кенеттен бекініс қабырғаларының үстінде желбіреп тұрған Грек империясының туын көрді. Қала құлады. Алғашқыда қалаға тек императордың жауынгерлеріне ғана рұқсат етілді, олардан соң кресшілер шағын топтармен кірді. Қоршау жеті аптаға созылды, оның барысында Византия императоры қамтамасыз еткен азық-түлікке қарамастан, кресшілер зардап шекті, олардың көпшілігі аштықтан өлді.

Осылайша, екі айлық қоршаудан соң Никея құлады және оның құлауы кресшілердің алғашқы үлкен жеңісі саналды. Никеяның алынуы Бірінші крест жорығы кезіндегі грек-франк ынтымақтастығының жоғары нүктесі болды. Бастапқыда крест жорықтарының қатардағы адамдары арасында олжаның жоқтығына наразылықтар болды, бірақ Алексейдің одақтастарын жомарттықпен марапаттау туралы шешімі кресшілерді күмәнсіз қалдырды. Кейінгі Батыс жылнамалары Никея құлағаннан бері болған шиеленістерді едәуір арттырды, дегенмен Этьен де Блуаның үйіне жазған хаты одақтастар арасындағы достық пен ынтымақтастықты анық көрсетеді. Император науқанның келесі кезеңін талқылау үшін крест жорықтарының жетекшілерімен аудитория өткізді. Кіші Азия арқылы өтетін жол келісіліп, келесі мақсат Антиохия қаласы белгіленді.

Кресшілер мен селжүктер арасындағы Дорилия даласындағы шайқас

Никея қоршауынан кейін Бірінші крест жорығының әскері Кіші Азия арқылы Антиохияға аттанды. Никеяның қоршауынан соң кресшілер мен селжүктердің түйіскен келесі бір саяси нүктесі ол Дорилия (Дорилеум) даласы болды.

Бұл жер еуропалық тарихи әдебиеттерде «Горгони аңғары» деп те аталған. Никеядағы жеңістен кейін масаттанған кресшілер Таяу Шығыста Иерусалимге қарай жол тартты. Бірақ, ол үшін кресшілер ұзақ жолды жасуы керек еді. Кресшілер Сирия мен Палестинаға бағыт ұстай отырып, Никейден 1097 жылы 25 маусымда шығып, екі күннен кейін қазір Сакария деген атпен белгілі Галл өзенінің Сангарийге құятын жеріндегі көпірге келеді. Суы жоқ шөлді жермен жүруге тура келгендіктен, әскер екі корпусқа бөлініп, оны Готфрид, Раймунд, Ұлы Гуго және граф Фландрский басқарады. Басқа әскери корпусқа Боэмунд, Танкред және герцог Нормандский қолбасшы болады. Готфрид әскерлері оң жаққа, Боэмунд әскерлері солға қарай кетеді. Үш күннен кейін Боэмунд әскерлері Горгони аңғарына шығады. Кенеттен олардың алдынан тау жақтан селжүк сұлтан Кылыч-Арслан шығады. Сұлтан Кылыч Никеядағы орын алған сәтсіздіктен кейін жаңа күш жинап, кресшілердің соңынан жүріп, астананы жаулап алғаны үшін есеп айырмақшы болады.

Ал бұл Горгони аңғарына келген Боэмунд өз әскеріне шатырлар тігуге тапсырма береді. Өзен жағасына лагерьді орналастырып, ол жерге әскердің әлсіз бөлігін орналастырады. Боэмунд әскерлеріне жасалған шабуыл күшті болды, өйткені Кылыч Арсланның әскері сан жағынан көп еді. Кылыч Арсланның әскері латын лагеріне баса-көктеп кіріп, тек қана әйелдерге тиіспей, басқасын қырып жояды. Боэмунд шайқас даласына шыққаннан кейін жағдай өзгереді. Герцог Нормандский алтынмен апталған ақ туды ұстаған әскердің қолынан жұлып алып «Нормандықтар, соңымнан еріндер!», – деп айқайлайды. Кресші рыцарьлар бірнеше сағат бойы шайқасып жатқанда, Готфридтің әскері келгенде, мыңдаған әскер қуанғанынан айғайлайды. Шайқас басында Боэмунд Лотарингия герцогына жаушы жіберген болатын.

Кешке шайқас аяқталып, мұсылман әскерінің жоғары шендегі үш мың адамы, төменгі шендегі 20 мың адамы өледі. Горгони аңғарынан ары екі миль жерде орналасқан мұсылман лагері кресшілер қолына өтеді. Кресшілер 4000 адамынан айырылады [139, с.25]. Крест жорығының алғашқы осы шайқасы «Дорилей шайқасы» деген атқа ие болды, қазір ол Түркияның Эскишехир қаласы болып табылады. Христиандар тарап кетпей, шайқасты жалғастырмақшы болды. Әрине, бұл шешім дұрыс болғанымен, азық-түлік, су жетпей жатса, қиын болатын еді. Тү-

ріктер кресшілер жүретін Каппадокия, Исаврия, Фригия жерлерінің бір бөлігін тонап, өртеді. Бұл шайқас орны түркі-селжүктердің кресшілермен ең маңызды соғыс алаңы болды. Дорилей даласы туралы еуропалық хронистердің мәліметтерінде аз да болса айтылады. Альберт Аахенский еңбектерінде бұл жер «Догорганхи аңғары» деп аталады. Тек Анна Комнина бұл жерді «Дорилеум жазығы» деп нақты көрсетті (Комнина, 2006:110-113).

Дорилей шайқасында кресшілердің әскері бірден екі бөлікке бөлінді. Ол: Богемонд, Танкред, Нормандық Роберт және Стефан Блуа басқарған кемінде 20 000 адамнан тұратын авангард және Фландриялық Роберт, Ұлы Гуго, Готфрид Бульонский және Тулузалық Раймонд басқарған 30 000-нан астам адамнан тұратын негізгі күш болды. Ф.И. Успенский дереккөздерге сілтеме жасамай, Готфридтің шайқасқа қатысуын даулап: «Готфрид Дорилейдағы шайқасқа мүлде қатыспаған» – деп көрсетеді (Успенский, 1970: 20-25). Кеңестік тарихшының бұл тұжырымы Батыс ғылымында қате пікір деген баға алды. Альберт Аахенскийдің айтуынша, екі күн бірге жүріп өткен кресшілер әскері азық-түлік тапшылығына байланысты бөліну туралы шешім қабылдады (Knoch, 1966: 22-26).

Бөлінудің себептері нақты анық емес, өйткені деректер оны басқаша сипаттады. Негізгі армиямен бірге болған Раймонд Агильский дивизияны тым асығыс алға ұмтылған авангард командирлерінің қателігінің салдары деп есептеді. Раймонд Агильскийдің мәліметтері бойынша Селжүк сұлтаны Кылыч Арслан, Данышменд Гүмүштегін Гази және Кайсерілік Хасан Беймен бірге кресшілерден келетін қауіп-қатерді ескеріп, оған қарсы күштерін біріктірді. Олар Дорилеум маңында кресшілер 8 мыңдай әскермен жүріп келе жатқан жолдың екі жағында шабуыл ұйымдастырды. Данишмандтардың шығу тегі туралы өте аз мәлімет бар, олар негізінен түркі текті болып, олар армяндармен күш біріктіре алды. Богемонды басып алғаннан бастап шамамен 1102 жылға дейін олар селжүктердің адал одақтастары болды (Talbot, 1968: 44-49). Айта кетерлігі, X-XI ғасырлардан бастап Византия аумағында түркі халықтары көп болды. Олардың тегі селжүктерге жақын болды және оғыздардың басқа да көшпелі ұрпақтарынан құралды.

1097 жылы 30-шы маусымда селжүктер Дорилейден алыс емес жерде орналасқан Порсук өзені бойында өз қарсыластарын күтіп жатты. Шілде айының 1 күні біріккен селжүктер әске-

рі түнгі уақытта дайындалып, таулар арасынан кресшілерге шабуылды таңға жуық жасады. Ең алдымен Боэмунд Тарентский мен Фландриялық Роберт басқаратын лагерьдің алдыңғы қатарына шабуыл жасады. Селжүктер кресшілерді жан-жақтан найзамен шабуылдады. Боэмунд шабуылға төтеп бере алды. Шабуыл күн өткен сайын қатігездік сипатқа ие бола бастады. Түс уақытында артта келе жатқан екінші әскер де соғысқа араласты, аталған әскер басын Раймунд Тулузский басқарды, таңертең соғыс басталғанда бұл қолбасшыға норманндар мен француздарға қауіп төнгенін жеткізетін елші жіберілген болатын. Өз жақтастарына көмек көрсеткен әскерлерді, сонымен қатар герцог Готфрид пен граф Вермандуа басқарды. Олардың басшылығымен соғыс барысы өзгеріске ұшырады. Уақыт өте келе Боэмунд әскерлеріне провансальдықтар да келіп қосылды. Сан жағынан басымдылық енді кресшілерде болды. Олардың қолынан жауларын қатты қыспаққа алу келді. Шабуылға сенімді селжүктер қорғаныс жағынан әлсіздік танытты.

Дорилея соғысында әскердің бөлініп әрекет етуі туралы француз тарихшысы Дж. Мишо былай дейді: «Олар енді шөл және сусыз жерлерден өтуге мәжбүр болғандықтан, армия екі корпусқа бөлінді. Соғысқа кірісер сәттерде олар тығыз байланыста болды және бірлесе әрекет етті. Оның пікірінше, крест жорықтарының әскерлері 70 мыңға жуық адам болған. Мұндай әскердің сумен, басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз ету жергілікті ресурстардың жоқтығынан қиын болды. Төрт күннен кейін Дорилеумде кездесу жоспарланған болатын. Дж. Мишонның пікірінше, бөлінудің нақты себептері үлкен көлемде және біртұтас команданың жоқтығы болды (François, 1900: 65-66). Бұдан тыс, соғыстың барысына Папалық легат Адемара де Пюидің іс-әрекеттері өз әсерін тигізді. Қарулы әскер мен епископтың басқаруындағы провансальдықтардың үлкен жасағы (олар басқа басшылармен кеңесуге мүмкіндіктері болмады) селжүктерға кенеттен артқы жақтан түтқиылдан шабуыл жасады. Екі жақтан қыспаққа алынған селжүктер қару-жарақтарын соғыс алаңына тастап, жан-жаққа қаша жөнелді, тіпті сұлтан мен әмірлердің шатырлары қымбат заттарымен бірге алаңда қалып қойып жатты (Успенский, 1970: 117).

Селжүктер сонымен, Дорилея бойында қатаң жеңіліске ұшырады. Соғыстың мұндай нәтижесі Кіші Азиядағы көтерілістердің бағытын анықтауға ықпалын тигізді. Кресшілердің Сирияға

кеңінен жол тартуларына мүмкіндіктер пайда болды. Селжүктердің ойсырата жеңілулері Византияның ұзақ мерзімге қауіпсіз болуына жол ашты. Осылайша, 1097 жылы 1 шілдеде крест жорықтарының алдыңғы қатарын көріп, селжүктер оған шабуыл жасады. Олар жеңіске жетуге аз қалды, бірақ кресшілердің негізгі әскерінің бір бөлігі дер кезінде жетіп келіп, ол соғыс жағдайын өзгертіп жіберді. Кылыч-Арслан соғыс даласынан қашып кетті. Дорилеум шайқасы туралы берілген еуропалық деректерге сәйкес осы шайқаста кресшілер 4 мың, ал селжүктер 3 мың адам шығынға ұшыраған шығынға ұшыраған (Asbridge, 2010:60-65). Рум сұлтандығының әскери қуаты әлсіреп, Дорилеядағы жеңістен кейін кресшілер Анадолы арқылы іс жүзінде еш кедергісіз өз жорықтарын жалғастыра алды. Олардың Антиохияға тікелей жолы ашылды. Дорилея даласындағы шайқастың кресшілер үшін және саяси-тарихи маңызы өте зор болып, оларға Шығысқа қарай жеңісті жолы ары қарай жалғасын тапты. Кресшілер селжүктердің саяси өміріне ерекше ықпал етті.

Кресшілер мен селжүктердің Кіші Азия мен Таяу Шығыстағы соғыстары

Дорилея шайқасынан соң әскерлер алға қарай жылжыды. 1097 жылы тамызда кресшілер Иконияға (қазіргі Кония) жетті. Бұл жерде олар бір аптаға тоқтап, аздап кідіріп қалды. Оның негізгі себебі, кресшілер әр түрлі ауру түрлеріне шалдыға бастады. Дегенмен, олар тоқтаған жердің табиғаты адам денсаулығына және тынығу мен күш жинау үшін қолайлы болды. Содан кейін әскерлер тағы ұзақ жолға шықты. Ираклийға жақын жерде Боэмунд әскерлері селжүк әмірлерін тағы жеңіліске ұшыратты. Онсыз да бұл әмірлерді Тавр тауына қарай бағыттау мақсатында кресшілердің әскерлері күтіп тұрған еді. Мұндай оқиға орын алған жағдайда селжүктердің жерлері франктердің басып алуынан аман қалатын еді. Боэмундтің қайсар іс-әрекеттері бұл пиғылын көрсетті. Селжүктер екінші рет кері шегінді.

Қыркүйек айында кресшілердің негізгі қолы Кіші Азияның Солтүстік Шығыс бағытындағы Кесария (қазіргі Кайсери қаласы) мен оның аймағы арқылы Тавр таулар тізбегін айналып өтіп, Марашқа жетуге шешім қабылдады. Бұл жолдың бағытын византиялық жасақтардың басшысы Татикий ұсынған болатын. Ол империяның саясатын қолдаушы тұлға ретінде мынадай мақсатты көздеді. Өздерінен алыс жатқан Константино-

поль вассалдық басшылығының қол астындағы армяндық княздарға билік жүргізуге тырысты. Кресшілердің басшылары Татикий кеңесіне құлақ асты, себебі олар көрсеткен жолдың бағыты басқа жолдарға қарағанда қауіп қатері аз болды және Тавр таулары арқылы өтетін қысқа Киликиялық және Сириялық таулы аймақтар арқылы Оронта даласына, одан ары қарай Антиохияға тікелей шығуға мүмкіндік берді. Бұл жол бағыты өте тар және жылдың жаңбырлы уақыты кезінде қиыншылықтарға толы болатын. Сонымен қатар, бұл жергілікті жердің билігі селжұқтардың қол астында болды, ал Татикий ұсынған жолдар бойындағы облыстарда діні бойынша армяндар мекендеген еді (Willemart, 1972: 29-34).

Осылайша, енді кресшілер Кіші Азияның оңтүстігіне қарай жылдам жылдам қарқынмен жылжыды. Жол-жөнекей кездескен халықтардың көп бөлігі тоналды. Олардың өз еркімен берілгендері ғана аман қалып отырды. Кіші Азияның, яғни Анадолияның оңтүсік аймақтарында өмір сүріп жатқан селжұқтар мен басқа да түркі-мұсылман тайпалары соңғы демі қалғанша кресшілерге қарсылық көрсетіп отырды. Алайда, Кресшілер мұнымен тоқтамады. Италиян әскерлерінің қолбасшысы Танкред, Готфридтің ағасы Балдуин фламандтықтармен алғы шепке жіберіледі. Ликаония арқылы өткеннен кейін олар жауды кездестірмеді осыдан соң олар Киликияны алуға тырысты. Алда келе жатқан қолбасшы Танкред Тарс бекінісінде тоқтап, қасиетті бұл қалада өз туын тігуге бұйрық береді.

Киликияда Танкред және Балдуин Булонский Тарс қамалы үшін өте ауыр соғыс жүргізді. Бастапқы кезде граф Балдуин Танкредпен біріге отырып селжұқтардың қол астындағы христиандар мекендейтін қалаға басып кіруді ұсынды, соңында қазынаны бөліп аламыз деген шарт қойды. «Қалаға бірге басып кіріп тонаймыз және кім көп қазынаны тартып ала алса сол аталған қазынаның иесі болсын» – деп нормандық белгісіз автор олардың ойларын сипаттаған болатын. Дегенмен бұл тонаушылық іс-әрекеттің жоспары жүзеге аспай қалды. Кресшілерге қарсы шыққан селжұқтар кері қашып ал қаланың христиандық халқы Танкред пен оның қоластындағы нормандарына қала есігін ашып берді, Балдуин бекініс басындағы қарсыластың жеңісін көріп билікті оған беруін талап етті (Richard, 1953, 388-402)

Айта кетерлігі, Киликияда және Анадолияның оңтүстік-Шығыс бөлігінде армяндар өмір сүріп олар да селжұқтардың көмегіне сүйенді және олардың қоластында болды. Жалпы, Кили-

кияға басып кіру кресшілердің іс-әрекеттерінің нәтижесіне өзіндік әсерін тигізді. Армяндарда қалған франктердің гарнизондары Антиохияға билік жүргізу мақсатында, селжұқтарға болашақта осы жергілікті жердің аумағында базаны сақтап тұруға кедергілер жасап тұрды. Бір жағынан, кресшілердің екі басшылары арасындағы талас-тартыс жергілікті жердің халқы христиандар мен мұсылмандар үшін сабақ болды. Кресшілердің, оның ішінде франктердің өз арасындағы қатынастары жақсы емес екендігі және бұл қалыптасқан жағдай қажет болса қарсыластар үшін тиімді болатыны белгілі болды.

Автор Фульхерий Шартрский капеллан Балдуин Булонский туралы былай жазған болатын: «Біз әртүрлі тілде сөйлесекте, дегенмен, біз дінге деген көзқарасымыз өте ұқсас, бір-бірімізге туыстардаймыз немесе ағамен бауырдаймыз». Латындық жылнамашылар мұндай қарым-қатынасқа сын көзбен қараған жоқ, кейінгі басқа буржуаздық бағытты ұстанған тарихшылар крест жорықтарын мұсылмандық Шығыспен күрестегі «Батыстың ұлылығы мен біркелкілігі» ретінде танытуға тырысты (Фульхерий, 2020:65-66).

Селжұқтардың әскерлері мен әулет өкілдері өз жасақтарымен оңтүстікке қарай ығыса түсті. Ал, кресшілер болса селжұқтар артта қалдырған жолдардың ізімен өкшелеп жылжып отырды. Кресшілер Анадолиядағы бекініс Кесариядан өтіп армяндық Команаға жол тартты. Бұл жерден Боэмундтың әскері Данишмендилердің соққыға ұшыраған жасақтарының соңына түсті, бірақ бұл әрекеттен ешқандай нәтиже шықпады. 1097 жылы қазан айында рыцарьлар бастаған көтерілістер Марашта да орын алды. Бұл жерге Балдуин Бульонский де жүздеген әскерлерімен келді, ол Марашта екі күн ғана болды. Артынша ағасы герцог Бульонскийдің кеңесі бойынша оңтүстік-Шығыстағы Евфрат жаққа жол тартты. Ол жеке княздық құруға ұмытылды. Балдуинді өз жоспарларынан бас тартуға әйелінің қайтыс болуы да, басқа кедергілерде өз ықпалын тигізе алмады.

Қыс айларын жолда өткізген Балдуин Бульонский келесі 1098 жылдың ақпанында бай, әрі көркем армяндық қала Эдессаны жаулап алды. Эдесса 1087 жылы селжұқтар тарапынан басып алынған болатын. Бұл қала мен оның аймағында селжұқтар мен армяндар тату өмір сүрді. Месопотамия мен Сирия арасында орналасқан қолөнер мен керуен саудасының ірі орталығы болып саналған Эдесса немесе Урха қаласын сонау Византия кезінде армяндық князь Торос билеген

еді (Заборов, 1977: 120-123). Балдуин Булонский Эдесса мен оның аумағына кіретін жерлерді жаулап алғаннан кейін Шығыста кресшілердің алғашқы мемлекеті Эдесса графтығының негізі қаланды. Кресшілер жорығының нәтижелі болулары және кресшілер мемлекеттерінің тұрақты түрде дамулары үшін Эдесса аумағын жаулап алу өте маңызды шешімдердің бірі болып саналды. Кіші Азиядағы византиялық жерлермен және армяндық Киликиямен кресшілердің байланысы жақсы болды. Сонымен бірге, болашақта Шығысты игеру мақсатында (Мардин, Диярбакир, Мосул, Бағдат) Эдесса «христиандықтың негізгі тірегі» ролінде атқарды.

Селжүктер Эдессаны қорғауда ерекше қарсылық көрсетті. Дегенмен, мұнда селжүктер кресшілердің күші жойқын екеніне анық көз жеткізді. Ендігі кезде кресшілердің жойқын күшіне қарсы соғысып жан тәслім ету немесе жан сауғалап қашу жолы тұрды. Дегенмен, Эдессаны қорғауға әрекет еткен Мосул билеушісі селжүк әскербасы Кербоға Антиохияға барар алдында оның жолында тұрған Эдессаны қоршауға алды, оны артта қалдырғысы келмеді (Setton, 1969: 314-317). Селжүк билеушісі Барқиярұқ хан селжүктердің танымал әскербасы Кербоғаны Мосулдың уәліі етіп тағайындап, оған осы аймақтағы кресшілерді түншықтыруды тапсырды. Бірақ ол Эдессаны қайтарып ала алмады және керісінше ол көп уақыт жоғалтты. Кербоғаның жақындап келе жатқаны туралы хабарды алған крест жорықтарының басшылары оның Эдесса мен Антиохияны қорғау мүмкіндіктері іс жүзінде мүмкін болмайтынын көрсеткісі келді. Кербоғаның Эдессаны қоршауы оларға біраз уақыт берді. Кресшілер өз отрядтары арасында қабырға бөліктерін бөлу арқылы Кербоғаның жақындап келе жатқан әскерінен қорғауды қамтамасыз етті (Runciman, 1987:235-237). Дегенмен, күштердің теңсіздігінен 25 мамырда Кербоға Эдессаны қоршаудан бас тартуға мәжбүр болды. Осылайша кресшілер қаланы алып, бұл кезде селжүктердің күші жетіспегендіктен, олар кері шегінді.

Эдесса кресшілерге берілген соң келесі кезекте Антиохия тұрғаны анық еді. Бірінші крест жорығының Шығыстағы ең негізгі нүктесі Антиохия болды. Эдессаны алған соң кресшілер Антиохияны алуды көздеді. Осы позицияда әмір Антиохияны қоршап тұрған кресшілерге қарсы әскермен аттанды. Ол кресшілер қаланы басып алып, қоршауға алған соң келді, бірақ шайқаста жеңіліп қалды. 1098 жылы Антиохия қаласын

латындықтар әскері қоршауға ала бастаған кезде селжүктер барынша қарсылық көрсетті. Бұл кезде Мосул провинциясының басқарушысы болған Кербоға қаланы қоршауға тырысып жатқан франктерге қарсы шығады. Сұлтанға Эдессаны қайтару мүмкіндігі туғанын байқаған Кербоға 1098 жылы мамыр айы бойы қала іргесінде нәтижесіз тұрып қалды. Бұл жағдай оған кері әсерін тигізді. 1098 жылы маусым айының 2-інен 3-не қараған түні франктер Антиохияны басып алды. Кербоғаның саяси-әскери істері мен жоспарлары нәтижесіз қалды (Peters, 1971: 224-228).

Антиохия үшін болған соғыс қимылдары селжүктер үшін оңайға түскен жоқ. 28 маусымда, кресшілер қаладан шайқасқа дайын болды. Фалангалар, сап түзеп, бір-біріне қарама-қарсы тұрып шайқасқа дайындалды, Фландрия графы аттан түсіп, үш рет жерге тағзым етіп, Құдайдан көмек сұрады. Кішкентай жау әскерімен оңай күресемін деп шешкен Кербоға қарамағындағы кеңесшілеріне құлақ аспай, әр бөлікке кезек-кезек емес, тұтас армияға шабуыл жасауға шешім қабылдады (Фульхерий, 2020:29-30). Алайда, ол сәтсіз болып, ендігі кезекте кулыққа барды және крест жорықтарын ұрыс үшін қиынырақ жерге тарту үшін шегінуге бұйрық берді. Осылайша, селжүктер үшінші бір үлкен негізгі орталығынан қол үзді.

Бірінші крест жорығының селжүктер үшін салдары және саяси мәні

Бұл кезде ең негізгі орталықтардың бірі саналған Иерусалим қаласының кресшілер тарапынан алынуы өте маңызды және негізгі тақырыптардың бірі саналады. Алайда, селжүктер бұл қаланы алуға қарсылық көрсетпеді деуге де болады. Себебі, мұнда олар жеке немесе арнайы құрамда емес, тек арабтармен ғана қарсылық көрсете алды. Келесі бір себеп – бұл кезде Иерусалим қаласы мен оның аумағы Фатимидтер мемлекетінің қоластында болды. Дегенмен, сан жағынан басым болған және дайындығы өте жоғары болған кресшілерге селжүктер да арабтар да басқа да халықтар төтеп бере алмады. Иерусалим 1099 жылы маусым-шілде айларында алынып, толықтай ойрандалды және тоналды. Осымен Бірінші крест жорығы аяқталады.

1096 жылы күзде Франция, Германия, Италиядан ірі феодалдар бастаған рыцорлар отрядының ұйымдасуымен басталған Бірінші Крест жорығының салдарынан Шығыс халықтарымен тоқтаусыз ұрыстар орын алды. Осылайша, Бірінші крест жорығы 1099 жылға дейін созыл-

ды. Шығыста мұсылман мемлекеттерінің, оның ішінде Селжұқ мемлекетінің қарамағында болған Сирия мен Палестина жерлерінде кресшілердің төрт мемлекеті пайда болды. Олар:

1. Иерусалим корольдігі.
2. Триполи графтығы.
3. Антиохия княздығы.

4. Эдесса графтығы. Олар кресшілердің Шығыстағы меншігі саналды (Frankopan, 2012:8-9).

Бірінші крест жорығының селжұқтар үшін салдары өте ауыр болды деп қорытындылауға болады. Себебі, бұл жағдай Селжұқ мемлекетінің іргесін шайқалтты. Ішкі тартыстар күшейді, алауыздықтар орын алды және бұл жағдай болашақта селжұқ империясының құлауына жол ашты. Селжұқтардың кресшілермен соғыста дайын болмай шығуына негізгі екі-үш себепті айтуға болады. Біріншіден, соғысқа селжұқтардың арнайы дайындығы болмады. Екіншіден, Крест жорықтарының ұйымдастырылуы қарсаңында түрік-селжұқ әулеттерінің арасында кикілжіңдер мен өзара тартыстар күшейген еді. Үшіншіден, кресшілердің дайындығы мен олардың соғыс идеологиясы өте күшті болды.

Селжұқтардың Никеядағы, Дорилаумдағы ауыр жеңілістері (Frankopan, 2012:147-149), Кіші Азия мен таяу Шығыстағы басқа да жеңілістері және Эдесса мен Антиохиядағы сәтсіздіктер Селжұқ мемлекетіне саяси және әлеуметтік, географиялық тұрғыдан өте ауыр болды. Оның басты мысалдары Бірінші Крест жорығының кресшілер үшін рухани тұрғыда тиімді болғанын, Византия үшін саяси тұрғыдан тиімді болғанын атауға болады. Мысалы, соғыстың салдарынан Алексей Комнин бұрын түріктер басып алған жерлерде Византия билігін қалпына келтіру үшін әрекеттенді (Maueg, 1965: 98-101). 1097-1099 жылдары византиялықтар Смирна, Сарды, Эфес пен басқа да аймақтарды селжұқтардан кері қайтарып алып, Родос пен Хиос аралдарын қайтадан өзіне бағындырды.

Кресшілер үшін Шығысты азат ету – бұл тарихи мұра мен менталитеттің қалыптасуының кейбір кезеңдері ғана, бұл өз кезегінде қажылық және миссионерлік сияқты ежелгі дәстүрлі христиандық тәжірибелермен бірге крест жорығы идеясының пайда болуына ықпал етті. Бірінші Крест жорығы Шығыстағы христиандарды мұсылмандардан азат ету мақсатында ерекше дайындықпен ұйымдастырылғанын ескерсек, бұл әуелде Ислам әлеміне және оның ішінде Шығыстағы қуатты мұсылман мемлекеті Селжұқ империясына қарсы тікелей ұйымдастырған

соғыс деп тұжырымдаймыз. Өйткені, Византияның үлкен бөлігі мен Шығыстағы Христиан дінінің қасиетті орындары селжұқтардың қоластында болды және кресшілер оларды кері қайтару үшін селжұқтармен аянбай соғысты.

Селжұқтармен соғыс жобасының мәні басқаша болды және ол Рим шіркеуінің өзіндік жобаларынан тыс сипатта болды. Олар: грек шіркеуін Рим ықпалына беру; Таяу Шығыста католицизмнің ықпалын кенейту; бірте-бірте Византияны күшпен және саяси қысыммен Папа ықпалына енгізу және грек-православие шіркеуінің байлығына ие болу. Іс жүзінде Папаның діни үндеулері болашақ Крест жорықтарының ұрандарынан асып түсті. Бұл үндеулерді саяси мазмұнда көбінесе еуропалық рыцарьлар түсінді.

Бірінші крест жорығының үлкен бөлігі еуропалық рыцарлар мен ордендерге қарсы селжұқтардың соғысымен сипатталды. Сонымен қатар, Бірінші крест жорығы Шығыс пен Батыс қақтығысына әкеп соқтырған аса ірі халықаралық оқиғалар желісі саналды. Батыс еуропалықтар мен Шығыс елдерінің, оның ішінде селжұқтардың белсенді қатысуы оның қазіргі кезде жаңа қырларын ашуда. Бірінші крест жорығы селжұқтар үшін Батыста, яғни Христиан әлемінде византиялықтардан да ірі және жойқын күштің бар екенін көрсетіп берді. Бұл жағдай келесі крест жорықтарына дайын болу керектігін ұғындырды. Керісінше, кресшілер де Шығыста осындай түркі-мұсылман халықтарының бар екенін және олардың үлкен империя құруға деген ұмтылысын сезінді. Мұның бәрі кейіннен осы селжұқтардың көмегімен және ықпалымен құрылған Осман мемлекетінің сыртқы саяси өмірінде кездесіп жатты. Осылайша, Бірінші крест жорығының тарихын қарастыру арқылы Еуропа мен Таяу Шығыста халықаралық жағдайлар жөнінде түсінікті кеңейтуге мүмкіндік туады.

Қорытынды

Крест жорықтары дәуірі бүгінгі күнге дейін үлкен қызығушылық тудыратын тарихи тақырыптардың бірі болып табылады. Ғылыми жұмыстың тақырыбы мазмұны еуропалық деректер негізінде зерттеліп отырғандықтан, зерттеу жұмысында еуропалық материалдарға басымдық берілді және солар бойынша қорытынды жасалды. Бірінші Крест жорығы ең алғашқы және аса ірі жорықтардың бірі болып, ол еуропалықтар мен селжұқтар арасында ғана емес, тұтас Батыс пен Шығыс арасында орын алған ау-

қымды соғыстар мен саяси процестерді көрсетті. Бірінші Крест жорығының салдарынан Жерорта теңізінің Шығыс жағалауында ортағасырлық Левант пен Месопотамияда кресшілердің мемлекеттері құрылды. Шығыста құрылған мемлекеттер бұл аймақтағы қасиетті мекенде Батыс Еуропаның анклавын құрумен сипатталды. Бұл әрине селжүктер үшін саяси тұрғыдан өте ауыр болып, дегенмен, олар кейіннен бұдан сабақ ала білді. Қорыта айтқанда, Бірінші крест жорығы селжүктер үшін өте ауыр және үлкен тарихи тәжірибе болды. Селжүктер кресшілермен соғысу арқылы Шығыс халықтарының алдында өзінің

тарихи миссиясын орындағандай із қалдырды. Шығыс әлемінің, оның ішінде селжүктер сияқты түркі-мұсылман халықтарының батылдығы бұл жорықтың барысында ерекше көрінді. Бұған зерттеу жұмысының мазмұнын құрап отырған еуропалық ортағасырлық авторлардың мәліметтері куә бола алады.

Ғылыми мақала, ИПН BR24993132 – «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» атты бағдарламаның есебінен жарияланды

Әдебиеттер

- Albertus (1879). Alberti Aquensis. Historia Hierosolymitana. Paris: Imprimerie national. – 713 p.
- Altan, Ebru. (2020). “Haçlı Seferleri ve Anadolu (1097-1190): Türkiye Selçuklulari Tarihinde Haçlı Seferlerinin Yeri ve Önemi”. // Selçuk Üniversitesi Selçuklu Araştırmaları Dergisi, №12, S. 35-50
- Asbridge Thomas. (2010). The Crusades. The War for the Holy Land. London. Sydney. New York. Toronto, – 767 p.
- Bourgin Georges. Guibert de Nogent: Histoire de sa vie (1053-1124). Paris: A. Picard et fils 1907. – 249 p.
- Comnène Anne. (1937). Alexiade (règne de l’empereur Alexis I Comnène 1081-1118). ed. Leib, Bernard, Vol.1. Paris: Les Belles Lettres. – 343 p.
- Cardini Franco. (2002). Studi sulla storia e sull’idea di crociata. Milano: Editoriale Jouvence,– 510 p.
- Chronique de Matthieu d’Édesse (962-1136). Continuée par Grégoire le prêtre Paris: A.Durand, 1858. – 507 p.
- Cerrini S. (2000). Urbano II, beato. Enciclopedia dei Papi, Vol.1, Rome: Istituto della Enciclopedia italiana, – 746 p.
- Corliss K. Slack. (2003). Historical Dictionary of the Crusades. Bloomsbury Academic, – 304 p.
- Cregut, Abbé G. Régis. (1895). Le Concile de Clermont en 1095 et la première Croisade. Clermont-Ferrand: Librairie Catholique, Louis Bellet éditeur,– 276 p.
- Demirkent, Işın. (1997). Haçlı Seferleri. İstanbul: Dünya Yayıncılık,– 306 s
- Gesta Tancredi (1866). In expeditione Hierosolymitana auctore Radulpho Cadomensi ejus familiari. Capitulum XCIX: Discordiae origo // Recueil des historiens des croisades: historiens occidentaux. – T.3. – Paris: Imprimerie nationale, P. 676
- Erdmann Carl. (1935). Die Entstehung des Kreuzzugsgedankens. Stuttgart: Kohlhammer, – 420 s.
- Foucher de Chartres. (2009). Dieu Le Veut! – Récit De La Première Croisade 1095-1106. Cosmopole. – 206 p.
- Fulcheri Carnotensis. (1913). Historia Hierosolymitana, 1095-1127; mit Erläuterungen und einem Anhang, hrsg. von Heinrich Hagenmeyer. – Heidelberg: Carl Winters,– 916 s.
- Formoso Valentina. (2017). I papi delle crociate e delle Leghe Sante. // Textus et Studia. №3(11). P. 7-40
- Francois Michaud Joseph. (1900). The history of the crusades. New York: A.C.Armstrong & Son. – 542 p.
- Frankopan Peter. (2012). The First Crusade: The Call from the East. Cambridge, Mass.: The Belknap Press of Harvard University Press, – 264 p.
- Frantz Funck-Brentano. (1934). Les Croisades. Paris: Flammarion. – 125 p.
- Jackson, Thomas. (2009). Concept of a Crusade. InSight: Rivier Academic Journal, Vol.5, No.2. P. 1-18
- Jaspert, Nikolaus. (2003). Die Kreuzzüge. Darmstadt: Wissenschaftl. Buchgesellschaft, – 180 s.
- Hagenmeyer Heinrich. (1901). Epistola Stephani Comitis Carnotensis ad Adelam, uxorem suam, scripta ex castris obsidionis Nicaenae. Die Kreuzzugsbriefe Aus Den Jahren 1088-1100. Geschichte Des Ersten Kreuzzuges. – Innsbruck: Wagner’sche universitäts-buchhandlung. – 512 s.
- Knoch Peter. (1966). Studien zu Albert von Aachen: Der erste Kreuzzug in der deutschen Chronistik. Stuttgart: Klett. – 222 p.
- Mayer H.E. (1965). Geschichte der Kreuzzuge. – Stuttgart: Kohlhammer. – 294 s
- Morrisson Cécile. (1969). Les croisades. Presses Universita de France. – 252 p.
- O’Neill, J. John. (2010). “The Crusades: A Response to Islamic Aggression”. Comparative Civilizations Review. Vol.63, No.63. P. 71-79
- Peacock Andrew. (2015). The Great Seljuk Empire. Edinburgh University Press. – 378 p.
- Pernoud Régine. (1959). Les croisés. Paris: Hachette. – 318 p.
- Peters Edward. (1971). The First Crusade: The Chronicle of Fulcher of Chartres and Other Source Materials. University of Pennsylvania Press. – 248 p.
- Prawer Joshua. (1972). The Crusaders’ Kingdom: European Colonialism in the Middle Ages. Westport: Praeger, – 587 p.
- Raymond D’Aguilers. (1968). Historia Francorum qui ceperunt Ierusalem / [by] Raymond D’Aguilers; Translated with introd. and notes by John Hugh Hill and Laurita L. Hill. Philadelphia: American Philosophical Society. – 146 p.

- Richard Jean. (1953). *Le royaume latin de Jérusalem*. Paris: P.U.F. – 367 p.
- Runciman Steven. (1987). *A History of the Crusades. Vol.1. The First Crusade*. Cambridge University Press. – 394 p.
- Setton Kenneth Meyer. (1969). *A History of the Crusades*. Wisconsin University Press, – 758 p.
- Susan Edgington. (2004). *The First Crusade*. London: Rosen Central, – 64 p.
- Sybel Heinrich. (1841). *Geschichte des ersten Kreuzzugs*. Düsseldorf: Schreiner, – 551 s.
- Stevenson William Barron. (1907). *The Crusaders In The East*. Cambridge University Press. – 410 p
- Talbot Rice, David. (1968). *Byzantine Painting: the Last Phase*. New York: Dial Press, – 233 p.
- Theodor Wolff. (1891). *Die Bauernkreuzzüge des Jahres 1096: ein Beitrag zur Geschichte der ersten Kreuzzügs*. Tübingen: Fues'schen Buchdruckerei. – 205 s.
- Yaşar Ocak Ahmet. (1997). *Remarques sur les répercussions de la première croisade en Anatolie seldjoukide et dans l'historiographie turque moderne*. In: *Le concile de Clermont de 1095 et l'appel à la croisade. Actes du Colloque Universitaire International de Clermont-Ferrand (23-25 juin 1995)*. Rome: École Française de Rome, P. 313-323.
- Willemart Pierre. (1972). *Mythe et réalité de la Guerre Sainte*. Paris: Gérard & C°. – 352 p.
- Ергов И.Д. (1978). *История крестовых походов*. Москва: Наука, – 180 с.
- Жұмағұлов К.Т. (2002). Теоретико-методологические проблемы Всемирной истории. // *Вестник КазНУ им. аль-Фараби*. № 1. С. 8-18.
- Заборов М.А. (1977). *История крестовых походов в документах и материалах*. М.: Высш. школа. – 272 с.
- Комнина Анна. (1996). *Алексиада / Вступ. статья, перевод, комм. Я.Н.Любарского*. СПб: Алетейя. – 704 с.
- Успенский Ф.И. (1970). *История крестовых походов*. Москва: Наука – 220 с
- Фульхерий Шартрский. (2020). *Иерусалимская история / Перевод с латинского, вступительная статья и примечания А. Н. Слэзкина*. СПб.: Евразия.– 368 с.

References

- Albertus (1879). *Alberti Aquensis. Historia Hierosolymitana*. Paris: Imprimerie national. – 713 p.
- Altan, Ebru. (2020). “Haçlı Seferleri ve Anadolu (1097-1190): Türkiye Selçukluları Tarihinde Haçlı Seferlerinin Yeri ve Önemi”. // *Selçuk Üniversitesi Selçuklu Araştırmaları Dergisi*, №.12, S. 35-50
- Asbridge Thomas. (2010). *The Crusades. The War for the Holy Land*. London. Sydney. New York. Toronto, – 767 p.
- Bourgin Georges. *Guibert de Nogent: Histoire de sa vie (1053-1124)*. Paris: A. Picard et fils 1907. – 249 p.
- Comnène Anne. (1937). *Alexiade (règne de l'empereur Alexis I Comnène 1081-1118)*. ed. Leib, Bernard, Vol.1. Paris: Les Belles Lettres. – 343 p.
- Cardini Franco. (2002). *Studi sulla storia e sull'idea di crociata*. Milano: Editoriale Jouvence, – 510 p.
- Chronique de Matthieu d'Édesse (962-1136)*. Continuée par Grégoire le prêtre Paris: A.Durand, 1858. – 507 p.
- Cerrini S. (2000). *Urbano II, beato*. Enciclopedia dei Papi, Vol.1, Rome: Istituto della Enciclopedia italiana, – 746 p.
- Corliss K. Slack. (2003). *Historical Dictionary of the Crusades*. Bloomsbury Academic, – 304 p.
- Cregut, Abbé G. Régis. (1895). *Le Concile de Clermont en 1095 et la première Croisade*. Clermont-Ferrand: Librairie Catholique, Louis Bellet éditeur, – 276 p.
- Demirkent, Işın. (1997). *Haçlı Seferleri*. İstanbul: Dünya Yayıncılık, – 306 s
- Gesta Tancredi (1866)*. In *expeditione Hierosolymitana auctore Radulpho Cadomensis ejus familiari. Capitulum XCIX: Discordiae origo // Recueil des historiens des croisades: historiens occidentaux*. – T.3. – Paris: Imprimerie nationale, P. 676
- Erdmann Carl. (1935). *Die Entstehung des Kreuzzugsgedankens*. Stuttgart: Kohlhammer, – 420 s.
- Frankopan Peter. (2012). *The First Crusade: The Call from the East*. Cambridge, Mass.: The Belknap Press of Harvard University Press, – 264 p.
- Foucher de Chartres. (2009). *Dieu Le Veut! – Récit De La Première Croisade 1095-1106*. Cosmopole. – 206 p.
- Fulcheri Carnotensis. (1913). *Historia Hierosolymitana, 1095-1127; mit Erläuterungen und einem Anhang*, hrsg. von Heinrich Hagenmeyer. – Heidelberg: Carl Winters, – 916 s.
- Formoso Valentina. (2017). *I papi delle crociate e delle Leghe Sante*. // *Textus et Studia*. №3(11). P. 7-40
- Francois Michaud Joseph. (1900). *The history of the crusades*. New York: A.C.Armstrong & Son. – 542 p.
- Frantz Funck-Brentano. (1934). *Les Croisades*. Paris: Flammarion. – 125 p.
- Jackson, Thomas. (2009). *Concept of a Crusade*. In *Sight: Rivier Academic Journal*, Vol.5, No.2. P. 1-18
- Jaspert, Nikolaus. (2003). *Die Kreuzzüge*. Darmstadt: Wissenschaftl. Buchgesellschaft, – 180 s.
- Hagenmeyer Heinrich. (1901). *Epistola Stephani Comitis Carnotensis ad Adelam, uxorem suam, scripta ex castris obsidionis Nicaenae*. *Die Kreuzzugsbriefe Aus Den Jahren 1088-1100*. Geschichte Des Ersten Kreuzzuges. – Innsbruck: Wagner'sche universitäts-buchhandlung. – 512 s.
- Knoch Peter. (1966). *Studien zu Albert von Aachen: Der erste Kreuzzug in der deutschen Chronistik*. Stuttgart: Klett. – 222 p.
- Mayer H.E. (1965). *Geschichte der Kreuzzuge*. – Stuttgart: Kohlhammer. – 294 s
- Morrisson Cécile. (1969). *Les croisades*. Presses Universita de France. – 252 p.
- O'Neill, J. John. (2010). «The Crusades: A Response to Islamic Aggression». *Comparative Civilizations Review*. Vol.63, No.63. P. 71-79
- Peacock Andrew. (2015). *The Great Seljuk Empire*. Edinburgh University Press. – 378 p.
- Pernoud Régine. (1959). *Les croisés*. Paris: Hachette. – 318 p.

- Peters Edward. (1971). The First Crusade: The Chronicle of Fulcher of Chartres and Other Source Materials. University of Pennsylvania Press. – 248 p.
- Prawer Joshua. (1972). The Crusaders' Kingdom: European Colonialism in the Middle Ages. Westport: Praeger, – 587 p.
- Raymond D'Aguilers. (1968). Historia Francorum qui ceperunt Ierusalem / [by] Raymond D'Aguilers; Translated with introd. and notes by John Hugh Hill and Laurita L. Hill. Philadelphia: American Philosophical Society. – 146 p.
- Richard Jean. (1953). Le royaume latin de Jérusalem. Paris: P.U.F. – 367 p.
- Runciman Steven. (1987). A History of the Crusades. Vol.1. The First Crusade. Cambridge University Press. – 394 p.
- Setton Kenneth Meyer. (1969). A History of the Crusades. Wisconsin University Press, – 758 p.
- Susan Edgington. (2004). The First Crusade. London: Rosen Central, – 64 p.
- Sybel Heinrich. (1841). Geschichte des ersten Kreuzzugs. Düsseldorf: Schreiner, – 551 s.
- Stevenson William Barron. (1907). The Crusaders In The East. Cambridge University Press. – 410 p
- Talbot Rice, David. (1968). Byzantine Painting: the Last Phase. New York: Dial Press, – 233 p.
- Theodor Wolff. (1891). Die Bauernkreuzzüge des Jahres 1096: ein Beitrag zur Geschichte der ersten Kreuzzügs. Tübingen: Fues'schen Buchdruckerei. – 205 s.
- Yaşar Ocak Ahmet. (1997). Remarques sur les répercussions de la première croisade en Anatolie seldjoukide et dans l'historiographie turque moderne. In: Le concile de Clermont de 1095 et l'appel à la croisade. Actes du Colloque Universitaire International de Clermont-Ferrand (23-25 juin 1995). Rome: École Française de Rome, P. 313-323.
- Ertov I.D. (1978). Istoriya krestovyyh pohodov. Moskva: Nauka, – 180 s.
- Zhumagulov K.T. (2002). Teoretiko-metodologicheskie problemy Vsemirnoj istorii. // Vestnik KazNU im. al'-Farabi. № 1. S. 8-18.
- Zaborov M.A. (1977). Istoriya krestovyyh pohodov v dokumentah i materialah. M.: Vyssh. shkola. – 272 s.
- Komnina Anna. (1996). Aleksiada / Vstup. stat'ya, perevod, komm. Ya.N.Lyubarskogo. SPb: Aletejya. – 704 s.
- Uspenskij F.I. (1970). Istoriya krestovyyh pohodov. Moskva: Nauka – 220 s

Авторлар туралы мәлімет:

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымының докторы, профессор, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы, Қазақстан)

Абдукадыров Нұржігіт Момынбекұлы – PhD, доцент, Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы, Қазақстан, e-mail:nurjigit.85.kanuni@mail.ru)

Information about authors:

Zhumagulov Kalkaman – doctor of historical science, professor, department of world history, historiography and source studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Abdukadyrov Nurzhigit – PhD, Associate Professor, department of world history, historiography and source studies, Al Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail:nurjigit.85.kanuni@mail.ru)

Сведения об авторах:

Жұмағұлов Калқаман Тұрсынұлы – доктор исторических наук, профессор, кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан);

Абдукадыров Нуржігіт Момынбекович – PhD, доцент, кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail:nurjigit.85.kanuni@mail.ru).

Келін түсті: 08.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

FTAMP 13.71.15

<https://doi.org/10.26577/JH2025118311>**Б.Ә. Жапаров , Р.Е. Нурбатырова* **

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: raushan.nurbatirova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ТОЛЫҚТЫРУ КӨЗДЕРІМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Бұл мақалада мемлекеттік архив пен оның толықтыру көздері болып табылатын ұйымдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты- электрондық құжат айналымы жүйесінде қалыптасқан электрондық құжаттарды автоматтандырылған түрде архивтік сақтау жүйесіне тапсыруға мүмкіндік беретін үлгі мен әдістемелік негіздерді ұсыну.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы архив ісінің нормативтік-құқықтық базасы, электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесін қолдану тәжірибесі және Ресей Федерациясының осы саладағы озық тәжірибесі салыстырмалы түрде талданды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы- ведомстволық деңгейде қалыптасатын электрондық құжаттарды метадеректер негізінде автоматты түрде электрондық істерге біріктіріп, оларды ақпараттық архивтік жүйеге бағыттау алгоритмін ұсынуында.

Методология ретінде жүйелік-құрылымдық талдау, нормативтік-құқықтық шолу, функционалдық модельдеу және салыстырмалы әдістер қолданылды.

Нәтижесінде, мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесі мен архивтік ақпараттық жүйелер арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін модель ұсынылды. Зерттеу архивтік сақтау процестерінің тиімділігін арттыруға, қағаз құжаттарға тәуелділікті азайтуға және цифрлық трансформацияны жеделдетуге бағытталған.

Түйін сөздер: электрондық құжат, электрондық құжаттар архиві, электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесі, электрондық іс, автоматтандыру, интеграция.

B.A. Zhaparov, R.E. Nurbatirova*

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: raushan.nurbatirova@mail.ru

Integration of the information systems of the state archive and its sources of acquisition in the Republic of Kazakhstan

This article explores the issue of integrating the information systems of state archives with those of organizations that serve as sources of their records. The aim of the study is to propose a model and methodological framework that enables the automated transfer of electronic documents, formed within the electronic document management system, to the archival storage system.

The research involves a comparative analysis of the regulatory and legal framework of archival practices in the Republic of Kazakhstan, the practical use of the Unified Electronic Document Management System, and advanced experience from the Russian Federation in this area.

The scientific novelty lies in the development of an algorithm that automatically compiles electronic files based on metadata and directs them to the archival information system at the departmental level. The methodology includes system-structural analysis, regulatory review, functional modeling, and comparative methods.

As a result, a model is proposed to ensure compatibility between the Unified Electronic Document Management System of public authorities and archival information systems. The research aims to enhance the efficiency of archival storage processes, reduce dependence on paper documents, and accelerate digital transformation.

Keywords: electronic document, electronic archive, unified electronic document management system, electronic file, automation, integration.

B.A. Жапаров, Р.Е. Нурбатырова*

Б.А. Жапаров, Р.Е. Нурбатырова*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: raushan.nurbatyrova@mail.ru

Интеграция информационных систем государственного архива и источников его комплектования в Республике Казахстан

В статье рассматривается проблема интеграции информационных систем государственных архивов и организаций, являющихся источниками их комплектования. Цель исследования – предложить модель и методологические основы, обеспечивающие автоматизированную передачу электронных документов, сформированных в системе электронного документооборота, в систему архивного хранения.

В ходе исследования проведён сравнительный анализ нормативно-правовой базы архивного дела Республики Казахстан, опыта использования Единой системы электронного документооборота, а также передовой практики Российской Федерации в данной сфере.

Научная новизна заключается в разработке алгоритма, позволяющего автоматически формировать электронные дела на основе метаданных и направлять их в информационную архивную систему на ведомственном уровне.

В качестве методологии использованы системно-структурный анализ, нормативно-правовой обзор, функциональное моделирование и сравнительные методы.

В результате предложена модель, обеспечивающая совместимость между Единой системой электронного документооборота государственных органов и архивными информационными системами. Исследование направлено на повышение эффективности процессов архивного хранения, снижение зависимости от бумажных документов и ускорение цифровой трансформации.

Ключевые слова: электронный документ, архив электронных документов, единая система электронного документооборота, электронное дело, автоматизация, интеграция.

Кіріспе

Қазіргі заманда басқару саласын цифрландыру мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың негізгі тетіктерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасы да бұл бағытта елеулі қадамдар жасап келеді. Атап айтқанда, электрондық құжат айналымының бірінғай жүйесін енгізу мен дамыту процесі жедел жүріп жатыр. Осы жүйеде қалыптасатын электрондық құжаттардың саны жыл санап артып келеді. Алайда бұл құжаттарды ведомстволық және мемлекеттік архивтерде ұзақмерзімді сақтауға даярлау мен тапсыру үдерісі әлі де жеткілікті дәрежеде жүйеленбеген.

Мәселенің өзектілігі- электрондық құжаттарды архивтік сақтау процесі елімізде нормативтік және әдістемелік тұрғыдан толыққанды шешілмегеніне байланысты. Мемлекеттік архивтерге құжаттарды қағаз түрінде тапсыру дәстүрі сақталып отыр, ал электрондық құжаттарды автоматтандырылған түрде сақтауға өткізу ісі жеткілікті деңгейде дамымаған. Осыған байланысты архивтердің толықтыру көздері болып табылатын ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен архивтік ақпараттық жүйелері арасында ақпараттық интеграция орнату- кезек күттірмейтін мәселе.

Әдебиетке шолу

Электрондық құжаттарды басқару және оларды ұзақ мерзімді сақтау мәселелері соңғы жылдары архивтану мен ақпараттық технологиялар саласында өзекті зерттеу нысанына айналды. Ғылыми еңбектерде көбіне институционалдық және инфрақұрылымы орныққан, құқықтық базасы қалыптасқан дамыған елдердің тәжірибесі сипатталады. Алайда мұндай зерттеулер Қазақстан Республикасындағыдай аралас (гибридті) форматтағы жүйелер мен нормативтік-құқықтық негізі қалыптасу үстіндегі жағдайлар үшін тікелей қолдануға келе бермейді.

Америка Құрама Штаттары, Батыс Еуропа елдерінде құжаттарды басқару record- record series- fonds иерархиясы негізінде жүзеге асырылады. Бұл елдерде істер номенклатурасы жүйесі қолданылмайды, құжаттар алдын ала бекітілген классификаторлар мен метадеректерге сәйкес топтастырылып, электрондық архивке SIP (Submission Information Package) форматында құрылымдалған күйде тапсырылады (Gilliland, 2014: 89; ISO 14721, 2012: 16).

Қазақстан Республикасында бұл жүйеден елеулі айырмашылықтар бар. Құжаттарды есепке алу бірлігі ретінде алдымен құжат, кейін іс,

ал соңында қор түсініктері пайдаланылады. Ең басты ерекшелігі- электрондық құжаттар архивке тапсырылғанға дейін істер номенклатурасына сай электрондық істерге біріктірілуі тиіс. Бұл міндетті талап, өйткені істерді қалыптастыру Қазақстанда құжаттарды басқарудың нормативтік-құқықтық негізі сәйкес келу керек. Алайда іс жүзінде бұл талап жүзеге аспай отыр, себебі электрондық құжат айналымының бірінғай жүйесі мен архивтік жүйелер үйлестірілмеген.

Осыған байланысты, Қазақстан үшін құқықтық жүйесі мен басқару тәжірибесі ұқсас Ресей Федерациясының ғылыми зерттеулері анағұрлым жақын болып табылады. Мәселен, Швалова Н.А. (Швалова 2018) өз зерттеуінде Ресейдің қолданыстағы заңнамаларын, ұлттық және халықаралық стандарттарды талдай отырып, электрондық құжат айналым жүйесі мен электрондық архив жүйелері арасындағы интеграцияның құқықтық және әдістемелік негіздерін зерделейді. Автор, әсіресе, метадеректердің толықтығы мен сапасының маңызына, XML форматындағы өзара әрекеттесу механизмдеріне және нормативтік-құқықтық олқылықтарға ерекше назар аударады.

Сонымен қатар, Юмашева Ю.Ю. (Юмашева 2015: 61) электрондық құжаттарды ұзақ мерзімді сақтау барысында туындайтын негізгі қатерлерді- файл форматтарының ескіруі, бағдарламалық үйлесімсіздік, метадеректердің жоғалуы және құқықтық бекітілмеуін сипаттайды.

Королев И.Д., Назинцев В.С., Мезенцев А.С., Махнев А.П. (Королев 2020а: 65–75) және Волков И.К. (Волков 2019: 650-656) Ресейдің электрондық құжат айналым жүйесі және ведомстволық архивтері арасындағы автоматтандырылған өзара әрекеттесу моделін зерттей отырып, электрондық істерді метадеректерге негізделген кортеждік әдіспен қалыптастыру тиімділігін атап көрсетеді. Авторлар ұсынған автоматтандырылған «тарату» алгоритмдері электрондық құжаттарды жүйелеу мен ұзақ мерзімді сақтау барысындағы ақпараттық үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл Қазақстандағы электрондық істерді автоматты түрде қалыптастыру тұжырымдамасымен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді.

Қазақстан жағдайында- нормативтік база жетілмеген, автоматтандыру толық енгізілмеген, істер тек номенклатураға сай құрылатын-ортада электрондық істерді интеллектуалды түрде қалыптастыру және ведомстволық пен мемлекеттік архив деңгейлері арасында деректер үйлесімділігін қамтамасыз ету мәселелері әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеу барысында кешенді тәсіл қолданылды. Зерттеу нысанының күрделілігі мен көпдеңгейлі құрылымын ескере отырып, теориялық және қолданбалы сипаттағы әдістер үйлестірілді. Әдістер жүйесі мәселені нормативтік, құрылымдық, функционалдық және салыстырмалы қырынан талдауға мүмкіндік берді.

Ең алдымен нормативтік-құқықтық талдау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл Қазақстан Республикасындағы архив ісіне және электрондық құжат айналымына қатысты заңнамалық және әдістемелік базаны зерттеуге бағытталды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңы, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы №215, №235 және №236 бұйрықтары зерделенді. Бұл әдіс электрондық құжаттарды архивке тапсырудың құқықтық негізін анықтауға мүмкіндік берді.

Жүйелік-құрылымдық талдау әдісі арқылы электрондық құжаттардың өмірлік циклі, олардың ведомстволық жүйелерде қалыптасуынан бастап мемлекеттік архивке сақтауға тапсырылуына дейінгі үдерістер құрылымдалып, сипатталды. Бұл әдіс ақпараттық жүйелер арасындағы өзара байланыстарды, деректер ағындарын және операциялық сатыларды модельдеуде пайдаланылды.

Салыстырмалы әдіс арқылы Қазақстан Республикасындағы электрондық құжаттарды архивке тапсыру практикасы Ресей Федерациясының тәжірибесімен салыстырылды. Ресейде электрондық құжаттарды ведомстволық деңгейде қалыптастырып, оларды мемлекеттік архивтерге автоматтандырылған түрде тапсыру процесі егжей-тегжейлі реттелген. Бұл әдіс ресейлік тәжірибенің құрылымдық ерекшеліктерін айқындап, олардың Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндіктерін сараптауға мүмкіндік берді.

Функционалдық модельдеу әдісі электрондық істерді автоматтандырылған түрде қалыптастыру және архивтік ақпараттық жүйеге бағыттау алгоритмдерін сипаттауға бағытталды. Зерттеу барысында электрондық құжаттардың тіркеу-бақылау карталары мен метадеректерін негізге ала отырып, автоматты түрде электрондық істерге тарату және оларды ақпараттық архивтік жүйеге жүктеу схемалары әзірленді.

Сонымен қатар, сараптамалық бағалау әдісі ұсынылған шешімдердің әдістемелік тұрғыдан

орындылығын бағалауға қолданылды. Бұл тәсіл арқылы ұсынылып отырған модельдің тиімділігі, оның қолданбалы талаптарға сәйкестігі айқындалды.

Нәтижелер мен талқылау

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, Қазақстан Республикасы электрондық үкіметті дамыту («Электрондық үкіметтің даму индексі») бойынша қазіргі уақытта әлем елдерінің рейтингінде (192 елдің арасында) 29-шы орында тұр («БҰҰ, 2022»). Расында да, бұрынғы КСРО республикаларының арасында алғашқылардың бірі болып «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР Үкіметі, 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II ҚР-ның Заңын, ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 10 ақпандағы № 165 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін міндетті негізде ұсынылатын құжатталған ақпарат түрлерінің және электрондық құжаттардың тізбесін бекіту» қаулысын қабылдау арқылы, орталық мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесін нормативті-құқықтық негізде енгізе бастады. Артынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы № 209-қпа (қызметтік пайдалануға арналған) қаулысы «Электрондық цифрлық қолтаңбаны енгізудің кейбір мәселелері» және ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі № 430 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымы қағидаларын бекіту туралы» қаулысы қабылданды. Соңғы нормативтік құқықтық актінің күші ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 605 қаулысымен жойылды. «Мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы, «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану» қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығы мемлекеттік органдардың қызметін цифрландыру ауқымын кеңейтуге, «электрондық үкімет» порталын, мемлекеттік органдардың интернет-порталын (IPGO) құруға, сонымен қатар, электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесінде орындал-


ған электрондық құжаттарды архивтік сақтау үшін негіз болды.

Бүгінгі күні барлық 94 орталық мемлекеттік орган, 1709 аумақтық мемлекеттік орган, Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының 3370 мемлекеттік мекемесі ведомствоаралық электрондық құжат айналымының қатысушылары болып табылады (Жакыпов, 2019:28). Электрондық құжат айналымының бұл жүйесі мемлекеттік ұйымдарда құжаттарды әзірлеу, тіркеу, құрылымдау, жедел арада уақытша архивке орналастыру, іздеу және өңдеу, сондай-ақ олардың орындалу барысын бақылау, қолжетімділікті басқару, тарату және алмасу секілді барлық технологиялық үдерістердің автоматтандырылуын қамтамасыз етеді. 1-суретте мемлекеттік және ведомстволық архивтер мен электрондық құжат айналымының біріңғай жүйелері арасындағы өзара іс-қимыл механизмі көрнекі түрде бейнеленген.

Елімізде электрондық құжат айналымының жүйесі ұғымы бастапқыда ұйым кеңсесінде қағаз бетіндегі құжаттарды электрондық форматқа көшіру арқылы «дәстүрлі» іс жүргізуді автоматтандыру мағынасында қолданылып келсе, бүгінде бұл ұғым сол ұйымдағы барлық басқару (бизнес) процестерін электронды құжаттамалық қамтамасыз ету мағынасына ауысуда.

«Дәстүрлі» іс жүргізудің ақпараттандырылған жүйесінің нақты мысалы ретінде мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесі, сонымен қатар, ұйым қызметінің негізгі бағыттарын (бизнес процестерін) автоматтандыруға арналған «бухгалтерлік ІС», «кадрларды басқару» және т.с.с. жекелеген ақпараттық жүйелерді атап өтуге болады.

Осы орайда, соңғы жылдары шетелдік тәжірибеде кеңінен қолданылып жатқан ECM (Enterprise Content Management), EDMS (Electronic Document Management System), DocuSign, LOVIUM, Directum RX сияқты контент және құжаттық деректерді басқару жүйелерін отандық электрондық құжат айналымының болашақ даму модельдері ретінде қарастыру орынды (ISO 15489-1:2016; Duranti & Rogers, 2019; Gartner, 2022). Бұл жүйелердің көпшілігі құжаттарды қашықтан рәсімдеу, цифрлық қолтаңба, метадеректермен басқару және бұлттық сақтау функцияларын біріктіріп, электрондық құжат айналым жүйесі мен архивтік жүйелердің интеграциясын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.




1-сурет – Мемлекеттік, ведомстволық архивтер мен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйелерінің ақпараттық өзара әрекеттесу моделі

Қазақстан Республикасында бекітілген ережелер, толықтыру көзі ұйымының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде орындалған электрондық құжаттар негізгі ағынын, мемлекеттік архивпен келісілген істер номенклатурасы бойынша электронды іс ретінде қалыптастырып (сақтау бірлігі ретінде), ведомстволық электрондық құжаттар архивіне уақытша сақтауға жіберуді реттейді. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде электрондық істерді қалыптастыру барысында, оларды тұрақты немесе уақытша сақтауға жіберу кезеңінде әрбір құжаттың маңыздылығы мен құндылығы сараптамадан өтеді. Сақтауға берілетін құжаттардың сақтау мерзімі ҚР Мәдениет және спорт

министрінің 2025 жылғы 17 маусымдағы №279 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне» сәйкес айқындалады. Ал сараптамадан өтпеген құжаттар жоюға тапсырылады.

Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде пайда болған және пайда болып жатқан электрондық құжаттардың үлкен массивін ұзақ мерзімді сақтауды қамтамасыз ету – арнайы ақпараттық архив жүйесінің болуын талап етеді. Қағаз құжаттармен қатар, электрондық құжаттармен жұмыс істеуге арналған, архивтің ақпараттық жүйесінің гибриді түрінің схемасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет – Архив жұмысын ұйымдастырудың гибриді түрі

Осындай жүйенің мысалы ретінде, елімізде 2015 жылы тұңғыш пайдалануға енгізілген, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің ақпараттық жүйесін атап өтуге болады.

Мемлекеттік архив бірнеше толықтыру көзінен құралғандықтан, оған әртүрлі ұйымдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелерінен істер номенклатурасына сәйкес электрондық пішінде дайындалған сақтау бірліктері ведомстволық архив арқылы жіберілуі керек. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде орындалған құжаттар тұрақты сақтауға өткізілмес бұрын, олар автоматтандырылған негізде тиісті электрондық істерге біріктірілуі қажет. Құжаттардың құндылығына сараптама жасалғаннан соң, бұл істер ведомстволық сақтауға қабылданады және сақтау мерзімі аяқталғаннан соң, құндылығына тағы да сараптама жасалынып, автоматтандырылған түрде мемлекеттік архивтің ақпараттық жүйесіне жүктелінуі керек.

Дегенмен, республика көлемінде электрондық құжаттарды архивтік сақтауға дайындау, оларды арнайы қауіпсіз телекоммуникациялық арналар арқылы тасымалдау және автоматтандырылған түрде тұрақты сақтауға қабылдау тетіктері мен нақты рәсімдерінің толық қалыптаспауы- бұл саладағы негізгі жүйелік мәселелердің бірі болып отыр. Аталған үдерістерді реттейтін бірыңғай техникалық стандарттар

мен нормативтік-құқықтық негіздердің жеткіліксіздігі салдарынан, қазіргі уақытқа дейін толықтыру көздері болып табылатын ұйымдардың электрондық құжат айналым жүйелері мен мемлекеттік архивтердің ақпараттық жүйелері арасында өзара интеграция жүзеге аспай келеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінен басқа мемлекеттік архив мекемелерінде заманауи ақпараттық жүйелердің енгізілуі өте шектеулі, ал кейбір архивтерде мұндай жүйелер мүлде жоқ деуге болады. Бұл жағдай электрондық құжаттарды ұзақмерзімді сақтауға қабылдау, оларды құрылымдау және метадеректермен толықтыру үдерістерін цифрлық ортада тиімді іске асыруға айтарлықтай кедергі келтіруде.

Интеграциялау мәселесінің өзектілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2017 жылы «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесін құру бастамасын қолға алған болатын.

Дегенмен осы жобаға едәуір көлемде қаржы бөлінгенімен, жобалық шешімдердің жеткіліксіз сапада әзірленуі және техникалық әрі ұйымдастырушылық сипаттағы айтарлықтай кемшіліктердің орын алуы салдарынан «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» жүйесі осы күнге дейін толыққанды пайдалануға енгізілмей отыр.

Бұл жағдайдың әсерінен қазіргі кезде мемлекеттік архивтер құжаттарды толықтыру көздерінен қабылдау барысында, негізінен, тек қағаз түріндегі материалдармен ғана жұмыс жүргізуге мәжбүр.

Осыған байланысты электрондық құжаттарды архивке тасымалдау, сақтауға тапсыру және ұзақ мерзімді сақтау үдерістерін автоматтандыру мәселесі шешілмейінше, электрондық форматта жинақталып жатқан жүздеген терабайт көлеміндегі ақпараттық ресурстардың қағаз ба-

ламаларын сақтау тәжірибесі жалғасуы мүмкін. Ал бұл өз кезегінде, қағаз құжаттардың көптігінен онсыз да толып тұрған архив қоймаларының сыйымдылығын ұлғайтуға бағытталған қаржылық және материалдық шығындардың жыл сайын артуына алып келеді.

Жоғарыда атап өтілген тұжырымдарға сәйкес мемлекеттік, ведомстволық архивтердің және олардың толықтыру көздері болып табылатын элек ақпараттық өзара әрекеттесу моделінің блок-схемасын сурет 3-тен көруге болады.



3-сурет – Мемлекеттік және ведомстволық сақтаудың гибриді цифрлық архивтердің толықтыру көздері – электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесімен үйлестірудің блок-схемасы

Жоғарыда аталған құқықтық және институционалдық шектеулерге байланысты, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы бірқатар мемлекеттік органдарда ведомстволық сақтауға жататын электрондық құжаттар электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде ресімделгенімен, оларды архивке тапсыру алдында қағаз пішіміне конвертациялау тәжірибесі кеңінен қолданылады. Яғни, электрондық форматта жасалған құжаттар алдымен қағазға басылып шығарылады, содан кейін қолданыстағы іс жүргізу талаптарына сәйкес істерге біріктіріледі. Мұндай қағаз түріндегі істер ведомстволық архивтерге қабылданады.

Белгіленген сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін, бұл істер мемлекеттік архивтерге тұрақты сақтауға өткізіледі. Осылайша, ақпарат бастапқыда электрондық түрде пайда болғанымен, оның кейінгі архивтік өмірлік циклі дәстүрлі қағаз нұсқасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдай елде электрондық құжаттарды ұзақмерзімді

сақтау ісінің толыққанды құқықтық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан шешілмегенін айғақтайды.

Нәтижесінде, электрондық құжаттарды тікелей электрондық форматта қабылдау және сақтау мүмкіндігі болмағандықтан, архивтер қағаз құжаттардың көлемімен артық жүктеліп, олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қосымша қаржылық және материалдық ресурстар жұмсауға мәжбүр болуда. Бұл мәселе архив ісінің тиімділігіне, ресурстарды басқаруға және ақпараттық қауіпсіздікке кері әсерін тигізеді.

Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласы мен архивтік сақтаудың цифрлық технологияларына көшуі ұзақ мерзімді перспективада қағаз түріндегі дәстүрлі құжаттарды пайдалануды жоққа шығармайды. Алдағы жылдары архивтер қағаз құжаттармен дәстүрлі жұмысын жалғастырады деп сенімді түрде болжауға болады, өйткені Қазақстан Республикасы Президентінің архивін қоспағанда, елдің басқа да мемлекеттік

және көптеген ведомстволық архивтері цифрлық архивтерді әзірлеуге және енгізуге әлі кіріскен жоқ. Оған қоса, олардың архив қорының 95%-дан астамы қағаз құжаттар түрінде сақталған. Бұл қорларды цифрландыруға ондаған жылдар қажет болатыны сөзсіз.

Архивке тұрақты сақтауға түскен істерді архив қызметкерлері алдымен қайта сканерлеп, тексеруден өткізеді және оларды электрондық форматта мемлекеттік архивтің ақпараттық жүйесінің мәліметтер базасына енгізеді. Нәтижесінде, электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу арқылы алынған барлық артықшылықтар, іс жүзінде ведомстволық және мемлекеттік архивтерде электрондық құжаттарды сақтау кезеңінде өзектілігін жоғалтады.

Қағаз және электрондық құжат айналымының жүйелері мен олардың архивке дайындалуы мен өткізілу жолдарын салыстыра келе, еліміздегі мемлекеттік архивтердің әлі де болса дәстүрлі сақтау тәсілдерін ұстанатыны анықталады. Бұл ретте, электрондық құжаттар да бұрынғы қағаз құжаттар секілді классикалық архивтік құрылым- «қор-ғылыми-анықтамалық аппарат- іс- жекелеген құжат» сатысына сәйкес сақталуға тиіс деп қарастырылады. Бұл тәсіл қағаз құжаттармен жұмыс істеудегі дәстүрлі тәжірибенің жалғасы ретінде көрініс тапқанымен, электрондық құжаттардың табиғи ерекшеліктері мен оларға қойылатын заманауи талаптарды толық ескере бермейді. Оның үстіне, директивалық және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарды, сондай-ақ электрондық істерді жүргізу мен оларды архивтік сақтауға қоюдың күрделеніп келе жатқан стандарттарын тиімді түрде іске асыру үшін бірыңғай ғылыми-әдістемелік база мен бағдарламалық-техникалық құралдардың жеткіліксіздігі айқын сезіледі.

Бекітілген қағидаларға және істер номенклатурасына сәйкес орындалған электрондық құжаттардан электрондық істерді қалыптастыру құжаттарды ведомстволық сақтауға өткізу сатысында басталады. Бұл процесі дәстүрлі түрде ұйымның архившісі мен іс жүргізу құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері бірлесіп жүзеге асырады. Басқаша айтсақ, электрондық істерді қалыптастыру дегеніміз саны шектеулі орындалған электрондық құжаттарды істер номенклатурасына сәйкес келетін жалпы саны шектеулі электрондық істерге «тарату» болып табылады.

Ресей Федерациясының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, элект-

рондық құжат айналымы шеңберінде істер номенклатурасына енгізілген әрбір электрондық іс міндетті түрде белгілі бір метадеректер жиынтығымен (кортежбен) сипатталуы тиіс. Бұл метадеректер жиынтығы іс жүргізу үдерісінің бірізділігі мен құжаттардың сақталу сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Атап айтқанда, әрбір электрондық істің құрылымында келесі метадеректер болуы қажет:

- электрондық істің индексі;
- атауы;
- басталу және аяқталу күні;
- сақтау мерзімі- ол ведомстволық құжаттар тізбесінің талаптарына сәйкес белгіленеді;
- тиісті бап нөмірі- сақтау мерзімі көрсетілген ведомстволық тізбеге сілтеме ретінде;
- ақпарат көлемі- мегабайтпен өлшенетін электрондық істің жалпы салмағы;
- жою белгісі- электрондық істің жойылғаны туралы ақпарат;
- құрылымдық бөлімше атауы- бұл электрондық істің қай ұйымдық бөлімшенің қызметтік саласына жататынын анықтайды.

Аталған метадеректер электрондық істерді жүйелеу мен оларды ұзақ мерзімді сақтауға дайындау, сондай-ақ мемлекеттік архивтерге стандартталған түрде тапсыру үдерістерін тиімді жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

Электрондық құжаттардан электрондық істі автоматты түрде қалыптастыру мәселесіне арналған еңбектерде (Волков 2019: 650–656) қолданылған әдістемелердің мәні, әрбір орындалған электрондық құжат үшін деректемелер мен тіркеу деректерінің толық жиынтығын анықтау арқылы оған сәйкес келетін электрондық істің “кортежін” дәйекті танып, сол электрондық істің ішіне электрондық құжатты орналастыруға саяды. Ол үшін жүйеде электрондық құжаттың реквизиттерінің дерекқоры, классификаторлардың (салалық сипаттамалардың) және оларға тиесілі түйінді сөздердің дерекқоры, ресімделген құжаттардың (шаблондардың) түрлерінің дерекқоры, электрондық құжаттардың сақтау мерзімдері мен сақтау мерзімдері бар үлгілік құжаттар тізбесі баптарының дерекқоры, ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі және электрондық іс номенклатурасы болуы қажет.

Әрбір орындалған электрондық құжат үшін “өзінің” электрондық ісін айқындау жөніндегі зияткерлік қызмет, предикаттар логикасын қолдана отырып, екілік (жүптық) салыстыру операцияларының қолдану арқылы жүзеге асырылған

(Russell & Norvig, 2021; Gruber, 1993; Zeng & Qin, 2021).

Қазіргі заманғы электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің жұмысының негізгі ерекшелігі ондағы әрбір электрондық құжаттың пайда болуы оның тіркеу-бақылау картасын құрумен бірге жүреді. Электрондық құжат тіркелген сәттен бастап толтырылатын тіркеу-бақылау картасының болуы электрондық құжаттардан электрондық істі қалыптастыруды едәуір жеңілдетеді, өйткені тіркеу-бақылау картасының басынан бастап жауапты құрылымдық бөлімшенің нөмірі және осы электрондық құжаттарға тиесілі электрондық істің нөмірі, яғни істің индексі, құжаттың түрі және т. б. көрсетіледі. Алайда, іс жүзінде, көптеген жағдайларда тіркеу-бақылау картасы, әдетте, электрондық құжаттың барлық деректемелерін қамти алмайды. Бұл жағдайда тіркеу-бақылау картасында деректердің толықтығын қамтамасыз ету үшін жетіспейтін деректемелердің нақты мәндерін анықтау жоғарыда аталынған әдістемеге сай орындалады.

Осы мақала авторларының жұмысында (Аманов, 2023: 95) электрондық құжаттарды нақты электрондық іске «тарату» функциясы $F(d): D \rightarrow A$ жасалып, электрондық құжаттар жиынтығы D -ға кіретін әр d құжат үшін ($d \in D$), оның нақты A_i , i – электрондық іске қатыстылығының қажетті және жеткілікті шарттары көрсетілген, $A = \{A_i\}$, $A_i = \{A_{ij}\}$, мұнда A_i , i – білім саласы (классификаторы) нөміріне сәйкес келетін j -реквизиті (шаблонды) істер жиынтығы, $1 \leq j \leq j(i)$, $1 \leq i \leq l$, l -білім саласы саны (мысалы, «Ішкі саясат» білім саласына жататын «Қаулылар» шаблондыдағы электрондық құжаттар жиынтығы).

Әрбір орындалған электрондық құжатты нақты электрондық іске тарату келесі әрекеттер тізбегін орындау арқылы жүзеге асады: жылдық істер номенклатурасы (A), электрондық құжатты білім саласына және электрондық іске тарату критерийлері, электрондық істер өлшеміне қойылатын талаптар. Осы көрсетілген бастапқы деректер негізінде білім салалары қалыптасады, пәндік-сұрақтық және қолданыстағы белгілер кеңістігі аясында салалық белгіге сәйкес әр электрондық құжат электрондық іске таратылады.

Ұсынылған тәсіл жеткілікті дәрежеде өзінің жалпылығымен және қарапайымдылығымен сипатталады. Оның шеңберінде әр электрондық құжаттың қандай электрондық іске тиесілілігі шарттарын, реттелген белгілер кеңістігінде

екілік (жұптық) салыстыру операциялары тізбегін жүзеге асыру арқылы анықталады. Бұл шарттардың орындалуы (орындалмауы) қандай да бір нақты предикаттың «ақиқаттығына» («жалғандығына») тең және бұл предикаттың құрылымы жоғарыда аталған реттелген белгілер кеңістігінде салыстыру операцияларының тізбегін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің маңызды артықшылығы-метадеректер көлемін (белгілер кеңістігін) кеңейту кезінде $F(d): D \rightarrow A$ «тарату» функциясының түрі өзгермейді, сәйкесінше аталған екілік салыстырудың реттілік түрі де өзгермейді. Сонымен қатар электрондық істерді таңдау кезіндегі орындалатын есептеу операцияларының саны бойынша алгоритм күрделілігінің полиномиалды тәсілдер қатарына жататындығы дәлелденген.

Ресей Федерациясында электрондық құжат айналымы жүйесі мен электрондық құжаттарды сақтауға арналған ақпараттық жүйелердің өзара әрекеттесу тәртібі нормативтік тұрғыдан нақты реттелген. Атап айтқанда, бұл үдеріс 2014 жылғы 25 желтоқсандағы №1494 қаулы сияқты бірқатар нормативтік актілермен реттеледі. Қаулыда құжаттарды электрондық форматта ұсыну тәртібі мен талаптары белгіленгенімен, нақты қабылданатын және сақталатын құжаттардың тізбесі жеке бекітілмеген. Іс жүзінде қағаз тасығыштағы құжаттар сканерлеу арқылы электрондық нысанға көшіріліп, олар туралы мәліметтер тиісті ведомстволық тіркеу жүйесіне енгізіледі. Бұл рәсім құжаттарды цифрлық түрде есепке алу мен басқаруға мүмкіндік береді.

Осындай механизм Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында қолданыстағы электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде де іске асырылуда. Алайда қазіргі уақытқа дейін Қазақстанда электрондық форматта ресімделетін құжаттардың түрлері мен формаларын Үкімет деңгейінде бекітетін нормативтік-құқықтық акт қабылданбаған. Бұл, өз кезегінде, электрондық құжаттарды бірыңғай тәсілмен өңдеу, тіркеу және архивтік сақтауға дайындау үдерістерін жүйелеуге елеулі кедергі келтіруде.

Сонымен қатар, жыл сайын электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде қалыптасатын құжаттардың көлемі қарқынды өсіп келеді. Алайда осы электрондық құжаттар негізінде автоматтандырылған түрде электрондық істерді қалыптастыру рәсімі мен оларды ұзақмерзімді сақтауға дайындау процесінің нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері әлі де болса жеткілікті дәрежеде реттелмеген. Бұл жағдай

мемлекеттік құжаттаманы басқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, электрондық құжаттарды архивке тапсырудың бірізділігі мен сенімділігіне де теріс әсерін тигізеді.

Қорытынды

Зерттеудің мақсаты- мемлекеттік архив пен толықтыру көздері болып табылатын ұйымдардың ақпараттық жүйелерін, атап айтқанда, электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесі мен архивтік ақпараттық жүйені өзара интеграциялау мәселелерін саралау және осы бағыттағы халықаралық тәжірибе негізінде Қазақстан жағдайында қолдануға болатын оңтайлы шешімдерді ұсыну болды. Осы мақсатқа жету үшін нормативтік-құқықтық талдау, жүйелік құрылымдық талдау, салыстырмалы әдіс және модельдеу тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда электрондық құжаттармен жұмыс істеуге бағытталған құқықтық және техникалық негіздің бар екендігімен қатар, ведомстволық және мемлекеттік архивтер арасында электрондық құжаттарды толыққанды қабылдап, ұзақмерзімді сақтауды қамтамасыз ететін тиімді интеграцияның әлі қалыптаспағаны анықталды. Сондай-ақ, электрондық істерді автоматты түрде қалыптастыру процесінің ғылыми-әдістемелік негіздері мен техникалық құралдары нақты регламенттелмегені, бұл өз кезегінде архивтік сақтауға берілетін электрондық құжаттардың қағаз түрге конвертациялануына алып келетіні айқындалды.

Салыстырмалы талдау барысында Ресей Федерациясының тәжірибесіне сүйене отырып, электрондық құжаттарды автоматты түрде құрылымдап, метадеректерімен толықтырып, тиісті істерге жинақтау және оларды ақпараттық

қауіпсіз арналар арқылы мемлекеттік архивтің ақпараттық жүйесіне тапсырудың нақты әрі тиімді тәртіптері бар екендігі көрсетілді. Бұл тәсіл Қазақстанда қолдануға ұсынылатын практикалық үлгілердің бірі ретінде қарастырылды.

Зерттеу қорытындыларына сүйене отырып, келесі ұсыныстар жасалды:

1. Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының біріңғай жүйелерін архивтік ақпараттық жүйелермен техникалық үйлестіру үшін бірыңғай интеграциялық платформа әзірлеу қажет;

2. Электрондық істерді автоматтандырылған түрде қалыптастыру, верификациялау және тапсыру тәртіптері нақты регламенттелген нормативтік-құқықтық база қабылдануы тиіс;

3. Электрондық құжаттарды архивке ұзақмерзімді сақтауға берудің форматтары, метадерек талаптары және техникалық стандарттары халықаралық талаптарға сәйкес бейімделіп, бекітілуі қажет;

4. Архив мекемелерінің техникалық инфрақұрылымын жаңғыртып, архивтің ақпараттық жүйелерін кезең-кезеңімен енгізу және кадрларды даярлау жұмыстары қолға алынуы тиіс.

Жалпы алғанда, мақалада электрондық құжаттарды электрондық істерге автоматты түрде бөлу үдерісін құрылымдауға негізделген алгоритмнің үлгісі ұсынылды. Бұл алгоритм предикаттар логикасы мен екілік салыстыру операцияларына негізделіп, әрбір электрондық құжаттың нақты электрондық іске тиесілігін анықтау механизмін сипаттайды. Ұсынылған тәсіл электрондық құжаттарды құрылымдау мен архивке тапсырудың тиімділігін арттырып, ведомстволық және мемлекеттік деңгейдегі архивтік үдерістерді автоматтандыруға елеулі үлес қоса алады.

Әдебиеттер

Жакыпов М. Х. (2019). Опыт формирования и развития общенациональной Единой системы электронного документооборота государственных органов Республики Казахстан. В сб.: *Управление документами в цифровой экономике: проблемы взаимодействия*. Москва: Российский государственный гуманитарный университет, С. 26–39.

Королев И. Д., Назинцев В. С., Мезенцев А. С., Махнев А. П. (2020). Методика формирования электронных дел системы электронного документооборота. *Научно-технические исследования в космических исследованиях Земли*, 12(4), С. 65- 75.

Швалова Н. А. (2018). Интеграция систем электронного документооборота и электронного архива документов с точки зрения российского законодательства и нормативных актов. *Вестник магистратуры*, 5- 4(80), С. 158- 160.

Юмашева Ю. Ю. (2015). Архивы электронных документов: проблемы и возможные решения. *Коммуникации и общество*, (3), С. 61- 66.

Волков И. К. (2019). Методика формирования электронных дел. *Научно-технический журнал информационных технологий, механики и оптики*, 19(4), С. 650- 656. <https://doi.org/10.17586/2226-1494-2019-19-4-650-656>

Amanov N., Dzharparov B., Nurbatyrova R. (2023). The task of forming electronic files in the electronic document flow system. *Journal of Mathematics, Mechanics and Computer Science*, 120(4), pp. 92–101. <https://doi.org/10.26577/JMMCS2023v120i4a9>

- Duranti, L., & Rogers, C. (2019). Trusting records and data in the cloud: The creation, management, and preservation of trustworthy digital content. *Archival Science*, 19(3), pp. 373–390. <https://doi.org/10.29085/9781783304042>
- Gartner. (2022). *Magic Quadrant for Content Services Platforms*. Retrieved from <https://www.gartner.com/en/documents/4000120> (Accessed 29.07.2025).
- Gilliland, A. J. (2014). *Conceptualizing 21st-Century Archives*. Chicago: Society of American Archivists.
- Gruber, T. (1993). A translation approach to portable ontology specifications. *Knowledge Acquisition*, 5(2), pp. 199–220.
- ISO 14721:2012. (2012). *Space data and information transfer systems – Open archival information system (OAIS)- Reference model*. Geneva: International Organization for Standardization.
- ISO 15489-1:2016. (2016). *Information and documentation- Records management- Part 1: General*. Geneva: International Organization for Standardization.
- Russell, S., & Norvig, P. (2010). *Artificial Intelligence: A Modern Approach* (3rd ed.). Pearson.
- United Nations. (2022). *United Nations E-Government Survey 2022: The Future of Digital Government*. Retrieved from <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Reports/UN-E-Government-Survey-2022> (Accessed 29.07.2025).
- Zeng, M. L., & Qin, J. (2021). *Metadata* (2nd ed.). Chicago: ALA Neal-Schuman.

References

- Amanov N., Dzhaparov B., Nurbatirova R. (2023). The task of forming electronic files in the electronic document flow system. *Journal of Mathematics, Mechanics and Computer Science*, 120(4), pp. 92–101. <https://doi.org/10.26577/JMMCS2023v120i4a9>
- Duranti L., Rogers C. (2019). Trusting records and data in the cloud: The creation, management, and preservation of trustworthy digital content. *Archival Science*, 19(3), pp. 373–390. <https://doi.org/10.29085/9781783304042>
- Gartner. (2022). Magic Quadrant for content services platforms. *Gartner Research*. Retrieved from <https://www.gartner.com/en/documents/4000120> (Accessed 29.07.2025)
- Gilliland A. J. (2014). *Conceptualizing 21st-Century Archives*. Chicago: Society of American Archivists. (322 p.)
- Gruber T. (1993). A translation approach to portable ontology specifications. *Knowledge Acquisition*, 5(2), pp. 199–220.
- ISO 14721:2012. (2012). *Space data and information transfer systems- Open archival information system (OAIS)- Reference model*. Geneva: International Organization for Standardization. (132 p.)
- ISO. (2016). *ISO 15489-1:2016 Information and documentation- Records management- Part 1: General*. International Organization for Standardization. (48 p.)
- Dzhakypov M. Kh. (2019). Opyt formirovaniia i razvitiia obshchenatsional'noi Edinoi sistemy elektronnoho dokumentooborota gosudarstvennykh organov Respubliki Kazakhstan [Experience of forming and developing the national unified system of electronic document management of the Republic of Kazakhstan]. *Upravlenie dokumentami v tsifrovoi ekonomike: problemy vzaimodeistviia*. Moskva: Rossiiskii gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet, pp. 26–39. (In Russian)
- Korolev I. D., Nazintsev V. S., Mezentsev A. S., Makhnev A. P. (2020). Metodika formirovaniia elektronnoho dela sistemy elektronnoho dokumentooborota [Methodology for forming electronic files in the electronic document management system]. *Naukoyemkie tekhnologii v kosmicheskikh issledovaniakh Zemli*, 12(4), pp. 65–75. (In Russian)
- Russell S., Norvig P. (2021). *Artificial intelligence: A modern approach* (4th ed.). Boston: Pearson. (1136 p.)
- Shvalova N. A. (2018). Integratsiia sistem elektronnoho dokumentooborota i elektronnoho arkhiva dokumentov s tochki zreniia rossiiskogo zakonodatel'stva i normativnykh aktov [Integration of EDMS and electronic archives from the perspective of Russian law and regulations]. *Vestnik magistratury*, 5–4(80), pp. 158–160. (In Russian)
- United Nations. (2022). *United Nations E-Government Survey 2022: The Future of Digital Government*. Retrieved from <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Reports/UN-E-Government-Survey-2022> (Accessed 29.07.2025)
- Yumashova Iu. Iu. (2015). Arkhivy elektronnoho dokumenta: problemy i vozmozhnye resheniia [Electronic document archives: problems and possible solutions]. *Kommunikatsii i obshchestvo*, (3), pp. 61–66. (In Russian)
- Volkov I. K. (2019). Elektronnoe delo: metodika formirovaniia [Electronic file formation technique]. *Scientific and Technical Journal of Information Technologies, Mechanics and Optics*, 19(4), pp. 650–656. <https://doi.org/10.17586/2226-1494-2019-19-4-650-656>
- Zeng M. L., Qin J. (2021). *Metadata* (2nd ed.). Chicago: ALA Neal-Schuman. (403 p.)

Автор туралы мәлімет:

Жапаров Борис Әлікенұлы – техника ғылымдарының докторы, профессор, Еуропа ғылым және өнер академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: Bjapar@kazreana.kz)

Нурбатырова Раушан Ерболовна (корреспондент-авторы) – әлеуметтік ғылымдар магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: raushan.nurbatirova@mail.ru)

Information about authors:

Boris Alikonovich Zhaparov – Doctor of Technical Sciences, Professor, Academician of the European Academy of Sciences and Arts, Professor at the Department of World History, Historiography and Source Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Bjapar@kazreana.kz).

Raushan Erbolovna Nurbatyrova (corresponding author) – Master of Social Sciences, Senior Lecturer at the Department of World History, Historiography and Source Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: raushan.nurbatyrova@mail.ru).

Сведения об авторах:

Жапаров Борис Аликенович – доктор технических наук, профессор, академик Европейской академии наук и искусств, профессор кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Bjarar@kazrepa.kz);

Нурбатырова Раушан Ерболовна (автор-корреспондент) – магистр социальных наук, старший преподаватель кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: raushan.nurbatyrova@mail.ru).

Келіп түсті: 04.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

Қ.З. Өскенбай¹ , Н.Ә. Атығаев^{2*} 

¹АБДИ гуманитарлық зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: nuratygaev@mail.ru

ЕРТІС ӨҢІРІ – ЖОШЫ ХАН ОРДАСЫН ТІККЕН ЖЕР

Мақала Жошы Ұлысының тарихының ерте кезеңіне арналған. Жұмыста қазіргі Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысының аумағы, әсіресе Ертіс бойындағы жайлаулар Шығыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның басты ордасы орналасқан жер екені тарихи фактілермен негізделеді. Ертіс өлкесі XIII ғасырда Жошы Ұлысының негізгі аумағын құраған, бастапқыда мұнда Жошының өз ордасы орналасса, кейін бұл жерлер Ұлыстың орталығына айналды. Жұмыста тарихи зерттеудің дәстүрлі, диахрондық, тарихи-жүйелік және т.б., әдістері қолданылды. Зерттеудің хронологиясы XIII ғасырда болған оқиғаларды қамтиды. Жұмыс барысында ортағасырлық жазба дереккөздердің мағлұматтары және ортағасыр тарихы мен археологиясы бойынша ғылыми басылымдардың мәліметтері пайдаланылды. Қазіргі Шығыс Қазақстан мен Абай облысының тарихына қатысы бар мәліметтер кездесетін Жошы Ұлысының тарихы бойынша негізгі мұсылман және еуропалық дереккөздер анықталды. Жошы ханның өзі мен Орда және оның мұрагерлері Қоңқыран мен Құнышы билеген Жошы ұлысындағы оқиғалар баяндалатын Рашид әд-Дин, Иоанн де Плано Карпини, К. де Бридра қалдырған мағлұматтар қарастырылды. Мақалада Жошы әулеті Юань империясымен Шығыс Қазақстан, Алакөл алқабы мен Жоңғар қақпасы арқылы қарым-қатынас жасады, ал Ертіс, Есіл, Тобыл өзендері Қазақстанның солтүстік және шығыс даласын Сібірмен жалғастырды дейтін пікір айтылады. Қазақстанның шығыс бөлігінің тарихы – Қазақстанның ортағасырдағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени тарихының ажырамас бөлігі. Жұмыста алғаш рет Шығыс Қазақстан мен Абай облысының тарихы Жошы Ұлысы тарихы контекстінде қарастырылып, Шығыс Қазақстан тарихы ортағасырлық Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени тарихының құрамдас бөлігі екені көрсетіледі.

Түйін сөздер: Жошы, Ертіс жағалауы, Орда, Шығыс Қазақстан, Абай облысы.

Q.Z. Uskenbay¹, N.A. Atygayev^{2*}

¹Institute for Humanities Studies ABDI, Almaty, Kazakhstan

²Abai Qazaq National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: nuratygaev@mail.ru

The Irtysh region is the place where Jochi khan founded his camp

The article is devoted to the early history of the Ulus of Jochi. It substantiates the opinion that the modern territory of Eastern Qazaqstan, where the East Qazaqstan Region and the Abai Region are now located, and especially the pastures around the Irtysh River were the site of the foundation and location of the headquarters of Jochi Khan, the eldest son of Genghis Khan. In the 13th century, the Irtysh region constituted the main part of the possessions of the Ulus of Jochi, at first there was the camp (headquarters, horde) of Jochi himself, then the center of the ulus of the Horde, the eldest son of Jochi. Traditional methods of historical research were used, including diachronic, historical-systemic and other methods. The chronological framework of the study covers the events of the 13th century. Information from medieval written sources and scientific publications on the history and archeology of the Middle Ages is used. The range of main Muslim and European sources on the history of the Ulus of Jochi, which reflect the history of East Qazaqstan and the territory of the Abai Region, is determined. The article examines the data of Rashid al-Din, John of Plano Carpine, C. de Bridra on the events of the history of the Ulus of Jochi during the reign of Jochi, Orda and his first successors Qonghuran and Qonichi. It is suggested that the contacts of the Jochid with the Yuan Empire passed through Eastern Qazaqstan, through the Alakol Valley and the Dzungarian Gates, and the Ertis, Yesil, Tobyl rivers were the connecting threads of the northern and eastern steppes of Qazaqstan with Siberia. The history of Eastern Qazaqstan is an integral part of the socio-political, economic and cultural history of all medieval Qazaqstan. For the first time, the history of East Qazaqstan and the Abay Region is considered in the context of the history of the Ulus of Jochi, it is shown that the history of Eastern Qazaqstan is an integral part of the socio-political, economic and cultural history of medieval Qazaqstan.

Keywords: Jochi, Irtysh Region, Orda, East Qazaqstan, Abay Region.

К.З. Ускенбай¹, Н.А. Атыгаев^{2*}

¹Институт гуманитарных исследований АБДИ, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: nuratygaev@mail.ru

Прииртышье – место где Джучи-хан воздвиг свою ставку

Статья посвящена ранней истории Улуса Джучи. В ней обосновывается мнение о том, что современная территория Восточного Казахстана, на которой сейчас располагаются Восточно-Казахстанская область и область Абай, и в особенности пастбища вокруг реки Иртыш являлись местом основания и расположения ставки Джучи-хана, старшего сына Чингиз-хана. В XIII веке Прииртышье составляло основную часть владений Улуса Джучи, сначала здесь была ставка (орда) самого Джучи, затем центр улуса Орды, старшего сына Джучи. Использовались традиционные методы исторического исследования, в том числе диахронный, историко-системный и другие методы. Хронологические рамки исследования охватывают события XIII века. Привлечены сведения средневековых письменных источников и научных изданий по истории и археологии средневековья. Определен круг основных мусульманских и европейских источников по истории Улуса Джучи в которых отражена история Восточного Казахстана и территории области Абай. Рассматриваются сведения Рашид ад-Дина, Иоанна де Плано Карпини, К. де Бридра о событиях истории Улуса Джучи в правление Джучи, Орды и его первых преемников Конкырана и Кончи. Высказывается мнение о том, что контакты Джучидов с империей Юань проходили через Восточный Казахстан, через Алакольскую долину и Джунгарские ворота, а реки Ертіс (Иртыш), Есиль (Ишим), Тобыл (Тобол) являлись связующими нитями северных и восточных степей Казахстана с Сибирью. Впервые история Восточного Казахстана и Области Абай рассмотрена в контексте истории Улуса Джучи, показано, что история Восточного Казахстана неразрывная часть социально-политической, экономической и культурной истории средневекового Казахстана.

Ключевые слова: Джучи, Прииртышье, Орда, Восточный Казахстан, область Абай.

Кіріспе

Шығыс Қазақстан мен Абай облысының орта ғасырдағы тарихы және осы өңірдің Ұлы Моңғол империясы мен Жошы Ұлысының құрамында болған кезеңі ішінара қарастырылған, алайда жеткілікті зерттелмеген. Бұл кезеңнің тарихы тек ғылыми-тарихи зерттеулер үшін ғана емес, қазіргі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде де маңызды орны алады. Жошы хан мен ол негізін қалаған мемлекеттің маңызы еліміздің ресми өкілдерінің сөздерінде аталып, бұқаралық ақпарат құралдары мен жалпы көпшілікке арналған әдебиеттерде көп жазылып жүр. Алайда Жошы Ұлысының тарихындағы Ертіс аймағының рөлі мен маңызы толық зерттелген емес.

Жошы Ұлысының тарихы мәселесі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сөздерінде де жиі айтылды. Президент осы арқылы бұл тақырыптың өзектілігін аңғартып, халықтың қызығушылығын күшейте түсті. Президент Жошы Ұлысы немесе Алтын Орда тарихы өзгелердің Қазақстанға ынтасын арттырып, ел туризмін дамытуға қосар үлесі зор екендігі жөнінде әлденеше рет мәлімдеді. 2019 жылы 24 тамызда Ұлытау облысындағы Жошы хан кесенесінің жанында өткен «Ұлытау-2019» Халықаралық туристік форумда сөйлеген сөзінде

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былай деген еді: «Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз. Еліміздің осындай баға жетпес бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын ойластыруымыз керек. Мысалы, Монғолия Шыңғыс хан тұлғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр. Ал, Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени турнысанына айналдыру – өте маңызды міндет. Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс» (Тоқаев 2019б). Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 2 қыркүйекте халыққа жолдаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын жолдауында да «Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн» (Тоқаев 2019) деген болатын. Бұл идеяны ел Президенті Ресейге сапарында да қайталады. 2019 жылы 3 қазанда Сочи қаласындағы «Валдай» пікірталас клубының отырысында Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесу кезінде «Біз исламдық, кон-

фуциандық және шығысхристиандық өркениеттердің тоғысында орналасқанбыз. Ұлы Жібек жолы, Алтын Орда, еуразиялық өмір салты қазақтардың мәдени кодының негізгі бөлшегін құрайды» (Тоқаев 2019а), – деді. Алтын Орда тақырыбының маңызы мемлекет басшысының 2021 жылы 15 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне арналған сөзінде «Алтын Орда орта ғасырдағы алып мемлекет ретінде белгілі. Қазақ халқы осы ұлық ұлыстың тікелей мұрагері болып саналады» (Тоқаев 2021) деген болатын.

Мемлекет басшысы мен Қазақстанның өзге де ресми өкілдерінің Алтын Орда жөніндегі пікірлері бұл тақырыпты отандық тарихшылардың әлі де егжей-тегжейлі зерттей түсуі қажеттігін көрсетеді.

Жошы Ұлысының тарихы көбіне Орталық Қазақстандағы Ұлытаумен және Батыс Қазақстандағы Сарайшықпен байланыстырылады. Әйтсе де Жошы Ұлысының алғашқы орталығы және оның негізін салушы Жошының басты ордасы Шығыс Қазақстанда болғанын және оның осы мемлекеттің саяси өмірінде аса маңызды рөл атқарғанын баса айту қажет.

Алтын Орда кезеңіндегі Шығыс Қазақстан тарихын зерттеу Қазақстанның тарихи шекарасы мен қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуын тереңірек түсінуге, сондай-ақ Қазақстанда және аталған аймақта туризмді дамытуға септігін тигізеді.

Жошы Ұлысы дәуіріндегі Ертіс бойының рөлін тереңірек танып-білу үшін тек тарихи зерттеулер ғана емес, сонымен қатар кешенді археологиялық ізденістер де қажет. Оның мысалы ретінде археологиялық қазба жұмыстары кезінде Алтын Орда ескерткіштері табылған Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарын айтуға болады.

Әдістер

Мақалада XIII ғасырда Шығыс Қазақстан аумағында болған оқиғалардың нақты хронологиясын белгілеуге мүмкіндік беретін тарихи зерттеудің диахронды тәсілі, Жошы Ұлысының шығыс бөлігінің саяси тарихында болған оқиғаларды барша Алтын Орда және Моңғол империясы тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға ықпал еткен тарихи-жүйелі әдіс секілді тарихи зерттеулердің негізгі тәсілдері пайдаланылды. Контент-талдау тәсілінің көмегімен әртүрлі тарихи дереккөздердің мәлімет-

тері салыстырылды. Ортағасырлық нарративтер мен осы тақырып бойынша қазіргі зерттеулерді кешенді талдау нәтижесі Жошы Ұлысының Шығыс Қазақстан бөлігінде болған негізгі саяси оқиғалар желісі мен хронологиясын нақтылай түсуге мүмкіндік берді. Тарихилық, объективтілік, ғылыми-тарихи, тарихнамалық талдау принциптеріне сай келетін бұл әдістердің бәрі біз көтеріп отырған мәселені өзгеше қырынан қарауға ықпал етті.

Дереккөздер мен материалдар

Негізгі ақпарат материалы ортағасырлық парсы авторларының шығармаларынан ұсынылды. Мақалада авторлар өздерінің деректанушылық ізденістерін Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысының аумақтары Шыңғыс ханның Моңғол империясы мен оның бір бөлігі Жошы Ұлысына кірген кез – XIII ғасырдың тарихына арнады. Ортағасырлық деректану материалдарымен жұмыс істелді. Шығыс Қазақстан және Абай облыстары аумақтарының тарихы сөз болатын Жошы Ұлысының тарихы бойынша негізгі мұсылман және еуропалық дереккөздер іріктелді.

Сипатталып отырған кезеңге, XIII ғасыр мен XIV ғасырдың алғашқы жартысына уақыт жағынан неғұрлым жақын дәстүрлі жазба дереккөздердің мағлұматтары зерделенді. Дереккөздердің қатарына әр түрлі тілдерде жазылған ортағасырлық шығармаларды жатқызуға болады. Мысалы, араб-парсы тіліндегі ән-Насауи, ән-Нуайри, Ибн әл-Аср, Фазлуллах Рашид әд-Дин, Ала әд-Дин Ата-Мәлік Жуайни, Жузжани шығармалары, моңғол тіліндегі авторы белгісіз «Моңғолдың құпия шежіресі (немесе тарихы)». Сонымен қатар қазақ, ағылшын және орыс тілдеріне аударылған қытай құжаттары да пайдаланылды. Бұл тұрғыда негізгі құжат – Юань империясының ресми тарихы қытай тіліндегі «Юань-ши». Бұл әулеттік жылнама XIV ғасырдың екінші жартысында құрастырылған болатын. «Мэн-да бэй-лу» («Моңғол-татардың толық сипаттамасы», ағылшынша: Memorandum on the Mong-Tatars) деп аталатын қытай дереккөзінде Жошы есімі аталады. (Atwood 2021: 77). Жошы хан мен оның ұлысы жайлы мәліметтерді еуропалық Иоанн де Плано Карпини, Гильом де Рубрук, К. де Бридра, Марко Поло келтірген (Минаяев 1956; Шастина 1957; Dawson 1966; Иоанн де Плано Карпини 2022). Соңғы ортағасырлық дәурде жазылған түркі жазбаларында Жошы

туралы құнды мәліметтер бар. Олардың қатарында Қадырғали би Қосымұлы, Өтеміс қажы, Әбілғазы және Әбд әл-Гаффар Қырымиді еңбектерінің атауға болады. Бұл жерде аталған және тағы басқа ортағасырлық деректерді пайдаланған кезде біз соңғы жылдары шыққан аудармалары мен басылымдарын барынша ескеруге тырыстық. Соның ішінде «Моңғолдың құпия шежіресінің» (The Secret History of the Mongols) мәліметтерін Кристофер Атвудтың (Atwood 2023) ағылшын тіліне жаңадан аударған нұсқасынан алдық, сонымен қатар Сергей Козин, Игорь де Рахевильц, Нәпіл Базылханның (Козин 1941; Rachewiltz 2004; Базылхан 2006) бұрынғы аудармаларын да пайдаландық. Рашид әд-Диннің шығармалары парсы тіліндегі жаңа бес томдығы мен оның 2018 жылы Астанадағы Халықаралық түркі академиясында жарияланған Зәріпбай Оразбайдың қазақ тіліндегі аудармасы пайдаланылды (Рашид әд-Дин 2018). Бұл басылым бұрынғы ағылшынша және орысша нұсқаларымен салыстырылды (Rashiduddin 1998–1999; Рашид ад-дин 1952а; 1952б; 1960). Қытай дереккөздерінің мәліметтері қазақ, ағылшын және орыс тілдеріне жаңадан аударылып, жарияланды. Мысалы: (Atwood 2021; Ошан 2006; Храпачевский 2009). Сонымен бірге Иоанн де Плано Карпини (Иоанн де Плано Карпини 2022), өзге де еуропалық латын құжаттарының (Хаутала 2015), ортағасырлық түркі тілдерінде жазылған Өтеміс қажы (Утемиш-хаджи 2017), Қырымиді (Қырымиді 2018) шығармаларының түпнұсқа мәтіндері мен аудармаларының жаңа басылымдары қолданылды. Араб және парсы дереккөздері Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шыққан жаңа басылымдар мен бұрынғы басылымдарынан алынды.

Жошы Ұлысы кезеңіндегі Абай облысының аумағы бойынша тарихи дереккөздерді зерттеу осымен аяқталды деуге болмайды, әрі қарай «Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу» BR24992916 ғылыми бағдарламасы бойынша жүйелене береді.

Талқылау және қорытындылар

Жаңа әскери және саяси күш – Шыңғыс ханның (1162–1227) Ұлы Моңғол империясының алғашқы соққысы Қазақстан аймақтарының ішінде қазіргі Шығыс Қазақстана аумағына жасалды. Шыңғыс хан әскері келгенге дейін Ертістің оң жағына найман хандары иелік етсе, сол жағасында қыпшақ хандарына бағынышты тайпалар көшіп жүрді. Көшпенді халықтарды

өз билігіне бағындыруға ұмтылған Шыңғыс хан жорығы Шығыс Қазақстан аумағына жылдам жетті. Бұған қарсылық көрсеткен Күшлік хан (1218 ж. өлтірілді) бастаған наймандардың бір тобы 1217 жылы ежелден моңғолдармен араз болып келе жатқан, Шыңғыс ханға қарсы тұруға бекінген тағы бір көшпенді халық – меркіттермен бірікті.

Меркіт пен моңғол араздығы жақсы мәлім. Деректерде сақталған әңгімелерге қарағанда Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөрте (1161–1230) тұңғышы Жошыны меркіт тұтқынынан оралған соң босанған. «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» мағлұматқа қарағанда Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай (1185?–1242) Жошыны «меркіттен туған шата» деп атаған көрінеді (Козин 1941: 182–186). Қазақ тіліндегі ғылыми аудармасы былай: «Осы Меркітпен шатысқа не дерміз» (Базылхан 2006: 320). Кристофер Атвудтың (Atwood 2023: 134) және Игорь де Рахевильц (Rachewiltz 2004: 183, 926–927) ағылшын тіліне *bastard* деп аударды (*bastard foundling of the Merkit; bastard offspring of the Merkit*). Жошыны «шата» деп кемсіткендегі мақсат – Моңғол империясының жері мен Шыңғыс хан мұрагерлігіне талас. Шын мәнінде Жошы – Шыңғыс ханның өз ұлы болатын, ал алыпқашпа өсек-аяң Жошы өлгеннен кейін, оның ұрпағын биліктен айыру мақсатында шыққан. «Жошы» деген аттың мағынасы «жолда туған» дегенді білдіреді деген уәж кейіннен пайда болғаны байқалады. Өйткені ол кезде моңғол арасында мұндай есім көп еді, оның бәрі жолда тууы немесе «шата» (ағылшынша: *bastard*) болуы қисынға келмейді. Қазіргі моңғол тарихшыларының пікіріне қарағанда, бұл есімді алғашқы қыздан кейін туған ұлға берген, «екінші» деген мағынаны білдіреді. Расында, Жошының әпкесі болған. Мұнан өзге, америкалық тарихшы Кристофер Атвудтың пікірінше, 1219–1224 жылдары Хорезмге шабуыл жасамай тұрғанда Жошы моңғол тағының ресми заңды мұрагері саналған. Біздің ойымызша, Жошы жастай өлген соң ғана тақ мұрагері бола алмаған. Біз оның 1225 жылы әкесі Шыңғыс ханнан екі жыл бұрын өлгенін анықтадық. Бұл жөнінде өзге зерттеуімізде егжей-тегжейлі жазылған, қараңыз: (Усманова және т.б. 2024: 13–25; Panyushkina et al. 2022).

Наймандар мен меркіттер Шыңғыс ханның негізгі күшімен Қытайдағы Цзинь империясына ұзақ жорыққа аттанғанын пайдалануға тырысты. Рашид әд-Диннің мәліметіне қарағанда, 1217 жылы Қытайдан оралған Шыңғыс ханға тау ішіне тығылып алған меркіттердің («баратын жолы қиын тауларда орналасқан»), «тағы

да жиналып, қастық қылғысы келетінін» хабарлаған (Рашид ад-дин 1952б: 177; Rashiduddin 1998–1999: 226). Қазақша басылымында былай: «Тоқта бектің бауыры Құду мен оның үш ұлы: Шылауын, Мажар мен Құлтуған мерген ол жақта қайта жиналып, (Шыңғыз ханға қарсы) дұшпандық іс-әрекеттер бастамақ болып жүргендері туралы есітті» (Рашид ад-Дин 2018, т. 2: 124). Меркіт әскерін Тоқта бек ханмен бірге ұлдары – Құду (Godu), Құл (Gal) және Шылауынмен (Cila'un) басқарған (Atwood 2023: 92–93, 257–258). Найманның басында Күшлік хан тұрған. «Моңғолдың құпия шежіресіне» қарағанда, көтерілісті күшпен басуға Жошы мен Сүбедей баһадүр (1175–1248) бастаған жасақ аттандырылып, көтерілісшілермен қазіргі Шығыс Қазақстан облысында кездескен. «Алтай тауының қойнауында, Ертіс өзенінің Бұқтырма түбінде (Ertis-ün Buqdurma), қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Алтай қаласының оңтүстік-батыс жағында шайқас болып, Жошы мен Сүбедей әскері жеңіске жеткен. Шайқаста Тоқта-бек өлген. Оның ұлдары әкесінің басын алып Ертістен өтіп, батыстағы қаңлы мен қыпшаққа қашқан. Меркіт әскерінің көбі өзенге батып кеткен. Күшлік хан Жетісудағы қарақытайлардан пана іздеген (Atwood 2023: 92–93, 257–258; Козин 1941: 151, 174; Қинаятұлы 2001: 82–90; Пиков 2006: 173). Бұл оқиға «Моңғолдың құпия шежіресінде» былай сипатталған: «Тоқтағаға (Тоқтауа-беки) сүйекті оқ тиіп, құлап түсіпті. Ұлдары оның өлік сүйегін ала алмай басын кесіп алып кетіпті. Сөйтіп, Найман (Nauman), Меркіт (Merkit) болып бірігіп соғысқанымен күш жетпей кері шегініп, ақыры Ертіс өзенінен өтіп қашарда көп әскерлері суға ағып кеткен екен. Ертіс өзенінен аман кешіп өткен Найман, Меркіттің топтары қашып әрі кетіпті. Найманның Күчүлүк ханы (Küçülük-qan) Үйғыр, Қарлұқ жерін басып өтіп, Сартағұл еліндегі Шу өзені бойындағы Қара-Қытайдың Гүр ханына барып қосылыпты. Меркіт Тоқтағаның ұлы Қутү (Qudu), Қал (Qal), Чылағун (Çilayun) бастаған меркіттер Қаңлы, Қыпшақтар (Qañlin, Qibçaqud) жерін басып өтіп жөнелді» (Базылхан 2006: 248).

Жошының меркіттермен, сонан соң қыпшақтармен, хорезмдіктермен әрі қарайғы соғысы Шығыс Қазақстаннан сырт жерде өтіп, 1223 жылы Шығыс Дешті Қыпшақтың Моңғол империясына қосылуымен аяқталды.

Міне осы мағлұматтар 1217 жылы Жошы өз жасағымен алғаш рет қазіргі қазақ жеріне аяқ басқанын көрсетіп отыр. Онымен бірге моңғол-

дың әйгілі қолбасшысы Сүбедей ғана емес, Рашид әд-Диннің жазуынша, қоңырат тайпасынан құралған қосалқы жасақты басқарған Тоғышар баһадүр (Тукучар) де келген.

Қыпшақтар мен хорезмдіктерге қарсы соғыс аяқталған соң Жошы шамамен 1224 жылы Ертіс бойына оралып, ордасын сонда тіккен.

Рашид ад-Диннің жазуынша, Хорезмді жаулап алғаннан кейін Жошы өз ордасына қарай бет алады. Ортағасырлық тарихшы Жошы ханның ордасын белгілеу үшін «ағруқ (огруг) уа ұлыс» терминдерін қолданған (Рашид әд-Дин 2018, т. 2: 482, 539). Қазақша аудармасында «өзінің киіз үйлеріне (ордасына)», «өзінің мекені мен ұлысына кетті» деп аударылды (Рашид әд-Дин 2018, т. 2: 175, 227). Орысша аудармасында «обоз», «становище» және «улус» терминдері қолданылған (Рашид ад-дин 1952б: 219, 257; Рашид ад-дин 1960: 95). Уиллер Тэкстон бұл терминдерді ағылшын тіліне аудармай берген «aghruq and ulus» (Rashiduddin 1998–1999: 291). Рашид ад-Диннің атап өткен «ағруқ уа ұлыс», яғни Жошы ордасы қай жерде болды? Бұны да Рашид әд-Дин нақтылай түседі. Жошы хан Хорезмнан шығып Ертіс жағына қарай жол тартып өзінің ордасына барып қосылды, яғни, Жошының ордасы (лагерь, обоз, aghruq, camp) ол жорықтан оралғанша Ертісте болды (Рашид ад-дин 2018, т. 3: 98, 378; Rashiduddin 1998–1999: 359; Рашид ад-дин 1960: 78).

Рашид әд-Дин жазуына қарағанда Жошы иелігі Ертіс бойы мен Алтай тауымен шектелген: Ертіс өзені мен Алтай тауларының айналасындағы барша (тамам) уәлаяттар мен ұлысты, ол аймақтардағы жайлаулар мен қыстауларды Шыңғыс хан Жошы ханның иелігіне берді; Жошы хан Дешті Қыпшақ уәлаяті мен сол өңірдегі мемлекеттерді азат етіп (Ағылшыншасы: conquer and bring, парсы түпнұсқасында: мостахлас. – Қ.Ө., Н.А.), өзінің иелігіне қосып алуы туралы бұлтартпас жарлық берді. Оның негізгі жұрты (yurt) Ертістің айналасында болды және оның мемлекетінің астанасы да сол жерде еді (Рашид әд-Дин 2018, т. 3: 97; Rashiduddin 1998–1999: 359; Рашид ад-дин 1960: 78).

1246 жылы Ертіс пен Алакөлдін арасынан Иоанн де Плано Карпини өткен. Мұнда «аса үлкен емес теңіз бар» (Алакөл), жағасында «орта-сынан жел соғып тұратын шағын тау бар». Теңіз жағасымен бірнеше күн жүрген соң сапаршылар жағалауларын тоғай басқан, кішігірім өзендері көп жерге жетеді. Ол жерде, Плано Карпини сөзінше, бүкіл татар князьдарынан, олардың ішін-

де Батудан да, үлкен Орда (Орду) тұрады. Осы жерде оның әкесінің жесірлерінің бірі басқаратын Орданың әкесінің сарайы – хан ордасы орналасқан (Dawson 1966: 59–60; Иоанн де Плано Карпини 2022: 180). Орда немесе Орду – Жошының ұлы, Ертіс бойындағы мұрагері. Жошы қысқа өмірінің соңғы жылдарын осы Ертіс бойында өткізіп, 1225 жылы мезгілінен бұрын өлген болуы мүмкін (ал-Карши 2005: 119). Ал Шығыс Қазақстан тауларының біріне Жошы хан құпия түрде жерленуі әбден ықтимал. Арада жүз жыл өткенде оның ислам дінін қабылдаған ұрпақтары Ұлытауға бабасының құрметіне кесене тұрғызған.

XIII ғасырдағы моңғол оқиғаларының куәгері, көпес әрі саяхатшы Марко Полоның мағлұматына қарағанда, моңғолдар өздерінің барлық ұлы билеушілерін, әсіресе Шыңғыс хан ұрпақтарын Алтай тауына жерлеген, ұлы моңғол билеушілері мейлі Алтайдан жүз күндік жерде өлсе де Алтайға жеткізілген (Минаев 1956: 88). Хан өлген соң оның қорымы маңында біршама уақыт жесірі өмір сүрген. Жоғарыда Жошының жесірі Ертіс бойындағы орданы басқарғаны айтылды. Шыңғыс ханның қорымы секілді, Жошының қорымы жатқан жерді де дәл көрсету мүмкін емес.

Жошы хан иелігі Ертіс бойы ғана емес еді. Жошы билігі Ертіс пен Алтайдан асып, Алакөл мен Зайсанға жетті. Ол мұнда өмірінің соңында ғана тұрды. Рашид әд-Дин жазуына қарағанда,

Ол Шыңғыс ханның бұйрығымен (хокм) тоқтаусыз жорықтарға жүріп, көптеген елдер мен аймақтарды (белад уа уәлаят) азат етіп өзіне бағындырды, содан ол мол әскери тәжірибеге ие болды (Рашид ад-дин 1960: 78; Rashiduddin 1998–1999: 359; Рашид әд-Дин 2018, т. 3: 97, 378).

Жошы хан жерін Ала әд-Дин Ата-Мәлік Жуайнидің сипаттағаны: «Шыңғыс билігі ұланғайыр жерге тарады, ол әрқайсына жер берді, олар оны жұрт деп атайды... Үлкен ұлы Тушиға (әғни Жошыға) Қайалық пен Хорезмнен бастап, Сақсын мен Бұлғар шегіне дейін. Одан әрі қарайғы татар атының тұяғы тиген жердің бәрін берді» (ағылшын тілінен аудармасы) (Juvaini 1958: 42).

Шыңғыс хан үлкен ұлына кең байтақ қыпшақ жерін бергені анық, Жошы көзі тірісінде соның Ертістен Оралға дейінгі шығыс бөлігін жаулап үлгерді. Орал өзенінен батысқа қарай жер Жошы ұлысына өзі өлгеннен кейін қосылды.

Жошы өлген соң ұлдары оның ұлысы мен әскерін екіге бөлді. Рашид әд-Дин былай дейді:

«Жошы ханның бірінші ұлы – Орда (Орду) оның (Жошы ханның) қоңырат руынан шыққан үлкен Сартақ есімді әйелінен дүниеге келді. Әкесінің тірі кезінде де, одан кейін де, ол өте сыйлы және құрметті болды. Жошының орынбасары екінші ұлы Бату болды, алайда Мөңке қаған олардың атына үкімдер мен заңнамалар жазғанында Орданың есімін бірінші жазатын. Орда Батудың патшалық етуіне (өзі) келісті және оны әкесінің орнына сол (Орда өзі) отырғызды. Әрі Жошы ханның әскерлерінің бір бөлігін ол басқаратын, екінші бөлігін Бату. Сөйтіп, ол (Орда басқаратын) әскерімен бірге төрт бауыры: Одыр, Тоқа Темір, Шыңқұр бірге ол әскердің сол қанатын құрайтын. Оларды қазір де «Сол қанаттың ханзадалары» деп атайды» (Рашид әд-дин 2018: 3-т., 80, 356; Рашид ад-дин 1960: 66; Rashiduddin 1998–1999: 348). Басқаша айтқанда, Жошы хан әскерінің бір жартысын Орда, екінші жартысын Бату басқарды.

Осы мәліметтен көрініп тұрғандай, Орда өзінің төрт інісімен (Үдыр, Тоқай-Темір, Шыңқұр, төртіншісі Сыңқұм) бірге «әскердің сол қанатын құрады; оларды әлі күнге сол қанаттың ханзадалары» – «шах-задаган-и даст-и чап» деп атайды (Рашид ад-дин 1960: 66; Рашид әд-дин 2018: 3-т., 80, 356; Rashiduddin 1998–1999: 348).

Ертіс бойы мен Шығыс Қазақстан аумағы Жошының үлкен ұлы Орда ұлысына кірді. Орда (Орду, Ежен-хан, Орда-Әджен, Орду-Ичен) мен Жошының екінші ұлы әрі мұрагері Бату Жошы Ұлысын екі қанатқа – сол және оң қанатқа бөліп басқарды. Өзге бауырлары оларға бағынышты болды. Жошы ұлысы шын мәнінде Жошының екі ұлына бағынышты екі ұлысқа бөлінді.

Орда мен оның ұрпақтары билік еткен жердің нақты шекарасын айту қиын. Түрлі кезеңдердегі саяси жағдайларға байланысты Ұлыстың өзінде де, оның шеткі аймақтарында да шекара тұрақты болған жоқ. Егер бастапқы кезде Орда ұрпақтары Шығыс Қазақстан даласына түпкілікті иелік етсе, кейін біртіндеп оңтүстікке қарай жылжып, Оңтүстік Қазақстанды Сауран, Сығанақ, Жент, Баршынкент және т.б. қалаларымен қоса иеленді. Орда ұлысының жері шығыстан оңтүстікке әрі қарай батысқа қарай ұлғая түсті.

Орда Батудың патшалық етуіне өзі келісті және оны әкесінің орнына өзі отырғызды (Рашид ад-дин 1960: 66; Рашид әд-дин 2018: 3-т., 80, 356; Rashiduddin 1998–1999: 348). Орда әкесі тірі кезінде де, өлген соң да үлкен бедел мен құрметке ие болды. Жоғарыда аталған Иоанн де Плано Карпини 1246 жылы тап осы Орда ұлы-

сы арқылы өтті. Карпинидің сөзінше, Орданың жасы барлық билеушілерден үлкен, ол Батудан да, басқа ханзадалардан да, яғни Шыңғыс хан тұқымдарынан да үлкен (Шастина 1957: 44, 73; Иоанн де Плано Карпини 2022: 149, 180). Осылайша Орда ұлысының негізгі жері Шығыс Қазақстан, Ертіс бойы мен Алакөл болды. Карпини серіктерімен өтіп бара жатқанда көрген «дамылсыз жел соғып тұрған» тау аңғары, сірә Жоңғар қақпасы болса керек. Олар әрі қарай өзені мен орманы көп өлкеге кезігеді (Dawson 1966: 59–60; Иоанн де Плано Карпини 2022: 180). Орда мен оның ұлысы жайлы осыған ұқсас мәліметтерді К. де Бридра (аты-жөнінің дұрыс нұсқасы осы, қараңыз: Хаутала 2021: 82) өзінің «Тартар тарихы» (Юрченко 2002: 110) деп аталатын кітабында келтірген.

Міне, осының бәрі Орда ұлысының бастапқы негізгі жұрты Шығыс Қазақстанда болғанын көрсетеді.

Орданың алғашқы мұрагері, үлкен ұлы Қонқыран хан тұсында Шығыс Қазақстан әскери және саяси күрес алаңына айналды. Ол шамамен 1270 жылдардың соңына дейін билік құрды. Дереккөздерде оның аты-жөні 1250 жылдардың алғашқы жартысында Моңғол империясында болған оқиғаларды сипаттағанда айтылады. Бұл оқиғалар Төленің ұлы Мөңкенің әрекеттеріне байланысты. 1251 жылы Мөңкені империяның жаңа ханы етіп көтерді. Ол таққа отырысымен өзінің бәсекелестері – Шағатай мен Үгедей ұрпақтарын қудалады. «Түркілерден» құралған он түмен жасақты батысқа аттандырды. Қонқыран-оғұл (Qonquran Oghul) иелік еткен жұрт (жер, мәтінде: yarga/jarga) осы оқиғаны айтқанда көрсетіледі. Оның иелігі Қаялықтан Отырарға дейін жайылып жатты (Рашид ад-дин 1960: 137–138; Rashiduddin 1998–1999: 408, 768). Бұл оқиға Рашид әд-Диннің қазақшаға жаңа аудармасында былай суреттелген: «Кейбір кінәлілер келмегендіктен, олардың санасы әлі арамзалығынан тазармағандықтан, Мөңке қаған Бөрітай ноянды ержүрек түркілерден құралған он түмен әскерімен бірге Қаялық аймағында болып, Отырар жағасына дейін (көшіп-қонып) өмір сүретін Қунқуран Уғұлдың (Қонқыран /Күнқыран оғұлдың) ордасына жақындап баруы үшін Бесбалық пен Қарақұрұм ортасында орналасқан Үлұғ тақ (Ұлытау), Қанқай (Қаңғай) мен Қум Шингир (Құмсеңгір) аумағына жіберді (Рашид ад-дин 2018: 3-т., 179, 483).

Академик Василий Бартольдтің ойынша, «өз жауын біржола жою үшін Мөңке батысқа қалың

әскер жіберді, олар Қарақорым мен Бесбалықтың арасын алып, Орданың ұлы әрі мұрагері Қонқыран (немесе Ханқыран) басшылығымен Қаялық пен Отырар арасына орналасқан Жошы ұрпақтарының жасағымен қосылуға тиіс болды. Шағатай ұлысының қастандық ойлағандарға іштартқан барлық әскербасылары өлтірілді» (Бартольд 1963а: 65; Бартольд 1963б: 560). Мұны америкалық тарихшы Томас Олсен де атап өткен. Оның сөзінше, Қонқыран Қаялық пен Отырар арасында Мөңке хан қарсыластарының соңына түскен (Allsen 1987: 16).

Сирек мәліметтерден Қонқыран жерін анықтау қиын, бірақ ол әкесінің Шығыс Қазақстандағы иелігімен сай келуі әбден мүмкін.

Атап өтерлік жайт, Рашид әд-Диннің мәтінінде Қонқыран иелігі yarga терминімен аталған. Юрий Верховский бұл терминді орыс тіліне «стойбище», «стан» (Рашид ад-дин 1960: 137–138). Зарипбай Оразбай қазақшаға «орда» (Рашид әд-дин 2018: 3-т., 179) деп аударған. Уиллер Тэкстон бұл терминді аудармай «so that from there his yarga could join Qonquran Oghul, who was in the vicinity of Qayaliq and who had formed a yarga to the edge of Otrar» (Rashiduddin 1998–1999: 408) деп берген. Оның ойынша, yarga (jarga) сөзін көшпенділер жаппай аңшылық кезінде пайдаланған, мағынасы «қоршау» дегенді білдіреді. Соғыс кезінде жау қоршауға алынып, біртіндеп ортаға тықсырылған (Rashiduddin 1998–1999: 768).

1270 жылдардың екінші жартысынан бастап Орда ұлысының тағына Орданың немересі, Сартақтайдың ұлы Құнышы (Кончи, Куинджи, Қоныша, Тұрық-қаған) жайғасып, Орда ұлысын ұзақ жыл биледі. Ол басқарған жылдары Моңғол империясы ыдырап, Шыңғыс хан ұрпақтарының арасында ірілі-ұсақты соғысқа ұласты. Құнышы сыртқы саясатты белсенді жүргізді. Бастапқыда Қайдумамен одақ құрып, Құбылайға қарсы табысты соғысты. 1280 жылдан кейін Құнышы және Алтын Орда ханы Туда-Мөңке мен Ноғай Құбылаймен келісімге келіп, Юань ханының ұлы әрі мұрагері Нумуганды тұтқыннан босатты. Құнышыға Құбылай сый-сияпатпен жауап беріп, қаржылай көмектесті: «Юань ши» мағлұматына қарағанда, 1288 жылы ақпанда император ханзада Хуо-ни-чиге (Құнышыға) 500 унций күміс, лағыл тастан алқа және тоқыма мата берген. Келесі жылы сый-сияпат (қандай формада екені көрсетілмеген) Құнышы әскеріне жіберілген (Allsen 1987: 21). Құнышы Иран ильхандарының досы әрі жақтаушысы болды, Арғын хан, Гейхат хан, Фазан ханға ұдайы елші жіберіп, ізгі ниеті мен

шынайы достығын білдіріп, одақ құру туралы өтініш жасады (Рашид әд-дин 2018: 3-т., 7, 273; Рашид ад-дин 1960: 13, 67; Рашид ад-дин 1946: 134; Рашид әд-дин 2018: 3-т., 81, 358; Рашид әд-дин 2018: 4-т., 215, 523; Rashiduddin 1998–1999: 348–349, 307, 583).

Рашид әд-Дин былай сипаттайды: «Құнышы (Қонишы) көп уақыт бойы Орда ұлысының билеушісі және Арғын ханның, одан кейін Ислам патшасы Фазан ханның да (Алла оның билігін мәңгі етсін!) досы әрі жақтасы болды (Рашид ад-дин 2018: 3-т., 81, 358).

Бұл кезеңде Құнышының сарай хандарымен қарым-қатынасы туралы нақты мағлұматтар сақталмаған. Иран мен Қытайдағы Төле ұрпақтарымен бейбіт келісім жасасқан соң Құнышының Үгедей мен Шағатай ұрпақтары билеп отырған оңтүстіктегі көшілерімен ара қатынасы бұзылды. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы қалалар үшін тартыс күшейді. Дереккөздерде Қары-Сайрам қаласы аталады. Орда ұрпақтары бұл кезде өз иеліктерін Қазақстанның шығысынан оңтүстіктегі Шу-Талас даласына дейін жеткізіп алған еді. Бұл жағдай әріне Жетісудың иесі Қайдумен қақтығысқа әкелді.

Рашид әд-Дин сөзінше, Қары-Сайрам Қайдумаға тәуелді, тиесілі, бірақ Құнышы ұлысының иелігі болып саналды немесе ұлысына жатады (Рашид ад-дин 1952а: 81; Рашид ад-дин 2018: 1-т., 57, 336; Rashiduddin 1998–1999: 27).

Дегенмен де жалпы алғанда Құнышы билігі бейбіт және жаймашуақ өтті. Мұны әр нәрседен хабары бар саяхатшы Марко Поло атап көрсеткен. Кончи яғни Құнышыны ол Солтүстік Патшасы деп атайды. Оның халқы көп, бірақ ол ешкіммен соғыспай, халқын бейбіт басқарып отыр дейлі Марко Поло (Минаев 1956: 225). Бұл тұста Жошы ұрпақтарының Юань империясымен барлық қарым-қатынасы Алакөл алқабы мен Жоңғар қақпасы арқылы өткен деп сеніммен айтуға болады. Марко Поло Құнышыны Солтүстіктің патшасы деп қана атамай, оның иелігіне Сібірді кіргізген. Мынадай үзінді келтірейік: «Біліп жүріңдер, солтүстікте Канчи патша бар. Ол татар, оның бодауындағылардың бәрі татар; олар татар заңынмен жүреді, ал ол нағыз қатыгез заң; бірақ оны Шыңғыс хан мен әйгілі татарлар қалай сақтаса олар да солай сақтайды; ... Шыңғыс хан тұқымынан, яғни император ұрпағы, ұлы ханның жақын туысы болса да патша ешкімге бағынбайды; оның қаласы да, қамалы да жоқ; олар жазық дала мен алқаптарда, биік тауларда өмір сүреді. Спыр етін жеп, сүтін ішеді, оларда еш-

қандай да нан жоқ. Патшаның халқы көп, бірақ ол ешкіммен соғыспайды, өз халқын бейбіт басқарады. Малдары көп: түйе, жылқы, өгіз, қой, тағы да басқа жануарлар. Аюлары үлкен, бәрі ақ және ұзындығы жиырма қарыс. Мұнда үлкен және қара түлкілер, жабайы есектер бар; ақкіс көп; олардың терісінен қымбат тон жасайды, бұл жөнінде сендерге айтқанмын; еркектің тоны мың безант тұрады... Өткел бермес тұмса табиғатында неше түрлі жабайы аңдар толып жүр. Оның үстіне бұл патшада ешбір ат өте алмайтын жерлер бар; өзені мен бұлағы көп ел; мұнда ат жүре алмайтын үлкен мұз, ми батпақ кездеседі. Осы бір жаман елмен он үш күн жүресің, күн сайын қоныс кездеседі, оған ел ішін шарлап жүрген жаушылар тоқтайды. Әр қоныста есектен сәл ғана кіші қырыққа дейін ит болады, бұл иттер жаушылармен бір жерден екінші жерге еріп жүреді, және сіздерге айтайын, міне былай: бұл жолдың бойымен түгелдей, мұзбен де, батпақпен да аттар жүре алмайды; он үш күн бойы жол екі таудың арасынан, үлкен алқаптан өтеді. Аттар жүре алмайды, бұл жерден доңғалақты арба жүре алмайды; олар доңғалақсыз шана жасап алған, онымен мұзбен де, батпақпен де жүре береді. Біздің елдерімізде шана бар, онымен қыста жауын мен батпақ көп болғанда шөп тасиды. Олар шананы аю терісімен жауып, оған жаушы отырып алады; оларды үлкен алты ит тартады, иттері мұзға да, батпаққа да қарамастан жолдан жаңылмайды; сөйтіп бір орныннан екінші орынға жетеді. Қоныстың күзетшісі де шанаға отырып, иттерді айдап қысқа және жақсы жолмен тартады. Басқа қонысқа келген кезде ит пен шана дайын тұрады да әрі қарай кете береді; ал оны әкелген иттер артқа қайтады; сөйтіп күн сайын итпен жүреді. Мұндағы тау мен далада өмір сүретін адамдар аңға шығады; қымбат аңдарды ұстап, одан үлкен пайда көреді; ақкіс пен бұлғын, тиін, қара түлкі ұстап, олардан қымбат тон жасайды. Олардың оқтарының мықтылығы сонша, мұлт кетпейді. Сендерге айтайын, мұндағы алапат суық кезде үйлері жердің астында болады, кейде жер үстінде өмір сүреді (Минаев 1956: 225–226).

Марко Полоның бұл сипаттамасы өте маңызды. Мұнда Құнышы ұлысының экономикасы туралы мағлұмат келтіріледі. Отырықшы егіншілікпен қатысы жоқ көшпелі мал шаруашылығы болған. Марко Поло, бәлкім мұндағы егіншілік туралы білмеген болуы да мүмкін. Оның аңшылық жайындағы әңгімесі де қызғылықты. Орда ұлысы мен бүкіл Еуразияның саяси және эконо-

номикалық өмірінде Сібір маңызды рөл атқарды. Солтүстік және Шығыс Қазақстан өзендері Қазақстан аймақтары мен Сібірді жалғап жатты.

Бұл жылдары Орда ұлысы Бату ұлысынан тәуелсіз өмір сүрді. Орда әулеті Қарақорым және Сараймен арадағы вассалды қарым-қатынастан бас тартты. Сарайдағы Бату ханның тағына отырғандарды өздерінің ең басты ханы және падишасы деп мойындау дәстүрі біразға дейін жалғасты. Кей уақытта оның атын өз жарлықтарында жоғары қойды. Солай бола тұра Орда ұлысының билеушілерінің Бату ұрпақтарының билігіне барған кезі жоқ, өйткені олар бір-бірінен тым шалғайда болатын, екі ұлыс та, олардың падишахтары да өз ұлысының тәуелсіз билеушілері болды.

Рашид әд-Диннің сөзіне назар аударсақ, «Бастауынан (енші бөліскеннен) бастап», Орда әулетінен шығып, Орданың орнын басқан бірде бір адам Бату әулетінен шыққан хандардың алдына бармаған. Мұның себебі олар бір бірінен алыс орналасқандығы және олардың әрбірі өз ұлыстарын өздері басқарған тәуелсіз патша болғандығы. Сонымен қатар оларда келесі әдет болған, олар Батудың орын басқандарды өздерінің билеушісі және патшасы деп есептеген. Сондықтан өздерінің жарлықтарында олардың есімдерін жалықтың бас жағына жазып қойған (Рашид ад-дин 2018: 3-т., 80, 357; Рашид ад-дин 1960: 66; Rashiduddin 1998–1999: 348).

Құнышы тұсында Орда ұлысының тұрақты жағдайына байланысты Құнышының екінші есімі пайда болса керек. Рашид әд-Диннің «Шу-аб-и панджганаында» Құнышы Турук Ка'ан немесе Тұрық қаған (Рашид ад-дин 2021: 84; Allsen 1987: 18) деген атпен де мәлім болғаны айтылады.

Құнышы 1299 жылы өлді. Содан кейін саяси тұрақтылық шайқалып, оның мұрагерлері билікке таласты. Сөйтіп Орда ұлысының орталығы біртіндеп Шығыс Қазақстаннан Оңтүстік Қазақстанға, Сырдария бойына қарай ойысты.

Қорытынды

Жошы ұлысы дәуіріндегі қазіргі Шығыс Қазақстан мен Абай облысының рөлі туралы дереккөздердің бірқатар мәліметтері осындай. Ертіс бойы 1217 жылдан 1299 жылға дейінгі ұзақ уақыт саяси өмірі қайнаған орталық болғанын көріп отырмыз. Моңғол жасағының меркіттерпен найман жасағымен аса маңызды ірі шайқасы да осы жерде өтті. 1224 жылы Ертіс бойына Жошы хан ордасын тікті. Оның 1225 жылы осы өңірде өліп, Ертіс даласы мен Алтай тауының белгісіз қойнауына құпия жерлену мүмкіндігін де жоққа шығармаймыз. Арада жүз жыл өткенде оның ислам дінін қабылдаған ұрпақтары Ұлытауға Жошы құрметіне кесене тұрғызды, кесене әлі күнге Жошы атымен аталады. Осындай маңызды оқиғалардың куәсі болған Ертіс өңірінің тарихы – ортағасырлық Қазақстанның саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени тарихының ажырамас бөлігі екенін әрқашанда есте ұстауымыз абзал.

Қаржыландыру. *Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ИРН BR24992916 «Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу» атты бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша іске асырылады.*

Әдебиеттер

- Allsen Th. T. (1985). The princes of the Left Hand: an introduction to the history of the Ulus of Orda in the thirteenth and the early fourteenth centuries. Archivum Eurasiae medii aevi. T. V. Wiesbaden: Harrasowitz Verlag, 1987. P. 5–40.
- Atwood Ch.P. (tr.) (2021). The Rise of the Mongols: Five Chinese Sources. Edited and translated, with an Introduction, by Christopher P. Atwood, with Lynn Struve. Indianapolis; Cambridge: Hackett Publishing Company, Inc. 229 p.
- Atwood Ch.P. (tr.) (2023). The Secret History of the Mongols. Penguin Classics. Translated by Christopher Pratt Atwood. Dublin: Penguin Books. 354 p.
- Dawson Ch. (ed.) (1966). Mission to Asia: Narratives and Letters of the Franciscan Missionaries in Mongolia and China in the thirteenth and fourteenth centuries. Nun of Stanbrook Abbey (tr.). New York: Harper & Row, Publishers. 246 p.
- Juvaini 'Ala-ad-Din 'Ata-Malik (1958). The History of the Word-Conqueror. Translated from the text of M.M. Qazvini by J.A. Boyle. Vol. 1–2. Cambridge, Massachusetts: Harvard University Press. 763 p.
- Panyushkina, I., Usmanova, E., Uskenbay, K., Kozha, M., Dzhumabekov, D., Akhatov, G., Jull, A. (2022). Chronology of The Golden Horde in Kazakhstan: 14C dating of Jochi Khan mausoleum. Radiocarbon, 64 (2), P. 323–331. doi:10.1017/RDC.2022.24
- Rachewiltz I. de (2004). The Secret History of the Mongols. A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century. Translated with a Historical and Philological Commentary. 2 vol. with continuous pagination. Leiden, Boston: Brill's Inner Asian Library. CXXXVII + 1347 pp.

Rashiduddin Fazlullah's Jami'u't-tawarikh (1998–1999): Compendium of Chronicles. A History of the Mongols. Part 1–3. English Translation & Annotation by W.M. Thackston. Cambridge, Massachusetts: Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations. 819 p.

Базылхан Н. (ред.) (2006). Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1 том. Моңғолдың күпия шежіресі. Көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын, ғылыми-мағыналық аудармасы мен түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жазаған Нәпіл Базылхан. Алматы: Дайк-Пресс, 400 б.

Бартольд В.В. (1963а). Очерк истории Семиречья. Соч. Т. II. Ч. 1. Москва: ИВЛ. С. 23–106.

Бартольд В.В. (1963б). Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т. I. Москва: ИВЛ. 760 с.

Иоанн де Плано Карпини (2022). История монголов. Текст, пер., коммент. под ред. А.А. Горского, В.В. Трепавлова. Москва: Институт Дальнего Востока РАН. 383 с.

ал-Карши Джамал (2005). ал-Мулхакат би-с-сурах. Введ., пер. с арабо-перс., коммент., текст, факс. Ш.Х. Вахидова, Б.Б. Аминова. Алматы: Дайк-Пресс. 416 с.

Қинаятулы З. (2001). Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX–XII ғасырлар. Астана: Елорда. 208 б.

Козин С.А. (1941). Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием Mongol-yn niḡuca tobḡiyan. Юань Чао Би Ши. Монгольский обыденный изборник. Москва; Ленинград: Изд-во АН СССР. 619 с.

Қырым Абдулғафар (2018). Умдет ал-ахбар. Книга 2: Пер. с османского Ю.Н. Каримовой, И.М. Миргалеева; общ. и науч. ред., предис. и коммент. И.М. Миргалеева. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани. 200 с.

Минаев И.П. (пер.) (1956). Книга Марко Поло. Москва: Государственное издательство географической литературы. 376 с.

Ошан Ж. (2006). Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 5 т. Әулеттік тарихи жылнамалар. 3-бөлім. Алматы: Дайк-Пресс. 256 б.

Пиков Г.Г. (2006). Памяти хана Кучлука (из истории становления монгольской империи). Вопросы всеобщей истории и историографии. Сб. науч. ст. памяти проф. А.В. Эдакова. Новосибирск. С. 171–216.

Рашид ад-дин (1946). Сборник летописей. Т. 3. Пер. с перс. А.К. Арндса. Москва: Ленинград: Изд-во АН СССР. 340 с.

Рашид ад-дин (1952а). Сборник летописей. Т. 1. Кн. 1. Пер. с перс. Л.А. Хетагурова. Москва; Ленинград: Изд-во АН СССР. 221 с.

Рашид ад-дин (1952б). Сборник летописей. Т. 1. Кн. 2. Пер. с перс. О.И. Смирновой. Москва; Ленинград: Изд-во АН СССР. 316 с.

Рашид ад-дин (1960). Сборник летописей. Т. 2. Пер. с перс. Ю.П. Верховского. Москва; Ленинград: Изд-во АН СССР. 250 с.

Рашид ад-дин Фазлуллах Хамадани (2018). Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, XIV ғ.). Көп томдық. Астана: Фолиант. 1-том. 596 б.; 2-том. 596 б.; 3-том. 600 б.; 4-том. 596 б.; 5-том. 596 б.

Рашид ад-дин (2021). Шуаб-и панджгана (Пять родословий). Перевод с персидского языка Ч.И. Хамидовой. 2-е изд., испр. и доп. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ. 244 с.

Тоқаев Қ.-Ж. (2019). Сындалы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2019 жылғы 02 қыркүйек. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy (Қаралған күн: 01.06.2023).

Тоқаев Қ.-Ж. (2019а). Қасым-Жомарт Тоқаев «Валдай» пікірталас клубының отырысына қатысты. 2019 жылғы 03 қазан. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/kasym-zhomart-tokaev-valdai-pikirtalas-klubynyn-otyrysyna-katysty (Қаралған күн: 01.06.2023).

Тоқаев Қ.-Ж. (2019б). Мемлекет басшысы «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумының жұмысына қатысты. 2019 жылғы 24 тамыз. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/memleket-basshysy-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynyn-zhumysyna-katysty (Қаралған күн: 01.06.2023).

Тоқаев Қ.-Ж. (2021). Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі. 2021 жылғы 15 желтоқсан. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysynyn-kazakstan-respublikasy-tauelsizdiginin-30-zhyldygy-na-arnalghan-saltanatty-zhiynda-soylegen-sozi-1511524> (Қаралған күн: 01.06.2023).

Усманова Э.Р., Ускенбай К.З., Кожамбаев М.Б., Панюшкина И.П. (2024). Мавзолей Джучи-хана: история исследования. Коллективная монография. Самарканд: Международный институт центральноазиатских исследований. 284 с.

Утемиш-хаджи (2017). Кара таварих. Перевод на русский язык И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ. 312 с.

Хаутала Р. (2015). От «Давида, царя Индий» до «ненавистного племса сатаны». Антология ранних латинских сведений о татаро-монголах. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани. 496 с.

Хаутала Р. (2021). Монгольское завоевание восточных мадьяр по письменным источникам. Золотоордынское наследие. Вып. 4. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани. С. 74–91.

Храпачевский Р.П. (пер.) (2009). Золотая Орда в источниках. Т. III. Китайские и монгольские источники. Собрание сведений, относящихся к истории Золотой Орды (улусу Джучи), из китайских и монгольских источников. Москва: Центр по изучению военной и общей истории. 336 с.

Штаина Н.П. (ред.) (1957). Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. Москва: Государственное издательство географической литературы. 270 с.

Юрченко А.Г. (ред.) (2002). Христианский мир и «Великая Монгольская империя». Материалы францисканской миссии 1245 года. Подг. лат. текста и пер. С.В. Аксенова и А.Г. Юрченко. Экпозиция и исслед. А.Г. Юрченко. СПб.: Евразия. 478 с.

References

- Allsen Th. (1985). *The princes of the Left Hand: an introduction to the history of the Ulus of Orda in the thirteenth and the early fourteenth centuries*. Archivum Eurasiae medii aevi. T. V. Wiesbaden: Harrasowitz Verlag, 1987. P. 5–40 (in English).
- Atwood Ch. (tr.) (2021). *The Rise of the Mongols: Five Chinese Sources*. Edited and translated, with an Introduction, by Christopher P. Atwood, with Lynn Struve. Indianapolis; Cambridge: Hackett Publishing Company, Inc. 229 p. (in English).
- Atwood Ch. (tr.) (2023). *The Secret History of the Mongols*. Penguin Classics. Translated by Christopher Pratt Atwood. Dublin: Penguin Books. 354 p. (in English).
- Bartold, V. (1963). *Turkestan v jepohu mongol'skogo nashestvija* [Turkestan in the era of the Mongol invasion]. Sochinenija [Works]. Moscow. Vol. 1. 760 p. (in Russian).
- Bartold, V. (1968). *Dvenadcat' lekcij po istorii turekikh narodov Srednej Azii* [Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia]. Sochinenija [Works]. Moscow. Vol. 5. P. 19–192 (in Russian).
- Bazylkhan, N. (ed.). (2006). *Qazaqstan tarihy turaly moñğol derektemeleri. 1 tom. Moñğoldyñ qūpia şejiresi* [Mongolian sources on the history of Qazaqstan. Volume 1. The secret genealogy of the Mongols]. Original transcription in the Old Mongolian language, scientific and semantic translation, explanations, and indexes by Napil Bazylkhan. Almaty: Dayk-Press. 400 p. (in Qazaq).
- Dawson Ch. (ed.) (1966). *Mission to Asia: Narratives and Letters of the Franciscan Missionaries in Mongolia and China in the thirteenth and fourteenth centuries*. Nun of Stanbrook Abbey (tr.). New York: Harper & Row, Publishers. 246 p. (in English).
- Hautala R. (2015). *Ot «Davida, carja Indij» do «nenavistnogo plebsa satany»*. Antologija rannih latinskih svedenij o tataro-mongoloh [From “David, King of the Indies” to “the hated plebs of Satan.” Anthology of early Latin information about the Tatar-Mongols]. Kazan. 496 p. (in Russian).
- Hautala R. (2021). *Mongol'skoe zavoevanie vostochnyh mad'jar po pis'mennym istochnikam* [The Mongol conquest of the eastern Magyars according to written sources]. *Zolotoordynskoe nasledie* [Golden Horde Heritage]. Kazan. Vol. 4. P. 74–91 (in Russian).
- Ioannes de Plano Carpini. (2022). *Istorija mongolov* [History of the Mongols]. Moscow: Institute of Far Eastern Studies of the Russian Academy of Sciences. 383 p. (in Russian).
- Juvaini 'Ala-ad-Din 'Ata-Malik (1958). *The History of the Word-Conqueror*. Translated from the text of M.M. Qazvini by J.A. Boyle. Vol. 1–2. Cambridge, Massachusetts: Harvard University Press. 690 p. (in English).
- Khrapachevsky R. (trans.). (2009). *Zolotaja Orda v istochnikah. Kitajskie i mongol'skie istochniki* [The Golden Horde in Sources. Chinese and Mongolian sources]. Moscow. Vol. 3. 336 p. (in Russian).
- Kozin, S. (1941). *Sokrovennoe skazanie. Mongol'skaja hronika 1240 g. pod nazvaniem Mongol-yn niguča tobčijan. Juan' Chao Bi Shi. Mongol'skij obydenij izbornik* [A secret story. Mongolian chronicle of 1240 called Mongol-yn niguča tobčijan. Yuan Chao Bi Shi. Mongolian everyday collection]. Moscow; Leningrad. 619 p. (in Russian).
- Kyrymi, Abdulgaffar. (2018). *Umdet al-akhbar. Book 2*. Kazan: Marjani Institute of History. 200 p. (in Russian).
- Minaev, I. (tr.). 1956. *Kniga Marko Polo* [The Book of Marco Polo]. Moscow: State Publishing House of Geographical Literature. 376 p. (in Russian).
- Oshan, Zh. (2006). *Qazaqstan tarihy turaly qytay derektemeleri. Aulettik tarihi zhylnamalar* [Chinese data on the history of Qazaqstan. 5 t. Dynastic historical annals]. Almaty. Vol. 5. Part 3. 256 p. (in Qazaq).
- Panyushkina, I., Usmanova, E., Uskenbay, K., Kozha, M., Dzhumabekov, D., Akhatov, G., Jull, A. (2022). *Chronology of The Golden Horde in Kazakhstan: 14C dating of Jochi Khan mausoleum*. Radiocarbon, 64 (2), P. 323–331. doi:10.1017/RDC.2022.24 (in English).
- Pikov, G. (2006). *Pamjati hana Kuchluka (iz istorii stanovlenija mongol'skoj imperii)* [in memory of Khan Kuchlug (from the history of the formation of the Mongol Empire)]. *Voprosy vseobshhej istorii i istoriografii* [Questions of General History and Historiography]. Novosibirsk. P. 171–216 (in Russian).
- al-Qarshy, Jamal. (2005). *al-Mulhaqat bi-s-suraq*. Introduction, translation from Arabic-Persian, commentary, text, fax. Shadmon Vakhidov, B. Aminova. Almaty: Daik-Press. 416 p. (in Russian).
- Qinaiatuly, Z. (2001). *Moñğol üstirtin meken etken soñğy türkü taipalary: IX–XII ğasyrlar* (The last Turkic tribes that inhabited the Mongolian Plateau: IX–XII centuries). Astana: Yelorda. 208 p. (in Qazaq).
- Rachewiltz I. de (2004). *The Secret History of the Mongols. A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century*. Translated with a Historical and Philological Commentary. 2 vol. with continuous pagination. Leiden, Boston: Brill's Inner Asian Library. CXXVII+1347 pp. (in English).
- Rashid ad-din, Fazlullah Hamadani. (2018). *Zhamig at-tauarikh* [Collection of chronicles]. Astana, Vol. 1–5. 596 p.; 596 p.; 600 p.; 596 p.; 596 p. (in Qazaq, in Persian).
- Rashid ad-din. (1946). *Sbornik letopisej* [Collection of chronicles]. Moscow; Leningrad. Vol. 3. 340 p. (in Russian).
- Rashid ad-din. (1952a). *Sbornik letopisej* [Collection of chronicles]. Moscow; Leningrad. Vol. 1. Part 1. 221 p. (in Russian).
- Rashid ad-din. (1952b). *Sbornik letopisej* [Collection of chronicles]. Moscow; Leningrad. Vol. 1. Part 2. 316 p. (in Russian).
- Rashid ad-din. (1960). *Sbornik letopisej* [Collection of chronicles]. Moscow; Leningrad. Vol. 2. 250 p. (in Russian).
- Rashid ad-din. (2021). *Shuab-i pandzhgana (Pjat' rodoslovij)* [Shuab-i Panjgana (Five Genealogies)]. Kazan: Mardzhani Institute of History. 244 p. (in Russian).
- Rashiduddin Fazlullah's Jami'u't-tawarikh (1998–1999): *Compendium of Chronicles. A History of the Mongols*. Part 1–3. English Translation & Annotation by W.M. Thackston. Cambridge, Massachusetts: Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations. 819 p. (in English).

Shastina, N. (ed.). (1957). Puteshestviya v vostochnye strany Plano Karpini i Rubruka [Travels to the eastern countries of Plano Carpini and Rubruk]. Moscow: State Publishing House of Geographical Literature. 270 p. (in Russian).

Tokayev, K.-J. (2019). Syndarly qoғamdyq dialog – Qazaqstannyñ tūraқтылығы мен өrkendeuimñ negizi. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaуy. 2019 jylgy 02 qyrküiek [Constructive Public Dialogue – the Basis of Stability and Prosperity of Kazakhstan. President of Qazaqstan Kassym-Jomart Tokayev’s State of the Nation Address, September 2, 2019]. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokayev-tyn-kazakstan-halkyna-zholdauy (date of access: 01.06.2023) (in Qazaq).

Tokayev, K.-J. (2019a). Qasym-Jomart Toqaev «Valdai» pikirtalas klubynyñ otyrysyna qatysty. 2019 jylgy 03 qazan [Kassym-Jomart Tokayev participated in a meeting of the Valdai Discussion Club. October 3, 2019]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/kasym-zhomart-tokayev-valdai-pikirtalas-klubynyn-otyr-syna-katysty (access date: 06/01/2023) (in Qazaq).

Tokayev, K.-J. (2019b). Memleket bassysy «Ülytau 2019» halyqaralyq turistik forumynyñ jümьsyna qatysty. 2019 jylgy 24 tamyz [The Head of State participated in the work of the “Ülytau 2019” international tourism forum. August 24, 2019]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/memleket-basshysy-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynyn-zhumysyna-katysty (access date: 06/01/2023) (in Qazaq).

Tokayev, K.-J. (2021). Memleket bassysynyñ Qazaqstan Respublikasy Täuelsizdiginñ 30 jylдығына арналған saltanatty jiynda söilegen sözi. 2021 jylgy 15 jeltoqsan [Speech by the Head of State at the solemn meeting dedicated to the 30th anniversary of the Independence of the Republic of Qazaqstan. December 15, 2021]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysynyn-kazakstan-respublikasy-tauelsizdiginin-30-zhyldygyna-arnalghan-saltanatty-zhiynda-soylegen-sozi-1511524> (date of access: 01.06.2023) (in Qazaq).

Usmanova, E., Uskenbay, Q., Kozha, M., Panyushkina, I. (2024). Mavzolej Dzhuchi-hana: istorija issledovaniya [Mausoleum of Jochi Khan: history of research]. Samarkand. 284 p. (in Russian).

Utemish-haji. (2017). Kara tawarich. Kazan: Marjani Institute of History. 312 p. (in Russian).

Yurchenko, A. (ed.). (2002). Hristianskij mir i «Velikaja Mongol’skaja imperija» [The Christian World and the “Great Mongol Empire”]. St. Petersburg: Eurasia. 478 p. (in Russian).

Автор туралы мәлімет:

Қ.З. Өскенбай – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, директор АБДИ гуманитарлық зерттеу институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: uskenbay@gmail.com)

Н.Ә. Атыгаев – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, кафедра меңгерушісі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: nuratygaev@mail.ru)

Information about authors:

Q.Z. Uskenbay – candidate of History, Associate Professor, Director Institute for Humanities Studies ABDI (Almaty, Kazakstan, e-mail: uskenbay@gmail.com)

N.A. Atygayev – candidate of History, Professor, Head of Department Abai Qazaq National Pedagogical University (Almaty, Kazakstan, e-mail: nuratygaev@mail.ru)

Сведения об авторах:

К.З. Ускенбай – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, директор Института гуманитарных исследований АБДИ (Алматы, Казахстан, e-mail: uskenbay@gmail.com)

Н.А. Атыгаев – кандидат исторических наук, профессор, заведующий кафедрой, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: nuratygaev@mail.ru)

Келін түсті: 04.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

М.С. Ноғайбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: nmskaz1129@gmail.com

ҚАРАДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАСЫ

Мақала Қарадала өңірінің тарихи топонимикасының мәселелеріне арналған. Қарадала аймағы Алматы облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде Іле Алтауының етегінде Кетпен-Ұзынқара тау жоталары мен Іле өзені аумағындағы ойлы-қыратты жазық далалық аймақ. Қарадала топонимі негізінен халық жадында сақталған атау. Оңтүстігінде Кетпен (Ұзынқара, Үйсін) тауы, батысында әлемге әйгілі Шарын шатқалы орналасса, солтүстігі – адырлы-төбелі жазық. Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігіне жататын Қарадала аймағы қазіргі Алматы облысы Ұйғыр ауданының аумағын қамтиды.

Зерттеудің методологиялық ұстанымдары өткенді мұралану тәжірибиесін тарихи талдау арқылы тарихи ландшафттың мәдени мұрасын осы жердің бірегейлігін жеткізуші (*genius loci*) ретінде қарастыруға негізделеді. Мақаланың негізгі материалдарын ортағасырлық жазба деректер, жаңа заман дәуіріндегі картографиялық мәліметтер мен саяхатшылардың жолжазбалары, сонымен қатар автордың далалық материалдары құрайды. Аймақтағы Шонжы, Дардамты, Добын, Шарын, Кетпен, Сүмбе, Ават және т.б. топонимдердің қалыптасуын талдай отырып, этносаяси үдерістердің ерекшеліктеріне назар аударылады.

Нақты бір микрораймақтың тарихи топонимикасын талдай негізінде Қазақ халқының этникалық тарихының мәселелері, Қазақ хандығының оңтүстік-шығыс аймағының шекарасы, этникалық аумағының қалыптасуы, аймақтың этникалық құрамының өзгеруінің мәселелеріне назар аударылады.

Түйін сөздер: тарихи топонимика, микротопонимдер, Қарадала, Іле аймағы, Шонжы.

M.S. Nogaiybayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: nmskaz1129@gmail.com

Historical toponymics of the Karadala region

The article is devoted to the issues of historical toponyms in the Karadala region. The toponym “Karadala” is a name that preserved in the collective memory of the local population. To the south lies Mount Ketpen (also known as Uzunkara, Wusun), to the west – Charyn Canyon, to the north – a hilly plain. Karadala, as part of northeastern Zhetysu, encompasses the territory of the present-day Uyghur District of Almaty Region.

The methodological principles of the study are based on viewing the cultural heritage of the historical landscape as a bearer of the uniqueness of a place through historical analysis. The sources for the article include medieval written records, cartographic materials, travelers’ notes and diaries, and the author’s own fieldwork.

The study analyzes the formation of toponyms such as Shonzhy, Dardamty, Dobyn, Charyn, Ketpen, Sumbe, Avat, and others. Based on the analysis of historical toponyms, the article explores issues of the ethnic history of the Kazakhs, the formation of borders, ethnic territories of the southeastern region of the Kazakh Khanate, and changes in the region’s ethnic composition.

Keywords: historical toponyms, microtoponyms, Karadala, Ili Valley, Shonzhy.

M.C. Ноғайбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: nmskaz1129@gmail.com

Историческая топонимика региона Карадала

Статья посвящена проблемам исторической топонимики региона Карадала. Карадала – это степной регион в юго-восточной части Алматинской области, у подножия Заилийского Алатау, в горном хребте Кетпен-Узункара и на реке Или. Топоним Карадала – название, сохранившееся преимущественно в народной памяти. На юге расположена гора Кетпен (Узункара, Уйсун), на западе – всемирно известное Чарынское ущелье, на севере – холмистая равнина. Карадала, вхо-

даший в состав северо-восточного Жетысу, охватывает территорию современного Уйгурского района Алматинской области.

Методологические принципы исследования основаны на рассмотрении культурного наследия исторического ландшафта как носителя уникальности данного места (*genius loci*) через исторический анализ наследия прошлого. Основными материалами статьи являются средневековые письменные источники, картографические данные, записи и дневники путешественников, а также полевые устные материалы автора. Анализируется формирование топонимов региона, таких как Чунджа, Дардамты, Добын, Чарын, Кетпен, Сумбе, Ават и др. На основе анализа исторической топонимики конкретного микрорегиона рассматриваются вопросы этнической истории казахского народа, формирование границ и этнической территории юго-восточного региона Казахского ханства, изменения в этническом составе региона.

Ключевые слова: историческая топонимика, микротопонимы, Карадала, Илийский край, Чунджа.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы тарих ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – қоғамдық сананы жаңғыру мен ұлттық бірегейлік және қоғамдық келісімді нығайтуға қатысты мәселелерді шешудің ғылыми негіздерін дайындау болып табылады. Топонимдер елдің мәдени мұрасының бір бөлігін құрайды. Осы орайда аймақтық тарихи топонимикалық зерттеулер негізінде қазақ халқының этносаяси тарихының мәселелерін зерттеудің маңызы зор. Себебі, тарихи-географиялық бағыттағы пәнаралық негіздегі мұндай зерттеулер түйіні шешілмеген көптеген жағдайларды анықтауға көмек бере алады. Мәселен, ұсынылып отырған мақалада қазақ халқының этникалық тарихының мәселелері нақты бір микроаймақтың тарихи топонимикасын талдау негізінде талданады. Осылайша, жалқы мәселеден қазақ хандығының оңтүстік-шығыс аймағының шекарасы мен этникалық аумағының қалыптасуы, аталған аймақтың этникалық құрамының өзгеруі туралы жалпы мәселелерге қатысты қортынды жасауға қол жеткіземіз. Зерттеудің географиялық шеңбері солтүстік-шығыс Жетісу аймағына жататын қазіргі Алматы облысы Ұйғыр ауданының аумағын қамтиды. Ауданның батысы Еңбекшіқазақ ауданымен шектесетін тұсында аласа келген Бұғыты таулары, Сөгеті жазығы, оңтүстік-батысында Торғайғыр тауларымен шектелген. Көтеріңкі келген оңтүстік бөлігін батыстан шығысқа қарай созылған Кетпен (Ұзынқара немесе Үйсін) тау жотасы алып жатыр. Қазіргі таңда аудан аумағы осы аймақтан шыққан жергілікті халық арасында Қарадала өңірі деген атпен де белгілі. Осылайша Қарадала өңірі Жетісу мен Іленің қақ ортасында жатқан ойлы-қыратты жазық дала. Оңтүстігінде – Үйсін тауы бар. Батысында – әлемге әйгілі Шарын шатқалы орналасқан. Солтүстігі – адыр-

лы-төбелі жазық. Қарадаланың қақ ортасын Іле дариясы кесіп өтеді.

Сондықтан мақалада шартты түрде Қарадала өңірінің тарихи топонимикасының қалыптасуын қарастыра отырып, аймақтағы этносаяси, этномәдени үдерістер талданады. Мәселені зерттеу барысында туған жер концепті, тұрақты көші қон жолдарының бағыттарын маркерлеу, сакральді география, этнотопонимдердің қалыптасу тарихына баса назар аударылады.

Талқылау

Қарадала аймағының тарихи топонимикасы толық кешенді зерттеу тақырыбы ретінде зерттелмеген. Дегенмен, аймақтың тарихи топонимикасына, тарихи географиясы мен этносаяси үдерістердің барысына қатысты зерттеулер бар. Алғашқы маңызды зерттеулер ретінде Ш. Уалихановтың еңбектерін атауға болды. Ш. Уалиханов Семейден Қоқан иеліктеріне дейінгі маршруттардың бірінде Жетісу арқылы Құлжа қаласына баратын жолды сипаттайды. Бұл жолдың қырғыздарға баратын бір бөлігі Қарадала арқылы өткенін көреміз. Ілден Сарыбұлақ тоғайы, одан әрі Сөгеті тауларынан Торғайғыр тауларына дейінгі, Шарыннан Ақтоғайға дейінгі жолды басып өткен (Валиханов, 1985, 179; 331). Ш. Уалихановтың аймақ топонимикасына қатысты мәліметтері Верный бекінісінен Турфан, Ақсу, Қашқар, Жаркент, Хотанға дейінгі керуен жолдарын сипаттағанда да кездеседі (Валиханов, 1985а: 87).

Арнайы топонимикалық зерттеулерің ішінде белгілі ғалым Т.Жанұзақовтың (Т.Жанұзақ) ұзақ жылдар бойы этнопопонимика, топонимдердің этимологиясы, жалпы қазақ ономастикасының мәселелеріне арналған еңбектері аймақ топонимикасын зерттеуде маңызды орын алады (Джанұзақов, 1982; Жанұзақ, 2010; *Жанұзақ*,

2021). Белгілі археолог ғалым К.Байпаков бастаған ғалымдар солтүстік-шығыс Жетісуға арналған зерттеулерінде аймақтың тарихи топонимикасына тоқталған (Байпаков, 2005:13-15). Бірақ, ол тек жалпылама сипаттау түрінде жазылған. Аймақ топонимдерін нақты қарастырған еңбектердің бірі Қазақстанның тарихи топонимикасына арналған қысқа энциклопедиялық басылым. Мұнда аймақтағы Сүмбе, Шарын, Сарытоғай, Іле, Бұғыты топонимдері жеке талданған (Краткий энциклопедический словарь, 2014). Аймақ топонимикасының жекелеген мәселелері, соның ішінде Шонжы атауы туралы зерттеулер қатарында Ә. Шашаев (Шашаев, 2024), Ж. Ошанның (Ошан, 2024) арнайы жарияланымдарын атап өтуге болады Мәселенің екінші қыры аймақтың этносаяси, тарихи-мәдени тарихының көптеген мәселеріне қатысты тарихи, археологиялық зерттеулердің басым бөлігі негізінен Жетісу тарихы шеңберінде зерттелгені белгілі. Бұл зерттеулердің тамаша бай тарихнамалық дәстүрін талдау мақала мақсатына кірмейді. Сондықтан, тақырыпқа қатысты жекелеген зерттеу еңбектері мақала барысында талданады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың негізгі материалдарын аталған аймаққа қатысты ортағасырлық жазба деректер, жаңа заман дәуіріндегі картографиялық мәліметтері мен саяхатшылардың жолжазбалары, ауызша деректер кұрайды. Аймақтың тарихи топонимикасына қатысты жазба деректердің үлкен тобы ортағасырлық Жетісу тарихына қатысты Мұхамед Хайдар Дулати, Шараф ад-дин Йезди және т.б. авторлардың танымал еңбектерінен тұрады (Дулати, 2013; МИКХ, 1969; МИКК, 1973). Тақырыпқа қатысты маңызды дерек көздерінің бірі 1716-1733 жылдары жоңғар тұтқынында болған швед офицері Густав Ренаттың әйгілі Жоңғария картасы. Бұл карта ғылымда алғашқы кезеңде «жоғалған дерек көзі ретінде» айтылып жүрді. Бірақ, 1879 жылы Стокгольм корольдік кітапханасынан картаның 1738 жылы жасалған көшірмесі табылды. Бұл карта осы кезеңдегі Орыс императорлық географиялық қоғамына беріліп, ол 1881 жылы А.И. Макшеевтің зерттеуімен басылып шықты (Макшеев, 1881). Қазіргі таңда картаның түпнұсқасы Швецияның Уппсаль университеті кітапханасында сақтаулы. А.И. Макшеев бұл еңбекті сол кезеңдегі атақты картографиялық материалдар, атап айтқанда Д'Анвильдің атласы, Ю. Клапрот шығарған Ор-

талық Азия картасы және басқа да орыс зерттеушілерінің еңбектерімен салыстыра келе, Ренат картасының, әсіресе Жоңғария мен Шығыс Түркістан аймағы үшін маңызды деталдарға толы екендігін атап өтеді (Макшеев, 1881: 10-13). Мақалада Ренат картасының біз қарастырып отырған аймаққа қатысты мәліметтеріне баса назар аударылды. Карта мәліметтерінің ерекшелігі ретінде Текес өзенінің сол саласы болып келетін Сүмбе өзенінің жергілікті атауы – Албан, Албан-Шибир (Шыбыл?) өзені болғанына қазақстандық зерттеуші И. Ерофеева назар аударған еді (Краткий энциклопедический словарь, 2014: 363-365). Ал, картаның Қарадала өңірі топонимикасына қатысты басқа мәліметтері әлі талданбаған. Картада Қорғастан (Хоргос) төмен Ілеге қарай, бірақ оған жетпей ағатын Sesige – Чижинь Шежім, Schisichan – Usuck – Өсек, Samul-Borohudzirь- Бурақожыр, Ілеге сол жағынан ағып келетін, бірақ біразы оған жетпейтін өзендер: Chainuck, Chonochoy, Soo, Nocha, Kedmi, Chagol, **Dormdatu**, **Dolontu**, Joltatu, Schancher, Sarangal, Tarick, Tamga, **Tomerlick** көрсетілген. Бұл өзен атауларының ешқайсысы бұған дейінгі Түркістан өлкесіне арналған орыс карталарына түспеген. Одан әрі сол Zarum-Чарынь, Silick-Шілік (Шелек), Koton-Kurtu-Күрті, осы соңғы екі өзен арасында Ілеген жетпейтін далалық өзендер Charo-Tögöck, Кара-Турунь (Қаратұрық?), Turgen, Talgar, Almotu өзендері көрсетілген. Шарынның бастауы ретінде Gegen–Кегенді көруге болады (Макшеев, 1881: 19).

Келесі деректер тобы – орыс саяхатшыларының жол жазбаларында қазақ даласының ландшафты жақсы сипатталады. Ресейлік дипломатиялық миссия өкілдері, сауда керуендері өздері басып өткен жерлердің топонимикасына қатысты уникалды мәліметтер қалдырған. Олар таулар, тоғайлар мен өзендердің жергілікті атауларын атап өтеді. Бұл мәліметтер өз кезегінде тарихи-географиялық, тарихи топонимикалық зерттеулер үшін маңызды дерек көздері болып табылады (Путевые дневники и записки, 2012). Сонымен қатар Ресей империялық статистикалық комитетінің ресми деректері де маңызды (Статистика Росийской империй, 1895; Недзвецкий, 1913; МКЗ, 1912). Соның ішінде атақты П.П. Румянцевтің қазақтарын жер пайдалану бойынша статистикалық мәліметтерінің орны ерекше. Аталған еңбекте Жаркент уезінің табиғи-географиялық аумағын бірнеше бөліктерге бөлген. Біз қарастырып отырған Қарадала аймағы сол кездегі Жаркент уезіне кірген жерлердің

VII-VIII аумағы ретінде жан-жақты сипатталған. Ең маңыздысы Қарадала топонимі бірінші рет осы еңбекте аталады (МКЗ, 1912: 89-103). Қарадала аймағы Албан руларының, атап айтқанда Жарты, Шажа, Қанай, Еспер, Таңатар, Жақас, Қожбамбет, Қоңырбөрік, Қарақұл және т.б. тұрақты көктеуі мен күздеулері болған. Еңбекте Пияздық, Сарыбұлақ, Қаратұма, Қараирен, Күркілдек, Күлдікора, Кепебұлақ, Бақтықұрай, Шилібастау, Доланалы, Добы басы және т.б. көптеген уникалды топонимикалық мәліметтер сақталған (МКЗ, 1912: 223-248)

Ауызша деректер тобының ішінде аймақ топонимикасына қатысты маңызды мәліметтер атақты Манас жырында кездеседі. Ш. Уалиханов 1853 жылы Ысттықкөл қырғыздары арасынан жазып алған Манас жырының «Көкенай ханның өлімі мен асы» туралы үзіндісінде Манастың Қозыбасынан қозғалған көш керуен жолындағы топонимдер сипатталады (Валиханов, 1985: 93). Ауызша деректердің келесі тобын автордың далалық материалдары құрайды. Олар 2023 жылы Алматы облысы әкімдігінің Қоғамдық даму орталығы ұйымдастырған Қарадала мен Кеген өңіріндегі «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты далалық экспедициясы барысы мен бұдан кейінгі жылдардағы далалық зерттеулері кезінде жинақталған материалдарынан тұрады. Бұл материалдар табиғи ландшафтар туралы халық жадында сақталған фольклорды мәліметтерін қамтиды.

Зерттеудің методологиялық ұстанымдары ретінде шет елдік ғалымдардың мәдени ландшафты тұрақты даму эгидасы негізінде жүргізіп отырған соңғы зерттеулеріндегі қоршаған ортаның геодизайні, өткенді мұралану тәжірбиесін тарихи талдауға негізделген тұжырымдары мен тарихи ландшафтың мәдени мұрасын осы жердің бірегейлігін жеткізуші (*genius loci*) ретінде қарастыру ұстанымына сүйенеміз (Balée, 1998; Cosgrove, 1988). Зерттеу барысында тарих ғылымының жалпы әдістері арқылы топонимикалық қабаттарды айқындай отырып, «бөтен этникалық ортадан» ауысқан топонимдер арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас пен мәдениеттер интеграциясы, оның идеологиялық көзқарастар қалыптастырудағы мазмұнын талдауға да назар аударамыз.

Нәтижелер

Қарадала аймағы Алматы облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде Іле Алтауының етегінде Кетпен-Ұзынқара тау жоталары мен Іле өзені

аумағындағы жазық аралығындағы аумақ. Қарадала топонимі негізінен халық жадында сақталған атау. Дегенмен орыс деректерінде, соның ішінде П.П. Румянцевтің қазақ халқының жер пайдалануы бойынша дайындаған статистикалық еңбегінде жиі аталады (МКЗ, 1912: 89-103). Аймақтың табиғи-географиялық сипаты өзіндік ерекшелікке ие. Кетпен тау жоталарының етегінен Ілеге қарай бірте-бірте тастақты, одан әрі шилі, құмды дала басталады. Сондықтан аумақты мекендеген қазақ рулары аймақты игерудің өзіндік ерекшелігін қалыптастырған. Жазда Кетпен, Сұңқар тауалары етегі мен атақты Қарқараны жайласа, күз-көктемде негізінен далалық аумақты пайдаланып, қыста Іле бойында қоныстанған. Бұғыты таулары мен Шарын арасын қазақтар «Қара тастақ» деп атаған (МКЗ, 1912: 101). Қарадала топонимі аумақтың жоғарыда аталған табиғи ерекшелігіне байланысты туындаған атау болуы керек. П.П. Румянцев аймақты сипаттай келе, жаз кезінде ол аумағы көз жетпейтіндей беті алаулап жатқан қара болып көрінетінін атап өтеді (МКЗ, 1912: 92). Жалпы, әр халықтың дүниетанымында түстік символика (*color symbolism*) ерекше орын алады. Түстерің мәні, геосимволикасы, соның ішінде топонимдердегі көрінісін түркі халықтарының танымындағы «қара» түсінің мағынасымен байланыстыра қарау қажет. А.Н. Кононов бойынша қара сөзінің бір мағынасы «дала, жер», екіншісі «үлкен, ірі, кең», «ұлы, күшті», «таза» деген мағына береді. Сонымен қатар қара сөзі кеңістікті бағдарлауда «солтүстік» бағытты да білдірген (Кононов, 1978: 161-167). Сондықтан Қарадала атауы көз жетпес кең нағыз дала деген мағына береді. Орыс деректерінде Қарадала топонимі «урочище» деп сипатталады. Бұл анықтаманың мағынасы халық арасында өзіндік табиғи ерекшеліктеріне сәйкес табиғи шекаралары белгіленген және белгілі атауға ие болатын жер бедері екендігін ескерсек Қарадала атауының мәні айқындала түседі.

Аймақ топонимдерін талдамас бұрын, оның жалпы тарихи даму ерекшеліктеріне тоқталсақ. Қарадала аймағы да ежелден елге қоныс болған күт мекен. Қазіргі таңда аймақтағы соңғы полеолит кезеңіне жататын алғашқы адамдар қонысы табылып, археологиялық зерттеулер жүргізілуде (Namen, 2022). Аймақтың тарихи дамуы жалпы сақтар, үйсіндер мен түркілер, Шағатай ұлысы, Моғолстан, Қазақ хандығы, жоңғар шапқыншылығы мен отарлық кезеңдерін өткерді. К. Ақышев пен Г.А. Кушаев аймақтағы сақтар

мен үйсіндердің материалдық мәдениеттерін салыстырмалы талдау арқылы сақ пен үйсін мәдениеті этникалық туыстас тайпалардың бір мәдениетінің әр түрлі сатылары ғана екенін атап көрсетеді. Авторлар «Қытай деректеріндегі «се» тайпалары Геродоттың еңбегінегі «исседон» тайпалары, кейінірек қытай жылнамаларының «У-сунь» – Птоломейдің «исседонымен» бірдей болуы мүмкін. Шамасы, олар Ахеменидтердің сына жазуларынан «сака-тиграхауда» деген атпен белгілі тайпалар одағын құрған», дей келе, «демек, сақтар мен үйсіндер бір тайпалық одаққа кіргенін», «одан кейін үйсіндер V-VI ғғ. Түрік, Түргеш, қарлұқ мемлекеттерінің құрамында болғанын тұжырымдаған (Акишев, 1963: 4).

Аймақтың дамуы мен топонимикасының қалыптасуында ортағасырлар кезеңінде Жетісу жерінен өткен Жібек жолы маңызды орынды иеленді. Жібек жолы маңызды бірнеше тармақтан тұрды. Бір бағыт Талғар өзенінен солтүстік-шығысқа қарай Іле өзеннің өткеліне дейін барды, әрі қарай Жоңғар өңірінде Алакөл жағасына және одан Қытайға, ал екіншісі шығысқа Шілік арқылы Шарынға, одан әрі Іле өзенінің оң жағалауымен қазіргі Жаркент пен Қорғас арқылы Қытайға, тағы бір тармағы Шілік арқылы қазіргі Райымбекке (Нарынқол) арқылы Қытайға дейін жетті (Байпаков, 2002: 117-127; Байпаков, 2005:97-116). Отырықшы-егіншілік және қалалық, мәдениеттің қалыптасуының ірі ауданы болған Іле алқабында қалалық мәдениет те дамыды. Іле және Жоңғар Алатауының бөктерінде Талғар, Қаскелең, Көксу, Шелек, Қаратал, Лепсі өзендерінің аңғарларында ондаған қалалар мен ауылдар, солардың ішінде Талғар, Алматы, Сүмбе (Лабан-Албан), Шелек, Ақтам, Дунген, Сағабүйен, Антоновское, Көктума қалалары пайда болды (Байпаков, 2005:62).

Аталған ортағасырлық қалалардың бірі – Сүмбе немесе Лабан қаласы Қарадала аумағында орналасқан. Археологтар Іле аймағын мекендеген халықтардың ежелден қолмен суғару, жер өңдеу, егістікті баптау тәсілдерін жақсы меңгергендерін атап өтеді. Дегенмен, моңғол шапқыншылығы дәуірінен кейін аймақтағы қалалық мәдениеттің құлдырауына қарамастан, аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктеріне байланысты егіншілік, бау-бақша, шабындық, қолмен суғару жүйесі мүлде жойылып кетті деуге болмайды. Тарихи деректерде, соның ішінде қазақтардың жерді пайдалануы туралы Ресейдің статистикалық материалдарына қазақтардың егіншілік аумақтары, шабындықтары, еккен дәні

дақылдарының түрлері, жерді қолмен суғаруға пайдаланған арықтары, олардың нақты атаулары көрсетілген. Мәселен, Кепебұлақ өзенінен Малыбай тоған, Мұзарт тоған, Пияздықтан Жанқора, Көтерме тоған, Пияздық тоған, Қырғызсайдан Кезек тоған, Сарыбұлақ бастаудан Сарыбұлақ тоған, Шошанайдан Ақтоған, Темірліктен Қосмола тоған, Шарынан Мойын тоған, Қарабүйен, Ескі тоған, Аяққарағаш, Тастықарадан тартылған Жартоған және тағы басқа тоғандардың атауларынан тұратын микротопонимдер сақталған (МКЗ,1912: 172-173).

Аймақтың тарихи дамуының тұтас бір кезеңін Қазақ хандығы дәуіріндегі жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес кезеңін кұрайды. Жалпы жоңғарлардың негізгі шапқыншылықтары Жетісу өлкесіне қарсы бағытталғаны белгілі. Себебі, Жетісудың шұрайлы қоныстарын басып алудың әскери-стратегиялық маңызы зор болы. Өлкені бұдан кейінгі қазақ даласына жасалатын жаулап алу соғыстарының негізгі тірегіне айналдыруды мақсат етті. Сондықтан да Қазақ хандығының құрылуы қарсаңының өзінде қалмақтардың Жетісуды басып алуға деген әрекеттері белсенді бола түскен еді. Мұхамед Хайдар Дулати 1426 жылы билікке қол жеткізген моғол билеушісі Уәйіс хан кезінде Жетісуға ойраттардың (қалмақтардың) шапқыншылығы жиілей түскенін атап өтеді. Мұхаммед Хайдар Дулати ел аузындағы әңгімелерге сүйене отырып, ханның қалмақтармен алпыс бір рет шайқасқанын жазады. Ол тек бір рет қана жеңіп шыққан, одан басқаларында жеңіліске ұшыраған (Дулати, 2003: 100). Дегенмен, бұл кезеңде қалмақтар Жетісу жеріне тереңдеп ене алмаған (Пищулина, 1977:114). Сондықтан, ежелден Жетісуды жайлаған қазақ ру-тайпалары қалмақтармен үнемі күресіп отырды.

Жетісу жерін жайлаған сарыүйсіндер, дулаттар, шапыраштылар, ыстылар, жалайырлар, қаңлылар, суандармен бірге албандар да бұл өлкенің оңтүстік-шығыс жағын алып, Іле өзенінің оң және сол жағалауын тұтас біртұтас мекендеді. Мұндағы өзендердің құнарлы алқаптары, тау өзендерінің шатқалдары мен аса биік тау шабындықтары олардың мал мен жанға жайлы ата қоныстары еді. ХҮІІ ғ. 30-шы жылдары бір орталыққа бағынған Жоңғар хандығы құрылған кезден бастап жоңғарлардың жаулап алу соғыстары қарқынды әрі мақсатты түрде жүре бастады. В.З Галиев жалпы жоңғарлардың біртұтас мемлекеті қазақтардан әскери басымдық танытты, бірақ дәл осы кезеңде басқыншылыққа қарсылықты ұйымдастырудың жаңа түрі – қазақ және

қырғыз әскерлерінің коалициясын құруға әкелгенін, яғни азаттық жолындағы халық күресінің маңызы артқанын атап өтеді (Галиев, 2007: 7). XVIII ғасырдың 50-жылдарының ортасында Жетісудың шығыс бөлігі жоңғарлардан азат етілді. Құтты қоныс, ата жұрт жау қолында қалып, ел басына күн туған заманда аттары аңызға айналған Әлмерек баба, Шоған абыз, Жұман, Қожағұл, Сүйіндік сынды әділ билер, Хангелді, Түкеұлы Райымбек батыр, Рыскелді, Қалыбек, Төлесұлы Байсейіт, Діқанбай Қажаланұлы, Малайсары, Оңқа, Мамай сияқты батырлар ерлік жолын жалғады. Аймақ топонимикасында жоңғар-ойрат кезеңімен байланысты Сүмбе, Дардамты, Добын, Шонжы және т.б. атаулар пайда болды.

Жоңғар хандығының құлауы мен Еділ қалмақтарының ауа көшуіне қатысты оқиғалардан кейінгі аймақтың тарихи даму жолында жаңа геосаяси күштер пайда болды. 1845-47 жылдары біз қарастырып отырған аймақты мекендеген албан, одан әрірек қоныстанған суандар Ресей билігін мойындады (Статистика Российской империй, 1895: 15). Жоңғар хандығын талқандағаннан кейін Іленің сол жағалауы Жаңа шекара ретінде Қытай билігіне өтсе де олар бұрыннан қалыптасқан дәстүр ойынша Іленің сол жағалауын да тұтас қоныстанып отыра берді. Ал, Қытай үкіметі өз кезегінде 1757 жылы Іле аймағын құрып, мұнда ішкі аймақтардан қылмыскерлері, Шығыс Түркістаннан тараншыларды жер аударды (МКЗ, 1912: 12). 1771 жылы Еділ бойынан қоныс аударған қалмақтар Іле бойына жылжып, олардың бір бөлігі Шарын-Шілік арасында тұрғаны да белгілі болған (Путевые дневники и записки, 2012:48-49). Дегенмен, олар аймақта тұрақтай алмай шекара асып өтті. Оларды Циндер ықыласпен қабылдап, Іле провинциясына орналастырды (МКЗ, 1912:12-13). Отандық тарихнамада дәл осы кезеңдегі Жетісудағы торғауыттар, яғни Еділ қалмақтарына қарсы күрес тарихы жеке зерттеуді талап ететін тақырып.

Ресей империялық статистикалық комитетінің ресми деректерінде 1867 жылы құрылған Жетісу облысының (Сергиополь, Қопал, Верный, Токмақ Ыстықкөл және Жаркент уездерінен тұрған) аумағын патшалық кезеңге дейін тек қазақ-қырғыздар ғана мекендегенін атап өтеді (Статистика Российской империй, 1895:15). Бірақ осы кезеңнен бастап аймақтың этникалық құрамы өзгере бастайды. 1869 жылдан бастап орыс шаруалары көшіп келіп қоныстана бастады. Барлығы 28 станицалар мен селоларда орыс-казактар орналасты. Ал, басқа ұлттардан тараншылар,

сарттар дүнгендермен бірге 1882-83 жылдары Верный және Жаркент уездерінің аумақтарына қоныс аударды. Дүнгендер уезд аумақтарында шашырап қоныстанған. Сарттар Түркістан генерал-губернаторлығының басқа аймақтарынан, ал татарлар Ресейдің ішкі губерниялары мен Сібірден қоныс аударған (Статистика Российской империй, 1895: 20).

Осылайша Қарадала аймағында бірінші болып орыс-казак әскерлері, одан кейін орыс шаруалары, татарлар, ал Шығыс Түркістандағы оқиғалардан кейін, Ресей империясы мен Қытай шекарасы нақты белгіленген 1881 жылдан кейін тараншылар мен дүнгендер қоныс аударған. Қазіргі Қырғызсай ауылының орнында Подгорный атты және Шонжыда (Чунджа) орыс казактарының, Тастықара өзені бойында Богословное, Қаратұмада Петропавловское атты орыс шаруарының қоныстары пайда болды. Тиірмен, Ақтам, Қарақыстық, Ұзынтам, Добын, Қосағаш, Долайты, Дардамты, Сұңқар, Кетпен, үлкен Асаноқы мен кіші Асаноқы, Қалжат, Сарыбұлақта тараншылар қоныстанды. Дүнгендерден айырмашылығы тараншылар топ болып, тұтас ауылды құрап орналасты. Сонымен қатар, орыс-казак әскерлері Тастықара мен Шонжыны атты почта бекеті ретінде пайдаланды (МКЗ, 1912: 23-25).

Ал, бұрыннан қыстау, күздеу мен жайлау ретінде пайдаланып жүрген аймақтары тарылғанына қарамастан қазақтар аймақты тұтас мекендеп отырды. Тіпті олар бұрынғы дәстүрлерімен Іленің оң жағалауындағы қоныстарына да көшіп жүре берді. 1885 жылы оларды патша әскері жазаға ұшыратып, Іленің оң жағалауына көшіп қонуға тиым салды. Дегенмен, бұл жағдай XX ғасыр басына дейін жалғаса бергені белгілі.

Осылайша аймақ топонимикасы бірнеше қабаттардан тұрады. Ежелгі, түркі дәуірі, ойрат-қалмақ кезеңі, ортарлау дәуірі мен кенестік кезеңдерді қамтиды. Аймақта бұрмаланған, тарихи-мәдени дәуірлермен байланысы жоқ жасанды атаулар да пайда болды.

Шоншы (Чунджа). Аудан орталығы болып табылатын елді мекен атауы. Топонимді ғылыми тұрғыдан зерттеу ісі де тек соңғы жылдары ғана қолға алына бастаған. Ә. Шашаев Шонжы атауына қатысты бірнеше пікірлерді талдай келе, атау атақты Әлмерек абыздың (1658-1754 жж.) қолынан қаза тапқан қалмақ батырының есімі деген пікірлерді қуаттайды. Атаудың 1782 жылы қытай дерекерінде нақты кездесетіне назар аударады (Шашаев, 2024: 57-63). А.П. Горбунов Шонжы топонимін казак, қырғыз, ұйғыр тілдеріндегі

түбірі шоң – үлкен сөзінен шыққан, ал – жы қазақ тіліндегі жылау (рыдание, плач) жалғасқан атау болуы мүмкін деген де пікір білдірген. Автор мүмкін бұл топоним үлкен жылау (великое рыдание) деген мағынада аймақта орын алған бір тарихи оқиғамен, мәселен 1425 жылы Ұлықбектің осы жерде моғол ханы Шир-Мухаммедті жеңген оқиғамен байланысты болуы да мүмкін деген пікір білдірген (Горбунов, 2005:94). Автордың бұл пікіріне сүйенсек, мүмкін бұл оқиға халық жадында сақталған жоңғарға қарсы болған атақты Қарадала шайқасымен де байланысты болуы да мүмкін. Дегенмен, автор атаудың ойрат тілінен шыққан топоним болуын да жоққа шығармайды. Ж. Ошан қытай картографиялық материалдарын талдай келе, 1782 жылы Фу Хен жазған «Батыс өлкенің карталары мен сипаттамасы» атты еңбектің карталар бөлігінде Тянь-Шань тауының солтүстігі, Іленің батыс бөлігінің картасында Шонжының нақты орны көрсетілгенін атап өтеді (Ошан, 2024: 71). Оның Іледен (Құлжа) оңтүстік батысқа қарай 300 ли немесе 150 шақырып жерде орналасқаны көрсетілген. Сонымен қатар картада Темірлік, Кеген, Қарқара да аталған (Ошан, 2024:71).

Бұл атау ҚХР аумағындағы Іле қазақ ауданы аумағында да кездеседі. Үрімжінің шығыс солтүстігінде қазақтар шоғырланған Шонжы ауданы және Іле Қазақ облысының Нылқы ауданына қарасты Шонжы атты елді мекені бар. Осы орайда Шонжы атауының мағынасын анықтау маңызды. Осы мәселеге назар аударған Әлімғазы Дәулетхан Н. Базылханның аудармасына сүйене отырып, бұл атаудың мағынасын «Чонжы-Цонж» – қарауыл төбесі деген мағына беретін сөзбен байланыстырады (Дәулетхан, 2020). Ш.Уалихановтың еңбегінде де «Чончжу – қарауыл» деп берілген. Ол Чончжу-қарауыл арқылы Ташкентке барар жолды сипаттай келе, оның Чончжу атты қытай пикетінен басталып Шарын өзені Қаратұма, одан әрі Қарамола тоғайы, Сарыбұлақ бастауынан Шелек, Қаратұрықтан ары қарай кететін маршрутын көрсетеді (Валиханов,1985:265). Ал, орыс деректерінен қазіргі Шонжы ауылының аймаққа орыс отарлаушылары келе бастағанда казак-орыс әскерлерінің қонысы (выселка) әрі атты әскері бар почта бекеті болғанын көреміз (МКЗ,1912:25). Сондықтан ойраттардың қарауыл жасақтары (шағын әскери тобы – авт.) орналасқан мекенді кейінірек орыс-казак әскерлері де заңды түрде ары қарай пайдаланған деп түйіндеуге болады. Шонжының әскери стратегиялық нысан ретінде-

гі маңызын Сібір казактарының атаманы Г.Волошиннің 1771 жылы 21-шілдеде торғауыт Убашы мен қалмақ нояны Шереннің Шарын-Шелек арасында тұрғаны туралы хабарынан де байқауға болады (Путевые дневники и записки, 2012: 48-49). Шарын-Шелек арасы ежелден аймақты басып өткен әскерлердің жолында ерекше аталады (Қараңыз: Дулати, 2013: 147, 152, 160, 364; МИКК, 1973:131, 152, 166). Ал, қоныс аударылған тараншылар бұл жерде қоныстанбаған. Ұйғыр халқының арасындағы соңғы жылдары ауызша тараған «шоң жай» немесе үлкен ауыл, елді мекен деген сөзбен байланысты деген пікірлердің еш негізі жоқ. Сондықтан Шонжы топонимі көріп отырғанымыздай аймақта ұйғырлардың қоныс аударуына дейін болған атау. Жетісу жеріне біраз уақыт саяси үстемдіктерін орнатқан жоңғар хандығының ең күшейген жылдарында қоңтайшының Іле бойына өз ордасын тіккені белгілі. Сондықтан, бұл топонимнің қазіргі Қытай аумағындағы Іле бойында да кездесуін ескере отырып, бұл атау ойрат тіліндегі қарауыл төбе деген мағына беретін және әскери қарауыл орналасқан шағын мекеннің атауы ретінде пайда болған топоним деген пікірге тоқталамыз. Шонжының бас жағындағы Тоғызбұлақ қазақ руларының көктеуі болған.

Кетпен тауы (Кетмень). Дәл осындау атаумен елді мекен де бар. Таудың атауына байланысты көпшілік арасында «кетпен» – жерді, топырақты өңдеуге арналған құрал-сайманның атауына байланысты пайда болған деген жасанды пікір қалыптасқан. Шын мәнінде атаудың мағынасы тереңде жатыр. Кетпен атауын кезінде Е.Қойшыбаев «Кет шыңы», «Кет қорғаны», «Кет қақпасы» деген атаулармен мәндел деп көрсеткен (Қойшыбаев, 1985:134). Э.Мурзаев бұл атаудың түбірі «кет» сөзі ежелгі алтай тілдеріне жатады, себебі кад, када, кадар, хада, хад тұңғыс-маншжур тілінде «биік», «жартас», «шын» мағынасын береді деп түсіндіреді (Мурзаев, 1984, 240). ІХ ғасырдағы Махмұд Қашқаридің сөздігінде «какман ер» сөзінің мағынасы «көптеген қиындықтар мен сынақтардан өткен адам» дегенді білдірген. Сөздің түбірі көне түркі тілінде «как» немесе «какман» – сынақ деген мағына берген (Қашқари, 2005:445). Т. Жанұзақов «Атаудың алғашқы мағынасы Кадман, одан Катман, Кетман, кейінгі кезендерде Кетпен болып өзгерген, Өзбекстан топонимикасында да «Катманчопти», Байсын ауданында «Кетмантуба атауы да кездеседі дей келе, осылайша атаудың негізгі мағынасы «қат қабат биік таулар тізбегі»

деген мағынаға келеді. Атау осы аймақтың табиғи географиялық сипатына толық сәйкес» деп тұжырымдаған (Жанұзақов, 2010: 108). Кетпен тауын жергілікті халық Ұзынқара тауы деп атаса, ол кейде Үйсін тауы деген атпен де белгілі. XIX ғасырдағы географиялық басылымдарда Ұзынтау деп те аталады (Горбунов, 2005:51). Кетпен тауының қазіргі ҚХР аумағындағы бөлігін Темірліктау деп те атайды. Шарын өзенінің оң саласы Темірлік өзені екені белгілі. М. Қашқаридің сөздігінде түркі тілінде темірді «тамур» деп атағаны белгілі (Қашқари, 2005: 344). Сондықтан, Кетпен атауы биік, қатты, жартас деген мағынасындағы ежелгі көне түркілік атау.

Ават. Елді мекен атауы және аймақтағы шығу тегі талас тудыратын атаулардың бірі. 2024 жылы Әзербайжан Республикасына барған іс-сапарымыз барысында топонимикалық атауларға қатысты жинақтаған материалдар ішінде Ават атауы ерекше назар аудартты. Бұл атау Әзербайжан аумағында Агдаш ауданында да кездеседі. Топоним этимологиясын талдауда парсының «Абад» – «абаттандырылған, гүлденген» деген сөзінен шыққан деген пікір басым болған. Сондықтан халық ішінде ават топонимі тек отырықшылармен байланысты деген біржақты пікір бар. Зерттеушілер парсы тілінегі «абад» сөзі жеке топоним атауы ретінде кездеспейді, ол тек атаудың екінші жартысы ретінде ғана, мәселен Неймотабад, Советабад, Кировабад деген түрінде кездеседі дей келе, 1809 жылғы құжатта ойконимнің жеке «Ават» түрінде кездесетініне назар аударған. Жергілікті халық та оны тек Ават деп атайды екен. Ават ойконимі Грузияда Ахалцих ауданында және Кавказда кездеседі. Осылайша зерттеушілер «ават» атауын ават атты түркі тайпасының атауымен байланысты этнотопоним деп санайды. Себебі XIX ғасырдың басында Карабах провинциясында афатли руы өмір сүрген. Афатли – аватлы сөзінің сәл өзгерген нұсқасы. Қазіргі таңда бұл жақта Афатлы атты үш ауыл бар (Гейбуллаев, 1986: 60). Осы арада Ават атауының негіз болып отырған ават руына келсек, ол қызғыздардың құрамында кездеседі. О.Каратаевтың зерттеулері бойынша бұл қырғыздың атақты ішкілік тайпасына кіретін рулардың бірі. Ежелгі тегі алтай-телеуттердің аба немесе моңғол тілінің ықпалымен +т көптік жалғауы жалғанған абат руы батыс Түрік қағанатының құрамындағы рулардың бірі ретінде белгілі болған. Құрамына аба руы кірген алтай-телеуттердің бүгінгі түркі халықтарымен, соның ішінде қырғыздар, қазақтармен этногеникалық

байланыстары дәлелденген (Каратаев, 2003:10). Мәселен, ават руы кіретін ішкілік тайпасы тарихи деректерде кейде бұлғашылар деген атпен де белгілі. Ал, бұлғашылар Моғолстан халқының негізін қалаған тайпалардың бірі болды. Белгілі шығыстанушы ғалым В.П. Юдин Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Шах Махмуд бен Мырза Фазыл Шорастың «Тарих», авторы белгісіз «Тарих-и Кашгар» еңбегіне, сондай-ақ Хафиз-и Абру, Шараф ад Дин Али Йезди, Низам ад-Дин Шами, Абд ар-Раззаки Самарканди сияқты ортағасырлық авторлардың шығармаларына сүйене отырып моғолдардың рулық-тайпалық құрамының керейт, қаңлы, арканут, сұлдыз, дулат, шорас, құрлауыт, қарлұқ, итаршы, қоншы, құсшы, байрын, қалушы, *бұлғашы*, арлат, барлас, дохтуй, йарки, ордабегі, меркіт, шунқаршы, нарын, *долан*, балықшы, татар тайпаларынан құралғандығын анықтаған (Юдин, 2001: 73-81). Моғол этносаяси қауымдастығы Қазақ хандығының құрылу қарсаңында қазақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар болғаны белгілі. О. Қаратаев қызғыздардың ішіндегі ішкіліктердің құрамына найман, кесек, жоо кесек, тейит, қычак, бостон, қаңды, қоңурат, бөксө, дөөлөс, чапкылдық, *ават*, қыдырша, орғу, нойгут руары кіретінін аап өтеді (Каратаев, 2003:10). Ішкілік руы қазақтарда да кездеседі (Джанұзақов, 1982: 169). Осылайша ават топонимі түркілерің ават руының атымен қалыптасқан атау екендігіне көз жеткіземіз. Оның Әзербайжан, Кафказ жерлеріне дейін таралуы түркі тайпаларының миграциясымен және ортақ этникалық үдерістермен тікелей байланысты.

Осылайша Ават топонимі – ават руының атына байланысты шыққан этнотопоним (Горбунов, 2005: 14). Жергілікті қазақтар Ават ауылын Баянқазак деп атайды (АДМ, 2024). Ават ауылының Баянқазак атауы орыс деректерінде де кездеседі (МКЗ, 1912: 23).

Шарын (Чарын). Бұл қазіргі кезеңде өзен мен оның бойында орналасқан коньон және осы аттас елді мекеннің атауы. Коньон мен елді мекен атауы Шарын өзенінің атауымен байланысты пайда болған. Шарын өзені Кетпен тауларынан бастау алатын, Іле өзенінің Қазақстан аумағындағы ең ұзын әрі суы мол саласы. Өзеннің 80 шақырымға созылатын ауағы жеке жеке атаумен, мәселен, Ақтоғай, Мойынтоғай, Сарытоғай деп те аталды. Осылардың ішіндегі ең атақтасы Сарытоғай. Себебі мұнда әлемдегі ең сирек кездесетін ағаш түрі – шетен (ясень) ағашы өседі. Ағаштың атауына байланысты IX ғасырда Мах-

мүд Қашқари шынар ағашын йағмалар (түркі тапаларының бірі) «жарун» деп атайтындығын жазған (Кашгари, 2005: 390). Себебі шетен ағашы 300 жыл жасай алады және бұл кезеңде оның биіктігі 35 метрге жетеді, діңі өте жуан болады. Сырт келбетіне қарағанда ол шынар ағашынан аумайды. Сондықтан бұл өзеннің атауы ежелгі түркілердің «жарун» сөзінен шыққан деп санауға болады (Краткий энциклопедический словарь, 2014:440).

Тарихи деректерде Шарын атауы Чарун, Джарун, Жарун, деген атаулармен кездеседі (МИКХ, 1969, 121; Материалы, 1973. 131, 152, 166). Ортағасырлық автор Шараф ад-Дин Али Йезди Әмір Темірдің Жетісу жеріне жасаған жорықтарын егжей-тегжейлі сипаттаған. Мәселен, 1375 жылғы үшінші жорығы барысында Әмір Темір алдыңғы шепке ұлы Жаһангер мен Шейх Мұхаммед Байан Сұлдызды, Бахрам жалайырдың ұлы Әділ шахты жіберген. Олар Сайрамнан өтіп, Жарун деген жерге келеді. Осы жерден бір жетелікті (жете адамын – авт.) ұстап алып, одан Қамар ад-Дин мен оның әскері туралы мәліметтер алған (МИКК, 1973: 131). Дәл осы деректегі Жарун деген жердің атауын В. Бартольд Шарын (Чарын) деп аударған (Бартольд, 1963: 81). Абд ар-Раззак Самарқанди да осы оқиғаны қайталайды. Ол 1425-26 жылғы Мырза Ұлықбектің Моғолстанға жорығы туралы жазғанда да Шарын өзенін атап өтеді (МИКК, 1973:152, 166). Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегінде де Шарын атауы жиі кездеседі (Дулати, 2003: 147,152,160,364).

Ал, ойрат жазбаларында бұл атау «Зари» деген атпен кездеседі. Буддизмнің Гелуг мектебінің негізін салушы, ойрат және қалмақ қайраткері, ағартушы, XVII ғасырдың ортасындағы Орталық Азияның көрнекті саяси қайраткері Атақты Зая Пандитаның (шамамен 1599 – 1662 ж. қыркүйек) өміріне арналған еңбекте оның хурәсі (хурә – Зия пандитаның көшпелі сарайы) 1674 жылы Зари-Шарын өзені маңын қыстағаны айтылған (Раднабхадра, 1999: 93). Жоңғарлар қолына тұтқынға түскен, атақты Жоңғария картасын жасаған швед офицері Йоган Густав Ренататың картасында да өзен Зарун (Zarun) деп көрсетілген (Макшеев, 1881).

Ал, қазіргі Шарын ауылына келсек, ауыл тұрғындары өлке тарихына қатысты мынандай жайттады баяндайды: «Шарын өзенінің батыс бетіндегі Тастөбе деген жерден бастап, әрісі Қараиренге дейінгі қасиетті мекенді Албанның Жарты – Таңатардың Оразбай, Жаулыбай, Өте-

бай ұрпақтары мекендеген. Осы жердің тумасы белгілі қоғам қайраткері Сейдін Мұқаулы Са-таев бұрын «Қарағаш» деп аталған ауылда төраға болып сайланып, шаруашылық құрып, мектеп ашқан (Ауылдың орнында қалған үлкен зираттар мен шикі кірпішпен қаланған күмбездер кешегі күнге дейін сақталып келіп, орны көмескіленіп барады). Осы өңірдің жұрты балаларын сол Қарағаштағы жаңаша оқытатын білім ұясына жібереді. Ол жер осы күні «Қараирен» деп аталады. Қарағаш деп отырғанымыз сол әлемге әйгілі «ерен» ағашы. Картада «Деревянное озеро» деп көрсетілген. Қазіргі Шарын ауылының орны Шарын өзенінің соңғы арнасы еді. Шарын ауылының батыс жағын басып ағатын өзенді 1881-83 жылдары көшіп келіп қоныстанған тараншы-дүнгендер Тасқарасу ауылымен өтетін арнаға біржола бұрып, үлкен бөгет-дамбы жасайды да, босаған арна орынына қоныстанады. Албанның Жарты тайпасының Таңатар ұрпақтарының отбасылары Бақатерек, Шұңқырқора-Басерен, Ақтеріскен, Қаратұма, Алтынбұлақ маңайын, ал, Солтангелді бабаның ұрпақтары Күркілдек аймағын сонау Шелектің шегарасына дейінгі жерге дейін атақоныс жасап келді» (АДМ, 2024).

Қазіргі Шарын ауылы маңындағы Қаратұма, Қараирен, Сарытоғой, Қызылжиде, Күркілдек, Ақтеріскен, Алтынбұлақ және т.б. жерлер Албанның Жарты руы аталарының тұрақты қыстау мекендері болған (МКЗ, 1912: 247-248). Бұл топонимдерің барлығы орыс деректерінде айқын көрсетілген. Ал, Ақтеріскен топонимі қырғыздың Манас жырында батырдың жолында кездеседі. Ол «Ілден өтіп **Ақтеріскенге** көтеріліп, аттарымның ер тоқымын алмай тынықтарып аламын» дейді (Валиханов, 1985: 93).

Сүмбе. Бұл топоним де өзеннің, елді мекеннің атауы ретінде сақталған. Сүмбе өзені солтүстік Тянь-Шаньның етегінде ағатын өзендер. Біреуі Текес өзенінің сол жақ саласы Кетпен-Ұзынқара тауларынан оңтүстікке қарай бастау алады да Шартас тауларынан ағып өтеді. Бұл қазіргі Райымбек ауданында, екіншісі Кетпеннің солтүстік батысынан бастау алып, Шошанай өзенінен шығысқа қарай ағып, Шонжы ауылының оңтүстігінде қарай жойылып кетеді. И. Ерофеева атаудың ресми басылым беттерінде моңғолдың «сумбер» – биік, бағаналы деген сөзінен шыққан, себебі биік бағаналы биіктіктен бастау алатын өзен деп түсіндірілуін дұрыс емес деп санайды. Автор атау ойраттың *sūme* (суме) сөзінен шыққаны туралы тұжырымдар жасаған (Краткий энциклопедический словарь, 2014: 363-

365). Ойраттың *süme* (суме) – темині «будда храмы» немесе «монастырь» (Раднабхадра, 1999: 75) дегенді білдіреді. И.Ерофеева бастаған ғалымдар 2008 жылы қазіргі Ұйғыр ауданы немесе Қарадала аумағындағы Сүмбе өзені аумағынан Ренаттың 1738 жылғы каратасында «талтер» (*talter*) деген белгімен көрсетілген Галдан-Цэрен салғызған будда монастырының үйіндісін тапты (Ерофеева, 2009:42). Жоңғарлар билігі тұсында еліміздің оңтүстік шығыс пен шығыс аймақтарында тұрғызылған осындай бірнеше сүмелер белгілі. Солардың бірі ретінде Ертіс бойынағы Ертіс сүмесін атап өтуге болады. Жетісуды жоңғарлардан азат еткеннен кейінгі кезеңде қазақ халқының тарихи жадында бұл аймақ «суме» орналасқан жер ретінде сақталып, бірте-бірте тілдің ыңғайымен Сүмбеге айналған (Краткий энциклопедический словарь, 2014: 364). Әрине, қазақ тілінің қорында «*найзаның сүмбесі*», «*сүмбедей сұңғақ бойлы*», «*сүмбедей жараған арғымақ*», «*сүмбедей тұзу тал*», «*сүмбедей сымбат...*» деп келетін тұрақты тіркестер де бар.

Осы орайда жоңғарларға дейінгі кезеңдегі Сүмбе өзендерінің атауын іздестіру маңызды. Бұл бағыттағы басты дерек И.Г. Ренаттың Жоңғария картасы екені сөзсіз. И. Ерофеева аталған будда монастырының Ренаттың картасында Албан-Шибир (Шыбыл. Қазақ шежіресі бойынша Албандар Шыбыл және Сары деп екі топқа бөлінетіні белгілі – авт.) өзенінің жағасында тұрғызылғанына назар аударады. Осылайша зерттеуші бұл өзендердің атауы (Райымбек және Ұйғыр ауданы аумағындағы Сүмбе – авт.) Албан деген деген тұжырымға келген (Краткий энциклопедический словарь, 2014:364).

Аталған өзен бойында орналасқан, ғылыми әдебиеттерде Сүмбе – Лабан –Албан деп аталатын ортағасырлық қала қазіргі Ұйғыр ауданының аумағындағы ірі ортағасырлық ескерткіштердің бірі. Лабан-Албан қаласы туралы ең алғашқы мәліметтер X ғасырға жатады. Атақты араб географы әл Макдиси (әл Мукадаси) Испиджаб аймағына кіретін қалашықтар мен елді мекендер тізімінде Лабанды да атайды (Волин, 1960: 80). Бұл қала орнына зерттеу жүргізген К.М. Байпаков жазба деректерде Лабан атауымен кездесетін қаланың атауы Албан атауының сәл өзгертілген нұсқасы болуы мүмкін деп жазған (Байпаков, 1986:35). Қала, елді мекен атаулары көбінесе өздері орналасқан гидронимдердің атауымен байланысты пайда болатынын ескерсек, Албан өзені бойында бой көтерген бұл қала атауы да Албан болуы заңды. Осылайша қазіргі

кезеңдегі бірқатар ғылыми, көпшілік, анықтама-лық еңбектерде орағасырлық Сүмбе қаласы деп аталып жүрген қалашықтың атауы Албан өзенінің атауына байланысты пайда болғаныны анық. Албан қаласы Ұлы жібек жолының тармағы Іле аңғары арқылы өткен кезеңде халықаралық сауда орталықтарының бірі және халықаралық сауданың маңызды бөлігі болған. Ол Солтүстік-Шығыс Жетісу аймағындағы өз заманындағы ірі қалалардың бірі ретінде танылған. Лабан (Албан) қаласы Алматы, Талғар, Екіөгіз (Эквиус), Каялык, Иланбалық қалалары тәрізді Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарына айналған (Зиняков, 2020: 189).

Назгум үңгірі (Әйти үңгірі). Бұл үңгір Кетпен тауының солтүстік беткейінде 1187 м. биіктікте Пиздықта, Кетпен ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 8-7 шақырым жерде орналасқан. Бұл спелеонимнің (топонимикада үңгірлер атауына байланысты термин) Назгум деген атауы XIX ғасырдың соңына таман Шығыс Түркістанның оңтүстік-батыс аймағынан Жетісу жеріне, соның ішінде солтүстік-шығыс Жетісуға көшіп келген тараншылармен байланысты қалыптасқан. Аңыз бойынша Назгум тараншылар арасында кең тараған халық әніне негіз болған Циндерге қарсы күрескен қыз бейнесі. Халық арасында сақталған образ желісімен музыкасын Қ.Қожамиров жазған ұйғыр халқының осы аттас тұңғыш операсы 1956 жылы Қазақ академиялық опера және балет театрында қойылған. Осылайша Назгум ұйғыр халқының жадында азаттық үшін күрес қаһарманының бейнесіне айналған. Алайда, тарихи оқиғалар хронологиясы мен барысына сүйенсек Кетпен тауындағы үңгірдің шынайы Назгум оқиғасымен байланысты жоқ. Жергілікті қазақ халқы бұл үңгірді «Әйти үңгірі» деп атаған. 1964 жылы А.С. Аманжолов Кетпен тау жоталарындағы ежелгі жазулар мен петроглифтерді зерттеу мақсатында біз қарастырып отырған аудан аумағында жүргізген экспедициясы барысында ұйғырлар арасында Назгум деп аталатын бұл үңгірді жергілікті қазақтар Әйти үңгірі деп атайтынын жазып алған (Аманжолов, 1966: 93). Жергілікті информаторлар да осы ақпаратты растайды. Аудан тұрғыны, ардагер ұстаз Бейбіт Алғазиев «... Біздің ауыл Үйсін тауының етегінде Кетпен ауылымен қоныстас орналасқан. Жаңағы айтылып отырған үңгір екі ауылдың шекарасында орын тепкен. Ол кезде біздің ауыл XXIII-партсъезд атындағы колхоздың бөлімшесі еді. Малшылардың көктеуі ауыл маңында орналасатын. Қоныс қайда десе Әйтинің үңгірінде,

қайда барасың десе Әйтiнiң үңгiрiне барамын немесе Әйтiнiң үңгiрiнен келемiн дейтiн» (АДМ, 2024). Дәл осындай ақпаратты 1988 жылы Дартамты селолық кеңесiнiң атқарушы төрағасы болған Дәуренбеков Ноғайбек Хасенұлы жергiлiктi тұрғын Батырбайдан естiген әңгiмесi арқылы растап, бұл үңгiрдiң Албан-Жарты-Қанай-Мүлiктердiң ата қонысы болғанын атап өтедi (АДМ, 2024). Бұл үңгiр тарихи-мәдени ескерткiш болып табылады. Оның мұндай маңызы ойдан шығарылған оқиғалар емес, керiсiнше нақты зерттеулер шеңберiнде анықталып отыр. Бүгiнгi таңда бұл үңгiрдiң алғашқы адамдар мекенi болғаны дәлелденiп отыр (Namena, 2022).

Дардамты. Өзен, тау, елдi мекен атауы ретiнде кездеседi. Т. Жанұзақ атауды түркi, моңғол, иран тiлдерiнен iздейдi. Түбiрi «дар немесе дара – дере» «шатқал, сай», «тау аралығы», және дам – том – томб – «жота, төбе», «тау» мағыналы сөздерiне көне түркi, монғол тiлдерiне тән +ты жалғауының жалғануы арқылы жасалған деп санайды. Атаудың топонимдiк мағынасы «тау аралығындағы сай, тау етегiндегi төбе», «шоқы» дегендi бiлдiредi (Жанұзақ, 2010: 72 б). Дардамты өзенiнiң атауы 1738 жылғы Ренаттың картасында Илеге жетпейтiн өзеннiң сол саласы ретiнде көрсетiлген (Макшеев, 1881:34). Дардамты атауының да шығу тегiн ойраттық топонимге жатқызуға болады. Ойраттың «давата» сөзi «асумен (с перевалом)» деген мағына бередi (Борлыкова, 2022:114). Қазiргi кезде де Дардамты тауы дегенiмiз Кетпен тауының орталық бөлiгi.

Дубiн (Добын) ауыл атауы. Т. Жанұзақтың зерттеуiнше атаудың бiрiншi сыңары монғолдың «дов» – «төбе», «төбешiк», «добо» – «төбе», «шоқы» мәнiн бiлдiрсе, атаудың екiншi сыңарындағы үн (үн, ун) – жинақтық, көптiк мәндi бiлдiретiн түркi-монғол тiлдерiндегi көптiк жалғау көрсеткiшi. Атаудың топонимдiк мағынасы «төбе, төбешiгi, шоқылары көп жер» дегендi бiлдiредi (Жанұзақ, 2010: 756). Бiздiң пiкiрiмiзше Добын атауының негiзгi мәнi монғол-ойраттардың дубун сөзiмен байланысты боуы мүмкiн. Тарихи деректерде ең танымал атау Добун Мерген атақты Шыңғыс ханның арғы атасы және Алангоаның күйеуi ретiнде аталады (Рашид ад Дин, 1952: 9). Дубун руы буряттардың шежiресiнде кездеседi. Қазiргi буряттар шежiресi бойынша булагат, эхирит, хори, хондогар атты төрт рудан тұрады. Буряттардың шежiресiнде Моңғолия мен Жоңғария аумағынан келген рулар да бар. Қазақ тiлiнде айтқанда кiрме ру саналатын мұндай рулар әдетте шежiре дәстүрiнде «асырап ал-

ған баладан», не «оң жақта отырып қалған қыздан туылған жиеннен» таратылатын анық. Қазақ шежiресiнде де мұндай мысалдар жеткiлiктi. Сонымен буряттардың шежiре аңыздарында бiздi қызықтырып отырған Булагат осындай асырап алған бала. Булагаттан-Готол. Готолдан үш үл: Тудэ, *Тургэн*, Тутухэн. Тудэден 8 үл таратылған. Олар – Корма, *Хабсагай*, Хандагатай (Хандагай), Маралта (Шаралта), *Бугутай (Бугутуй)*, Грегехон, Кутул, *Дубун* (Балдаев, 1970).

Сонымен бiз қарастырып отырған аймақтағы Добын топонимi де этнопоним. Добын ауылы Сарыбұлақ, Гомбы, Әбенкөл, Құлқун, Жайылма және т.б. жер су атаулары сақталған.

Шошанай. Елдi мекен және өзен атауы. Шошанай өзенi Кетпен немесе Ұзынқара жотасының батыс бөлiгiнiң солтүстiк беткейiндегi бастаулардан басталып, Шонжы ауылы тұсына таман тартылып қалады. Ауданның құрметтi азаматы, еңбек ардагерi, зейнерткер Ыбырай Асаубаев бұл атауға байланысты мынандай мәлiмет бередi: «Көне көз қариялар Шошанай ауылын XVI ғасырлар тұсында Албанның Шоған руы мекендеген екен дейдi. Әлi күнге дейiн ауылдың бүгiнгi қабiрстанының тұсында «Шоған зират» деп аталатын көне қорым сақтаулы. Кейiннен барып тамалар қоныс жасаған. Ол кезде жайлауы Мыңжылқы, қыстауы Бақтықурай болыпты. Ал, «Қызылдөн» қазiргi «Шошанайдың» бұрынғы атауы. Себебi ауылға таяу үш қызыл төбе бар. Яғни бұл өңiр сол кезде мекендеген албан тайпаларының көктеу, күздеуi болған. Әлмеректiң тұсында Шоғандар Текес, Тегiстiк тарапқа көшiп, ондағы Қоңырбөриктiң Тама, Пiтелерi Қызылдөнге ауып келген. Жаңыл атты анамыздың айтуынша, ел үркiп Қытайға қашқан мезгiлде шегарадан өткен жерде қалмақтарға қарсыласады. Жөн сұраған қалмақтың жасағына «Шошанайдан» келемiз деп жауап бергенде әлгi қалмақ жiгiтi өкiрiп жылап, «менiң атам ғой Шошанай, соның атымен аталған екен ауыл. Қайсы төбенiң тұсын қоныстанып едiңдер» дептi өксiгiн баса алмай» (Асаубаев, 2024). Қазiргi кезде Шошанай атауының этимологиясына қатысты нақты деректер қолға түспедi. Сондықтан, ауызша деректерге сүйене отырып, мүмкiн Шошанай қазақтың бiр батырынан жеңiлген қалмақ батыры болар деген болжауға болады.

Тегермен (Тиірмен). Әулиешоқының етегiнде орналасқан ауыл. Бұл топоним орыс тiлiнiң ықпалымен бұрмаланып жазылған атау. Негiзiнде Тиірмен немесе Диірмен ауылы деп алуы тиiс. Негiзгi мағынасы диірмендi беретiн мұндай то-

поним бірнеше жерде кездеседі. Ең атақтысы Тянь-Шянь тау жүйелерінің Қырғызстан аумағындағы орталық бөлігінің атауы Жел Тиірмен деп аталатыны белгілі. Сондай-ақ, Жалал-абад облысы аумағында Тегермен сай ауылы бар. Ал, Өзбекстанның атақты газ кені орны да Тегермен. Сонымен бірге Тегермен топонимін іздегенде Күнгеі Алатауы Ыстықкөл бассейні маңында су диірмендері болған орысша жазылуы «Тигерменти» деген өзен бар екенін көреміз (Горбунов, 2005: 79). Сондықтан бұл топоним шаруашылық жүргізу дәстүрімен байланысты қалыптасқан атау екені айқын. Диірмен топонимі еліміздің де әр жерінде кездеседі. Мәселен Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданында, Қарағанды облысы Бұхар жырау ауданы және т.б. жерлерде бар.

Үлкен Дихан, Кіші Дихан. Аталған топоним ауылдық округ атаулары ретінде белгілі. Үлкен Дихан ауылы бұрын Молотов болып аталып келді. Соңғы жиырма жылдар шамасында ғана жаңа атауы елдің ауызына іліне бастады Елдің ауызына іліне бастаған тауы Асаноқы (АДМ, 2024). Дикан атауы кеңестік кезеңдегі идеологиялық ықпалмен қалыптасқан атау. Дикан атауы орыс деректерінде кездеспейді. Деректерде Б.Ачинохо, М.Ачинохи деген атпен белгілі (МКЗ, 1912:24). Осы арадағы Ачинохо атауы Асаноқының бұрмаланып жазылған нұсқасы екендігін көруге болады.

Кіші Дихан немесе Кіші Асаноқы ауылының маңында мынандай топонимдер сақталған: Жамбас, Қара тораңғы, Қызыл шыңғыл, Ақ құдық, Қызыл су, Көне жайлау, Тәтті бұлақ, Үлкен Самалдық, Кіші Самалдық, Үлкен Көксай, Кіші Көксай, Ешкілік, Шоқпартас. Ал, Үлкен Дихан маңында Қызыл там, Бәйбіше тас, Көкбастау, Қыржол, Шиліөзек, Бес жүз, Нүрпеис, Тамшыма, Қарашоқы, Пияздық, Пәндісай, Талды, Аюлы сай, Шуқыт, Әпен байлаған, Жалғыз қарағай, Көлді, Қыдыр деген топонимдер бар.

Қорытынды

Микротопонимдерді, жалпы аймақтық тарих мәселелерін зерттеу жалпы отан тарихының белгісіз беттерін айқындай түсуге үлес қосады.

Әсіресе, бұл еліміздің шекаралық аймақтарының тарихында ерекше мәнге ие. Бұл бағыттағы зерттеулердің бір бөлігі топонимикалық зерттеулер арқылы қазақ халқының этноаумағының мәселелерін де көрсете аламыз.

Қарадала аймағы да тарихи-географиялық тұрғыдан алғанда күрделі үдерістердің тоғысында тұрған аймақ екендігін көреміз. Мұнда қазақ халқының, этникалық аумағының қалыптасуы, мемлекеттік шекарасы, этникалық құрылымының өзгеруі тәрізді мәселелер көрініс береді. Сондықтан, аймақтағы тарихи-табиғи үдерістерге қатысы жоқ, жасанды атауларды ауыстыру, топонимдердің қалыптасуы мен мәнін ғылыми тұрғыдан айқындау маңызды. Мәселен, аймақтың Қарадала атты тарихи-табиғи атауы халық жадында сақталып, жыр-дастандарға арқау болып халықпен бірге жасасып келе жатқандығына қарамастан кеңестік кезеңдегі таңылған жасанды атауы (Ұйғыр ауданы) сақталып келеді. Қазіргі таңда аймақ топонимикасының ғылыми тұрғыдан толық жан-жақты зерттелмеуі түрлі спекуляцияларға жол ашып, ішкі тұрақтылыққа қауіп туғызатын оқиғалардың орын алуына негіз болып отыр. Бұл бағыттағы зерттеулердің келесі сатысы жалпы Іле аймағының қазақ тарихындағы орын зерттеуге бағытталуы тиіс. Іленің оң және сол жағасын ежелден қатар жайлаған қазақ руларының тарихы, аймақтағы саяси оқиғалардағы орны, Ресей мен Цин империяларының саясаты шеңберіндегі өзгерістер тарихы жаңа зерттеулерде айқындалуы тиіс.

Ризашылық

Мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру шеңберіндегі АР23488984 «Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу аспектісіндегі ортағасырлық топонимика» ғылыми жобасы бойынша дайындалды.

Мақалаға қатысты ауызша материалдарды жинау, ел тарихын түгендеуге көмек берген Шарын ауылының тұрғыны, ұстазым Серік Оразалиевке алғыс білдіремін.

Әдебиеттер

- Balée W. (1998) *Advances in historical ecology*. New York: Columbia University. 429 p.
- Cosgrove D., Daniels St. (1988) *The Iconography of Landscape: Essays on the Symbolic Representation, Design and Use of Past Environments*. Cambridge University Press. 318 p.
- Namena A., Varisa A., Lindauer S., Friedrich R., Taimagambetov Zh., Iovita R. (2022). Nazugum, a new 4000 year old rockshelter site in the Ili Alatau, Tien Shan. *Archaeological Research in Asia* [электронды ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://osf.io/preprints/socarxiv/c45ws_v1 (қараған күні: 26.07.2025)
- АДМ, 2024. – Авторлардың далалық материалдары (Алматы облысы)*
- Акишев К.А., Қушаев Г.А. (1963) Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата. 320 с.
- Аманжолов А.С. (1966) Кетмен (Тянь-Шянь) тауы жотасындағы кездесетін ертедегі жазулар мен петроглифтер. Известие Академии наук Казахской ССР. Серия общественная. 79-99 бб.
- Байпаков К.М. (1986) Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). Алма-Ата: Наука. 256 с.
- Байпаков К.М. (2005) *Древние города Казахстана*. Алматы: Аруна. 316 с.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. (2002) Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Алматы. 228 с.
- Балдаев С.П. (1970) Родословные предания и легенды бурят. Ч.1. булагаты и эхириты. Улан-Удэ, 1970. 362 с.
- Бартольд В.В. (1963) Очерк истории Семиречья. Соч., Т.2. ч.1. Москва:Наука. С. 23-108.
- Борлыкова Б.Х., Меньяев Б.В. (2022) К вопросу изучения ойратских гидронимов бассейна реки Или. Вопросы ономастики. Т.19.№2. С.104-126.
- Валиханов Ч. (1985) *Собрание сочинении в 5-ти томах.Т.2*. Алматы: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, 1985. 416 с.
- Валиханов, Ч. (1985а) *Собрание сочинении в 5-ти томах.Т.2*. Алматы: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, 1985. 416 с.
- Волин С. (1960) Сведения арабских источников IX-XVI вв. в долине реки Талас и смежных районов. Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. Т.8. 1960. С. 72-92.
- Галиев В.З. (2007) Противостояние Казахского и джунгарского ханств во второй половине XVII века. Отан тарихы. №1. С. 2-13.
- Гейбуллаев Г.А. (1986) Топонимия Азербайджана: историко-этнографическое исследование. Баку:Элм. 190 с.
- Горбунов А.П.(2005) Географические имена в горах Центральной Азии. Алматы. 112 с.
- Дәулетхан Ә. (2020) Шонжы адам аты ма әлде жер аты ма? [электронды ресурс]. Қол жеткізу режимі: <https://abai.kz/post/119152>. (Қараған күні: 25.07.2025).
- Джанузаков Т. (1982) *Очерк казахской ономастики*. Алма-Ата: Наука. 175 с.
- Дулати Мұхаммед Хайдар (2003). Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). Парсы тілінен қазақшаға аударған И. Жеменей. Алматы, 2003. 622 б.
- Ерофеева И. В.(2009) Памятники тибетского буддизма середины XVII – первой половины XVIII века в Казахстане. Новые исследования и находки. Научные чтения памяти Н.Э. Масанова. Сборник материалов научно-практической конференции. Алматы. С. 27-47
- Жанузақ Т. (2010) *Тарихи жер-су аттарының түп-төркіні*. Алматы: Сөздік-Словарь ЖШС. 356 б.
- Жанузақ Т. (2021) *Қазақ ономастикасы. Бестомдық. Т.1*. Алматы 399 б.
- Зиняков Н.М., Савельева Т.В. (2020) Палеоэкономика средневековых городов Илийской долины VIII-XIV вв. (по археологическим источникам). Алматы. 520 с
- Каратаев О. (2003) Кыргыз этнонимдер сөздүгі. Бишкек, 2003. 265 б.
- Кашгари М. (2005) *Диван Лугат ат-Турк*. Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы:Дайк-Прес. 1288 с.
- Кононов А.Н. (1978) Семантика цветообозначений в тюркских языках. Тюркологический сборник.1975. Москва: Наука, ГРВЛ. С.159-179.
- Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана (2014). Сост. И.В. Ерофеева. Алматы 2014. 528 с.
- Қойшыбаев Е. (1985) *Қазақстанның жер-су аттары сөздігі*. Алматы: Мектеп. 256 б.
- Макшеев Л. (1881) Карта Джунгарии, составленная шведом Ренатом во время его плена у калмыков с 1716 по 1733 год. СПб.:Тип. Императорской Академии наук. 39 с.
- Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (1969). Извлечения из персидских и тюркских сочинений. Составители С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин. Алма-Ата: Наука. 651с.
- Материалы по истории киргизов и Киргизии (1973). Вып.1. Москва: Наука. 280 с.
- Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева (1912). Т.3.Джаркентский уезд. Киргизское хозяйство. Санкт-Петербург. 381 с.
- Мурзаев Э.М. (1984) Словарь народных географических терминов. Москва: Издательство. Мысль. 653 с.
- Ошан Ж. (2024) Шонжы атауы XVIII-XIX ғасырлардағы Қытайдың тарихи шығармалары мен караталарында // Әлмерек абыз Жаншықұлы және Қарадала өңірі тарихы. Алматы. 64-75 бб.

Пищулина К.А. (1977) Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв. Вопросы политической и социально-экономической истории. Алма-Ата. 286 с.

Путевые дневники и записки российских чиновников и исследователей о Казахской степи XVI – середины XIX века (2012). Сборник документов и материалов. Составители И. В. Ерофеева, Б. Т. Жанаев, И. М. Самигулин. Астана: ТОО «Общество инвалидов – Чернобылето». 758 с.

Раднабхадра. (1999) Лунный свет. История рабдхам Зая-пандиты. Перевод с ойратского Г.Н. Румянцева и А.Г. Сазыкина. Спб.176 с.

Рашид ад Дин Сборник летописей. Т.1.Книга вторая. Первод с песидского О.И. Смирновой. Москва-Ленинград:Издательство Академии Наук СССР. 320 с.

Статистика Российской империй Волости и населенные места 1893 года (1895). Вып.7. Семиреченская область. Издание центрального статического комитета Министерство внутренних дел. Санкт-Петербург. 43 с.

Шашаев Ә.Қ. (2024) Әлмерек батыр тұлғасы мен Шонжы атауының шығу тарихы // Әлмерек абыз Жаншықұлы және Қарадала өңірі тарихы. Алматы. 51-63 бб.

Юдин В.П. (2001) Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 384 с

Информанттар тізімі:

Информант 1: Бектұрсынов Ызғарбек, Шонжы ауылының тұрғыны, зейнеткер;

Информант 2: Оразалиев Серік, Шарын ауылының тұрғыны, мұғалім;

Информант 3: Алғазиев Бейбіт, Сұңқар ауылының тұрғыны, зейнеткер;

Информант 4: Дәуренбеков Ноғайбек, Шонжы ауылының тұрғыны, зейнеткер;

Информант 5: Есжан Нұрәкім, Дардамты ауылының тұрғыны, зейнеткер.

References

Balee W. (1998) Advances in historical ecology. New York: Columbia University. 429 p. (English)

Cosgrove D., Daniels St. (1988) The Iconography of Landscape: Essays on the Symbolic Representation, Design and Use of Past Environments. Cambridge University Press. 318 p. (English)

Namena A., Varisa A., Lindauer S., Friedrich R., Taimagambetov Zh., Iovita R. (2022). Nazugum, a new 4000 year old rockshelter site in the Ili Alatau, Tien Shan. Archaeological Research in Asia [elektronnyy resurs]. Қол зhetkizu rezhimi: https://osf.io/preprints/socarxiv/c45ws_v1 (қараған күні: 26.07.2025) (English)

ADM, 2024. – Field data of the authors (Almaty region)

Akishev K.A., Kushaev G.A. (1963) Drevnyaya kultura sakov i usunej doliny reki Ili. [Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River Valley]. Alma-Ata. 320 s. (In Russian)

Amanzholov A.S. (1966) Ketmen (Tian-Shyan) tauy zhotasyndary kezdesetin ertedegi zhazular men petroglifter [Ancient inscriptions and petroglyphs found on the Ketmen (Tian-Shan) mountain range]. Izvestie Akademii nauk Kazahskoj SSR. Seriya obshchestvennaya. 79-99 bb. (In Kazakh)

Зерттеу нысандарына Жетісу облысы Кербулак ауданында орналасқан Бостан қорымы кіреді. Ол 2023-2024 жылдарғы далалық маусымда зерттелінген Жетісулық іргелі де ауқымды қорымдардың бірі болып табылады.


Сонымен қатар далалық ізденістер негізінде өңірдегі жаңа археологиялық және тарихи-мәдени материалдарды анықтау зерттеу жұмыстарының мақсатына кіреді. Дегенмен негізгі мақсат археологиялық ескерткіштер мен артефактілерді

зерттеу және мерзімдеуде түрлі әдістерді пайдалану арқылы археологиялық материалдарға сүйене отырып өңірдегі ерте темір дәуіріндегі тарихи кезеңнің біртұтас нобайын қалпына келтіру екендігін айта кеткен жөн. Ал зерттеу жұмысының міндеттеріне Кербулак ауданы Бостан ауылы маңындағы қорымдардағы апаттық жағдайдағы ескерткіштерді қазу, материалдарын талдау, геоморфологиялық зерттеулер, сараптамалық қорытынды жасау, далалық консервация жүргізу және т.б. кіретіндігін ескерткен абзал. Мұндай жұмыстар Қоғалы алқабындағы сак дәуірі ескерткіштерін кеңірек зерделеген кезде толыққанды орындалады деп күтілуде (1-сурет).

Жетісу өңірінде жүргізілген археологиялық ізденістерді *кезеңдестіру* өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Қысқаша түрде тоқтала кетсек: аймақтағы археологиялық ізденістер, соның ішінде ерте темір дәуірі нысандарын зерделеу ХІХ орта тұсынан басталады деуге болады және осыған орай өңірдегі мәдени тарихи нысандардың зерттелу тарихын бірнеше кезеңге бөлу арқылы қарастыруға болады. Біріншіден, ХІХ ғасырдың орта кезеңінен бастап 1917 жылға дейінгі аралықты алатын болсақ, онда шығыстанушы-археолог В.В.Радлов сынды ғалымның қосқан үлесін және Н.Н.Пантусовтың ғылыми жұмыстарын ерекше атап өту керек (Радлов, 1863: 21) Екінші кезең жайында айтатын болсақ, 1920 жылдардың басынан 40-шы жылдарға дейін В.Д.Городецкий, Б.Н.Дублицкий және К.Ход-

жиков Жетісуда азды-кемді зерттеу жұмыстарымен айналысқан болатын (Бахтыбаев, 2008: 100 – 106).. Ал аймақты зерттеудің үшінші кезеңі, әрине, 1946 жылы ҚазКСР Ғылым Академиясының құрылуымен және де қазақ археология мек-

тебі қалаушыларының бірі К.Ақышев, сонымен қатар Б.Н. Нұрмұханбетов, Г.А. Кушаев және т. б. ғалымдардың есімдерімен байланысты. Төртіншісі – тәуелсіздік жылдары (Байпақов, Таймағанбетов, 2011).



1-сурет – Бостан қорымының картада орналасуы

Ал мәселенің тарихнамасына тоқталар болсақ, Қоғалы мен онымен іргелес аймақтардағы сақ мәдениетін зерттеу тарихы ХІХ ғасырдан басталады деуге болады. Осы кездері өңірлік археологияның қалыптасуы орын алды. Патшалық Ресей тұсында Ш.Ш. Уәлиханов, В.М. Флоринский, Н.Н. Пантусов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде өлке тарихы мен мәдениеті ішінара ғана көтерілді (Флоринский, 1898: 16-31). Дәл осы уақыттарда ежелгі дәуір археологиясын зерттеудің қажеттілігі байқалған еді. Сонымен қатар осы тұстан бастап отындық археология жайлы мағлұматтар қоры қалыптаса бастаған еді.

Дегенмен ХХ ғасыр алғашқы жартысынан бастап өңірде археологиялық ізденістер жүргізу қолға алына бастаған еді. Кеңестік заманда Қоғалы мен онымен іргелес өңірлердің архе-

логиялық ескерткіштері ауық-ауық зерттеліне бастады. ХХ ғасыр ортасына қарай Жетісу жерінде зерттеулер жүргізген А.Н. Бернштам болды. Ол Қоғалыға жақындай қоймаса да жетісулық сақтардың бірнеше мекендеген орындарын, қорымдарын тапты (Байгунаков, 2010: 35). Оларды зерделеп, Жетісулық сақтар мәдениеті туралы мәселе көтере бастады. Мұның өзі қазақ сахарасында көне замандарда сақтар мен өзге де халықтар қалыптастырған өркениет ошағы болғандығын айғақтап берген еді.

Қысқа қайырғанда, ХХ ғасыр орта тұсынан бастап Қоғалы мен онымен іргелес аймақтардың археологиясына ден қойыла бастады. Әсіресе Іле өңірінде жүргізілген археологиялық жұмыстар сақ-үйсін кезеңінің мәдениетін әлемге паш етті. Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі

К.А. Ақышев) Бесшатыр, т.б. қорымдардан қызықты материалдар алды. 1950-1960 жылдары жалпы саны 20 шақты қорымды обалар анықталып, ғылыми айналымға енгізілді. Бүгінгі таңда бесшатырлық сақ қорғандары ерте темір дәуірінің алғашқы кезеңіне жататын кешендер ретінде әлемге танылып отыр.

Жетісу археологиясы ғана емес, әлемдік археологияда үлкен бетбұрыс 1969-1970 жылдары қазылған Есік қорымындағы экспедиция жұмыстарының нәтижесінде орын алды. 1970 жылы атақты Есік обасы ашылып, одан «Алтын адам» шықты. Мұның өзі қазақстандық археологияның дамуына жол ашты. Бірегей материалдар негізінде жетісулық сақтардың заттай мәдениеті мен дүниетанымы қалпына келтіріліп, олардың руханияты жайында мәселе көтерілді (Бейсенов, 2020: 34 – 51).

Өңірде нәтижелі жұмыстар атқарған бірқатар археологиялық экспедициялар болды. Солардың бірі 1985-1986 жылдары Б.Н. Нұрмуханбетов пен Ю.И. Трифонов басқарған экспедиция. Бұл ұжым мүшелері Молалы мен Шұбарат қорымдарында археологиялық жұмыстар жүргізді де, соны нәтижелерге қол жеткізді (Нурмуханбетов, Трифонов, 2016: 17-18).

Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қоғалы мен онымен іргелес жатқан өңірлердегі сақтар мәдениетін зерттеу жаңа арнаға түсті. Бұрынғы маркстік-лениндік концепциядан бас тартқан археолог-мамандар сақтар туралы, көшпелілер мен отырықшы халықтар арасындағы байланыстар жайлы, Дала өркениетінің негіздері туралы, сақтардың мәдениеті мен өркениеті хақында ой қозғап, сүбелі пікірлерін ортаға сала бастады.

Бірнеше жылдар бойы археологиялық ізденістер Қаспан ауылы төңірегіне шоғырланды. Қаспан өңірі (Кербұлақ ауданы) де сақтар жайлаған қасиетті мекендердің бірі ретінде жинастырылған материалдар негізінде отандық археология тарихнамасында таныла бастады. Мұнда қатарынан бірнеше жыл, яғни 2009-2018 жылдары А.З. Бейсенов басқарған экспедиция мүшелері нәтижелі еңбек етті. Ондаған оба (Қаспан-1-6, т.б.) қазылып, мол мәліметтер алынды (Бейсенов және басқа, 2015: 59 – 70; 2018: 138-162). Бұл деректемелік қор Қоғалы мен онымен іргелес жатқан сақтардың заттық мәдениетін, дүниетанымын, діни көзқарастарын толықтыра түсті.

Сақтар орталығы болған Қоғалы мен онымен іргелес өңірлердің бірі Қаратал өзені алабы, Талдықорған қаласы төңірегі болып табылады. Мұндағы Дауылбай қорымы соңғы жылдары

жақсы зерттелініп келеді. Ол Талдықорған қаласы әуе-жайы маңында орналасқан. Ә.Т. Төлеубаев сынды зерттеушілер Дауылбай I, II, III қорымдары ерте темір дәуірінің ескерткіштері деп есептейді (Төлеубаев, Жұматаев, Шакенов, 2018). Олар 100-ге жуық қорғандардан тұратын бұл ескерткіштер тобы өз заманындағы бір рулық бірлестіктің жерлеу кешені болған деп болжайды. Археологтар Дауылбай I қорымындағы №1, Дауылбай II қорымындағы №1 обаларда қазба жүргізген.

2023-2024 жылдары Дауылбай қорымында ҚазҰУ археологиялық экспедициясы (жетекшісі: Д.С.Байгунаков) зерттеу жүргізді. Ірі үш оба қазылып, алтыннан, сүйектен, қоладан, ағаштан, теріден жасалған бұйымдар аршып алынды. Алынған материалдар сақтар қоғамындағы діни-мифологиялық танымның сабақтастығын, аздап болса да жергілікті және кірме элементтер жайкүйін айқындауға мүмкіндік берді (Байгунаков, Айтқұл, 2024: 57-60).

Жалпы алғанда, Қоғалы мен онымен іргелес аймақтарда тіршілік еткен сақтар мәдениетін зерттеудің өзіндік маңызы зор. Біріншіден, зерттелу тарихы арқылы отандық археология дамуын жүйелеуге болады. Екіншіден, сол замандағы мәдени дамуды, Қоғалы секілді сақтар қауымдары шоғырланған аудандардағы көне қаракетті, мәдени дамуды көрсете аламыз.

Зерттеу әдістері

Мақалада ерте темір дәуірінде аталған аймақты қоныстанған жергілікті халықтың рухани және материалдық мәдениетін қалпына келтіру үшін дәстүрлі археологияда қолданылатын алуан түрлі әдістер мен тарихи тәсілдерге ерекше мән берілген. Ең алдымен бұрын жүргізілген археологиялық ізденістер тарихына тоқталған кезде тарихнамалық және ретроспективті талдаулар, деректанулық әдістер басшылыққа алынды. Заманауи археология ғылымында осы саланың өзіне тән дәстүрлі әдістер мен тәсілдердің қолданылатындығы белгілі. Археология саласында дәстүрлі түрде қолданылып келе жатқан мұндай әдістер қазба барысында, яғни қорғандарды, қабір шұңқырын қазу кезінде, оба конструкциясын, яки оның сыртқы құрылымдарын зерделеу барысында қолданылғандығын айта кеткен жөн. Барлық атқарылған далалық қазба ізденістерінің фотофиксациясы жасалып, қазба жұмыстарының әрбір кезеңін сипаттайтын фотосуреттер қоры қалыптастырылды. Сондай-

-ақ қазба барысын сипаттау кезінде баяндау, тарихилық принципі, деректанулық әдіс, тарихи-салыстырмалы талдау сынды ғылымның бұрыннан қолданылып келе жатқан әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Ескерткіштегі табылған заттар кешеніне математикалық модельдеу, есептеу, жалпы мен жалқы санын айқындау, статистикалық талдау жүргізілді. Дегенмен қазба барысында табылған артефактілер саны шектеулі болғандықтан, мұндай ғылыми әдістердің үлес салмағы айқын көріне қоймауы да ықтимал. Десе де, методологиялық өзек негізі пәнаралық сипаттағы зерттеу нәтижелерімен сабақтасады. Өйткені ғылыми-зерттеу жұмысының методологиялық негізіне тарих, археология, антропология, этнология, топография және картография секілді бірқатар пәндердің дәстүрлі әдіс-тәсілдері жатады. Зерттеу жұмысында тарих ғылымында қолданылатын барлық принциптер, әдістер негізге алынып, алға қойған міндеттерді шешуде және негізгі мақсатты орындау барысында ғылыми философиялық, тарихи және логикалық әдістер, тарихи-салыстырмалы, т.б. принциптер кеңінен қолданылғандығын айта кеткен ләзім. Егер толыққанды антропологиялық мәліметтер алынар болса, онда осы бағыттағы зерттеу әдістері негізге алынары да сөзсіз. Дегенмен азын-аулақ остеологиялық материалдарға заманауи антропологиялық зерделеу тәсілдерінің ішінара ғана қолданылғандығын да айта кеткен жөн. Топография мен картография әдістері ескерткіштердің орналасу аймағын айқындауда, олардың жергілікті ландшафтпен үйлесімін, өзара байланысын, қоршаған ортамен археологиялық нысандардың өзара қабысып жатуын көрсету үшін кеңінен пайдаланылды. Заманауи технологиялар пайдаланылып, ғылыми-реставрацияда қолданылатын принциптер мен тәсілдер де ішінара негізге алынды дей аламыз. Анығында мұндай жұмыстар зерттелінген қорғандарды рекультивация жасау кезінде кеңінен қолданылды.

Талдаулар

Археологиялық қорым Бостан ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4 км жерде жазық алқапта орналасқан. Іле Алатауынан (Қарабұлақ сайы) шығатын өзеннің шығыс жағында, оңтүстіктен-солтүстікке қарай бір тізбектің бойында. Обалар төмендегі Алтынемел – Қарабұлақ тас жолына дейін жетіп, содан әрі солтүстікке қарай созылған. Қорымдағы обалардың жартысын элитарлық патша ескерткіштеріне жатқызуға болады.

Дегенмен көптеген ескерткіштің ортасында тонау шұңқырлары анықталды. Тізбектің басы қатардағы обалардан басталып, соңы үлкен патша обаларымен аяқталады.

2023 – 2024 жылы далалық зерттеу маусымында, біздің ғылыми топтың тарапынан Бостан қорымына тиесілі обалар тобында ерте темір дәуіріне жататын 4 нысанға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қоғалы жазығында орналасқан обалар 4 үлкен қорымға бөлініп, патша обалардың орналасуы бойынша топографиялық жоспар түсірілді. Аталған обалар тобы Қоғалы жазығындағы 4 – қорым құрамына енгізілді.

2023 жылғы қазба жұмыстары

№ 56 қорған. Археологиялық нысан дөңгелек пішінді, тас пен топырақ аралас құрамнан тұрады. Өзен арнасының шығыс жағында 100 метр қашықтықта орналасқан. Зерттеліп алынған қорымдағы көлемі жағынан кіші обалардың бірі болып таңдалды. Оба Бостан ауылынан Қарабұлақ сайына апаратын қара жолдың бойында болғандықтан, солтүстік-батыс жағы қирауға ұшыраған. Алғашқы көрініс кезінде обаның ортасында тонау іздерін анық байқауға болады. Нысанның диаметрі 9 м, биіктігі 0,45 м-ді құрайды. Обаның орталық нүктесі анықталғаннан кейін, шығыс-батыс бағытта ені 3 метр болатын кесік салынды. Беткі шым қабаты 20 см. Кесікті қазу барысында үлкен таудың тастары кездестірілді. Бұл қабір тастары болуы мүмкін деген тұжырымға тоқтадық. Кесікті толығымен қазып, тазалағаннан кейін, орталық алаңда қабір үсті тас құрылысы аршылды. Тонаушылардың әсерінен тастар бастапқы орындарынан ауысып, шашыраңқы күйде байқалды. Құрылыстың тастары сараланып, алынғаннан кейін, шығыс-батыс бағытта қабір шұңқырының дақтары анықталды. Шұңқырды қазу барысында 1,5 метр тереңдікке дейін, орташа көлемде өзеннің тастары шығарылды. Бұл тастар тонау кезінде ішке лақтырылған болуы мүмкін. Қабір шұңқырының қабырғасы қиыршық тастар мен құм аралыс сары топырақтан тұрды. Күндізгі нүктеден тереңдігі 1,85 м түсірілгеннен кейін, шұңқырдың орталығында адам сүйектерінің қалдықтары анықталы. Қабырға, омыртқа сүйектері және т.б. Қабір шұңқырының ұзындығы 2,3 метр, ені 1,5 метрді құрады.

№ 48 қорған. Тізбектегі алғашқы нысандардың бірі болып табылады. Нысан ортасында тонау іздері анық байқалады. Тас аралыс топырақ оба. Алғашқы жұмыс шығыс-батыс бағытта ені 3,5 м болатын кесік салумен басталды. Аталған аймақ толығымен тазаланғаннан кейін, оба ор-

тасында тастар шоғыры ашылды. Тастарды саралай отырып, бұл қабір үсті құрылысының тастары екеніне көз жеткізілді. Осыдан кейін қабір іздері анықталып қазба жұмыстары жалғастырылды. Тереңдігі 1,6 м қазылған уақытта шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қаратылған

мүрде аршылды. Мүрде анатомиялық қалпында жатқызылған, сақталуы өте нашар. Сонымен қатар мүрденің бас жағында темірден жасалған пышық бөліктері табылды. Қаңқа ұзындығы 1,88 м. Қабір шұңқырының ұзындығы 2,8 м, ені 2,1 м. (2-сурет).



2-сурет – № 48 оба. Қабір шұңқырының көрінісі

2024 жылғы қазба жұмыстары

№ 13 қорған. Алтынемел-Қарабұлақ тас жолынан оңтүстікке қарай 3,7 км қашықтықта, жоғарыда аталған Бостан аулынан 5 км жерде. Теңіз деңгейінен биіктігі 1460 метр. Координаттары: 44°28'8", 78°48'3". Археологиялық нысан дөңгелек пішінді, тас пен топырақ аралас құрамнан тұрады, тонау шұңқырының іздері байқалмады. Дегенмен обаның шығыс етегінде белгісіз жалпақ тас көрінісін тапты. Өлшемдері: 85x35x20 см. Белгіленген оба Қарабұлақ сайынан шығатын өзеннен 130 метр қашықтықты құрайды. Сайға кіре берістегі шаруа қожалығына баратын қара жолдың бойында орналасқан. Обаның диаметрі 6 м, биіктігі 0,25 м. Обаның орталық нүктесі анықталғаннан кейін, шығыс-батыс бағытта ені 40 см болатын стратиграфиялық жал қалдырылды. Алғашқыда жұмыс обаның беткі шым қабатын алумен басталды. Жоғарғы шым қабаты алынып тастап, тастар топырақтан тазартылғаннан кейін, қорғанның тас үйіндісінің толық

көрінісі пайда болды. Жоғарғы шым қабатының қалыңдығы 10 см-ді құрайды. Біздің байқағанымыз, тонаушылардың әсерінен оңтүстік сектордың, орталық құрылыс жағы бұзылған. Осыдан кейін, оңтүстік сектор, жалдың бойымен ені 1 метр болатын кесік салынып, обаның толық стратиграфиясы алынды. Кесікті алу барысында орталық аймақта, қабір үсті құрылысының тасы аршылып, аталған аймақ толығымен тазаланды. Тастың өлшемдері: 80x50x25 см. Солтүстік сектордың орталық құрылысының тастары сараланып, жал алынып, орталық алаң тазартылып алынды. Осыдан кейін қабір үсті құрылысының беткі тастары көріне бастады. Күндізгі нүктеден төмен қарай 40 см-ді құрайды.

Тастардың орналасуына қарай, қабір шұңқырының іздері анықталды. Қабір шұңқырын қазу барысында, 20 см төмен түсірілген соң, адам сүйектерінің қалдықтары шұңқырдың әр жерінде көрінді (қабырға, омыртқа, саусақ). Осыдан кейін, әр деңгейде осындай сүйектер анықтал-

ды. Сүйектермен қатар шұңқыр ішінен орташа көлемде тастар алынды. Біздің ойымызша, қабір үсті құрылысының тастары, тонаушылардың

әсерінен ішке қарай лақтырылған. Табылған сүйектердің сақталуы өте нашар. Шұңқыр ұзындығы 2,2 м, ені 1,2 м (3-сурет).



3-сурет – № 13 қорған. Қорғанның тас жамылғысы және қабір шұңқыры

№ 10 қорған. 1-қазбадан оңтүстікке қарай 50 метр қашықта таңдалды, қара жолдан қашықтығы 28 м. Қазба жұмыстарына дейін, нысан өсімдіктермен және жекелеген бөліктердегі шығыңқы тастармен жабылған, дөңгелек пішінді топырақ құрылымы болды. Кезінде өзен тасығанда, су обаның солтүстік-батыс бұрышын аздап шайып кеткен. Бетінде, орталық бөлігінде 2-3 үлкен тастар болды, мүмкін, тонау нәтижесінде пайда болған. Нысанның диаметрі 5,5 м, биіктігі 0,3 м-ді құрайды.

Қорғанның орталық нүктесі анықталғаннан кейін, ені 3 метр болатын шығыс-батыс бағытында траншея тәсілімен қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба барысында орталық тұста белгісіз сүйек қалдықтары табылды. Сонымен қатар, обаның бастапқы құрылыс тастары толығымен шығарылды. 30 см түсіріліп, кесік алынғаннан кейін орталық аймақта 4-5 тастың ұшы көріне бастады. Толығымен тазартылып, ашылғаннан кейін, қазбір үсті құрылысының тастары екеніне

көзіміз жетті. Ең үлкен тастың өлшемі: 35x18x25 см. Қабір шұңқырын анықтау мақсатында, орталық тастар сараланды. Дегенмен, із анықталмағандықтан орталық аймақта қазба кеңейтіліп алынды. Беткі нүктеден төмен қарай 25 см түсірілгеннен кейін, адам сүйектерінің қалдықтары алынды, сонымен қатар топырақ өзгерістеріне қарай қабір дағының ізін анықтауға мүмкіндік туды Шұңқырды қазу барысында әр аймақта, шашырыңқы күйде сүйектер аршылды. 20 см түсірілгеннен соң, шұңқырдың батыс бұрышында адамның астыңғы жақ сүйегі, аяқтың сүйектері, бас сүйектің қапшықтары, бірнеше тіс, омыртқа, саусақ сүйектері табылды. Оба қатты тоналған деп айтсақ болады. Қабір шұңқырын тазалау барысында, солтүстік қабырғаның түбінде темір бұйымның сынықтары ашылды. Ұзындығы 11 см, ені 1,5 см құрайды (4 – сурет). Осыдан кейін шұңқырдың іші тазартылып, материк қабаты көрінді. Қабір шұңқырының ұзындығы 1,6 м, ені 0,9 м.



4-сурет – № 10 қорған. Темір бұйым

Қорытынды

Зерттеу жұмысының нәтижелері келешектегі ізденістерде талданады, оның нәтижелері білімгерлер үшін дәрістер мен семинарлар курстарын дайындау кезінде қолданылатын болады деп күтілуде. Табылған заттар кешені ғылыми-зертханалық зерттеулер негізінде сараптамалардан өтуде. Түпкілікті нәтижелер ғылыми талдаулар толығымен жүргізілген соң нақтылана түседі.

Бостан археологиялық ескерткішін зерттеу тек бастапқы сатыда. Зерттеудің екі жылындағы жинақталған материал оның аумағында болған тарихи процестерді қайта құруда жалпы контурларын ғана анықтауға мүмкіндік туғызады. Пәнаралық сипаты бар одан әрі кең ауқымды зерттеулер жүргізу қажет, бұл Жетісу өңірі тұрғындарының ежелгі көшпелі мәдениетін дамытудағы кезеңдерді толықтыруға және түзетуге мүмкіндік береді.

Бостан қорымынан алынған материалдар мұнда ерте темір дәуірінде сақ мәдениеті кеңінен қанат жайғандығын нақты аңғартады. Өйткені басқа тарихи-мәдени кезеңдерге жататын ескерткіштердің үлес салмағы өте аз. Яғни, Қоғалы жазығында кездесетін археологиялық нысандардың дені ерте темір дәуірімен мерзімделінеді. Мұның өзі Қоғалы алқабы сақ өркениетінің бір бөлшегі болғандығын нақты дәлелдейді. Элитарлық қорғандардың көптеп кездесуі мұнда билеуші топтардың тұрақты түрде тіршілік еткендігін көрсетеді. Қатардағы қауым мүшелерінің қорғандарынан алынған әкіреттік бұйымдар біршама жұпыны болып келеді. Ал бұл өз кезегінде бостандық тұрғындар арасында әлеуметтік теңсіздік, мүліктік жікшілдік орын алғандығын нақты көрсетеді.

Мақала АР19680046 «Сакские памятники северо-восточного Жетысу (по материалам Коголинской долины)» атты гранттық жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Байғунаков Д.С. (2010). А.Н.Бернштам – исследователь древней истории Казахстана (к 100-летию ученого) // Алаш. №1 (28). С.31-37
- Байғунаков Д.С., Айтқұл Х.А. (2024). Дауылбай обалы қорымы (Қаратал өңірі). Алматы: Қазақ университеті. -146 б.
- Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. (2011). Қазақстан археологиясы: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы / Қазақ тіліне аударған Д.С.Байғунаков. Алматы: Қазақ университеті. 354 б.
- Бахтыбаев М.М. (2008). Исследовательская деятельность Н.Н.Пантусова в Семиречье. Материалы за IV международна практична конференция «Образование и наука на 21 от век – 2008». (17-25 октомври, 2008 г., г. София). Т.7. Закон, история. София: «Бял ГРАД БГ» ООД. С.100-106
- Бейсенов А.З. (2020). Археолог Б. Нұрмұханбетов және Есік өңірі ескерткіштерін зерттеу мәселесі. «I-Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары / Жауапты ред. Г. Р. Мухтарова. Алматы. 242 б. Б.34-51
- Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., Баринаева Е., Крешиволи Л. (2015). Археологические исследования могильника Каспан-6 в Жетісу. Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. Алматы: НИЦ истории и археологии Бегазы Тасмола. С. 59-70
- Бейсенов А.З., Дүйсенбай Д.Б., Китов Е.П., Кулькова М.А. (2018). Исследование сакских курганов в урочище Каспан в Жетісу. Теория и практика археологических исследований. №3. Т.23. С.138-162
- Нурмуханбетов Б.Н., Трифонов Ю.И. (2016). Курганные могильники Шұбарат и Молалы. Саки и савроматы казахских степей. Алматы: Полиграфкомбинат, С.10-19.
- Радлов В.В. (1863). Раскопки в Семиреченской и Копальской областях и в районе г. Верного // ОАК за 1862–1863 гг. С. 21.
- Төлеубаев Ә.Т. Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т. (2018) Дауылбай қорымындағы археологиялық зерттеу жұмыстары. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». №2(14).
- Флоринский В.М. (1898). Топографические сведения о курганах Семипалатинской и Семиреченской областей // Известия Томского ун-та. Т. 1. С. 16–31.

References

- Бағғынаков Д.С. (2010). А.Н.Бернштам – issledovatel drevnei istorii Kazahstana (k 100-letnyú ýchenogo) // Alash. №1 (28). S.31-37
- Бағғынаков Д.С., Айтқұл Х.А. (2024). Дауылбай обалы қорымы (Қаратал өңірі). Алматы: Қазақ университеті. -146 б.
- Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. (2011). Қазақстан археологиясы: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы / Қазақ тіліне аударған Д.С.Байғунаков. Алматы: Қазақ университеті. 354 б.
- Бахтыбаев М.М. (2008) Issledovatel'skaia deiatel'nost' N.N.Pantúsova v Semireche. Materialy za IV mejdýnarodna praktichna konferentsiia «Obrazovanie i naýka na 21 ot vek – 2008». (17-25 oktomvri, 2008 g., g. Sofiia). T.7. Zakon, istoriia. Sofiia: «Bial GRAD BG» OOD. S.100-106
- Beisenov A.Z. (2020). Arheolog B. Nurmuhabetov jáne Esik óñiri eskertkishterin zertteý máselesi. «I-Esik oqýlary: Altyn adam jáne Eýraziyanýń dala beldeýiniń kóshpendiler arheologiasynyń máseleleri» atty halyqaralyq ғылыми-тәжірибелік online-konferentsiia materialdary / Jaýapty red. G. R. Mýhtarova. Алматы. 242 б. B.34-51
- Beisenov A.Z., Djýmabekova G.S., Bazarbaeva G.A., Barinova E., Kreshiolı L. (2015). Arheologicheskie issledovaniia mogil'nika Kaspan-6 v Jetysý. Sakskaia kýltýra Saryarki v kontekste izýcheniia etnosotsiokýltýrnyh protsessov Stepnoi Evrazii. Алматы: NITs istorii i arheologii Begazy Tasmola. S. 59-70
- Beisenov A.Z., Dýisenbai D.B., Kitov E.P., Kýlkova M.A. (2018). Issledovanie saksikh kýrganov v ýrochie Kaspan v Jetysý. Teoriia i praktika arheologicheskikh issledovaniı. №3. T.23. S.138-162
- Nýrmýhanbetov B.N., Trifonov Iú.I. (2016). Kýrgannye mogil'nikı Shýbarat i Molaly. Sakı i savromaty kazahskikh stepei. Алматы: Poligrafkombinat. S.10-19.
- Radlov V.V. (1868). Raskopki v Semirechenskoı i Kopalskoı oblastiah i v raione g. Vernogo // OAK za 1862–1863 gg. S. 21.
- Tóleýbaev Á.T. Jumataev R.S., Shakenov S.T. (2018). Daýylbai qorymyndaғы arheologialyq zertteý jumystary. Elektronnyı naúchnyı jýrnal «edu.e-history.kz». №2(14).
- Florinskiı V.M. (1898). Topograficheskie svedeniia o kýrganah Semipalatinskoi n Semirechenskoı oblasti // Izvestiia Tomskogo ýn-ta. T. 1. S. 16–31.

Авторлар туралы мәлімет:

Байғунаков Досбол Сулейменович – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих факультетінің деканы (Алматы, Қазақстан, e-mail: dosbol_bs@mail.ru)

Ерғабайлов Ақбар Ерболұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих факультеті, Археология, этнология және музология кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: akbarergabylov0@gmail.com)

Information about the authors:

Dosbol Suleimenovich Baigunakov – Dean of the Historical Faculty of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail :dosbol_bs@mail.ru)

Yerabylov Akbar Yerboluly – Doctoral student at the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of History (Almaty, Kazakhstan, e-mail:akbarergabylov0@gmail.com)

Сведения об авторах:

Байгунаков Досбол Сулейменович – декан исторического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: dosbol_bs@mail.ru);

Ермабылов Акбар Ерболұлы – докторант кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, исторический факультет (Алматы, Казахстан, e-mail:akbarergabylov0@gmail.com).

Келін түсті: 08.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

R. Zhumatayev* , **N. Galymzhan** 

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Rinat.Zhumatayev@kaznu.edu.kz

USHBULAK-1 ARCHAEOLOGICAL COMPLEX IN SOUTHERN TARBAGATAI (results of 2024 field research)

The paper presents preliminary results of archaeological research at the Ushbulak complex in the 2024 field season. The complex, located in the southern foothills of the Tarbagatai ridge, consists of a Bronze Age burial ground, 10 multi-layered dwellings of a settlement nature, as well as several groups of petroglyphs. The purpose of the study is to determine the cultural and chronological affiliation of the Ushbulak archaeological complex. Today, the study of various archaeological sites in the complex is of great scientific importance. Since it reveals the entire life of an ancient society. To solve the tasks, the study of the complex and its materials was carried out in a holistic manner. In the course of the study, traditional methods of archeology in general were primarily used: excavations using a comprehensive methodology, as well as mapping of monuments with reference to settlements and water sources, studying the topography and layout of burial grounds, classifying the material complex, dating methods by similarity and natural science methods. As a result of scientific work in the specified field season, 2 burial mounds, 1 settlement and a complex of rock paintings were studied. In the course of comparative typological analysis, as well as radiocarbon ¹⁴C AMS dating, these two burials were attributed to the Bronze Age. The study of the dwelling located next to the burial ground showed that people lived in this area in different historical periods. As a result of exploration work in the gorge, 17 planes with images were identified, the bulk of which are also dated to the Bronze Age and the Early Iron Age. The set of images includes figures of mountain goats, horses and several camels, there are also anthropomorphic characters and scenes of hunting with a dog. The data obtained from the Ushbulak complex will make a great contribution to future studies of the material and spiritual culture of the region as a whole.

Keywords: East Kazakhstan, Tarbagatai Ridge, Ushbulak, cemetery, early Iron Age, Bronze Age, petroglyphs, settlement.

Р. Жуматаев*, Н. Ғалымжан

Әл-Ғараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: Rinat.Zhumatayev@kaznu.edu.kz

Тарбағатайдың оңтүстік беткейіндегі Үшбұлақ-1 археологиялық кешені (2024 жылғы далалық зерттеулердің нәтижелері)

Мақалада 2024 жылғы далалық маусымда Үшбұлақ кешеніндегі археологиялық зерттеулердің алғашқы нәтижелері берілген. Тарбағатай жотасының оңтүстік етегінде орналасқан кешен қола дәуірінің қорымынан, отырықшылық сипаттағы 10 көпқабатты тұрғын жайдан, сондай-ақ петроглифтердің бірнеше тобынан тұрады. Зерттеудің мақсаты – Үшбұлақ археологиялық кешенінің мәдени-хронологиялық тиістілігін анықтау. Бүгінгі таңда кешендегі әртүрлі археологиялық ескерткіштерді зерттеудің ғылыми маңызы зор. Өйткені ол ежелгі қоғамның бүкіл тіршілігін анықтауға мүмкіндік береді. Міндеттерді шешу үшін кешен мен оның материалдарын зерттеу біртұтас жүргізілді. Зерттеу барысында, ең алдымен, жалпы археологияның дәстүрлі әдістері қолданылды: кешенді әдістер қолданылған қазба жұмыстары, сонымен қатар елді мекендер мен су көздеріне сілтеме жасай отырып, ескерткіштерді картаға түсіру, қорымдардың жер бедері мен орналасуын зерттеу, материалдық кешеннің жіктелуі, ұқсастық және жаратылыстану әдістері бойынша мерзімдерін анықтау әдістері. Көрсетілген далалық маусымда жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижесінде 2 оба-қоршау, 1 қоныс және жартастағы суреттер кешені зерттелді. Салыстырмалы типологиялық талдау, сондай-ақ радиокөміртекті ¹⁴C AMS анықтау барысында бұл екі жерлеу қола дәуіріне жатқызылды. Қорымға жақын орналасқан тұрғын жайды зерттеу бұл аймақта адамдардың әртүрлі тарихи кезеңдерінде өмір сүргенін көрсетті. Шатқалдағы барлау жұмыстарының нәтижесінде бейнелері бар 17 жазықтық анықталды, олардың негізгі бөлігі де қола және ерте темір дәуірлеріне жатады. Суреттер жиынтығына тау ешкі, жылқы және бірнеше түйе фигуралары, сонымен қатар антропоморфтық кейіпкерлер мен итпен аң аулау көріністері

ністері кіреді. Үшбулақ кешенінен алынған деректер болашақта жалпы аймақтың материалдық және рухани мәдениетін зерттеуге үлкен үлес қосады.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, Тарбағатай жотасы, Үшбулақ, қорым, ерте темір дәуірі, қола дәуірі, петроглифтер, қоныс.

Р. Жуматаев*, Н. Галымжан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: Rinat.Zhumatayev@kaznu.edu.kz

Археологический комплекс Ушбулак-1 в Южном Тарбагатае (результаты полевых исследований 2024 года)

В статье представлены предварительные результаты археологических исследований на комплексе Ушбулак в полевом сезоне 2024 года. Комплекс, расположенный в южных предгорьях хребта Тарбағатай, состоит из могильника эпохи бронзы, 10 многослойных жилищ поселенческого характера, а также из нескольких групп петроглифов. Цель исследования – определение культурной и хронологической принадлежности археологического комплекса Ушбулак. На сегодняшний день изучение различных археологических памятников в комплексе имеет большую научную важность. Так как оно раскрывает всю жизнедеятельность древнего общества. Для решения поставленных задач изучение комплекса и его материалов проводилось целостно. В процессе исследования в первую очередь применялись традиционные методы археологии в целом: раскопки по комплексной методике, а также картографирование памятников с привязками к поселениям и водным источникам, изучение топографии и планировки могильников, классификация вещевого комплекса, методы датирования по сходству и естественнонаучным методам. В результате научных работ в указанный полевой сезон были изучены 2 курган-ограды, 1 поселение и комплекс наскальных рисунков. В ходе сравнительно-типологического анализа, а также радиоуглеродного ^{14}C AMS датирования эти два погребения были отнесены к эпохе бронзы. Исследование жилища, расположенного рядом с могильником показало о проживании людей в данной местности в разные исторические периоды. В результате разведочных работ в ущелье были выявлены 17 плоскостей с изображениями, основная масса которых датируется также эпохой бронзы и ранним железным веком. Набор образов включает фигуры горных козлов, лошадей и нескольких верблюдов, также имеются антропоморфные персонажи и сцены охоты с собакой. Полученные данные из комплекса Ушбулак внесут большой вклад будущие исследования материальной и духовной культуры региона в целом.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, Тарбағатайский хребет, Ушбулак, могильник, ранний железный век, эпоха бронзы, петроглифы, поселение.

Introduction

In 2024, an archaeological expedition from the Al-Farabi Kazakh National University (headed by R.S. Zhumatayev) conducted research at the Ushbulak archaeological complex, located in the foothills of southern Tarbagatai (Fig. 1).

The southern spurs of the Tarbagatai Range have played a special role in the development of various cultural societies since ancient times. Especially in the Bronze Age and the period of early nomads, this territory was a contact zone linking material and spiritual cultural features between the population of adjacent regions – Sayan-Altai, Saryarka and Zhetysu. To solve both general and specific problems concerning the formation, development and evolution of ancient cultures, it is extremely important to conduct research in such subregions.

The archaeological complex is located in the Urzhar district of the Abay region, 5 km north-

east of the Taskesken-Bakhty national highway, on hilly terrain at the entrance to the gorge. The complex consists of various archaeological sites, including burial sites dating from the Bronze Age to the mazar of the ethnographic period, as well as rock paintings covering a wide chronological range (Fig. 2).

The southern slopes of the Tarbagatai Range are a poorly studied region in archaeological terms. Brief information about the history of the study of the designated territory was presented by us in the following works (Zhumatayev et al. 2024: 160-168; Омаров et al. 2018; Yergabylov et al. 2024: 18-25).

The first scientific research at the Ushbulak archaeological complex was conducted in 2015 by scientists from the Al-Farabi Kazakh National University. In addition to exploration work in the region, burial sites were excavated at the Ortabulak and Ushbulak cemeteries. (Омаров et al. 2016).




Figure 1 – Location of the Ushbulak complex cemetery on the map




Figure 2 – Topographic plan of the site

The main objective of the study is to determine the cultural and chronological affiliation of the studied sites. Specific tasks include a comprehensive description of the archaeological source and the identification of dated analogies.

Materials and methods of research

Field work was carried out in two directions. The first direction was archaeological exploration aimed at identifying new sites and collecting material. The second, main one was excavations at the cemetery and in one of the dwellings of the ancient settlement, as well as studying the rock complex. The methodology of specific studies includes, first of all, traditional archaeological methods of study: mapping, studying the topography and planigraphy of complexes, stratigraphic observations, classification of the material complex, the method of dated analogies, formal typological analysis, elements and methods of statistics, the retrospective method.

In order to determine the cultural and chronological aspects, a comparative typological analysis of the studied objects was used in the course of the study, and the results of ¹⁴C radiocarbon AMS dating were also obtained in the laboratory of the Center for Physical Sciences and Technology in Vilnius (Lithuania) using a mass accelerator

During the analysis of ceramic materials, the sizes of the vessels were determined, the features and differences in their manufacture and shape were described. The study of the morphological features of the vessels of this site was carried out by the method of comparative analysis with the ceramic material of other sites, which made it possible to establish their common features and differences.

For a comprehensive study and holistic reconstruction of the origins and main stages of development of rock paintings at the Ushbulak complex, a set of historical methods was used.

Discussion and results

Research in that year included excavations of two burial enclosures and a settlement, as well as a study of a rock art complex.

Burial complexes. Kurgan-fence No. 3 is an object with a diameter of about 5 m, made of flagstone and covered with turf vegetation. The planigraphy is recorded as a round internal fence with a central sparse layout, forming a platform with a diameter of 2.9 m. In the southern sector of

the fence, the stones are laid more densely, opposite is a semicircular “loose” zone. In the center of the platform, a spot of a grave pit was recorded, oriented along the west-east axis, in the middle of the spot there was an oblong stone layout oriented to the north. The size of the spot is 2 × 1.2 m; inside it, longitudinal stonework 1.5 × 0.4 m is noted. Five separate stones have been preserved 10 cm below the level of the stone embankment, yellowish spots are observed nearby, interpreted as a possible “ejection” from a robbed pit.

The burial structure revealed a rectangular pit measuring 1.8 x 0.9 m with a west-east orientation. At a depth of about 60 cm from the daylight surface, there was a skeleton of a teenager in an extended position on his back, with his head to the west. The left arm was partially bent at the elbow. The preservation of the skeleton is extremely unsatisfactory: fragments of the spine and ribs, leg bones, and left arm are present. Measurements of the bone lengths (thigh 27 cm, shin 23 cm, shoulder 22 cm, forearm 18 cm) and the body length from shoulders to ankles 103 cm confirm adolescence. Remains of wood were noted near the left shoulder, to the right of the skeleton there is a shallow pit (depth 10 cm; 20 x 14 cm) and a small spot near the feet.

A comparison of the architecture and ritual of kurgan-fence No. 3 with similar sites in Central and Eastern Kazakhstan allows us to identify a number of common features characteristic of burial complexes of the Bronze and Early Iron Ages. In particular, circular stone fences and central burial pits with an elongated body position are found in the kurgans of the Begazy-Dandybaevskaya culture (Margulan et al., 1966, 71).

This is also indicated by the results of radiocarbon analysis of the bone from the left shoulder area of the buried person. Sample FTMC-UQ16-1 gave a value of 3333 ± 32 BP. Calibration was performed in OxCal v4.4.4 according to the IntCal20 curve (Reimer et al., 2020): 68.3% – 1628–1536 cal BC; 95.4% – 1689–1518 cal BC (93.5%) and 1731–1721 cal BC (1.9%). The obtained interval confidently places the complex in the middle of the 2nd millennium BC and is consistent with the archaeological features of the object.

Kurgan-fence No. 4. The site was partially visible before excavation due to large stone blocks that protruded to the surface of the ground. After removing the turf layer, a rectangular fence measuring 3.5 x 4 m was cleared. The stone blocks located along the perimeter of the fence were

irregular in shape and of varying sizes; they were laid tightly to mark the boundaries of the structure. The outer stones used to build the fence were on the surface and partially sunken into the ground. Some stones were placed horizontally, forming a continuous contour, while others were laid vertically or at an angle, which gave the texture of the fence additional variety.

Inside the fence there were small stones, which were chaotically arranged and were not organized into a single structure. The outer contours of the fence were relatively well preserved, despite partial destruction and the absence of individual stones in some areas. The inner part, on the contrary, was a mixture of large and small stones without a clear structural organization.

The stones of the inner part of the fence were removed after they were sketched and fixed. As a result of the clearing, several large stone blocks were exposed, tightly dug into the ground. On the same plane, it was possible to discover a grave spot, which allowed to continue excavation over its area. The object was plundered in ancient times, the inventory is missing.

The architecture of both structures demonstrates planning techniques that are stable for the Bronze Age of Eastern Kazakhstan and the Upper Irtysh region: the presence of a stone fence with a clearly marked central zone and a burial pit along the west-east axis. The regional tradition is characterized by the construction of soil pits with ceilings: the soil taken from the pit was laid out inside the fenced area, then wooden planks (sometimes slabs) were laid on the ledges, and a low embankment was formed on top; robberies led to subsidence of the ceiling inward (Tkachev, Tkacheva, 2008: 121-133). Close analogies are observed in the Kyzyltas cemenry ground, where rectangular and oval fences with central soil pits with ledges and double ceilings (at the level of the ledges and the mainland) were studied; collapsed fragments of ceilings are recorded in the backfills. This scheme is comparable with that observed in kurgan No. 3, including the orientation of the burials and the scenario of post-deformations (Tkachev, Tkacheva, 2008: 172).

The closest geographical analogue of the sites studied by archaeologists can be considered the Botpai cemenry (Ayagoz district, Abay region). Here, in the central part of the fences, stone cists were found, sometimes covered with slabs, and radiocarbon AMS dating dates the complex to the 20th century BC. Kurgans No. 3 and No. 4 are comparable to the Botpai small fences in external

architecture (circular or rectangular outline, central spot, local accumulations of stone), but they differ fundamentally in the absence of stone boxes: in the center, a ground burial pit is recorded without a cist frame (Omarov et al., 2023: 9). For kurgan-fence No. 3, an additional difference is the presence of wooden elements, interpreted as a ceiling or flooring.

Excavations of the settlement Ushbulak 1. Before the work began, stone outcrops were recorded on the site, interpreted as the remains of capital masonry. Fragments of ceramics were noted in the emissions from marmot burrows, indicating the presence of a cultural horizon nearby and secondary redistribution of material by bioturbation. The excavation was laid 3 m to the south of the burrow, the reference point is two parallel rows of large stones stretching along the northwest – southeast line. The excavation grid is marked with Latin letters (A, B) from east to west; five squares are divided into two rows diagonally northeast – southwest. Within the grid, loci of ash inclusions, spots of compacted yellow soil and areas of loose gray soil were noted already at the exploration stage; the sod horizon on the site is on average 10-11 cm. Below is a description of the excavation by squares:

A1. The thickness of the surveyed layer from the modern surface is 1.3 m. Sod (11 cm) and a layer of manure (12–20 cm) were recorded above the cultural layer, indicating late economic use of the site as a camp zone/sheepfold. In the north-eastern sector, within the manure horizon, traces of burnt household remains were revealed; a fire pit with an area of about 1.5 m², the thickness of the ash-carbonaceous package is 5–10 cm. Under it, there is an intermittent bedding of small sandstones, probably an under-stove/under-grate, stabilizing the heating unit. In the southern wall, below the sandstone level, a round pit with a diameter of 30 cm and a depth of 12 cm was uncovered; according to its configuration and position, it is interpreted as an economic (pillar/accumulative) pit associated with the use of a hearth or interior. The overall picture indicates a stable domestic hearth with a prepared foundation and subsequent episodes of piles/clogging.

A2. Within the square, stone structures-oriented northeast – southwest, built of large blocks are documented; in the northern part – their destructive remains, indicating the dismantling of a section of the wall. In the gap, a separator stone is traced, marking the boundary of the room or an internal pier. Individual blocks of sizes 70 × 45 × 15 cm and 90 × 55 × 25 cm are noted – a typical set for face

masonry. The length of the recorded internal space (the central room) is about 2.5 m. The thickness of the surveyed layer from the modern surface is 1.3 m. Sod (11 cm) and a layer of manure (12-20 cm) are recorded above the cultural layer – a sign of late economic use of the site as a camp zone / sheepfold. In the north-eastern sector, within the manure horizon, traces of burnt household remains were found; a fire pit with an area of about 1.5 m², the thickness of the ash-coal package is 5-10 cm. Under it, there is an intermittent bedding of small sandstones, probably a stove/grate stabilizing the heating unit. In the southern wall, below the sandstone level, a round pit with a diameter of 30 cm and a depth of 12 cm was opened; according to its configuration and position, it is interpreted as a household (pillar/accumulation) pit associated with the use of the hearth or interior. The overall picture indicates a stable domestic hearth with a prepared foundation and subsequent episodes of piles/clogging; a two-shaft scheme is likely for the laying actor: external and internal versts of large stones with presumable backfilling with small stones and soil (partially lost).

A3. The central part of the building. Below the turf, sampling for 15 cm of the cultural layer did not yield: no cultural inclusions were noted within the square. The wall is folded more densely and “on the edge”, transversely; large stones predominate in the south, probably the supporting part of the pier. The absence of cultural inclusions with massive masonry allows for interpretation as a foundation/retaining area, brought out higher in neighboring squares, or as a zone of late disassembly-shift, with the removal of cultural material into adjacent cells.

A4. The most powerful wall of the complex begins from the northern part of the square; the thickness of the masonry is 70-80 cm, clay layers/bond are locally recorded, which strengthened the adhesion of the stone. Under the wall there is a light yellow dense platform about 3 cm thick – interpreted as a prepared adobe floor (rolled bedding). The presence of bonded masonry and floor in one section indicates a stationary, non-seasonal phase of the functioning of the room.

A5. A series of multi-colored horizons can be read along the northern and eastern walls of the square. After fixing the floor, the stratigraphic edge between A4 and A5 was removed, which made it possible to reconstruct the sequence of surfaces: directly above the light yellow floor lies a manure layer, above it is a soft yellow loamy horizon covered by a layer of garbage inclusions. This sequence reflects a change

in operating modes: from a residential phase with regular cleaning and maintenance of the floor to a commercial (camp) phase with the accumulation of manure and non-separated garbage.

B1–B5. The squares cover the outer western wall of the structure. The masonry is made using a single technique from stones of the same fraction; the variability of the landmarks is minimal, which, together with the straightened front, indicates the primary enclosing function of the wall. No additional architectural elements (buttresses, openings) were found within the cells; the structure is uniform.

L5–M5. After removing the turf, a 10 cm sample revealed the outer walls of the southern room, about 1 m thick. The structure is in two parallel rows, the cavity between the walls is ~0.4 m; probably, backfilling was originally intended (partially lost due to the blowing out of small filler). This two-verst scheme increased the stability of the wall and provided thermal insulation, which is typical for stone dwellings in continental climates.

The excavations revealed a capital stone structure of complex composition, including several rooms and a system of internal/external walls. The internal contour is traced by a wall up to 1 m wide; the length of the north-western wall is about 5 m, the south-western one is 6 m. The internal space measures 2.8 × 3.7 m (≈ 10.4 m²), the height of the surviving masonry is up to 0.7 m. The masonry is predominantly dry from large slabs and boulders, locally with a clay binder (A4), with a probable two-shaft technique and inter-wall backfilling (L5–M5). Signs of functional zoning are recorded: a home hearth with a prepared foundation (A1), a dividing/marker wall and piers (A2–A3), an area with a floor surface (A4) and a subsequent camp phase (A5). The western line (B1–B5) served as a fence and simultaneously as an anti-erosion/retaining wall (Fig. 3). The complex of stratigraphic observations (floor – manure – soft yellow horizon – garbage) reflects at least two operational phases: the initial residential phase with a habitable interior and the late economic phase, probably associated with the corralling of cattle and secondary littering of the space. The ceramic fragments found in bioturbation emissions confirm the presence of a cultural layer, but their information content is reduced by secondary transfer; the micromorphology of the floor (thin sections), the search for fecal spherules, phytoliths/starches from the ash packets of the hearth are shown to clarify the chronology and functions of the premises. Without introducing additional

dating materials, the chronological assessment of the structure remains at a preliminary level; the construction techniques (double-verst walls, adobe floor, hearth with sandstone base) and the observed

sequence of phases correspond to a stationary dwelling with subsequent economic re-exploitation within the framework of the local stone construction tradition of the region.




Figure 3 – Ushbulak settlement plan

Pottery from the settlement. As a result of field work at the Ushbulak-1 settlement, 32 fragments of ceramics were discovered. This ceramic material can be divided into two conventional groups: a) surface – these are shards of vessels collected from nearby territories (8 fr.); b) complex – these are fragments of clay dishes found in the turf layer of the Ushbulak-1 settlement (24 fr.). Of these, 4 fragments belong to the rims of different vessels. In addition, the ceramics and surface material discovered at the settlement are scattered material belonging to different historical periods (Fig. 4). Most of the fragments of the vessel

walls have no ornamentation, only one of them has traces of notches (the motive is unclear). The thickness varies from 0.6 to 1.1 cm. The diameter is from 9 to 19 cm (Table 1.).

Vessel 1. Ush1.24.A4.SL.C2. Fragment of the rim of a ceramic jar-shaped vessel. The rim is slightly profiled, pointed. Traces of paint on the outer surface (reddish-brick color). The diameter of the mouth of the vessel is 11 cm, the thickness of the walls is 0.6 cm. The surface of the vessel is well smoothed, without ornamentation. The firing is uniform, restorative. The dough is dense.




Figure 4 – Vessels

Similar ornamented vessels were found in settlements of Gorny Altai (Gorny Kordon-1 settlement) and were mostly decorated with rounded (oval) indentations located under the rim in one horizontal row. Such ornamentation is widely used in Irmen and transitional ceramics from the Bronze Age to the Early Iron Age. (Beisenov, 2017: 79-80).

Vessel 2. Ush.1.24.A3.SL.C.1. Fragment of the rim. Low-profile, rounded. The diameter of the mouth of the vessel is 19 cm, the thickness of the walls is 1.1 cm. Color: Inside there are traces of burning. External: Color is grayish-brown. The fracture is dark gray. The manufacturing method is patchwork. Firing is uniform, restorative. The dough is dense.

Vessel 3. Ush.1.24.A5.SL.C5. Fragment of a rim. It has a jar shape with a rim that is rounded in section, slightly curved outward. The diameter of the mouth of the vessel is 13 cm, the thickness of the walls is 0.7 cm. It is decorated with a horizontal slightly curved roller. There are rows of vertical notches along the roller. Traces of soot on the outer

and inner surfaces. Color: black, fracture black. Reduction firing. The dough is coarse.

Similar jar-shaped vessels with an applied roller were found in the Altai Mountains (Kurotinsky Log-1 and Khemchik-2). Settlements with roller ceramics in the Altai Mountains were associated by P.I. Shulga with the population that left burials of the Pazyryk type, since she knows of analogies only in the ceramics of the Late Bronze Age of Kazakhstan (including Dongal) and the adjacent part of the Altai Territory (Shulga, 1990: 83-87). Similar ceramics were found in the Gorely Kordon settlement (south of Kulunda, near the border with Kazakhstan), which researchers attribute to the transitional period from the Late Bronze Age to the Early Iron Age (Frolov et al., 1999: 66-69; Frolov et al., 2002: 135-139; Beisenov, Loman, 2009: 238).

Vessel 4. Ush1.24.A5.SL.C1. The fragment of the rim is rounded, slightly curved outward, weakly profiled. It has a short neck, emphasized by a groove 0.9 cm wide. The diameter of the mouth of the vessel is 9 cm, the thickness of the walls is 0.7 cm. The firing is uniform, restorative.

Table 1 – Morphological analysis of corollas from the Ushbulak-1 settlement

№	Sector/Layer	Diameter	Thickness	Burning	Morphology
Ushbulak 1					
1	Ush1.24.A4.SL.C2	11	0,6	restorative	jar
2	Ush1.24.A5.SL.C1	9	0,7	restorative	jar
3	Ush1.24.A5.SL.C5	13	0,7	restorative	jar
4	Ush1.24.A3.SL.C1	19	1,1	restorative	jar

Ceramic fragments of the studied settlement have the following features: vessels – closed jars are distinguished by the shape of the rim and body. The ornament consists of rounded depressions, a roller, a comb and a smooth stamp (plant motif). Restorative firing predominates. Comparison of data with materials from adjacent territories allows us to say that the ornamentation technique and forms recorded at the settlement of Ushbulak-1 and 2 (pit) are generally characteristic of the Dongal-early Sak collections of Northern Kazakhstan, Altai and Zhetysu, and date back to the 8th-7th centuries BC (Beisenov, Loman, 2009: 239). It should also be noted that the presence of vessels decorated with one row of pearls along the edge of the rim is a characteristic feature of the ceramic complexes of settlements and burial grounds of the early Iron Age of the Upper Ob region and the northern foothills of Altai, the southern taiga regions of Western Siberia and a number of other adjacent regions (Frolov et al. 1999: 67).

Complex of rock paintings. We have very little information about the petroglyphs in the Tarbagatai foothills. There are several scientific papers on certain complexes (Samashev, 2018; Rogozhinsky, 2011; Sala et al. 2016). Therefore, the study of the Tarbagatai rock paintings is of great importance. As a result of the work carried out, 17 small panels with drawings were identified, related to different historical periods. During the research, it was revealed that some panels are single, and we cannot classify them into groups. That is why we have one group consisting of 17 panels (Fig. 5).

Panel 1. The surface is vertical with a south-eastern orientation. The panel is the largest in group 1 with a multi-figure composition. It has a fairly large number of images. The preservation of these images is satisfactory. In the upper right corner there is an image of a deer, next to which there are waves. At the bottom of these waves there is a tamga, as well as a horse. On the surface there are a large number

of mountain goats, argali. Among the images, presumably, a scene of a battle between two people and a single figure of a person is depicted. Also, the image of a snake in the center attracts attention. The lower part is made entirely of mountain goats and argali. Mostly, the heads of these animals are turned to the right. Among the images there is also a dog.

Panel 2. The surface is vertical with a southwest orientation. The panel itself is located perpendicular to plane 1. There are images of mountain goats. There are no images in the center of the panel.

Panel 3. The surface is vertical with a south-east orientation. Small in size. There are clear images of 3 horsemen, an archer, a camel and a single human figure in the lower right corner. The panel is 2-3 m from panel 1.

Panel 4. Vertical panel with south-eastern orientation. There are images of people, as well as a mountain goat.

Panel 5. Vertical panel with south-eastern orientation. Identification of the image is difficult. Presumably a dwelling was knocked out(?).

Panel 6. The panel is vertical with a south-eastern orientation. The panel itself is damaged by modern inscriptions in the center. At the bottom of the left side there is a single image of a man, next to it there is presumably a dog. On the right side there are mountain goats. At the top of the right side of the surface there is an unidentified animal.

Panel 7. Vertical panel. Single image of a mountain goat.

Panel 8. The surface is vertical with a south-eastern orientation. There are images of a mountain goat, a deer and presumably a dog.

Panel 9. Vertical panel with south-eastern orientation. The plane depicts a deer with branched antlers. There are images of unidentified animals.

Panel 10. Vertical surface with southern orientation. Mountain goats are depicted in thin lines. Presumably by scratching. There is also an image of a deer.



Panel 1



Panel 15




Figure 4 – Petroglyphs

Panel 11. The panel is vertical with a south-eastern orientation. It is damaged by modern inscriptions. In this connection, it is difficult to determine what kind of images are underneath them. There are images of camels on the panel. An unidentified animal is above the surface.

Panel 12. A vertical panel with a southern orientation. The preservation of this panel is unsatisfactory, which makes it difficult to identify some images. Presumably, there is an image of a mountain goat (?) on the panel, and an unidentified animal below the panel. Above there is an image of a deer, the antlers of which are not visible due to sunburn, but there is a trace.

Panel 13. Vertical panel with southwest orientation. Single image of a deer.

Panel 14. The panel is vertical with a south-eastern orientation. A single image of a deer. An image of an unidentified animal is carved nearby.

Panel 15. A vertical panel with a southwestern orientation. Situated quite high and is one of the large panels in group 1. Multi-figure composition. Excellent preservation of the images. There is a

composition of a horseman hunting with a dog for 9 mountain goats, whose heads are turned to the left. Opposite, there are mountain goats depicted with their heads turned to the right. At the top of the panel, images of two deer of different sizes are carved out. Next to them, a single mountain argali (mountain sheep) is depicted. There are about 5 images of two-humped camels. What is interesting about this panel is that there is an inverted image of what is presumably a dog (?). There is a composition consisting of two men and a woman facing each other. One of the people is depicted holding a club. Along one line of this composition, there is an image of a tamga. A single image of a person is carved out.

Panel 16. Vertical panel with southwest orientation. Situated slightly perpendicular to panel 15 group 1. The image of two mountain goats is knocked out.

Panel 17. A vertical panel with a southwestern orientation. The panel itself is damaged by modern inscriptions. In the center, a single image of a mountain argali is carved, its head facing left. At

the top of the plane there is an image of what is presumably a man.

Thus, 17 panels with petroglyphs were preliminarily recorded and described at the sites in the 2024 field season. The oldest rock art images date back to the Bronze Age and the early Iron Age. The images were made on the most convenient and spacious panels. The species composition of the petroglyphs is typical for Eastern Kazakhstan. The repertoire of plots mainly consists of images of animals; horses, mountain goats, deer and camels, archers and standing people for the Bronze Age; goats, rams, archers and horsemen for subsequent periods. The preservation of these images is satisfactory. Mostly, the images were made on vertical panels, and some images were also made on horizontal single slabs. We associate the composition of the animal images with the animal world of this territory, as well as with their vital activity.

In the course of these studies it was found that the rock paintings are not compactly located on rock outcrops. The panels themselves are mostly small in size. They have a southern and south-eastern orientation, some of them have a south-western orientation. They are covered with a crust of desert “tan” of dark brown color. Some panels with rock paintings and the petroglyphs themselves are covered with modern inscriptions. In the course of the studies it was found that some panels are single, and we cannot classify them into groups.

Technically, the Ushbulak rock carvings are characterized by two techniques: knocking out (dotted) and drawing. Each of them has a number of variants. In a few cases, it is possible to trace a sketch made with finely drawn lines for dotted engravings.

Conclusion

The results of field research in 2024 showed that the Tarbagatai foothills were the scene of complex interethnic and intercultural ties in the ancient and medieval periods. The era of the final Bronze

Age and the early Iron Age is of great importance in studying the distant past of modern peoples. It was at this time, as a result of complex processes of ethnogenesis, that the foundation for the design of the modern ethnocultural map of Eurasia was laid. In this regard, the archaeological complex is of great scientific importance, as it is represented by different types of sites of the indicated periods. The kurgan-fences are the first studied burial sites of the Bronze Age in the territory of southern Tarbagatai, as well as the settlement. To date, this is the third studied settlement in Tarbagatai, the first two being the settlements of Karashoky in the Zaisan district of the East Kazakhstan region and Eleke sazy in the Aksuat district of the Abay region. The last Ushbulak differs from them in its multi-layered nature, in particular, in the rich ceramic material of the transition period from the Bronze Age to the Early Iron Age.

The discovery of a nearby rock complex increases the scientific significance of the Ushbulak archaeological complex. Systematization and detailed analysis of the rock paintings of the complex made it possible to identify various stylistic groups that appeared within the framework of a single pictorial tradition, trace the dynamics of development, clarify the dating and their cultural attribution. At the moment, the problem of preserving these sites is acute.

Future research in this complex serves as a starting point for a detailed reconstruction of historical events in the Bronze and Early Iron Ages in Tarbagatai. In addition, it provides an opportunity to compare archaeological data from this region with data from adjacent areas, which will eventually allow for broader conclusions to be drawn.

The paper was prepared with the financial support of the grant funding of the Committee of Science the MSHE of the Republic of Kazakhstan. IRN: AP19576316 “Archaeological complexes of the Early Iron Age in the southern slopes of Tarbagatai: an interdisciplinary study”.

References

- Beisenov A.Z., Loman V.G. (2009). *Drevniye poseleniya Tsentralnogo Kazakhstana (Ancient settlements of Central Kazakhstan)*. Almaty: “Inzhu-Marzhan” printing house. 264 p. (in Russian).
- Beisenov A.Z., Shulga P.I., Loman V.G. (2017). *Poseleniya saksokoi epohi (Settlements of the Saka era)*. Monograph. Almaty: NICIA “Begazy-Tasmola”, 208 p. (in Russian).
- Frolov Ya.V., Vedyanin S.D., Izotkin S.L. (1999). *Kompleks drevnikh poseleniy – Gorelyy Kordon (Complex of ancient settlements – Gorely Kordon)*. Mikhailovsky district: Essays on history and culture. Barnaul. p. 66–69. (in Russian).

Frolov Ya.V., Papin D.V., Shamshin A.B. (2002). *Gorelyy Kordon – pervoye poseleniye perekhodnogo perioda ot epokhi pozdney bronzy k rannemu zheleznomu veku na yuge Kulundy (Gorely Kordon – the first settlement of the transition period from the Late Bronze Age to the Early Iron Age in the south of Kulunda)*. Northern Eurasia in the Bronze Age: space, time, culture. Barnaul, P. 135–139.

Margulan A.H., Akyshev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. (1966). *Drevnyaya kultura Centralnogo Kazakhstana (Ancient culture of Central Kazakhstan)*. Alma-Ata: Nauka KazSSR. (in Russian).

Omarov, G.K., Besetayev, B.B., Sagyndykova, S.T. (2016). *Urjar awdanında 2016 jılı urgizilgen arxeologiyalıq qazba jumistarinın aldın-ala qoritındısı (Preliminary results of archaeological excavations conducted in Urzhar district in 2016)*. Materials of the international scientific and Practical Conference “New research methods in archeology” within the framework of the state program “People are in the flow of history”. Almaty: Qazaq University, p. 189-198 (in Kazakh).

Omarov, G.K., Zhumatayev, R.S., Besetayev, B.B., Sagyndykova, S.T., Sapatayev, S.A. (2018). *Urzhar audanynyn arkheologiyalyk eskertkishteri (2015-2017 zhyldardagy arkheologiyalyk zertteuler natizheleri) (Archaeological sites of Urdzhar district (results of archaeological research for 2015-2017))*. Almaty: Qazaq University, 109 p. (in Kazakh).

Omarov G.K., Besetaev B.B., Sagyndykova S.T. (2023). *Arkheologicheskiye raskopki na pamyatnikakh Botpay 1 i 2 v 2021 godu (Archaeological excavations at sites Botpai 1 and 2 in 2021)*. Materials of “XV Orazbayev Readings”. Almaty: Kazakh University, p. 8–11. (in Russian).

Reimer, P. J., Austin, W.E.N., Bard, E., Bayliss, A., Talamo, S. (2020). *The IntCal20 Northern Hemisphere Radiocarbon Age Calibration Curve (0–55 cal kBP)*. Radiocarbon, 62 (4), 725–757. (in English).

Rogozhinsky A.E. (2011). *Petroglify gor Tarbagatay (Petroglyphs of the Tarbagatai Mountains)*. From Altai to the Caspian Sea Atlas of monuments and attractions of nature, history and culture of Kazakhstan. Volume 1. Eastern, Northern and Central regions. p.238-243. (in Russian).

Sala R., Toleubayev A., Deom J. (2016). *The Mursalim petroglyph site*. Proceedings of the international scientific and practical conference “VIII Orazbayev Readings” / Editor-in-chief A.B. Kalysh. Almaty: Kazakh University. p. 99-106. (in English).

Samashev Z. (2018). *Petroglify Tarbagataya. Shimaily (Petroglyphs of Tarbagatai. Shimaily)*. – Astana. 366 p. (in Kazakh and Russian).

Shulga P.I. (1990). *Issledovaniye poseleniy rannego zheleznoogo veka v Gornom Altaye (Study of settlements of the early Iron Age in the Altai Mountains)*. Protection and use of archaeological monuments of Altai. Barnaul, p. 83–87. (in Russian).

Tkachev A. A., Tkacheva N. A. (2008). *Epokha bronzy Verkhney Priirtyshya (The Bronze Age of the Upper Irtysh Region)*. Institute of Northern Development Problems SB RAS. Novosibirsk: Nauka, 304 p. (in Russian).

Yergabylov A.E., Galymzhan N.G., Sisikenova G.S. (2024). *Istoriya izucheniya pamyatnikov yuzhnykh sklonov Tarbagataya (ranniy zheleznyy vek) (History of the study of monuments of the southern slopes of Tarbagatai (Early Iron Age))*. Proceedings of the XLVIII International Multidisciplinary Conference “Innovations and Tendencies of State-of-Art Science”. Bestseller Netherlands, Rotterdam, Netherlands. p.18-25. (in Russian).

Zhumatayev R., Besetayev B., Rysbek B. (2024). *Archaeological research at the Tastak cemetery in 2023 (Abai region, Urzhar district)*. Bulletin of history. №3 (114). p. 160-168. (in English).

Information about the authors:

Rinat Zhumatayev – PhD, Head of Department of Archaeology, Ethnology and Museology, Kazakh National University named after Al-Farabi (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Rinat.Zhumatayev@kaznu.edu.kz)

Nurnazar Galymzhan – Lecturer, Department of Archaeology, Ethnology and Museology, Kazakh National University named after Al-Farabi (Almaty, Kazakhstan, e-mail: galym_nazar@mail.ru)

Авторлар туралы мәлімет:

Ринат Жұматаев – PhD, Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: Rinat.Zhumatayev@kaznu.edu.kz)

Нұрназар Ғалымжан – археология, этнология және музеология кафедрасының оқытушысы, әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: galym_nazar@mail.ru)

Сведения об авторах:

Ринат Жұматаев – PhD, заведующий кафедрой археологии, этнологии и музеологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Rinat.Zhumatayev@kaznu.edu.kz);

Нурназар Галымжан – преподаватель кафедры археологии, этнологии и музеологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: galym_nazar@mail.ru).

Келін түсті: 04.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

Х.А. Айткүл¹  Б.Б. Кожаметов^{2*} 

¹“Есік” мемлекеттік тарихи-мәдени музейі-қорығы РМҚК, Есік, Қазақстан

²ҚР ҒЖБМ ҒК “Ғылым ордасы” ШЖҚ РМҚ, Алматы, Қазақстан

*e-mail: bagashar0909@gmail.com

ТАСТЫӨЗЕК-1 ҚОРЫМЫНДАҒЫ (ҚОҒАЛЫ АҢҒАРЫ) 2025 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қоғалы алқабындағы археологиялық кешеннің бір бөлігі болып табылатын Тастыөзек-1 қорымы төрт қорғаннан тұрады. Тақырыптың өзектілігі: бұл кешен ерте темір дәуіріндегі қорғандардан тұратын қорым санатына кіреді және оның бір бөлігі ауыл шаруашылық жұмыстары салдарынан жойылу алдында тұрғандықтан нысанды шұғыл түрде зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Жұмыстың мақсатына Қоғалы алқабындағы сақтардың хронологиясы мен әлеуметтік-экономикалық тарихы мәселелерін қарау кірсе, міндеттеріне жерлеу инвентарын талдау және сипаттау; заттай мәдениеттің даму динамикасын анықтау; археологиялық ескерткіштердің ерекшелігін айқындау; Қоғалы алқабындағы және оған іргелес аумақтардағы сақ қауымдастықтарының мәдени-экономикалық байланыстарын саралау және т.б. Зерттеудің методологиялық негізіне археологиялық зерттеу тәсілдерін салыстырмалы талдау арқылы, үдерістер мен құбылыстарды олардың динамикалық дамуында және олардың алуан түрлілігінде қарауға мүмкіндік беретін шынайылық пен тарихилық принциптерін анықтау жатады. Жұмыста типологиялық, тарихи-жүйелік, тарихи-салыстырмалы және тарихи-генетикалық әдістер, сондай-ақ қазіргі археологияда қолданылатын пәнаралық тәсілдер қолданылды. Қарастырылып отырған Тастыөзек ескерткіштерін зерттеу жұмыстары 2025 жылы басталды. Бұл мақалада Тастыөзек-1 қорымына кіретін екі қорғаннан алынған материалдар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы: археологиялық материалдар негізінде сақ мәдениеті бұйымдарының әртүрлі санаттарын айғақтайтын хронологиялық шеңбер айқындалған; оның даму динамикасы қарастырылған; жерлеу рәсімі мен құрал-саймандарды егжей-тегжейлі талдау негізінде Қоғалы алқабындағы, оның ішінде Жетісу аумағындағы археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктері анықталды. Сыртқы құрылысы мен жерлеу жабдықтарына қарағанда жоғарыда аталған некрополь шағын отбасылық топқа тиесілі болуы мүмкін. Қорымның хронологиялық шеңбері б.з.б. VI-IV ғасырлармен мерзімделінеді. Қорым сақ мәдениетінің Қоғалы археологиялық кешеніне кіретін басқа да ескерткіштермен қатар сипатталады.

Түйін сөздер: Жетісу, Қоғалы, археология, ерте темір ғасыры, сақтар, қорым.

Kh.A. Aitkyl¹, B.B. Kozhahmetov^{2*}

¹State Historical and Cultural Reserve-Museum “Issyk”, Issyk, Kazakhstan

²RSE on PVC “Gylm Ordasy” of the CS MES RK, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: bagashar0909@gmail.com

Research results in the Tastyozek-1 burial ground (Kogali plain) in 2025

The Tastyozek-1 burial ground is part of the archaeological complex in the Kogaly valley, which includes four burial mounds. The relevance of the topic lies in the fact that this complex is the remains of an Early Iron Age burial mound, part of which was destroyed during agricultural work and requires an immediate study of the above-mentioned object. The purpose of the work is to consider the issues of chronology and socio-economic history of the Saks of the Kogaly valley; the objectives are: analysis and characterization of funeral equipment; identification of the dynamics of the development of material culture; identification of the specifics of archaeological sites; identification of cultural and economic ties of the Saka communities in the Kogaly valley and adjacent territories, etc. The methodological basis of the research is a positivist approach to the analysis of archaeological and written sources, as well as the principles of objectivity and historicism, allowing them to consider processes and phenomena in their dynamic development and in all their diversity. The work uses typological, historical-systemic, historical-comparative and historical-genetic methods, as well as interdisciplinary approaches used in modern archaeology. The Tastyozek monuments were studied for the first time in 2025. In this article, for the first time, research materials from two mounds of the Tastyozek-1 burial ground are introduced into scientific circulation. The scientific novelty of the research lies in the following: the chronological

framework of the existence of various categories of Saka culture items has been determined on the basis of archaeological material; the dynamics of its development has been traced.; Based on a detailed analysis of the funeral rite and inventory, the specifics of the archaeological sites of the local districts of Kogaly, including on the territory of Zhetysu, have been clarified, and the specifics of the gravel pit have been established. Judging by the external structure and inventory, the above-mentioned necropolis was left by a small family group. The chronological framework of the burial ground's existence is determined within the VI-IV centuries BC. The burial ground is synchronous with other ancient cemeteries included in the Kogaly archaeological complex of the Saka culture.

Keywords: Zhetysu, Kogaly, archeology, early Iron Age, Saki, burial ground.

Х.А. Айтқұл¹, Б.Б. Кожаметов^{2*}

¹РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник "Есік"», Есик, Казахстан

²РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

*e-mail: bagashar0909@gmail.com

Результаты исследований в могильнике Тастыюзек-1 (Когалинская долина) за 2025 год

Могильник Тастыюзек-1 является частью археологического комплекса в Когалинской долине, который включает в себя четыре кургана. Актуальность темы в том, что этот комплекс представляет собой остатки курганного могильника эпохи раннего железа, часть которой уничтожена в ходе сельскохозяйственных работ и требует незамедлительного изучения вышеназванного объекта. Целью работы является рассмотрение вопросов хронологии и социально-экономической истории саков Когалинской долины; задачами являются: анализ и характеристика погребального инвентаря; выявление динамики развития материальной культуры; определение специфики археологических памятников; выявление культурно-экономических связей сакских сообществ в Когалинской долине и сопредельных территории и т. д. Методологической основой исследования являются позитивистский подход к анализу археологических и письменных источников, а также принципы объективности и историзма, позволяющие рассматривать процессы и явления в их динамичном развитии и во всем их многообразии. В работе использованы типологический, историко-системный, историко-сравнительный и историко-генетический методы, а также междисциплинарные подходы, применяемые в современной археологии. Тастыюзекские памятники исследовались впервые в 2025 г. В настоящей статье впервые вводится в научный оборот материалы исследований двух курганов могильника Тастыюзек-1. Научная новизна исследования заключается в следующем: на археологическом материале определены хронологические рамки бытования различных категорий вещей сакской культуры; прослежена динамика ее развития; на основе детального анализа погребального обряда и инвентаря выяснена специфика археологических памятников локальных районов Когалы, в том числе на территории Жетысу, установлена специфика могильной ямы. Судя по внешней конструкции и по инвентарю вышеназванный некрополь оставлен небольшой семейнородовой группой. Хронологические рамки существования могильника определяются в пределах VI–IV вв. до н. э. Могильник синхронен с другими древними кладбищами, входящим в Когалинский археологический комплекс сакской культуры.

Ключевые слова: Жетысу, Когалы, археология, ранний железный век, саки, могильник.

Кіріспе

Көтеріліп отырған мәселе теориялық және практикалық жағынан ерекше мәнге ие. Себебі өңірлік археологияның дамуына, белгілі бір шағын аудандар тарихын зерделеуге, сақ мәдениетінің хронологиясы мен кезеңдестірілуін нақтылай түсуге, сақ өркениетінің заттық кешендері мен діни ғұрыптық жосын-жоралғыларын айқындауға жетелейді. Мәселенің өзектілігін де осы жайттар мейлінше кеңірек түрде айқындай алады.

Қазіргі уақытта сақ археологиясы бойынша Жетісу сияқты ірі физикалық-географиялық аймақта ондағын шағын аудандар белгілі болып

отыр. Олардың әрбірі белгілі бір тайпалық немесе рулық бірлестіктердің тіршілік еткен өңірін білдіретіндігі де айқын болып отыр (Яблонский, 1998: 35-49; Яблонский, 2005: 776-791). Зерттеушілердің көпшілігі сақ археологиясын далалық аймақтармен де, таулы өңірлермен де байланыстыра береді (Гинзбург, Трофимова, 1972: 16-25; Вишневская, Итина, 1971: 44-58; Толстов, Итина, 1966: 151-175; Акишев, Акишев, 1978: 5-7). Дегенмен көпшілік мамандар сақтарды көшпенді халық ретінде танып, оларды көшпелілікпен тығыз байланыстырады, олардың материалдық мәдениетіне, деректемелік көздеріне назар аударып, өзіндік ерекшеліктерін белгілеп бере алды дауге болады (Пугаченкова, Ремпель, 1982: 3-5;

Пьянков, 1997: 9-17). Зерттелініп отырған аймақта сақ заманына жататын жүздеген үйінді обалар бар. Оларды қысқа мерзімде тұрғызылған және үнемі көшпелілікпен айналысқан тайпалар қалдырды дей қою қиын. Өйткені жыл сайын зерттелініп келе жатқан ескерткіштер саны артып келеді әрі отырықшылыққа, сақтар тіршілігіне қатысты көптеген мәліметтер де алынууда.

Зерттеу нысанына Қоғалы жазығындағы сақ археологиялық ескерткіштері (қорымдар, обалар, кездейсоқ табылған бұйымдар, т.б.) кіреді. Ал зерттеу пәніне Қоғалы аңғарын мекендеген белгілі бір сақ қоғамына тиесілі топтардың заттай мәдениеті мен олардың негізінде хронологиясын, кездестірілуін айқындау болып табылады. Сондай-ақ зерттеу жұмысының хронологиялық шегі ерте темір дәуірімен мерзімделінеді. Ал оның географиялық шеңберіне әкімшілік жағынан алып қарағанда Кербұлақ ауданындағы Онжас пен Алтынемел ауылдары аралығындағы аумақ кіріп отыр. Себебі, көрсетілген аймақ біршама толық түрде Қоғалы жазығын қамтиды, тіпті одан тысқары да жатыр.

Әлбетте, кей жағдайларда біз көрсетілген хронологиялық шеңбер мен географиялық аймақтан ауытқып кетіп жатуымыз да мүмкін. Мұны сақ мәдениетінің бірқатар қырларын айқындай түсу мақсатында жасауымызбен түсіндірген абзал. Әдетте, дәстүрлі тарих және археология ғылымында қолданылатын әдістер, принциптер өзегін пайдаланған кезде, белгілі бір оқиғалар мен құбылыстарды тарқатқан уақытта тарихи-салыстырмалы, типологиялық, ретроспективті, деректанулық, тарихнамалық, т.с.с. талдаулар жүргізген кезде кез келген зерттеуші географиялық және хронологиялық шеңберлерден шығып жатады. Мұндай іс-әрекеттер ғылыми жағынан зерттеу жұмысын байыта әрі құнарландыра түседі. Сол себепті мұндай қаракет Қоғалы аңғарындағы сақ мәдениетін зерделеуді оңтайландыру мақсатында жүргізілгендігін айта кеткен абзал.

Орындалған мақаланың негізгі мақсаты Қоғалы жазығындағы Тастыөзек-1 қорымын зерделеу отырып оның өзіндік ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Нәтижесінде ерте сақ, орта сақ және кейінгі сақ мәдениеттерінің өзіндік бірегей тұстары нақтыланатын болады. Бұған қол жеткізу үшін бірқатар міндеттер айқындалады. Олардың арасында қарастырылып отырған аумақтағы сақ ескерткіштерінің зерттелу тарихын бір ізге түсіру, аңғардағы сақ ескерткіштерінің жинағы мен археологиялық картасын түзу, ти-

пологиялық әдісті қолдана отырып жерлеу шұңқырынан алынған материалдарға талдау жасау, салыстырмалы талдау арқылы алынған нәтижелерді саралау, іргелес өңірдегі тұрғындармен тасөзектік тайпалардың мәдени және экономикалық байланыстарын айқындау, т.с.с.

Зерттеу әдістері

Қазіргі уақытта Қоғалы жазығы археологиясына арналған әдебиеттер саны шектеулі. Себебі мұнда ұзақ жылдарға арналған археологиялық далалық ізденістер жүйелі түрде жүргізілмеген. Бұл аумақтағы ежелгі тұрғындардың тіршілік еткен ауданы ретінде археологиялық тұрғыдан жүйелі түрде арнайы зерттеу нысаны болмағанын көрсетеді (Джумабекова, Базарбаева, 2018: 469-484). Мұның өзі біздің тарапымыздан жүргізілген зерттеу жұмыстарының өзектілігін де айқындайды. Әсіресе өңірдің ерте замандардағы мәдени-хронологиялық шеңбері, мұнда тіршілік еткен халықтың Жетісу өңіріндегі сол замандағы басқа тұрғындармен мәдени-тарихи және саяси-экономикалық байланысы нақты айқын емес (Бернштам, 1949: 337-384; Акишев, 1984: 4-6).

Бүгінгі күні Қоғалы жазығындағы археологиялық ескерткіштер біршама зерттелінген. Мұнда қорған немесе оба түріндегі бірнеше жүздеген ірі нысандар бар. Олардың барлығы да сақ заманына тиесілі. Қорымдардан алынған заттай материалдар мен кездейсоқ табылған заттар да мұндағы сақ мәдениетінің хронологиясын мейлінше нақтылай түсуді қажет етеді (Рыбаков, 1976: 17-23). Мұндай өңірлік ұстаным жергілікті мәдени-тарихи дамуды айқындай түсуге мүмкіндік береді. Яғни, белгілі бір шектелген аумақта орын алған түрлі мәдениеттерді зерделеу, өңірлік мәдени дамуды бір ізге түсіру, т.с.с. сауалдарды өрбіту жағы дами түсетіндігі сөзсіз.

Шоғырланған деректемелік қор Қоғалы аңғарындағы сақ мәдениетінің дамуын жаңаша қарастыруға ықпал етеді. Біздің ойымызша, мұнда сақ мәдениетінің бірнеше кезеңдерін келешекте айқындауға болады. Дегенмен әзірге қоғалылық сақ ескерткіштерін зерделеу екі бағытта жүргізіліп келе жатқандығын айтуға болады: оның біріншісі – жергілікті археологиялық нысандар шеңберінде, ал екіншісі – іргелес, яғни Жетісу аймағы бойынша (Акишев, 1978: 19-26; Акишев, 1998: 65-81).

Бірінші бағыт бойынша жарияланған мәліметтер шектеулі. Қазіргі таңда екінші бағыт

бойынша Қоғалымен іргелес жатқан Бесшатыр, Алтынемел, Қаспан, т.б. аудандардан табылған материалдар кеңінен қарастырылған. Мұндағы атақты Бесшатыр қорымы бүгінгі таңда әкімшілік жағынан Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Басши ауылынан солтүстікке қарай 65 шақырым Желшағыр тауының бөктеріндегі Шылбыр шатқалында, Алтынемел мемлекеттік табиғи қорығы территориясында орналасқан. Оны өткен ғасырдың 50-60 жылдары Іле археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.А. Ақышев) зерттеген болатын. Археолог-мамандардың есептеуінше, қорым үлкенді-кішілі 31 обадан тұрады. Олар батыстан шығысқа қарай 1 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 шақырым болатын алқапты алып жатыр. Олардың 21-і таспен, ал 10-ы қиыршық тас араласқан топырақ үйінділермен тұрғызылған. Далалық зерттеу жұмыстары барысында 18 оба қазылған. Олардың үшеуі үлкен, қалғандары орташа және кіші обалар болып саналады (Акишев, Кушаев, 1963: 41-62). Бірнеше далалық маусым барысында алынған археологиялық деректемелер қоры мен тас плиталардың беттеріне шекілген аң суреттері ежелгі дәуірде тіршілік еткен бесшатырлық сақтардың әлеуметтік топтарға жіктелуі, тұрмысы мен шаруашылығы, діни наным-сенімі, сәулет өнері, күнделікті тұтынған заттары, соның ішінде қару-жарағы мен құрал-жабдықтары, қолөнері туралы соны мағлұматтар берді.

Ал Қаспан ауылы аудан орталығы Сарыөзек ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымдай жерде орналасқан. Мұндағы Быжы өзені жағалауларынан, Шаған тауының оңтүстік баурайынан бірнеше сақ дәуірі қорымдары анықталған. Археолог А.З. Бейсенов басқарған археологиялық экспедиция мүшелері Қаспан ауылы маңындағы бірнеше қорымды зерттеп, олардағы заттай материалдар негізінде сақ мәдениетіне тиесілі бірқатар мәселелерді көтерді (Бейсенов, Крешиоли, Джумабекова, Базарбаева, Баринаова, 2017: 97-108). Олар қорған конструкциясы, ішкі және сыртқы құрылымы, антропологиялық мәліметтер, заттық кешендер негізінде сақ дәуіріне қатысты бірқатар жайттарды нақтылап өтті (Бейсенов, Дуйсенбай, Китов, Кулькова, 2018: 138-159).

Қоғалы жазығына іргелес аумақта археолог Е. Оралбай қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Зерттеуші соңғы жылдары Жаңалық ауылы маңындағы тау бөктерінде далалық зерттеу жұмыстарын жүзеге асырып, ежелгі және ерте ортағасырлық кезеңдерге тән нысандарды анық-

таған. Дегенмен алдағы уақыттарда қазба барысында алынған материалдар мен зерттеу нәтижелерін ұсынады деген ойдамыз.

Сайып келгенде, жоғарыда айтылған бірқатар зерттеу жұмыстары ғалымдар тарапынан көтерілген мәселелер әр алуан екендігін көрсетеді. Ғалымдардың көпшілігі сақ ескерткіштерін зерттеу ісінде мәселені жетісулық аумақ тұрғысынан қарастырып келді. Яғни, мамандар тарапынан Қоғалы, т.б. аңғарларда зерттелінген ескерткіштер аумақтық жағынан жиі біріктіріліп келді. Тіпті ол негізгі өлшемге айналды деуге болады. Алайда Қоғалы жазығы сияқты өңірлерді тиянақты әрі жүйелі түрде археологиялық тұрғыдан зерделеу кемшін тартып қала берді. Мұның өзі тақырыптың өзектілігін тағы бір рет айқындай түседі.

Тарихнамалық шолуды аяқтай келе Қоғалы жазығындағы сақ мәдениеті ұзақ жылдардан қарастырылып келе жатқанымен, онымен байланысты көптеген мәселелер әлі нақты шешімін таппаған деуге болады. Оның ішінде осы аумақтағы сақ мәдениетінің қалыптасуы, даму кезеңдері, құлдырауы, мәдениеттердің өзара алмасуы, заттай мәдениеттің даму динамикасы, Қоғалы жазығы мен Жетісу өңірі сақтары археологиялық ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктері, қоғамдағы әлеуметтік дифференциация, көшпелі халықтардың мәдени-экономикалық байланыстары, т.б. толыққанды әрі нақты шешілмей келеді.

Методология

Зерттеу жұмысының методологиялық негізін ғылыми шынайылық пен тарихилық принциптері, сондай-ақ тарихи-жүйелілік, тарихи-генетикалық және салыстырмалы-тарихи әдістер құрайды. Атқарылған жұмыстар барысында археологиялық деректерді талдауда заманауи кешенді ұстаным басшылыққа алынды. Оның негізін эволюциялық-типологиялық әдіс құрады. Сонымен қатар түрлі типтегі бұйымдар кешенін талдауда корреляциялық тұрғыдан оған мейлінше оңтайлы бағыт-бағдар берілді. Картографиялық әдіс те басшылыққа алынды. Зерттелінген қорымның орналасқан жері картадан көрсетіліп, оқырманға өзіндік бір бағыт ұсынылды. Яғни картографиялық әдіс ескерткіштердің орналасуы, таралуы, т.с.с. жайттарды айқындауға жол ашты деуге болады.

Айта кететін бір жайт, қолданылған шынайылық принципі тарихи шындықты тек біртү-

тас қарастырып қана қоймайды, сонымен қатар қоғамда дамыған үдерістерді, құбылыстарды аналитикалық талдауда, қарама-қайшылықтарды зерделеуде де, тарихи заңдылықтарды да белгілеуге септігін тигізеді.

Тарихилық принципі негізінде Қоғалы сақ тайпаларының мәдени қалыптасуы мен осы құбылыстың барысы сол замандардағы климаттық және этносаяси жағдайдағы олардың генезисі бойынша, сонымен қатар белгілі бір кезеңдердегі дамуы негізінде өрбітілді.

Ал тарихи-жүйелілік әдісі бойынша, зерттелініп отырған аумақтағы сақтар туралы эмпирикалық фактілер бір жүйеге келтіріліп, осы мәдениетті қалдырған тұрғындар тарихын талдауда кеңінен пайдаланылды. Бұл әдіс негізінде тастыөзектік қана емес, Қоғалы жазығындағы сақтардың да мәдени-саяси жай-күйі де қарастырылды.

Тарихи-генетикалық әдіс бойынша жасалған талдау Қоғалы жазығындағы, тіпті Жетісу аумағындағы сақ тайпаларының дамуын, олардың қалыптасуы мен басқа тайпалармен кірігуін, өздеріне дейінгі және олардан кейінгі мәдени даму ерекшеліктерін айқындауға жәрдемдесті. Яғни, тарихи-генетикалық баланстарға ерекше мән берілді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс Қоғалы жазығындағы сақ тайпаларының іргелес өңірдегі тұрғындармен байланысын нақтылауға септігін тигізді. Сонымен қатар қазіргі Жетісу жерінде тіршілік еткен басқа тайпалармен мәдени және тарихи қатынастарын айқындауға, олардың жалпы және жалқы ерекшеліктерін зерделеуге ықпал етті деуге болады.

Эволюциялық-тарихи әдіс қабірден алынған бұйымдар кешенін сыныптауға, ондағы атқарылған рәсімдік жосын-жоралғыларды айқындауға кеңінен мүмкіндік берді. Сондай-ақ, сақтар дүниетанымындағы күрделі ғұрыптық жайттарды мейлінше кеңінен шешуге серпін берді.

Қолданылған алуан түрлі методологиялық ұстанымдар негізінде мақала қорытындысы жасалынды. Онда Тастыөзек-1 қорымы Қоғалы жазығындағы сақ мәдениетінің бір бөлшегі екендігі нақты дәлелденді.

Нәтижелер мен талдаулар

Тастыөзек ауылы физикалық-географиялық жағынан Алтынемел сілемдерінің шығыс беткейінде жер бедері қатты нығыздалған аумақта

орналасқан. Ауылдың оңтүстік, шығыс және солтүстік жағынан қазір кеуіп қалған ескі шағын өзеннің арналары өтеді. Тастыөзек ауданы жері құнарлы мейлінше пәстеу келген таулы-далалы ландшафттан тұрады. Теңіз деңгейі 1450-1600 м аралығында ауытқып отырады. Әкімшілік жағынан Тастыөзек ауылы Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылдық округі құрамына кіреді. Ауылды Р-125 тас жолы кесіп өтеді. Өзен арналары тарамдалып, тау аңғарларына таралады. Тау етегінде Ақбастау, т.б. атаумен көптеген бұлақ көздері ұшырасады. Суы тұщы, ішуге жарамды. Ауданның сейсмикалық көрсеткіші Рихтер шкаласы бойынша 5-6 балл. Ежелгі су арналары мен табиғи ландшафтқа қарағанда, қазіргі Тастыөзек ауылы маңы көне тайпалардың мекендеуіне, тіршілік етуіне қолайлы болғандығы анық байқалады.

Тастыөзек-1 қорымы ауылдың солтүстік жағындағы егістік алқабында орналасқан. Мұнда барлығы 4 қорған бар. Олардың екеуі егіс алқабында қалған. Олардың беткі жағы тегістеліп, бүлінген. Сырттан шолу арқылы жер бедеріне назар аударып обалардың орнын анықтауға болады. Археологиялық бақылау арқылы обалардың тізбектеле орналасқандығы анықталды. Тізбектегі обалардың диаметрі 20-25 м шамасында. Биіктігі 0,5-0,9 м-ді құрайды. Қорғандар тізбегі шығыстан батысқа қарай созылып жатыр. Шығыс жақтағы обаның диаметрі басқаларына қарағанда мейлінше үлкенірек. Тізбектің батыс жағындағы қорған көлемі жағынан басқаларына қарағанда кішігірім әрі оның солтүстік-батыс және шығыс бөліктері мүлдем қираған. Обалардың сыртқы пішіндері бір қарағанда жетісулық ескерткіштерге ұқсас (Акишев, Кушаев, 1963: 29-49). Қазба жұмыстары тізбектің орта тұсындағы екі обаға жүргізілді. Олардың шығыс жағындағысына №1, ал батыс жағындағысына №2 деген шартты нөмірлер берілді (1-сурет).

№1 қорған. Географиялық координаттары: 44°25'43" С, 78°38'40" Ш. Теңіз деңгейінен биіктігі 1450 м.

Қорған апаттық жағдайда. Топырақпен үйіліп, үлкендеу келген тастармен шегенделген. Шеткі жақтары тастармен бекітілген. Әсіресе, солтүстік-шығыс және батыс бөліктері ауыл шаруашылық жұмыстары салдарынан бүлінген. Қорғанның мейлінше жақсы сақталған батыс және оңтүстік жиектері бойынша оның бастапқы диаметрі анықталды. Қорғанның диаметрі 23 м, ал биіктігі 0,7 м.



1-сурет – Тастыөзек-1 қорымының географиялық орны

Қорғанның орта тұсын қамти отырып осы бөліктен оңтүстіктен батысқа қарай қазба түсірілді. Оның ені 4 м болды. Жердің үстіңгі қабатындағы қорғанның конструкциясы алынғаннан соң қазылған телім тазартылды. Қабір шұңқыры орналасуы ықтимал деген телімнің орталық бөлігіне көлемі 1,7x2,7 м қазба түсірілді. Қазба барысын-

да батыс бөліктен, 0,45 м тереңдіктен алты тастан тұратын тас құрылыс аршылды. Тастардың бірі өте ірі, оның көлемі 30x20x30 см. Қалған тастары одан кішірек. Бұл тас құрылыстан шығысқа қарай қабір шұңқырының контуры анықталды. Қабір шұңқырының контуры сопақша болып келген, ұзындығы 2 м шамасында (2-сурет).



2-сурет – №1 қорған. Қабір шұңқыры

0,2 м тереңдіктен кейін қазбадан қабір шұңқырының пішіні айқын көріне бастады. Оның ендігі көлемі өзгере түсті. Сыртқы пішіні 1,0x1,9 м көлемді құрады. Қазба жұмыстары жалғасын тауып, ол тағы да 0,2 м тереңдікке жеткізілді. Осы жерден шашылып жатқан сүйек қалдықтары шықты. Сонымен қатар қызыл матаның бір бөлігі мен мал сүйектері аршып алынды.

Бұдан соң қазба батыс бағытта кеңейтілді. Батыс бөліктегі үлкен тас алынып тасталды да, оның айналасы аршылды. Нәтижесінде қабір шұңқырының әуел бастағы көлемі айқындалды.

Ендігі кезекте қабір шұңқырының көлемі толықтай 1,1x2 м көлемді құрады (3-сурет).

Қазба жұмыстарының нәтижесінде жер бетінен есептегенде қабір шұңқырының тереңдігі 1,3 м-ге жеткізілді. Бұл жерден мүрденің қалдықтары ұшырасты. Осы тереңдіктен үгітілген темір қалдығы анықталды. Оны алу мүмкін болмады. Нәтижесінде қазба 1,7 м тереңдікке жеткізілді. Қабір шұңқырының бір жақ бүйірі, негізінен солтүстік жағы доға пішінді болып келген. Мұның өзі арнайы жасалған болуы ықтимал. Мүрде жанына ақыреттік заттарды қою үшін осылай арнайы қазылған болуы мүмкін.



3-сурет – №1 қорған. Сүйек қалдықтары

№2 қорған. Ол №1 қорғаннан батысқа қарай 13 м жерде орналасқан. Географиялық координаттары: 44°25'42" С, 78°8'41" Ш. Теңіз деңгейінен биіктігі 1450 м.

Оба топырақпен үйіліп, көтерілген. Үстіңгі бөлігінен үлкендеу келген тастар анықталды. Қорғанның айналасы ірі тастармен шегенделген. Ескерткіштің диаметрі 20 м, биіктігі 0,9 м. Қорғанның солтүстік-шығыс жағын егістік алқабы басып жатыр. Ал оңтүстік бөлігін егістікті суғаруға арналған ені 1 м арық кесіп өтеді. Яғни, қорған апаттық жағдайда.

Қорғанға оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ені 4,2 м қазба түсірілді. Оның нәтижесінде қорғанның сыртқы құрылысы зерттелінді. Оның шым қабаты, топырақ пен тас жамылғысы, т.б. есепке алынды.

Археологиялық нысанның орталық бөлігіне көлемі 2,5x2,3 м қазба түсірілді. Қазба барысында 0,2 м тереңдіктен көлемі 10x12 см дәнүккіш аршып алынды. Оның бір жақ беті тегіс, ал екінші беті дөңестеу келген.

Қазба барысында ірі тастар 0,2 м тереңдіктен ұшырасты. Бұл тас құрылыстың көлемі 1,5x0,9 м аумақты алып жатты. Топырақтан тазартылған соң тас құрылыс алынып тасталды. Бұдан кейін қазба одан ары жалғастырылып, оның тереңдігі 0,7 м-ге, ал қазбаның ауданы 2x1,8 м-ге жетті. Жалғасын тапқан қазба 1,5 м тереңдікке жеткен соң қабір шұңқырының пішіні айқын көріне бастады. Оның пішіні сопақша келген. Бағыты – солтүстік-шығыс.

Қабір шұңқырын ашу одан ары жалғасып, қазбаның батыс жағына қарай тазалау

жұмыстары атқарылды. Мұндағы қазба шеті кеңейтілді. Аршу жұмыстары барысында ірі тастар, қиыршық малтатастар да кездесті. Сыртқы қазба топырағынан керамика қалдығы алынды.

Түбіне қарай қабір шұңқырының ені 1,3 м-ге жетті. Тағы да 0,2-0,3 м қазғаннан кейін сүйек қалдықтары ұшыраса бастады. Қабір шұңқырының тереңдігі 0,5 м-ге жеткеннен соң, әр жерден сүйек қалдықтары кездесті. Қабірдің солтүстік

жағынан және орта тұсынан ірі тастар аршылды. Қазба жалғастырылып, 2 м тереңдікке дейін жеткізілді. Соңынан қабір шұңқырының бір бүйірі сәл дөңестеу келгендігі анық болды. Яғни, қабір шұңқырының бір жақ шеті (солтүстік бағытта) арнайы түрде сопақша етіп жасалған сияқты болып көрінеді. №2 қорғанның солтүстік жақтағы дөңестеу келген бүйір тұсы №1 обаға қарағанда кеңірек және қабір шұңқыры үлкендеу болып келген (4-сурет).



4-сурет – №2 қорған. Қабір шұңқыры

Биылғы маусымдағы далалық қазба жұмыстары барысында Тастыөзек-1 қорымынан 2 қорған қазылды. Олар ерте темір дәуірімен мерзімделінеді. Қорғандардың сыртқы конструкциясы, сонымен қатар қабірлерден шыққан сүйек қалдықтары мен темірден, тастан жасалған бұйымдар бөліктері, керамика қалдықтары осы пайымға зерттеушілерді жетелеп отыр. Сонымен қатар, Тастыөзек-1 қорымынан табылған материалдар, зерттелінген қорған конструкциялары онымен іргелес жатқан Бостан қорымына ұқсас болып келеді (Байгунаков, Шакенов, Ергабылов, 2025: 31-37). Бұл қорымның хронологиялық мерзімі жаратылыстану ғылымдары талдаулары негізінде айқындалған. Зертханалық зерттеулер бостандық

қорғандардың бірін б.з.б. 772-476 жылдармен (ықтималдылығы 94,9 пайыз) белгілеген. Біз оның мейлінше төменгі шегін алып отырмыз. Жоғарыда аталған қорғандар конструкциясы мен қабірлік заттары бостандық нысандармен замандас болуы әбден ықтимал. Қорғандар сыртқы конструкциясына топырақ пен ірі тастар, өзен малтатастары пайдаланылған. Олардың тереңдігі, қабір ішінің көрінісі де ұқсас. Келешектегі жаратылыстану мәліметтеріне негізделген ғылыми талдаулар да бұл жайттарды құптай түсуі мүмкін.

Далалық қазба жұмыстары тәмамдалған соң қазылған қорғандарға рекультивация жасалып, обалар қайта көмілді де, бастапқы қалпына келтірілді.

Қорытынды

Этникалық және мәдени тарих тұрғысынан келгенде отандық тарихнамадағы маңызды әрі мәнді кезеңдердің бірі сақ тайпалары мекендеген уақыт, яғни ерте темір дәуірі болып табылады. Бұл кездері қазіргі қазақ халқына этникалық және мәдени жағынан мейлінше жақын тайпалық бірлестіктер қалыптасқан болатын. Олармен болған тарихи-генетикалық және мәдени байланыстарды зерделеп, мәселені одан ары нақтылай түсу қажеттілігі де кеңінен байқалып келеді. Сақтар өз құрамына түрлі этникалық құрауыштарды кіргізе білді әрі өздерін қоршаған ортамен, көршілес халықтармен өзара қарым-қатынастарға түсіп отырды. Сақтардың түрлі топтары белгілі бір аудандарда өздерінің мүдделері үшін күресті әрі осыған байланысты Қоғалы жазығы сынды өңірлік сақ мәдениетін зерттеудің өзіндік маңызы бар.

Қоғалы жазығындағы сақ мәдениетінің қалыптасуы күрделі үдеріс болғандығы анық. Себебі іргелес аудандарда сақ мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Археологиялық материалдарға жасалған талдаулар (радиокарбон, тарихи-салыстырмалы), соның ішінде іргелес жатқан Бостан қорымынан алынған мағлұматтар Тастыөзек-1 қорымының хронологиялық шеңберін б.з.б. VI-IV ғасырлармен белгілеуге мүмкіндік береді.

Тастыөзек-1 қорымынан алынған мәліметтер мұндағы қабір шұңқырының өзіндік ерекшеліктерін аңғартады. Барлық қорғандардағы қабір шұңқырының солтүстік жақ тұсы доғал немесе бүйірлі болып келетіндігі байқалды. Мұның өзі қоғалылық немесе тастыөзектік сақ ескерткіштерінің өзіндік бірегейлігін көрсетсе керек.

Алынған археологиялық материалдар Қоғалы жазығындағы және онымен іргелес аудандардағы (бесшатырлық, т.б.) сақтар мәдениетінің алуан түрлі екендігін нақты аңғартады. Мұның өзі жекелеген өңірлерде сақ мәдениетінің қалыптасуы әртүрлі жолмен жүргендігін көрсетеді.

Сонымен қатар ірі патша обалары мен қатардағы қауым мүшелері жерленген қорғандарының көптеп кездесуі қоғамдағы мүліктік теңсіздіктің орын алғандығын айғақтайды. Келешекте сол замандағы қыш ыдыстарды, металл бұйымдарды, яғни заттық кешендерді және рухани мәдениетті арнайы зерделеу қажеттілігі де байқалады.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің “Солтүстік-Шығыс Жетісу сақ ескерткіштері (Қоғалы алқабының материалдары бойынша)” тақырыбындағы іргелі зерттеу жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР19680046).

Әдебиеттер

- Акишев А.К. (1984). Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К.А., Акишев А.К. (1978). Проблема хронологии раннего этапа сакской культуры. Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К.А., Кушаев Г.А. (1963). *Древняя культура саков и усуней долины реки Или*. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР.
- Акишев К.А. (1978). Курганы Иссык. Искусство саков Казахстана. Москва: Искусство.
- Акишев К.А. (1998). Социально-экономические отношения у древних усуней (уйсуней) в I-V вв. н.э. Вопросы археологии Казахстана. Алматы.
- Байгунаков Д.С., Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. (2025). Результаты археологических исследований могильника Бостан в долине Коғалы. XVII Оразбаев оқулары: Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Алматы қ., 25-26 сәуір 2025 ж.). Алматы: Қазақ университеті.
- Бернштам А.Н. (1949). Основные этапы истории культуры Семиречья и Тянь-Шаня. Советская археология. № XI.
- Бейсенов А.З., Дуйсенбай Д.Б., Китов Е.П., Кулькова М.А. (2018). Исследования сакских курганов в урочище Каспан в Жетысу. Теория и практика археологических исследований. Барнаул. №3 (23).
- Бейсенов А.З., Крешиоли Л., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г. А., Баринаева Е. (2017). Могильник раннего железного века Каспан-6 в Жетысу. Теория и практика археологических исследований. Барнаул. №2.
Подушкин А.Н., Донец А.Г. (2018). О первоначальном исследовании Археологических объектов в урочище Мыңтөбе // «Қазақстанның тарихи – мәдени мұрасы: Зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «Х Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті. 99-104 б.

Руднев А.О. (1900). Зброшеный угол. Туркестанские ведомости. № 15. 57-62 с.

Рычков П.И. (1762). Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии. Санкт-Петербург: при Императорской Академии наук. 27 с.

Сиздииков Б.С., Қожа М.Б., Сералиев А.А. (2023). Келес өңіріндегі ежелгі Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымы // Абай Атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті Хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, № 3(78). 192-201 б.

Смирнов Е.Т. (1896). Древности в окрестностях г. Ташкента // ПТКЛА. I. Ташкент: Изд-во АН УзССР. 10 с.

Смирнов Е.Т. (1896). Древности в окрестностях Ташкента (протоколы ТКЛА). Ташкент. 17 с.

Сулейменов Б. (ред.) (1969). Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: Наук Казахской ССР. 255 с.

Шагирбаев М.С., Сиздииков Б.С. Келес аңғарындағы ежелгі мал шаруашылығы (Күлтөбе қаласының археозоологиялық материалдары бойынша) // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлытық университеті Хабаршысы «Тарих» сериясы, №1 (116). 217-233 бб.

Sizdikov B.S., Gursoy M., Seraliyev A.A. (2022). Zoomorphic handle ceramics found in Muntobe burial ground // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлытық университеті Хабаршысы «Тарих» сериясы, №3 (106). 235-246 бб.

Таймаганбетов Ж.К. Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука КазССР. 1990. 124 с.

Талеев Д., Сиздиков Б.С., Сералиев А.А. (2019). Келес өңірінің тарихы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы, 4(129) 48-62 б.

Талеев Д.Ә. (1995). Келес өңірінің ортағасырлық археологиялық ескерткіштері (VI–XVIII ғғ.) тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. 21 б.

Талеев Д.Ә. (1995). Келес өңірінің ортағасырлық археологиялық ескерткіштері (VI–XVIII ғғ.) тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. 21 б.

Веселовский Н.И. (1888). Заметка о курганах Туркестанского края // Записки восточного отделения императорского Русского археологического общества. 2-том. В.Р.Розена (ред). 221 – 226 с.

Волин С.Л. (1960). Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. *Труды института истории, археологии и этнографии*. Т. VIII. Алма-Ата: Академии Наук Казахской ССР. 78 с.

Вревский А.Б. (ред.) (1895). Открытие Туркестанского Кружка любителей археологии 11 декабря 1895 г. Ташкент: Изд-во АН УзССР. 128 с.

Жетібаев К.М., Сиздиков Б.С., Гурсой М. (2020). Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси – әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №3 (66). 409-419 б.

Қозыбаев М. (ред.) (1996). Қазақстан тарихы. 1-том. Алматы: Аламура. 544 б.

Авторлар туралы мәлімет:

Гурсой Музаффер – Ph.D., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан, e-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

Бахтыбаев Мәлс Маратұлы – Ph.D., доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан, e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

Сведения об авторах:

Гурсой Музаффер – Ph.D., доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи (Туркестан, Казахстан, e-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz);

Бахтыбаев Мәлс Маратович – Ph.D., и. о. доцента, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи (Туркестан, Казахстан, e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz).

Information about authors:

Gursoy Muzaffer – Ph.D., Associate professor at the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

Bakhtybaev Mels Maratovich – Ph.D., i. o. doцента, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

Келіп түсті: 11.08.2025

Қабылданды: 28.08.2025

С. Мургабаев* , Л. Малдыбекова 

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

*e-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz

ҮЛКЕН ҚАРАТАУДЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІ ПЕТРОГЛИФТЕРІНДЕГІ АНТРОПОМОРФТЫ ОБРАЗДАР МЕН СЮЖЕТТЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Мақала Қазақстанның оңтүстік өңірдегі Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарының аймағын оңтүстік-шығыс, солтүстік-батысқа бойлай орналасқан Үлкен Қаратау жотасының жартас суреттері арасынан қола дәуірімен мерзімделетін бейнелер және олардың ішкі семантикасын саралау тақырыбында жазылған. Қаратау жотасындағы зерттеулер арқасында соңғы 20 жылдан астам уақытта жинақталған мыңдаған материалдар негізінде өңірдің жартас суреттерін мерзімдеу мәселелерін қайта қарастырып, толықтырулар енгізіліп отыр. Қола дәуірінің бейнелерінің мерзімдік шегаралары алғашқы зерттеулерде көрсетілгендей б.з.д. II м.ж. ортасы емес, соңғы нәтижелер бойынша б.з.д. III м.ж. соңы мен б.з.д. II м.ж. басы деген қорытындыға келіп отырмыз. Сондай-ақ қола дәуіріне тән жекелеген бейнелер мен үлкен композиция ретінде кескінделген бейнелер арасынан Жер бетінің барлық бөлігінде дерлік кездесетін «әйел -ана» мен «өсіп-өну культіне» байланысты образдар хақындағы шағын зерттеулер нәтижесі беріліп отыр. Өз бастауын сонау жоғарғы палеолиттен алатын «палеолиттік Венералар деген атаумен белгілі «әйел-ана» образы өз сипатында өте әмбебап сипатқа ие образдар екендігін айтып өтуіміз керек. Бұл пішіндегі бейнелердің заттай мәдениеттегі баламалары мен этнографиялық, фольклорлық, мифологиялық текстердегі баламаларымен байланыстыра отырып саралау жасалынып отыр. Жалпы «әйел-ана» образының сан алуан қызметі жайлы көптеген теңестірулер бар. Ол, «Жер-Ана», «Су-Ана», «орман, аңыздар құдайы», «өнімдік-өсімдік құдайы», «аграрлық құдай», «босанған әйелдерді қорғаушы», «арғы (алғашқы) ана» т.б. сипатқа ие деген тұжырым жасалынады.

Түйін сөздер: Қаратау, петроглиф, сюжет, антропоморф, семантика, археология, қола дәуірі, «Жер ана», «Су ана», мифология.

S. Murgabayev*, L. Maldybekova

Koja Akhmed Yasawi International Kazah-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

*e-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz

The semantics of anthropomorphic figures and scenes in the bronze age petroglyphs of the greater Karatau range

This article explores images dated to the Bronze Age found among the petroglyphs of the Greater Karatau mountain range, which stretches from the southeast to the northwest through the territories of the Zhambyl, Turkistan, and Kyzylorda regions in southern Kazakhstan. The study focuses on analyzing the internal semantics of these images. Thanks to specialized and supplementary research conducted over the past 20+ years, thousands of materials have been collected and used to reassess and refine the chronological framework of the region's rock art. Contrary to earlier studies that placed the Bronze Age depictions in the mid-2nd millennium BCE, current results suggest they should be dated from the end of the 3rd millennium BCE to the beginning of the 2nd millennium BCE. Among both individual figures and larger compositions typical of the Bronze Age, this study highlights images related to the universal "mother goddess" and "fertility cult" motifs, which are found across nearly all regions of the world. Originating in the Upper Paleolithic period, the image of the "mother goddess"—widely known as the "Paleolithic Venuses"—is noted for its highly universal nature. These figures are analyzed in relation to their material culture counterparts, as well as through parallels found in ethnographic, folkloric, and mythological texts. Various interpretations exist regarding the many roles of the "mother goddess" figure, including associations with "Earth Mother," "Water Mother," "forest or legend deity," "agricultural deity," "goddess of fertility and vegetation," "protector of women in childbirth," and "primordial mother," among others.

Keywords: Karatau, Plot or Narrative, Anthropomorph or Anthropomorphic figure, Semantics, Archaeology, Bronze Age, Mother Earth, Mother Water or Water Mother (depending on context), Mythology.

С. Мургабаев*, Л. Малдыбекова

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан

*e-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz

Семантика антропоморфных образов и сюжетов петроглифов бронзового века Большого Каратау

Статья посвящена изображениям и анализу внутренней семантики наскальных рисунков бронзового периода Большого Каратау, протянувшегося с юго-востока на северо-запад по территории Жамбылской, Туркестанской и Кызылординской областей южного Казахстана. Благодаря исследованиям, проведенным за последние более чем 20 лет, было собрано большое количество материала, на основе которого пересматриваются вопросы датировки наскального искусства региона, вносятся уточнения и дополнения. В отличие от ранних исследований, в которых временные рамки бронзовых изображений определялись серединой II тыс. до н. э., современные данные позволяют отнести их к концу III тыс. и началу II тыс. до н. э. Среди отдельных фигур, так и больших композиций, характерных для бронзового века, особое внимание уделяется образам, которые встречаются практически во всех частях света – это изображения, связанные с образом «женщины-матери» и культом плодородия. Уходящий своими корнями в эпоху верхнего палеолита широко известный как «палеолитические Венеры», образ «женщины-матери» представляет собой универсальный символ. Данные образы рассматриваются в контексте аналогий с предметами материальной культуры, а также через этнографические, фольклорные и мифологические параллели. Существует множество интерпретаций функций образа «женщины-матери», включая её соотношение с такими понятиями, как «Мать-Земля», «Мать-Вода», «богиня леса или легенд», «аграрная богиня», «богиня плодородия и растительности», «покровительница рожениц», «прародительница» и др.

Ключевые слова: Каратау, петроглиф, сюжет, антропоморф, семантика, археология, бронзовый век, Мать-Земля, Мать-Вода, мифология.

Кіріспе

Қаратау жотасының қола дәуіріне жататын петроглифтерінің сюжеттері мен көріністерінде негізгі тақырыптық желі мен сарын антропоморфты кейіпкерлер тақырыбында өрбиді және доминанттық композициялық элемент болып табылады. Басқа жануарлар, таңбалар мен символдар бұл адам-образына бағынышты құрамдас бөлігі ретінде орналаса отырып, өз дәуірінің адам мен тіршілікке деген қызығушылығының көрінісі ретінде қарастырылады. Соңғы зерттеулер Қаратау суреттерін қайта мерзімдеу қажеттілігін көрсетеді. Мақалада осы бейнелер арасынан әйел-ана образы мен өсіп-өну тақырыбына қатысты материалдар сараланады. Сауысқандық, Шалабай, Кіші Дарбаза сияқты ескерткіштерде жаңа антропоморфты бейнелер желісі анықталып, олардың құрылымдық және стилистикалық ерекшеліктерін сипаттайтын үлгілер енгізілді. Әсіресе «бөкселі әйел» және «адорант әйел» фигуралары ерекше мәнге ие. Олардың әйел-ана образы өзінің алғашқы пайда болған тас дәуірінен бастап, бірқатар трансформацияға ұшырағанымен, негізгі семантикалық сабақтастығын жалғастыра отырып қола дәуіріне жеткен. Гобустан, Минусинск, Оңтүстік Түркменстан сияқты

басқа аймақтардағы үлгілер бұл суреттерді дүниежүзілік мифологиялық тенденция тұрғысынан салыстыруға мүмкіндік береді. **Бұл мақалада** біз Қаратау жартас суреттеріндегі антропоморфты бейнелердің **мерзімделуі мен ішкі семантикасына** назар аударамыз. Әсіресе «бөкселі әйел», «адорант әйел» және некелік жұп бейнелерінің визуалды құрылымы мен мифологиялық мәніне талдау жасап, оларды Орталық Азия мен Таяу Шығыстағы, Оңтүстік Сібір мен Кавказдағы аналогтарымен салыстырамыз. Мақаланың негізге мақсаты, әйел-ана образының этнографиялық, мифологиялық және фольклорлық контексттеріндегі трансформациясын анықтау және оның Қаратау суреттеріндегі көрінісін семантикалық реконструкциялау арқылы дәлелдеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі материалын Қаратау жотасындағы жартас суреттері құрайды. Нақтырақ айтқанда, Сауысқандық, Шалабай, Кіші Дарбаза жартас кешендеріндегі қола дәуіріне жататын антропоморфты бейнелер қарастырылды. Бұл бейнелердің ішінен композициялық тұрғыдан басым рөлге ие «әйел-ана» образының «бөкселі әйел»,

С. Мургабаев*, Л. Малдыбекова

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан

*e-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz

Семантика антропоморфных образов и сюжетов петроглифов бронзового века Большого Каратау

Статья посвящена изображениям и анализу внутренней семантики наскальных рисунков бронзового периода Большого Каратау, протянувшегося с юго-востока на северо-запад по территории Жамбылской, Туркестанской и Кызылординской областей южного Казахстана. Благодаря исследованиям, проведенным за последние более чем 20 лет, было собрано большое количество материала, на основе которого пересматриваются вопросы датировки наскального искусства региона, вносятся уточнения и дополнения. В отличие от ранних исследований, в которых временные рамки бронзовых изображений определялись серединой II тыс. до н. э., современные данные позволяют отнести их к концу III тыс. и началу II тыс. до н. э. Среди отдельных фигур, так и больших композиций, характерных для бронзового века, особое внимание уделяется образам, которые встречаются практически во всех частях света – это изображения, связанные с образом «женщины-матери» и культом плодородия. Уходящий своими корнями в эпоху верхнего палеолита широко известный как «палеолитические Венеры», образ «женщины-матери» представляет собой универсальный символ. Данные образы рассматриваются в контексте аналогий с предметами материальной культуры, а также через этнографические, фольклорные и мифологические параллели. Существует множество интерпретаций функций образа «женщины-матери», включая её соотношение с такими понятиями, как «Мать-Земля», «Мать-Вода», «богиня леса или легенд», «аграрная богиня», «богиня плодородия и растительности», «покровительница рожениц», «прародительница» и др.

Ключевые слова: Каратау, петроглиф, сюжет, антропоморф, семантика, археология, бронзовый век, Мать-Земля, Мать-Вода, мифология.

Кіріспе

Қаратау жотасының қола дәуіріне жататын петроглифтерінің сюжеттері мен көріністерінде негізгі тақырыптық желі мен сарын антропоморфты кейіпкерлер тақырыбында өрбиді және доминанттық композициялық элемент болып табылады. Басқа жануарлар, таңбалар мен символдар бұл адам-образына бағынышты құрамдас бөлігі ретінде орналаса отырып, өз дәуірінің адам мен тіршілікке деген қызығушылығының көрінісі ретінде қарастырылады. Соңғы зерттеулер Қаратау суреттерін қайта мерзімдеу қажеттілігін көрсетеді. Мақалада осы бейнелер арасынан әйел-ана образы мен өсіп-өну тақырыбына қатысты материалдар сараланады. Сауыскандық, Шалабай, Кіші Дарбаза сияқты ескерткіштерде жаңа антропоморфты бейнелер желісі анықталып, олардың құрылымдық және стилистикалық ерекшеліктерін сипаттайтын үлгілер енгізілді. Әсіресе «бөкселі әйел» және «адорант әйел» фигуралары ерекше мәнге ие. Олардың әйел-ана образы өзінің алғашқы пайда болған тас дәуірінен бастап, бірқатар трансформацияға ұшырағанымен, негізгі семантикалық сабақтастығын жалғастыра отырып қола дәуіріне жеткен. Гобустан, Минусинск, Оңтүстік Түркменстан сияқты басқа аймақтардағы үлгілер бұл суреттерді дүниежүзілік мифологиялық тенденция тұрғысынан са-

лыстыруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада біз Қаратау жартас суреттеріндегі антропоморфты бейнелердің **мерзімделуі мен ішкі семантикасына** назар аударамыз. Әсіресе «бөкселі әйел», «адорант әйел» және некелік жұп бейнелерінің визуалды құрылымы мен мифологиялық мәніне талдау жасап, оларды Орталық Азия мен Таяу Шығыстағы, Оңтүстік Сібір мен Кавказдағы аналогтарымен салыстырамыз. Мақаланың негізге мақсаты, әйел-ана образының этнографиялық, мифологиялық және фольклорлық контекстеріндегі трансформациясын анықтау және оның Қаратау суреттеріндегі көрінісін семантикалық реконструкциялау арқылы дәлелдеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі материалын Қаратау жотасындағы жартас суреттері құрайды. Нақтырақ айтқанда, Сауыскандық, Шалабай, Кіші Дарбаза жартас кешендеріндегі қола дәуіріне жататын антропоморфты бейнелер қарастырылды. Бұл бейнелердің ішінен композициялық тұрғыдан басым рөлге ие «әйел-ана» образының «бөкселі әйел», «адорант әйел» және некелік жұптар тәрізді бірнеше нұсқалары таңдап алынды. Аталған бейнелердің стилистикалық, семантикалық және иконографиялық ерекшеліктері сарапталды. Материалдар бастапқы археологиялық тір-

кеу, фотодеректер мен бейнеқұжаттар, сондай-ақ бұрынғы материалдар негізінде талданды. Сонымен қатар зерттеу барысында ТМД аумағындағы басқа жартас суреттері бар аймақтар – Минусин ойпаты (Оңтүстік Сібір), Гобустан (Әзербайжан), Түрікменстанның оңтүстігі мен Иран аумағындағы бейнелермен салыстырмалы талдау жүргізілді. Олардың мерзімдік шегараларына талдау жасалынды. Зерттеу әдістеріне келер болсақ, төмендегі тәсілдер қолданылды:

Салыстырмалы тарихи әдіс. Қаратау бейнелерін Орталық Азия, Таяу Шығыс және Кавказдағы ұқсас антропоморфты бейнелермен салыстыра отырып, олардың мифологиялық және семиотикалық байланыстарын анықтау үшін қолданылды.

Семантикалық талдау – Жартас суреттеріндегі әйел-ана образдары мен символдардың мағыналық жүктемесі мен діни-культтік функциялары қарастырылды.

Иконографиялық әдіс. Бейнелердің визуалды құрылымын, атап айтқанда, кескінделу ерекшеліктері, дене пішіні, жалпы формасы, жекелеген суреттер мен композиция құру ме стилистикалық ерекшеліктері мен мағынасы анықталды.

Археологиялық контекстуализация. Суреттердің орналасқан географиялық орны мен стратиграфиялық контексті негізінде олардың мерзімделуі мен мәдени байланысы сараланды. Бұл әдістерді кешенді қолдану арқылы Қаратау жартас суреттеріндегі әйел бейнесінің мәдени-символикалық табиғатын ашу, оның архетиптік деңгейдегі мәнін түсіндіру және дәуірлік трансформациясын көрсету мүмкін болды.

Талдау

Әр кезеңнің бейнелеу өнерінің өзіндік ба-сым тұстары, өзіндік тақырыптық сарындар

желісі бар, стилистік ерекшеліктері болатыны белгілі. Жалпы қола дәуірінің жартас суреттері арасында антропоморфты бейнелер негізгі кейіпкер ретінде кескінделеді және бұл ерекшелік Қаратау жартас суреттерінен де анық байқалады. Бұл кезең адам мен оның болмысына деген қызығушылықтың өсуімен ерекшеленеді. Осы сәттен бастап басқа жануарлар бейнелері, таңбалар мен символдар негізгі тақырып болып саналатын адамға (образына) бағынышты құрамдас бөлігі болып табылады. Әлемдік мифологияның архаикалық образдарын бақылау, олардың дамуындағы қызық заңдылықты, яғни ежелгі тотемдік, зоо немесе орнитоморфтылықтан антропоморфтылыққа ауыса бастағандығын көреміз (Хлобыстина, 1987: 85-87). Біз бұл мақалада Қаратау петроглифтерінің бірқатар антропоморфты бейнелердің мерзімделуі мерзімделуі мен олардың ішкі семантикасына тоқтала кетсек деп отырымыз.

Кейінгі жылдары жинақталған материалдардың арасында Үлкен Қаратаудың жартас суреттерін мерзімдеуге байланысты мәселелерді жаңаша қарастыруға және толықтырулар енгізуді қажет ететін материалдар легі анықталып отыр (Мургабаев, 2013: 52-65). Солардың қатарында антропоморфты бейнелер мен көріністердің жаңа үлгілерін айтуымызға болады. Суреттер арасындағы айрықша қызықты болып отырған Қаратаудың солтүстік-батыс бөлігінен бірнеше орындардан (Сауысқандық, Шалабай, Кіші Дарбаза, Тасбұлақ) анықталған жартас суреттеріндегі ерекше пішіндегі «әйелдер» кескінделген көріністерге тоқтала кетсек. «Ерекше пішіндегі» деп бөліп қарастырып отырған себебіміз, бұл өңірде басқа пішінде кескінделген әйел бейнелері де көптеп кездеседі және олардың әйел затына тән – бұрым, шығыңқы бөксе т.б. ерекшеліктері ешқандай дау тудырмайтындай айқын көрсетілген (1, 1А, 2, 2А, 3, 4, 5 – суреттер).




1-сурет – Сауысқандық-III. Әйелдер мен маска киген ер адам



1А-сурет – Сауысқандық-III. Бөксесі шеңбер тәріздес әйелдер мен маскадағы ер адам.




2А-сурет – Сауысқандық-III. Бұқа мен әйел



3-сурет – Сауысқандық-III. Бұқалар мен жануарлар бейнеленген көпбейнелі көрініс



4-сурет – Шалабай. Бөкселі әйел бейнесі




5-сурет – Кіші дарбаза. Садақшылар мен әйел және жануарлар

Толық пішіндегі әйел бейнелері сонау жоғарғы палеолиттік ескерткіштерден бастап жолығатындығы археология ғылымында белгілі. Біз қарастырғалы отырған бейнелердің иконографиялық кейбір ерекшеліктері бір қарағанда сонау палеолит немесе неолит дәуірлеріндегі әйел образын беретін мүсіндерін еске түсірсе, екінші жағынан кейбір жартас суреттерінде кездесетін неолит, энеолит дәуірлерінің әйел бейнелерімен ұқсастық табады (Джафарзаде, 1973; Бледнова, Вишняцкий, Гольдшмидт, Дмитриева, Шер, 1998: 90-94, рис. 22). Бұндай бейнелер басқа нысандарға қарағанда Сауысқандық петроглифтерінде өте шебер орындалған жеке көрініс ретінде кездеседі. Сауысқандық III тобында, тау тізбегінің батыс бөлігінде орналасқан жартас бетіндегі көріністе жалпы саны 16 антропоморфты бейне кескінделген. Олардың негізгі бөлігін

құрайтын 12 «әйел» фигуралары. Әйел бейнелерінің бөкселері шеңбер тәрізді домалақ. Кеудесі үшбұрышты болып келген. Сол жақтағы екі әйел бейнелерінен басқаларының қолдары көрсетілмеген. Бейнелердің басым көпшілігінің мойындары ұзын, бастары домалақ етіп көрсетілген. Сол жақтағы екі бейненің бұрымдарын байқауға болады. Сол жақтағы үшінші әйел басының оң жақ жоғарғы бұрышында шеңбер бейнеленген. Көріністің орта тұсында жыртқыш маскасын киген ер жынысты антропоморфты бейне. Кеудесі оңға бағытталған оң жақтағы әйел бейнелеріне қарай кеуде тұсынан сызық (мүмкін қолы) көрсетілген, ал екінші қолын беліне таянған (1, 1А-суреттер). Кіші Дарбазада жартастарындағы үлкен бір көріністегі «әйел» бейнесінің пішіні алғашқыларды айнытпай қайталайды (5-сурет). Келесі осы мәтінде орындалған бейне Шалабай

петроглифтерінде кездеседі. Бұл жердегі бейнелерде аздап өзгешелік байқалады: бірінде бөксесі «жүрек» іспеттес төменгі жағы сүйірленіп біткен, аяғы мүлдем жоқ, кеудесі төртбұрышты, қолдары шартты түрде ғана көрсетілген (бір қолы тіптен көрсетілмеген), бейне контурлы етіп салынған (4-сурет). Екіншісі де контурлы бейне – «ромб» тәрізді, бұрыштары доғал екі бөліктен тұрады және әр бөлік әркелкі етіп бөлінген. Әр «ромбтың» жоғарғы және төменгі бөліктері үшбұрыш ретінде бөлініп, ортасында бір ойықтан салынған (6-сурет). Осы екінші бейне кескіндел-

ген жалпы көріністе түйе, жылқы бейнелерімен қатар кеудесі қос үшбұрышты бөліктен тұратын антропоморфты, сондай-ақ, сол жақта қолдары мен аяқтары ұзын, басының екі шетінде үш тарамыстан тұратын бұрымы бар, бөксесі өте шығыңқы және бір әйел бейнесі кескінделген. Сонымен қатар орта тұста қабырғалары сатылы болып келген төртбұрышты үш өрнек кескінделген. Сауысқандық I тобында шоқпар асынған ер пішінді антропоморфтымен некелік қатынаста көрсетілген қырынан кескінделген әйел бейнесі кездеседі (7-сурет).



6-сурет – Шалабай. Көп бейнелі көрініс



7-сурет – Сауысқандық-I. Шоқпар асынған антропоморфты бейнелер

Енді осы бейнелердің басқа да жартаc суреттеріндегі баламаларына келер болсақ, алғашқы болып ойға Гобустан петроглифтеріндегі әйел бейнелері келеді. Ал олардың хронологиялық көрсеткіші б.з.д. IV м.ж., төменгі мерзімдік көрсеткіші б.з.д. III мыңжылдықты қамтиды. Дегенмен бұл жердегі ортақ ұқсастық екі жағдайда да бейнелердің қолдары көрсетілмеген, бөкселері шығыңқы шеңбер тәрәздес болуы. Гобустан петроглифтеріндегі жиі кездесетін келесі бір үлгідегі қырынан көрсетілген әйел бейнелері мен Сауысқандық I тобындағы әйел бейнесінің кескінделу пішіні де өте ұқсас (7-сурет). Сондай бұл бейнелердің арасындағы ортақ ұқсастық тек қана олардың кескінделу пішінінде ғана емес, сонымен қатар сюжеттік композиция құру жағынан да ұқсастықтарын көруге болады. Мысалы Сауысқандық III тобындағы әйел бейнелері (1, 1А-сурет), сонымен қатар осы топтағы әйел мен бұқа бейнесі (2, 2А, 3-сурет) Гобустанның жартаc суреттеріндегі Беюкдаш нысанындағы «Едди гюзял» («Жеті сұлу») көрінісіндегі тіз қатар тұрған әйел бейнелерінің артқы жағында орналасқан бұқа бейнесінен көруге болады (Джафарзаде, 1973: 170, камень 78).

Жалпы бұл семантикалық жұп жоғарғы палеолит кезеңінен бастап кездеседі (Бледнова, Вишняцкий, Гольдшмидт, Дмитриева, Шер, 1998: 90-94, рис 22, 1-2). Беюкдаштағы бұл көріністі мерзімдеу мәселесінде бұқа бейнесі б.з.д VI м.ж. деп, ал әйел бейнелерін б.з.д IV-III м.ж. деп көрсеткен. Автордың бұл көріністі осылай мерзімдеуіне бұқа бейнесінің артқы бөлікте орналасуы негіз болған сияқты. Әйтсе де бұл бейнелерде ешқандай палимпсест байқалмайтын сияқты, яғни екеуі бір мезгілде ортақ көрініс ретінде салынған болуы ықтимал. Автордың бұл мерзімдеуімен келіскен күннің өзінде бұқа бейнесін кейінгі «суретшілер» көріністің негізгі компоненті ретінде арнайы таңдап алған болуы мүмкін.


Қаратау петроглифтерімен Гобустан петроглифтеріндегі келесі бір ұқсастықты эротикалық сипаттағы адорант әйел (талтайып отырған әйел) мен бұқа бейнесі қосарлана бейнеленген көріністермен қоса (8, 9-сурет) (Джафарзаде, 1973: 151, камень 30: 10-14) жеке дара осы позада отырған әйел бейнелерінен көруімізге болады (10, 11, 12-сурет) (Джафарзаде, 1973: 140-160, камни 12,15, 24, 30, 31, 54).



8, 8А-сурет – Сауысқандық-IV. Адорант әйел.
Көшірме, фрагмент және тегістік бетінің толық фотосуреті



9-сурет – Сауыскандық-IV. Некелік жұп



10-сурет – Сауыскандық-IV. Адорант әйел, түйе, бұқа



11-сурет – Тасбұлақ. Адорант және бөкселі әйел бейнеленген көрініс



12-сурет – Сауыскандық-IV. Бұқа, түйе, жыртқыштар және некелік жұптасу

Сонымен қатар Оңтүстік Сібірдің Минусин ойпатындағы Усть-Туба, Черновая жартас суреттеріндегі бейнелерде талтайып отырған әйел бейнелерінің де артқы жағында бұқа бейнеленген. Ал олардың хронологиялық шеңберін Э.Б. Вадецкая Окунев кезеңіне, яғни б.з.д. II м.ж. алғашқы жартысы деген болжам жасайды. Ол осы кезеңнің жерлеу орындарында осындай суреті бар жартастардың кейде құрылыс материалдары ретінде кездесуін негізгі көрсеткіш етіп алады (Вадецкая, 1970: 263; Вадецкая, 1967: 32-34).

Дегенмен Я.А. Шер бұл мерзімдеумен толық келісу қиын екендігін айтады. Өйткені құрылыс материалы ретінде қолданылғанымен, ол суреттің жартас бетіне қашан салынғанын анық айту мүмкін емес деп көрсетеді (Шер, 1980: 219) Я.А. Шер осы «екі жұптың» бірқатар басқадай археологиялық жәдігерлер ретіндегі (саз терракоталар, қабырғадағы өрнек, т.б.) неолит дәуіріне тән ескерткіштерде кездесетін баламаларымен толықтырады (Шер, 1980: 272). Жалпы осы мысалдардан көріп отырғанымыздай бұл образдардың таралу аймағы да хронологиялық шегаралары да өте кең.

Қаратау жартас суреттеріндегі әйел бейнелеріне келесі бір ұқсастықты Орта Азия мен Таяу Шығыстағы ежелгі отырықшы өркениетке тән протокалаларда жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде көптеп табылған, сан алуан саздан жасалған әйел мүсінді терракоталардан көруімізге болады. Біріншіден аяқтары мен қолдары анық көрсетілетін Таяу Шығыстық мүсіндерге қарағанда, жалпы біз қарастырып отырған петроглифтердегі әйел бейнелеріне жоғарыдағы аталған аудандардың ішінде өзінің кескінделу ерекшелігі жағынан Түркменстандағы Алтын-депе, Намазга-депе, Хапуз-депе, т.б. протокалалардағы археологиялық қазбалар барысында табылған терракоталар өте жақын келеді (Массон, Сарияниди, 1973: 33, 35, 42 рис.

6, 7, 8, с. 148-195, табл. I-VI, XXV-XXVI, XXXI, XLIV). Оңтүстік аймақтың қола дәуірінің терракоталарында оған дейінгі кезеңдерде анық көрсетілетін қолы мен аяқтары шартты түрде ғана көрсетіле бастайды. Ол ерекшеліктер Қаратау петроглифтеріне де тән: пішіні, екі жағдайда да қолдарының көрсетілмеуі немесе шартты түрде ғана көрсетілуі, бөксе тұсының төменгі жағындағы үшбұрышты өрнек, терракоталардағы қос бұрымның петроглифтерде кей жағдайларда шартты түрде көрсетілуі (бұрымды басқаша кескіндеу жартас суреттерінде мүмкін емес болғандықтан болар) (1, 1А, 3, 4, 5-сурет). Осы тұста айта кететін және бір жәйт Шалабай петроглифтеріндегі бір жартастағы ортақ көріністің екі шетінде орналасқан әйел бейнелерімен (олардың бірінің бөкесінің төменгі жағы үшбұрышты етіп берілген) бірге қабырғалары сатылы болып келген төртбұрышты үш өрнек пен ирек сызық кескінделген (6-сурет). Міне тап осындай өрнектер Оңтүстік Түркменстандағы энеолит дәуірінің соңы мен ерте қола дәуірінің (Намазга III-IV кезеңдеріне жатады б.з.д. III м.ж. басы) керамикалық ыдыстары мен басқадай бұйымдарында жиі кездеседі. (Массон, Сарияниди, 1973: 115, рис. 17; 97, 26. 2, 4; табл. IV, XVIII, XXV). Жалпы терракоталарға сараптама жасау барысында зерттеушілер қола дәуірінің әйел мүсіндерінің дене бөліктерінде батырып, сызылып салынған крест, ирек сызық, күн шуақты өрнектер оған дейінгі кезеңдердегі күрделі өрнектердің жетілдірілген нұсқалары болуы мүмкін деп болжам жасайды (Массон, Сарияниди, 1973: 113-118). Мысалы, Шалабай жартас суреттерінде әйел бейнесінің жанындағы үшбұрышты ирек сызық, күрделі крест ретіндегі таңбалар Оңтүстік Түркменстанның қола дәуірінің терракоталарында жиі кездесетін өрнектер қатарында (Массон, Сарияниди, 1973: рис. 14,17-18, табл. XXIV, 6). Яғни, бұл көріністегі бейнелер мерзімдік шегаралары да өте кең.

ралары жағынан бірін бірі толықтырып түр деп айтуға болады.

Қаратаудың жартас суреттерінде кездесетін жоғарыдағы сипатталған бейнелер негізінен өніп-өсу культіне байланысты эротикалық сипаттағы көріністер деп айтуға болады. Бұл жердегі негізгі кейіпкер дүниені, тіршілікті, адамзат баласының ұрпағын жалғастырушы, барлық кезеңдерде де қоғамдағы алар орны ерекше «әйел не ана образы» болып табылады.

Бұл бейнелердің қатарында Қаратаудың батыс бөлігінде жиі кездесетін «бөкселі әйелдер» (1, 1А, 2, 2А, 3, 4, 6-сурет) мен «адорант әйелдер» (8, 10, 11, 12-сурет) бейнелері жатады. Сондай-ақ антропоморфтылардың некелесу сәті кескінделген эротикалық көріністер (7, 9, 12, 13, 14, 15, 16-сурет) мен мифологиялық негізде өрбіген «қасиетті некелік жұп» тақырыбындағы көріністерді (2, 2А, 3, 10, 17, 18-сурет) айтуға болады.



13-сурет – Сауыскандық-III. Шокпарлы «егіздер» мен некелік жұптасу



14-сурет – Сауыскандық-VII. Топтық некелік жұптасу



15-сурет – Сауыскандық-VII. Некелік жұптасу



16-сурет – Сауыскандық-VII. Некелік жұптасу



17-сурет – Сауыскандық-VII.
Адамдар мен бұқа



18-сурет – Сауыскандық-III. Түйе мен әйел (?)

Әсіресе «толық әйелдер» немесе «бөкселі әйелдер» образы. Бұл бейне жартас суреттерінде өте сирек кездесетін құбылыс. Мысалы, Сауыскандық, Шалбай, Кіші Дарбаза петроглифтерінде (1, 1А, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 11-сурет) кездесетін әйел бейнелерінің тікелей жартас суреттеріндегі баламалары әзірше беймәлім. Дегенде олардың жалпы басқадай баламалары жеткілікті. Ал біз қарастырып отырған «бөкселі әйелдердің» тікелей баламалары ретінде Оңтүстік Түркістанның қола дәуіріне тән терракоталарды айтуымызға болады. Бұл ұқсастықтар жалпы пішінімен қатар, кейбір басқадай элементтерінен көрініп тұр. Мысалы, қолдарының шартты түрде ғана көрсетілуі, кейде тіпті мүлдем көрсетілмеуі. Біз бұл бейнелердің хронологиялық шеңберін анықтау мәселесінде сол терракоталармен белгілі дәрежеде байланыстыра қарастырған болатынбыз. Енді бұл бейнелердің семантикасын ашып көрсетуде аталмыш мүсіндермен салыстыра отырып қарастыруды жөн көрдік. Әйтсе де ол мүсіндердің семантикасын ашып көрсетуде белгілі бір ортақ пікір жоқ. Археологиялық қазбалар барысында олардың анықталған жерлері де әркелкі. Мысалы, Алтын-тепеді олар үйдің іргетасында, коллективтік жерлеу орнында, сонымен қатар, абыздардың жерлеу орнында т.б. кездеседі (Массон, Сарияниди, 1973: 84). Осы үлгідегі әйел – құдайлар мүсіндері Түркия жерін-

дегі антикалық Орду қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде негізгі қақпасына кіре берісте арнайы тұғырда орналастырылғандығын көріп отырмыз (Şenyurt, Durugönül, 2018: 305-344).

Олардың табылған орындарына қарап семантика жасау барысын кейбірі ол мүсіндер ер адамның о дүниедегі сексуалдық сұранысын қамтамасыз ету үшін, немесе «құрбандық адамын» алмастырушы деп түсіндіреді. Әйтсе де бұл мүсіндердің әйелдердің жерлеу қабырында кездесетіндігі ол пікірді жоққа шығарады. Кейінгі энеолит дәуіріне жататын бояулы керамикада осындай мүсінге табынып жатқан адам бейнеленген. Осыған қарағанда, олар «отбасын қорғаушы пұт» («домашние идолчики») болуы ықтимал деген ойлар айтылған болатын (Массон, Сарияниди, 1973: 84-85).

Жалпы «әйел мүсіндерінің» атқаратын сан алуан қызметі жайлы көптеген теңестірулер бар. Ол «Жер-Ана», «Су-Ана», «орман, аңыздар құдайы», «өнімдік-өсімдік құдайы», «аграрлық құдай», «босанған әйелдерді қорғаушы», «арғы (алғашқы) ана» т.б. сипатқа ие деген тұжырым жасалынады. Сондай-ақ, ол мүсіндерді талдау кезінде «денесінің» әр жеріне ойылып салынған таңбалар мен оюларға да сараптама жасалады. Осындай бір таңбаларға ұқсас бірнеше сызба Шалабай петроглифтеріндегі әйел бейнелерінің

қасында кескінделген (6-сурет). Олардың бірі үшбұрыш ирек сызық – бұл таңба (кейде ол қосарлана кескінделген) шумерлік, эламдық ежелгі жазбаларда «су-арық-өзен» деген мағынаны береді екен (Массон, Сараниди, 1973: 114,118 табл. 17,18). Ал «крест» немесе «сегіз тармақты жұлдыз» түріндегі белгі ежелгі Шумерде «аспан» және «құдай» деген ұғымды білдіретіндігі айтылады. Әрине бұл салыстырулар арқылы бұл таңбалар Шумерлік не эламдық жазбаның үлгісі болмағанымен ежелгі барлық адамзат баласының даму сатысында олардың орналасқан жеріне қарамастан белгілі бір «таңбалар бірлігінің» болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, күннің крест немесе жұлдызша-шуақ тәрізді берілуі немесе өзеннің, судың ирек сызық ретінде берілуі барлық жерде бірдей кездесуі мүмкін. Соған қарағанда бұл бейнелерді талдауда біржақты қарастыру мүмкін емес. Сондықтан бұл әйел бейнелерінің барлығын бейнелеу ерекшеліктеріне, атқаратын қызметіне байланысты жалпы «әйелдер пантеоны» деген ортақ ұғыммен түсіндіргеніміз жөн болар.

Аймақтың жартас суреттерінде әйелдер бейнесінің арасында «адорант әйелдер» яғни талтайып отырған әйелдер бейнесі де осы топқа жатады. Кейде осы бейнелердің қасында әр түрлі жануарлар кескінделеді (8, 10, 11-сурет). Мысалы, Сауысқандық жартастарының бірінде осылай отырған әйелдің жанында бұқа мен түйе кескінделген (10-сурет). Келесі бір жартаста екі қолын жайған әйел мен бұқа жеке көрініс ретінде кескінделген (2, 2А-сурет). Кейде осы бөкселі әйел бейнесі бұқалар салынған үлкен көріністе кездеседі (3-сурет). Жартас суреттерінде осы семантикалық жүйе яғни «бұқа мен әйел» бейнесі сирек те болса кездеседі және кейбір археологиялық әдебиеттерде қарастырылған болатын (Бледнова, Вишняцкий, Гольдшмидт, Дмитриева, Шер, 1998: 261-265; Хлобыстина, 1971а: 172; Хлобыстина, 1971: 73-81; Шер, 1980: 273-277; Самашев, 1992: 196-197). Бұл бейнелердің жартас суреттеріндегі тікелей баламасы ретінде Минусинск ойпатындағы Усть-Туба мен Черновая қорымынан шыққан бейнелерді, сондай-ақ, Гобустан петроглифтерінде «жеті сұлу» жартасындағы бөкселі әйелдердің артында орналасқан бұқаны да мысалға келтіруге болады. Дегенмен Гобустандағы бұл көріністегі бұқа бейнесі мен әйелдер бір мезгілде салынбаған деп көрсетеді. Әйтсе де қашалуында бұқа бейнесіне еш нұсқан келтірмей орындалған, соған қарағанда бір мезгілде болуы мүмкін. Олар екі мезгілдікі болған

күнде де бұқа бейнесі арнайы таңдап алынған болуы мүмкін (Джафарзаде, 1973: Беоюдаш, камень 78). Минусин ойпатындағы эротикалық сипаттағы, дәлірек айтсақ адорант бейнелеріне талдау жасаған Э.Б. Вадецкаяның ойынша бұндай бейнелерді әйелдердің босану кезіндегі магиялық көмекшісі ретінде түсіндіреді және оның пікірінше бұл бейнелер осы мақсатта ұзақ уақыт емес, тіпті бір рет қолдану үшін салынған деп түсіндіргісі келеді. Ал бейнелердің салынған уақытын Оңтүстік Сібірдің Окунев кезеңі, яғни II м.ж. бірінші жартысы деп түйіндейді. Э.Б. Вадецкаяға бұл бейнелерді окунев кезеңіне жатқызуға және олардың ұзақ уақыт қолданыста болмаған деп айтуына Окуневтегі жерлеу орындарындағы құрылысқа қолданылған тас плиталарда осындай бейнелердің кездесуі себеп болған (Вадецкая, 1970: 263). Дегенмен Э.Б. Вадецкая суреттерге талдау жасау барысында әйел бейнелерімен қатар кездесіп отырған бұқа бейнесіне мән бермеген. Өмір сыйлаушы Ана құдай образы адамзат мекен ететін құрлықтың барлық бөлігінде кездеседі. Жалпы адорант әйел бейнесіндегі образдың жеке өзі семантикалық талдау жасауға негіз бола алмайды. Өйткені олар бір-біріне ешқандай қатысы жоқ әркімкі аймақтарда, әр түрлі кезеңдерде пайда болуы мүмкін. Тынық мұқит жағалауындағы, Африка құрлығындағы параллельдер осының айғағы болса керек.

Я.А. Шер бұл образдың (әйел-бұқа) семантикалық ұқсастықтарын Орталық Анадолыдағы Чатал-Гуюк елді мекеніндегі «өсімділік, өнімділік құдайының храмындағы» қабырғадағы рельефтердегі адамдар мен жануарларға өмір беруші Ана құдай бейнесімен салыстырады. Ал Чатал-Гуюк елді мекені неолит дәуірінің ескерткіші (Шер, 1980: 275).

Минусин ойпатындағы айтылып отырған әйел мен бұқа бейнелерін бірге қарастыруға талпыныс жасаған Хлобыстинаның тұжырымдарындағы дәлелдердің жеткіліксіздігі Я.А. Шердің еңбегінде сыңға алынған (Шер, 1980: 271-272).

В.Д. Кубаревтің ойынша қарастырылып отырған (әйел мен бұқа) көріністер мен сюжеттер Азияның ежелгі тұрғындарына индоевропалық мифология мен олармен байланысты бейнелеу текстерінен келген болуы мүмкін. Ал Монғол Алтайындағы петроглифтерінде кездесетін жекелеген көріністерде алдыңғазиялық мифологиялық көріністердің толық сақталғандығын айтады. Уақыт өте келе, яғни кейінгі нұсқаларда архаикалық бұқа бейнесі бұғы, марал,

ешкі жануарлармен алмастырылған. Әйел мен бұқа туралы мифтің трансформацияға ұшырап, ежелгі азиялық ғұрыптың негізінде жаңа кейіпке енгендігін және мифтік жануар ретінде жергілікті фаунаның өндірістегі негізгі өкілдері алынған. Одан кейінгі кезеңдерде ежелгі мифологиялық түсініктердің дамуына байланысты өндіруші «еркектік бастаманың» негізі болып саналатын бұқа, бұғы, ешкі сияқты жануарлар бейнелерін антропоморфты бейнелер ығыстыра бастаған (Кубарев, 2001: 69-70). Шындығында да қола дәуірінде кеңінен тараған бұқа образын одан кейінгі кезеңдерде түйе, жылқы сияқты жануарлар алмастыра бастаған сияқты. Сауысқандықта адорант әйел бейнесімен бұқа мен бірге түйе қатарласа кездеседі (10,12-сурет). Бір жерде түйе мен әйел бейнесі жеке салынған (18-сурет). Мысалыға қазақтарда босана алмай қиналып жатқан әйелдің толғағын жеңілдету үшін ол жатқан үйге (киіз үйге) ат жетектеп кіргізу салты соңғы уақыттарға дейін қолданылып келген (Токтабай, 2004: 4-5). Ал әйелдің босану мерзімі уақытынан өтіп бара жатса, ол әйелді түйенің бауырынан өткізу салты да өз бастауын арыдан алатын сияқты.

3. Самашев Қазақстанның шығыс бөлігіндегі жартас суреттерінде кездесетін эротикалық көріністердің кескінделуі мен семантикалық параллелін архаикалық Урадан табылған мөргдегі бейнемен салыстыра қарастырып, және бұл көріністерде ежелгі бүкіл адамзат бейнесіне ортақ мифтік ұғым жатқандығын айтады. Бұндай көріністерді патшайым немесе абыз бен аспан құдайы арасындағы «қасиетті неке» бейнеленгендігін және ежелгі Қосөзендегі бұндай ғұрыптар қоғамдағы молшылық пен жетістікті қамтамасыз ететін өсімділік-өнімділік құдайы туралы мифпен байланыстырады. Ал бұл ғұрыптық әрекетке қатысушылар басына бұқа немесе сиыр маскасын киген (Самашев, 1992: 196-197). Кубаревтың ойынша Монғолия петроглифтерінде де кейбір жекелеген осындай көріністердегі кейіпкерлердің басында мүйіз кескіделгенімен олардың ішкі мәнін түсіндіруде арасы алшақ жатқан ежелгі Қосөзен өркениетіндегі ұқсастықтармен салыстыру негізсіз екендігін айтады. Ал біздің қарастырып отырған Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан басқадай көптеген археологиялық нысандармен қатар бейнелеу өнерінің ескерткіштерінде оңтүстіктегі көршілермен ортақ дүниетанымындық ұқсастықтар және ортақ мифологиялық персонаждар болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Көріністер мен бейнелер-

дің ішкі мағыналық мәнін түсініп, семантикалық «реконструкция» жасауда кейбір оқиғалар, кейіпкерлерді ежелгі индоирандық, ортағасырлық жазба әдебиеттерде, сонымен қатар Орта Азия халықтары мен қазақ халқының фольклорында, ертегілерде, аңыздар мен халық арасында сақталған діни наным-сенімдеріне байланысты жөн-жоралғыларда кездестіруге болады. Мысалы қазақтардың кейбір астрономиялық денелер мен табиғи құбылыстар туралы мифтік әңгімелерінде «жерді үлкен бұқа бір мүйізімен ұстап тұрады және бір мүйізі шаршап, келесі мүйізіне ауыстырғанда жер сілкінеді» дейді. Осы аңыздың келесі бір нұсқасында «жерді екі бұқа мүйізі мен ұстап тұрады, кейде олар күші тасып, бір-бірімен сүзіскен сәтте мүйіздерінен ұшқын ұшады, ол-найзағай». Көріп отырғанымыздай бұл «оқиғада» бұқа бүкіл ғаламды ұстап тұрушы, найзағай (жаңбыр) жіберуші, яғни «жер ананы» нәрлендіруші, «ұрықтандырушы» мифтік жануар сипатына ие. Қытайша жылнамаларда ежелгі қаңғалар (бұл этноним батысқа көшкен қазақтың қаңлы тайпасымен қатысты деген көзқарастар айтылып жүр) жөнінде «Найзағай түссе қуанады. Әр найзағай түскенде алақайлап аспанға оқ атады. Сосын ол жерді тастап кетіп қалады. Келесі жылы күзде мал тойынғанда, сол жай түскен жерге қайта жиналып, қошқар шалып, әлендік, ақинақ суырысады. Кіндік қағанаттағы (қытайдағы) жын-шайтанды аластағандай бақсы әйел дұға қылады, ойнайды. Атты адамдар жай түскен жерді 100 мәртеге дейін айналады. Әрқасысы қолдарына тал шыбық алып, оны егеді де, сүтпен суарады» – деген деректер кездеседі (Ахметұлы, 2008: 83). Бұл оқиғада да найзағайдың жер ананы ұрықтандыруын көреміз.

Ал, енді әйел бейнелеріне келетін болсақ әзірше олардың тікелей баламасын қандай текстерден іздеуге болатындығын айту қиын. Дегенмен Я.А. Шер Оңтүстік Сібірдегі кейбір ұқсастықтардың палеосібірлік және кет-самодтар мифологиясында кездесетінін айтады. Бір деңгейдегі діни жүйедегі персонаждардың бірегей типологиялық топтарын анықтап – «әйелдер құдайының «аналар» тобына енетін әртүрлі сипаттағы өнімділік-өсімділік, адам өмірін сақтаушы функциясын атқаратын табиғат иелерін бөліп көрсетеді: кеттердегі Томэм, энецтердегі Дья меню’у, тавгилердегі Нгуо Н’ам (реконструкция жасалған нұсқасы), ненецтердегі Я-небу (Шер, 1980: 274).

Сонымен қатар З.А. Абрамованың еңбектеріндегі қарастырылған әйел құдайларының ара-

сынан біз қарастырып отырған сюжетке ұқсас келетіні, якуттердегі әйелдердің дүниеге сәби әкелу қабілеті мен олардың балаларының қамқоршысы Айысыт құдайының образы талтайып отырған әйел бейнесінде белгілі екендігін айтады. Әйел сәтті босанып болғаннан кейін үш күннен соң, Айысыт құдайын шығарып салу рәсімінде қайыңның қабығынан жасалған жылқы, бұғы, бұлан бейнелерін қолданады. Әйтесе де Сібірдегі бұндай бейнелерді оңтүстіктен шыққан якуттердің ежелгі әйел құдайының кейінгі нұсқасы болып саналатын Айысытпен салыстыру орынды болғанымен, олардың тілдік және бейнелеу параллелдерін іздестіру бізді қайтадан индоевропалық халықтар өмір сүретін оңтүстік-батысқа алып барады (Шер, 1980: 274). Я.А. Шер бұл суреттердің тілдік және бейнелеу баламаларын жергілікті сібір халықтарының арасынан іздестіруді ұсынады.

Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау жотасында кездесетін әйел құдайларының баламаларын қазақтар мен Орта Азия халықтарының фольклоры мен этнографиялық материалдарынан бірнеше нұсқаларын кездестіруге болады. Мысалы қазақтар мен қырғыздардағы Умай ана (Абрамзон, 1971: 275-280), хорезмдік өзбектердегі Амбар-она (аталмыш образдың тікелей тілдік баламасы), телеуіттердегі Май-ана т.б.. Ауыз әдебиеті мен фольклорда кездесетін бұл текстік нұсқалар мындаған жылдар бойы белгілі бір өзгеріске ұшырағанымен негізгі сарынын сақтап қалғандығын көруге болады. Әсіресе өзбектердегі Амбар-она образы қарастырылып отырған некелік жұптың тікелей баламасы деп айтуға болады. Ол біріншіден әйелдер мен әйел кәсібінің қамқоршысы болса, аңыз бойынша оның күйеуі қайтыс болғаннан кейін, ірі қараның пірі «Зенгі баба» образы қосақталады (Снесарев, 1969: 240-262), яғни «әйел мен бұқа» арасындағы некелік жұп ретіндегі сипатқа ие.

Бұқа бейнесі жоғарыдағыдай әйел мен «некелік жұп» тікелей кейіпкері ретінде берілсе, кейде «некелік қатынастың» яғни өніп-өсудің жарылқаушысы ретіндегі мифтік сипатта кескінделеді. Мысалы Сауыскандық петроглифтерінің бірінде жыныстық қатынасқа түсіп жатқан екі жұп бұқаның арқасына «жайғасқан» (10,12,17-сурет). Келесі бір көріністе жоғарыда сипатталған шоқпармен шайқасып жатқан «егіздердің» төменгі жағында жыныстық қатынасқа түсіп жатқан және бір жұп кескінделген. Бұл көріністердің бір қарағанда бір-біріне қатысы жоқ сияқты көрінгенмен, бұл екі көріністің арасында ортақ

түсінік жатқан сияқты. Бұл жердегі шайқас жоғарыда айтқанымыздай «жақсы» мен «жаман» арасындағы ғұрыптық шайқас және олардың біріне бұқа образы тән (олардың бірінің басында бұқа мүйізі, екіншісінде ұшы төмен қараған балық желбезегі тәріздес белгі бар). Осы тұста С.П. Толстовтың айтуымен «егіздер» мифінің Фердоусилік «Шах-намадағы» нұсқасына тоқтала кетсек: «В Шах-наме бычьи черты Феридуна выступают еще резче. Он после того как отец его (Аптыя-Йима?) погиб от рук Даххака, вскормлен нашедшей его короной Бермая. Она также погибает от руки Даххака, и, выросши, Феридун является мстить Даххаку, вооруженный железной палицей, увенчанной головой быка:

«Он станом кипарис, с ликом как у царей
И опоясан он и ходит с видом царским
В руке же палица с бычачьей головой».

В дальнейшем быкоголовая палица выступает как символ власти каянидских царей и как распространенное вооружение древне-иранских воинов.

Любопытно указать, что быкоголовая палица Феридуна переживает в персидском вооружении вплоть до конца Средневековья» (Толстов, 1948: 294). Бұл шумақтардағы бұқа басты шоқпар біз қарастырып отырған көріністе байқалмағанымен бұқа образындағы мифтік кейіпкердің бары рас. Сондықтан төмендегі эротикалық көрініс те «бұқамен» не бұқа образындағы мифтік кейіпкерге байланыстырып салынған болса керек.

Қорытынды ретінде айтарымыз Үлкен Қаратау жартас суреттеріндегі қола дәуірінің петроглифтері мерзімдік көрсеткіштері жағынан б.з.д. II м.ж. басы мен б.з.д. III м.ж. соңымен мерзімделетіндегі атлмыш өңірдің жартас суреттерінің мерзімделуінде елеулі жағалық болып табылады. Материалдар қорының көбейуі бұрын қарастырылмаған жаңа бағыттағы өрбитін тақырыптарды қарастыруға мүмкіндік беріп отыр. Жалпы адамзат баласының бастауы «әйел-ана» образындағы тақырыбын этнографиялық, мифологиялық, фольклорлық материалдарға жүгіне отырып семантикалық талдау негізінде бұл образдардың іргелес аймақтармен қоса шалғай аймақтармен де ортақ бағытта өрбігендігін айғақтап отырмыз. Бұл образдардың таралу аймағы ескі құрлықтың барлық бөлігінен, ал мерзімдік шегараларының өте ауқымды – сонау тас дәуірінің жоғарғы палиолит кезеңінен бастап неолит, энолит кезеңдерінен басталатыны және өсіп-өну

культімен қоса қорғаушы, сақтаушы, береке мен молшылық т.б. құдайы ретінде ежелгі адамзат баласының санасындағы образ болғандығын көріп отырмыз.

Нәтижелер

Зерттеу барысында Қаратау жотасындағы жартас суреттерінен табылған антропоморфты бейнелердің семантикалық және иконографиялық мазмұны анықталды. Қола дәуіріне тән бұл бейнелер әйелдің архетиптік сипаттамаларын көрсете отырып, сол дәуірдің мифологиялық дүниетанымын бейнелейтіні айқындалды.

1. **«Бөкселі әйел» бейнесі** – дене пішінінің айқын сексуалдық ерекшеліктері (домаланған бөксе, үлкейтілген кеуде) арқылы ұрпақ жалғастыру мен құнарлылық идеясын білдіреді. Бұл бейне ана-табынудың көне формасы ретінде қарастырылып, әйел тұлғасының сакралды мәнге ие болғанын көрсетеді.

2. **«Адорант әйелдер» бейнесі** – қолдарын жоғары көтеріп тұрған әйелдер культтік рәсімге қатысушы немесе құдайға табынушы бейнесінде бейнеленген. Бұл образ әйелдің тек аналық емес, сонымен бірге рухани-ритуалды функциясын да атқарғанын дәлелдейді.

3. **«Жұп бейнелер мен композициялар»** – әйел мен ер адамның қатар орналасуы, немесе бірнеше әйел фигурасының бірігіп тұрған көріністері әлеуметтік қатынастар мен қауымдық өмірдің бірлігін, сондай-ақ жыныстық рөлдердің мифологиялық жүйедегі тепе-теңдігін білдіреді.

